

**ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

ISSN 0142-0843

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 2(62)/2011
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

Сәуір–мамыр–маусым
1996 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Апрель–май–июнь
Издается с 1996 года
Выходит 4 раза в год

Собственник РГКП Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Бас редакторы — Главный редактор
Кубеев Е.К., д-р юрид. наук, профессор

Зам. главного редактора Х.Б.Омаров, д-р техн. наук
Ответственный секретарь Г.Ю.Аманбаева, д-р филол. наук

Редакция алқасы — Редакционная коллегия

М.И.Абдуов,	редактор д-р филол. наук;
Г.Ю.Аманбаева,	д-р филол. наук;
А.С.Адилова,	д-р филол. наук;
З.Т.Жумағали,	д-р филол. наук;
Ж.А.Жакупов,	д-р филол. наук;
Т.Т.Савченко,	д-р филол. наук;
Ш.М.Мажитаева,	д-р филол. наук;
Б.С.Рахимов,	д-р филол. наук;
Ж.Н.Жунусова,	д-р филол. наук;
М.Х.Хамзин,	д-р филол. наук;
Н.И.Букетова,	д-р филол. наук;
Б.Шалабай,	д-р филол. наук;
М.К.Исаев,	д-р филол. наук;
Н.Ж.Шаймерденова,	д-р филол. наук;
С.А.Матяш,	д-р филол. наук;
М.Д.Джусупов,	д-р филол. наук;
А.Золтан,	д-р филол. наук;
Ж.А.Рустемова,	ответственный секретарь
	канд. филол. наук

Адрес редакции: 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28
Тел.: 77-03-69 (внутр. 1026); факс: (7212) 77-03-84.
E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz Сайт: <http://www.ksu.kz>

Редакторы *Ж.Т.Нұрмұханова*
Редактор *И.Д.Рожнова*
Техн. редактор *А.М.Будник*

Издательство Карагандинского
государственного университета
им. Е.А.Букетова
100012, г. Караганда,
ул. Гоголя, 38,
тел.: (7212) 51-38-20
e-mail: izd_kargu@mail.ru

Басуға 27.06.2011 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×84 1/8.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 21,25 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 626.

Подписано в печать 27.06.2011 г.
Формат 60×84 1/8.
Бумага офсетная.
Объем 21,25 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 626.

Отпечатано в типографии
издательства КарГУ
им. Е.А.Букетова

© Карагандинский государственный университет, 2011

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство № 1131–Ж от 10.03.2000 г.

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛ БІЛІМІ

<i>Ермакова В.А.</i> Әр құрылымдағы тілдердегі «өз-бөге» оппозитивті концепттерді паремиялық вербализациялау	4
<i>Саметова Ф.Т.</i> Психолингвистикалық тәжірибе концептің мәндік толуын айқындау құралы ретінде	10

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Абдикарим Н.</i> Қазақ, монғол тілдерінде тұрлаулы мүшелердің берілу жолдары, ұқсастығы мен айырмашылықтары	16
<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Белгісіздік мәнінің модаль сөздер арқылы берілуі	22
<i>Әділова А.С.</i> Мәтінаралық байланыстардың танымдық-прагматикалық әлеуеті	28
<i>Жуынтаева З.Н.</i> Детерминанттардың тарихи ескерткіштердегі сипаты	34
<i>Мажитаева Ш., Тажикеева А.</i> Қазақ тіліндегі макал-мәтелдердің уәжділігі (гендерлік қыры)	39
<i>Түйте Е.Е.</i> Адамның психикалық жай-күйін білдіретін лексика	45
<i>Құсайынова Ж.А.</i> Модальді мәнді кодтау, декодтау мәселесі	50
<i>Насыритдинова Ә.Н.</i> Қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық терминдердің қалыптасу кезеңдері	58
<i>Рахымберлина С.Ә.</i> Бейресми есімдердің тарихи негіздері	68
<i>Қожақметова Ә.Т.</i> Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзіндегі білім мәселесі	74
<i>Қазанбаева А.З.</i> М.Мақатаев лирикасындағы фразеологизмдердің қолданысы	81
<i>Садуақас Б.Қ., Ысқақов М.Р.</i> Тіл білімі теориясына грамматикалық конверсия терминін енгізу жайында	85

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

<i>Ақжүнісова Н.Б.</i> Көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі	92
<i>Бралина С.Ж., Демьянова Ю.В.</i> Қазіргі ауызша әңгіменің жанрлық табиғаты	97
<i>Рақымов Б.С., Дәулетбаева Ш.С.</i> «Қабанбай батыр» жырының көркемдік мәселелері	102

СОДЕРЖАНИЕ

ОБЩЕЕ И РУССКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Ермакова В.А.</i> Паремическая вербализация оппозитивных концептов «свой-чужой» в разноструктурных языках	4
<i>Саметова Ф.Т.</i> Психолингвистический эксперимент как средство определения смыслового наполнения концепта	10

КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Абдикарим Н.</i> Сходства и различия при выражении главных членов предложений в казахском и монгольском языках	16
<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Факты выражения неопределенности посредством модальных слов	22
<i>Адилова А.С.</i> Когнитивно-прагматический потенциал интертекстуальных связей	28
<i>Жуынтаева З.Н.</i> Характеристика детерминантов в исторических письменных памятниках ...	34
<i>Мажитаева Ш., Тажикеева А.</i> Проблема мотивации пословиц и поговорок в казахском языке (гендерное свойство)	39
<i>Түйте Е.Е.</i> Лексика, выражающая психическое состояние человека	45
<i>Құсайынова Ж.А.</i> Проблемы кодирования модального значения, декодирования	50
<i>Насыритдинова А.Н.</i> Этапы формирования научно-технических терминов в казахском языке	58
<i>Рахымберлина С.А.</i> История развития неофициальных собственных имен	68
<i>Қожақметова А.Т.</i> Проблема знаний в публицистике Ахмета Байтұрсынова	74
<i>Қазанбаева А.З.</i> Особенности употребления фразеологизмов и устойчивых оборотов в лирике Мукагали Мақатаева	81
<i>Садуақас Б.Қ., Исқаков М.Р.</i> О вводе термина грамматической конверсии в теорию языкознания	85

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<i>Ақжүнісова Н.Б.</i> Система художественно-эстетических поисков	92
<i>Бралина С.Ж., Демьянова Ю.В.</i> Жанровая природа современного устного рассказа	97
<i>Рахимов Б.С., Дәулетбаева Ш.С.</i> Художественные проблемы эпоса «Қабанбай батыр»	102

<i>Заикина Н.В., Сейдалиева А.Ш.</i> М.Әуезовтың «Абай жолы» романындағы болмыстардың орыс және ағылшын тілдеріне аударылу мәселесі	106
<i>Каренов Р.С.</i> «Сорғалаған нөсердей жырын тыңда Дулаттың...»	113
<i>Каренов Р.С.</i> Алаштың озық ойлы жырауларының бірі (Дулат жырау Бабатайұлының 210 жылдығына орай)	124
<i>Хамзин М.Х., Тажина М.А.</i> Орталық Қазақстан өңіріндегі кейбір ақындар шығармашылығындағы танымдық, идеялық ерекшеліктер	135

САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Омашева Ж.М.</i> Салыстырмалы мотивология: теория және әдістер	142
---	-----

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Абдрахманова Г.Х.</i> Көптілді топтардағы «арнайы қазақ тілі» пәні бойынша оқыту тәжірибесінен	148
<i>Сәдуақас Б.Қ., Ысқақов М.Р.</i> Орыс сыныптарында қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін оқыту	154

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗ- ДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

<i>Әбдуов М.И.</i> Діни дастандарды зерттеудің маңызы	162
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	169

<i>Заикина Н.В., Сейдалиева А.Ш.</i> К проблеме перевода реалий в романе М.Ауэзова «Абай Жолы» на русский и английский языки	106
<i>Каренов Р.С.</i> «Слушайте ритмы эпохи от Дулата Бабатайұлы»	113
<i>Каренов Р.С.</i> Поэзия Дулата жырау Бабатайұлы как вершина словесного искусства кочевых казахов	124
<i>Хамзин М.Х., Тажина М.А.</i> Познавательные, идейные особенности творчества некоторых акынов Центрального Казахстана	135

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Омашева Ж.М.</i> Сопоставительная мотивология: теория и методы	142
---	-----

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<i>Абдрахманова Г.Х.</i> Из опыта обучения казахскому языку в полиязычных группах по дисциплине «Профессиональный казахский язык»	148
<i>Саддуакас Б.Қ., Искаков М.Р.</i> Изучение казахских традиций, обрядов в русских классах	154

К 20-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

<i>Әбдуов М.И.</i> Важность исследования религиозных эпосов	162
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ	169

В.А.Ермакова

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

**Паремическая вербализация оппозитивных концептов «свой-чужой»
в разноструктурных языках**

В статье рассматривается проблема паремической вербализации оппозитивных концептов «свой-чужой» в разноструктурных языках. На паремическом материале пословиц и поговорок русского и английского языков автор анализирует основные семантические способы передачи данных концептов. Автором используются материалы 26 паремических словарей и сборников.

Ключевые слова: паремическая вербализация, элементы оппозиции, паремический корпус, возвратное местоимение.

Основу данной статьи составляет исследование, задачи которого предполагали: а) осуществление сопоставительного лексико-семантического анализа содержания оппозитивных концептов «свой-чужой» на основе словарных дефиниций, представленных в толковых словарях русского и английского языков; б) выявление однокоренных лексем, репрезентирующих оппозитивные концепты «свой-чужой»; в) исследование и сравнение основных синтаксических средств, участвующих в вербализации исследуемых концептов в русском и английском языках, при помощи методов компонентного и контекстного анализа.

Исследование выполнено на материале паремий русского и английского языков, эксцерпированных способом сплошной выборки из 26 различных паремических словарей и сборников. Детальному анализу подверглись 1000 русских и 1000 английских паремий. Основными критериями выбора языкового материала в работе являлись лексикографический критерий, т.е. вербальная представленность признаков исследуемой оппозиции в словарных дефинициях, и понятийная ограниченность, детерминируемая концептами, составляющими бинарную оппозицию «свой-чужой».

На основе дефиниций оппозитивных лексем «свой-чужой», представленных в толковых словарях русского языка С.И. Ожегова [1; 704, 889] и В.И. Даля [2; 613], с использованием понятийного моделирования можно определить содержательный минимум концептов, составляющих бинарную оппозицию «свой-чужой» в русском языке, где «свой» определяется наличием отношения обладания, принадлежности между субъектом (как правило, одушевленным лицом, способным к сознательным действиям) и объектом (человеком или предметом, качеством, конкретным или абстрактным понятием), который связан с субъектом, присущ ему, схож с ним, является ему близким, родным знакомым; «чужой» определяется отсутствием отношения обладания, близости, родства сходства между субъектом и объектом. Как видно из словарных определений, лексемы «свой» и «чужой» в русском языке трактуются как антонимы с контрадикторной противоположностью значений.

Одна из важнейших черт бинарной оппозиции «свой-чужой» в русском языке — это оценочность компонентов пары, осуществляемая из центра «я» субъекта оппозиции, который присутствует в дефинициях обеих единиц: оценку «своего» осуществляют «свои», находящиеся по одну сторону, оценку «чужого» тоже осуществляют «свои», но при этом они находятся по разные стороны невидимой границы.

На основе определений лексем «one's own» и «other/another», представленных в толковом словаре английского языка Oxford Advanced Learner's Dictionary [3; 1086, 55, 1073], с использованием понятийного моделирования можно определить содержательный минимум концептов, составляющих

бинарную оппозицию «one's own-another/other» в английском языке: где «one's own» обладает схожей семантикой с русской лексемой *свой* и определяется наличием отношения обладания, принадлежности между субъектом (как правило, одушевленным лицом, способным к сознательным действиям) и объектом (человеком или предметом, качеством, конкретным или абстрактным понятием), который связан с субъектом, знаком или присущ ему, схож с ним; в то время как «other/another» приобретает несколько другие семантические оттенки, в отличие от русского «чужой», и определяется не только отсутствием отношения обладания, сходства между субъектом и объектом, но и акцентирует существенные различия субъекта и объекта, непохожесть друг на друга; немаловажным также является то, что лексема *others* в английском языке может также представлять неперсонализированную группу людей.

Элементы оппозиции «свой-чужой» в русских паремиях выступают, прежде всего, как субстантивы и имеют своим референтом лицо, находящееся в/вне связи с группой лиц как с единым целым. Идентификация объекта как «своего» или «чужого» определяется наличием или отсутствием связи с некоторой общностью людей. Паремии, в которых употребляются субстантивированные прилагательные *свой* и *чужой*, характеризуются как предложения идентификации, ср.: *Кому от чужих, а нам от своих*.

При субстантивации лексем «свой-чужой» в русских паремиях осуществляется категоризация понятия «народ, люди» по принципу «свой-чужие», например, ср. в русских паремиях: *Свой своему и лежа помогает: Свой своему поневоле брат* и др. Всего в ходе анализа в русском паремическом корпусе было выделено 18 единиц, входящих в данную группу.

В русских паремиях народ оказался центром, на котором оппозиция «свой-чужой» заострилась посредством субстантивизации. В них она проявляется наиболее ярко, эмоционально. Пространство «своего» иерархично, расчленено, каждый его член должен подчиняться его законам, социуму, должен выполнять определенные ритуалы, объединяющие все общество «своих». «Чужой» здесь — прежде всего тот, кто отличается от своих, он неизвестный, неизученный, странный, враждебный, ср.: *Свой свояка видит издалека; Свой со своим бранись, а чужой не мешай; Свой со своим считайся, а чужой не вступайся!*

В английских паремиях субстантивации подвергается только оппозитивная лексема с семантикой чуждости *other/another*. Она несет меньшую эмоциональную нагрузку, чем в русских и в большинстве случаев обозначает не народ в целом, как противопоставленный чужой, враждебной силе, а другого человека (людей), в отличие от субъекта оппозиции «я», ср.: *He that flings dirt into another dirties himself most; He that has no mouth of his own cannot say to another; A hog that is bemired endeavors to bemire others*. Однако количество английских паремий с субстантивированными прилагательными «other/another» существенно больше, чем русских и составляет 56 единиц.

Исследование паремического корпуса позволило выявить однокоренные лексемы оппозитивных концептов «свой-чужой» и «own-another/other» в русских и английских паремиях.

При словообразовательном анализе в русских паремиях было выделено достаточно большое количество однокоренных лексем, например: *Два свояка, между них черна собака; Кумовство да свойство, все родство*, где лексема *свояк* обозначает — «брат жены, тесть», а лексема *свойство* обозначает соответствующие родственные отношения. В пословице *Человеку свойственно ошибаться* лексема *свойственно* является наречием и обозначает «что-то привычное для человека, составляющее его свойство». Прилагательное *собственный* в паремиях этой группы является эквивалентом английского *his/her own*, ср.: паремии *Ничто не убеждает лучше собственного примера, Только собственный опыт*, и обозначает «принадлежащий кому-л., свой, личный».

Сюда также относятся паремии с возвратными местоимениями *себе, собой*, например: *Всякий хлопочет, себе добра хочет; Коли хочешь себе добра, то и людям не делай зла; Кто собой не управит, то и другого на ум не наставит*, обозначающие направленность действия на самого производителя действия. Также определительное местоимение *сам*, например: *Всяк сам своему счастью кузнец; Всяк сам на себя хлеба добывает; Всяк сам себе ближе; Всяк сам себе дороже; Всяк сам себе загляденье; Всяк сам себе хорош*.

В ряде пословиц встречается лексема *по-своему*, например: *Всякий дьяк по-своему вякает, Всякий поп по-своему поет; Всяк по-своему толкует; Всяк по себе, а я по-своему; Всяк по-своему, да никто по-божьему*, в которой отмечена семантика «своеволия», в них наиболее четко прослеживается этимологическая связь с концептом «воля» (общее количество 14 единиц).

Лексемы *самолюб* и *себялюб* выделяются в следующих поговорках, ср.: **Самолюб** всякому (никому) не люб; **Себялюб** только себе люб, и обозначают человека, который любит, уважает и ценит только себя.

В русских поговорках встречаются также специфические лексемы, обозначающие противопоставление «своего и «чужого» пространств», например: *Хорошо в гостях, а во **сво**ях лучше; Вчуже хороши смеши. Чужбина не по шерсти гладит; На чужбине обтолкнут бока.* Пространственное разделение «своего» и «чужого» следует признать изначальным. Деление пространства на «свое» и «чужое» относится к древнейшим архетипам сознания — типичным, врожденным способам понимания [4; 246] и связано с осознанием человека себя, своего тела в пространстве по отношению ко всему «другому», «чужому» и в дальнейшем, с делением своего пространства на «свою» и «чужую» сферу. Такая специфика восприятия находит отображение в поговороческой картине мира. Мы еще не раз будем находить подтверждение этому в ходе анализа.

Особый интерес представляют собой русские поговорки, в которых выделяются лексемы *собинка* — *оскобинка* (общее количество 4 и 1 единица соответственно), ср.: *Люби **собинку**, люби и **оскобинку**; Собинка всего дороже; Наша **собинка** малинкой, ваша **собинка** вонюгой поросла; Только у Хорьки и **собинки**; С умом **собина** нажита, без ума прожита.* Данные лексемы являются устаревшими и имеют следующие значения, закрепленные в словарях. Так, в этимологическом словаре М. Фасмера «собина» определяется как собственность [5; 703], а определение лексемы «оскобинка» отсутствует, при этом в Толковом словаре В.И. Даля «собинка» (см. *собь*) толкуется как: а) все свое имущество, животы, пожитки, богатство; б) свойства нравственные, духовные, и все личные качества человека, особ. все дурное, усвоенное по дурным наклонностям, соблазнам, страстям; отсюда — *собственность, собственный, свой*, при этом *собливый, собчивый, собистый* имеет негативный оттенок — *корыстный, скопляющий себе собинку* [2; 252]; оппозитивная ей лексема «оскобинка» обозначает что-л., очерченное скобами, огражденное, недоступное, чужое [2; 697], что является очередным подтверждением предположения о том, что граница играет важную роль в оппозитивных отношениях «своего» и «чужого».

Всего в русских поговорках было выделено 15 однокоренных слов лексемы «свой» и 3 — лексемы «чужой». Общее количество поговорок, в которых представлены однокоренные лексемы исследуемых оппозитивных концептов, составляет 62 единицы.

В английском поговороческом корпусе была выделена только 1 поговорка, содержащая однокоренную лексему, которая передает семантику «свойственности», «принадлежности» — *owner* (владелец), существительное, образованное от глагола *own* при помощи суффикса *-er*, ср.: *The house shows the owner.*

В ходе анализа были выявлены основные синтаксические средства, участвующие в вербализации исследуемых концептов, — основные типы словосочетаний с оппозитивными лексемами *свой* и *чужой* в русских и английских поговорках.

Для русских поговорок наиболее продуктивным является словосочетание «**свой/чужой + существительное**» (474 единицы), что обусловлено посессивной семантикой исследуемых единиц.

Свой является притяжательным местоимением, но также может выступать в роли местоименного прилагательного. При этом лексема *свой* несет, прежде всего, семантику принадлежности (посессивное значение, отвечает на вопрос *чей?*) и семантику личного начала, например, ср.: *Своя кожа рубахи дороже; Своя ноша всегда тяжелее; Своя ноша не тянет (не тяготит, о своем позабочусь); Своя подоплека к сердцу ближе; Своя работа — первый барыш; Своя рогожа чужой рожки дороже; Своя рубаха — свой простор, своя и теснота; Своя рубашка ближе к телу; Своя рука (свой глаз) не солжет; Своя рука только к себе тянет; Своя ухитка, свое скривище.*

Чужой выступает в роли прилагательного и: а) характеризует объект как не принадлежащий мне или моему коллективу, принадлежащий кому-то, кто исключен из моей личной жизненной сферы; б) не подразумевает вопроса, кому конкретно принадлежит этот объект, так как субъект принадлежности исключен из сферы «своего». Оказывается неважным, кому принадлежит объект, маркированный в поговорках как «чужой», важно только то, что он «изымается из области «своего», например, ср.: русские поговорки *Чужая душа — потемки; Чужая душа загадка; Чужая душа не гумно: не заглянешь; Чужая корка рот дерёт; Чужая корова, что выдоена, что высосана — все равно; Чужая ноша не тянет (т.е. не заботит); Чужая одёжа — ненадёжа; Чужая печаль с ума свела, а по своей тужить некому; Чужая пожива не разжива.*

В сочетании с названиями предметов оппозитивные лексемы *свой-чужой* выступают как определения, однако они существенно отличаются от прилагательных, таких как *красный* или *большой*, которые выделяют объект, обладающий данным признаком из ряда однородных, и от притяжательных прилагательных, указывающих на притяжательность, соотнесение с объектом, тем, что обладают выраженной реляцией с объектом/объектами, характеризуют этот объект именно на основании связи: «свой» указывает на наличие связи, «чужой» — на её отсутствие, соотносят их с личной сферой субъекта.

Сочетание «свой + пространственное существительное» связано с концептуальным сценарием попадания субъекта в знакомую ему среду, отсюда появляются семантические оттенки «приветливый, теплый», ср.: *На своей стороне и камешек знаком; Со своей сторонки и ворона мила; Со своей земли — умри не сходи.*

Сочетание «чужой + пространственное существительное» связано с концептуальным сценарием попадания субъекта в незнакомую ему среду, отсюда появляются семантические оттенки «неприветливый, холодный», ср.: *На чужой сторонушке рад своей воронушке; На чужой стороне обтолкнут бока; Чужая сторона — дремуч бор; Чужую сторону хвалит, а сама туда ни ногою.*

Менее продуктивны в русских паремиях **отрицательные конструкции**, также участвующие в передаче семантики «свойственности-чуждости». В ходе анализа было выделено 10 единиц. Большинство толкований лексемы «чужой» в толковых словарях русского языка построены на отрицании «своего». Отрицательная частица автоматически преобразует концепт в антиконцепт, ср.: *Без межи не собина; Он сошел с ума, да не со своего, с чужого!; Не своим товаром ты стал торговать!; Конь не свой, погоняй, не стой!; Лошади чужие, хомут не свой — погоняй, не стой!; Не свое, так в людях выпрошено; Чужой рот — не свои ворота, не затворишь; Не свой нож, не любой кус; Не своя (наша) печаль чужих детей качать.*

В английских паремиях наиболее продуктивным является словосочетание «предлог + местоимение + *own/(an) other*» (143 единицы), что обусловлено, прежде всего, грамматическими особенностями построения синтагм в английском языке. Лексема «*own*» здесь несет семантику принадлежности, свойственности, ср.: *Have a horse of your own and then you can borrow one; He that comes after sees with more eyes than his own; He that has children, all his morsels (кусочки пищи) are not his own*, а лексема «*(an) other*» а) характеризует объект как обладающий отличительными от «своего» свойствами; б) обозначает другой объект, второй за «своим», ср.: *The corruption of one is the generation of another; A fool knows more in his own house than wise man in another's.*

Как в русских, так и в английских паремиях довольно продуктивными являются словосочетания «глагол + **возвратное местоимение**», соответствующие форме **возвратного залога** (60 и 105 единиц).

В русском языке возвратный залог имеет формулу «глагол+возвратное местоимение себя». Семантика возвратности обращается к субъекту «я», а значит и к области его «своего» мира. Возвратная глагольная семантика может описывать самые разные аспекты «своего» мира субъекта оппозиции, что обуславливается, прежде всего, семантикой корня глагола в русских паремиях. Значение глагола конкретизирует область описания, ср.: русские паремии: *Все люди свои, а всяк любит себя; Гречневая каша сама себя хвалит*, причем в русских паремиях порядок лексем в словосочетании может меняться, например, ср.: *Друга иметь — себя не жалеть; Друга потешить — себя насладить; Других не суди, на себя погляди!; Дружбу водить — так себя не щадить; Хороший товар сам себя хвалит; Чужого мужа полюбить — себя погубить; Всякая слепая про себя смекает.*

В английском языке возвратный залог имеет формулу «глагол + возвратное местоимение *self*», ср.: *A fool thinks himself wise; A wise lawyer never goes to law himself; Angry men make themselves beds of nettles; Self done is soon done; Self done is well done; Don't keep a dog and bark yourself; Each bird loves to hear himself sing; Even the lion must defend himself against flies.*

В английских паремиях встречается устаревшее возвратное местоимение *thysself* (15 единиц), которое легко распознаётся современными носителями языка, ср.: *With all thy knowledge know thysself; Trust none better than thysself.*

Необходимо обратить внимание на то, что в русском языке существует **средневозвратный залог**, который тоже участвует в передаче семантики «свойственности-чуждости» в паремиях. Данная категориальная форма залога обозначает сосредоточенность действия в субъекте и выражается при помощи формулы «глагол + *ся/сь*», ср.: *Овсяная каша хвалилась, будто с коровьим молоком родилась; Не суйся в волки с телячьим хвостом; Кто вперед суется, того и собаки едят; Не мешайся в*

совет, пока кто не позовет; Чужим уродом коришь, над своим **казнишься**; Чужим кусом **подавишься**; С худой головой не **суйся** в чад. В ходе анализа было выделено 14 единиц.

Семантику посессивности в английском языке передает **притяжательный падеж**. Посессивные конструкции «**существительное + 's**» — это один из способов описания объекта — указание на то, кому или чему он принадлежит, с чем или с кем ассоциируется. Зачастую, посессивное существительное является именем собственным или нарицательным одушевленным [6; 175], ср.: *He that tells a secret is **another's servant**; Every **man's neighbour** is his looking-glass; **Another's bread** costs dear; **Another man's child** isn't a child at all; A **stranger's eye** sees clearest; A **man's wealth** is his enemy*. Общее количество английских паремий, в которых оппозиция «свой-чужой» выражается посредством притяжательного падежа, составляет 84 единицы.

Как в русских, так и в английских паремиях продуктивным в передаче семантики «свойственности-чуждости» является **страдательный (неактивный, пассивный) залог**.

В русском языке страдательный залог не выделяется как отдельная грамматическая категория, однако пассивная семантика зачастую обнаруживается в глаголах, имеющих следующую фомулу: «**глагол + ут/ют, ат/ят**». В данной группе глаголов четко прослеживается этимология оппозиции «свой-чужой» — проявляется значение «рабский, подневольный», в противопоставлении со «свободным человеком». Субъект предложения теряет свободу действовать по своей воле и становится объектом, над которым насильно совершается действие, его лишают выбора, навязывают ему определенные правила, ср.: *Дадут ломоть, да **заставят** неделю молоть; Закричишь, что лебедь, как кого **теребят**; И гуся на свадьбу **тащат**, да во щи; И верблюда на обороти **водят**; И медведя **плясать учат**; И не хочет коза на базар, да **тащат** за рога*. В данной группе насчитывается 30 единиц.

Пассивный, или страдательный, залог (Passive Voice) в английском языке — грамматическая категория, обозначающая то, что действие совершается над предметом кем-то извне. В фокусе внимания находится объект, затронутый действием. В предложении, в активном залоге, лицо или предмет, о котором идет речь, обычно ставятся на первое место в качестве подлежащего — субъекта действия, например: *I **eat** apples*, а в пассиве внимание сосредоточено на объекте, над которым это действие совершается. Таким образом, субъект действия в активном залоге становится объектом в пассивном, например, ср.: *An apple may happen **to be better given** than **eaten***. Интересно, что в большинстве случаев в пассивном залоге в английском языке не упоминается агента действия. Отсутствие указания на агента может быть вызвано несколькими факторами: а) неизвестно, что или кто является субъектом действия; б) субъект действия не представляет интереса, не имеет значения; в) совершенно очевидно: *что* или *кто* является агентом действия; г) агентом действия может быть любой человек. Агент в пассивном залоге не упоминается из-за того, что внимание сосредоточено на событиях и результатах, а не на тех, кто отвечает за них [6; 579], ср.: *He that measures not himself **is measured**; He that respects not **is not respected**; He that seeks to beguile **is overtaken** in his will; Fools **are known** by their babbling; Do as you **would be done by**; An ox **is taken** by the horns, and a man by the tongue; All **are presumed** good till they **are found** in a fault; All easy that **are done** willingly; All things are not **to be granted** at all times*. Данная категория в английском языке также обнаруживает связь с этимологией оппозиции «свой-чужой» близостью к оппозиции «раб-свободный», поскольку в ней субъект лишен своей воли и становится объектом — заложником, лишенным права выбора и голоса. Эта группа насчитывает 68 единиц.

Итак, в русских паремиях в ходе анализа были выделены 5 различных видов синтаксических конструкций, участвующих в вербализации оппозиции «свой-чужой», а в английских — 4.

Сопоставительный анализ синтаксических средств, вербализующих оппозитивные концепты «свой-чужой», показал, что в них проявляется существенное сходство как в русских, так и в английских паремиях, различия обусловлены отсутствием определенных грамматических категорий в исследуемых языках, их внутригрупповой вариацией и количественным наполнением.

В русских паремиях реже, чем в английских, оппозитивные концепты «свой-чужой» выражаются посредством субстантивации (18 и 56 единиц соответственно), в то время как лексемы-derivаты в русских паремиях существенно преобладают по количеству и разнообразию (62 и 1 единица соответственно). Факт наличия только одной лексемы-derivата в английском языке объясняется тем, что исследуемые языки относятся к различным языковым типам. Русский язык в большей степени является языком флективного типа: существует возможность расчленить подавляющее большинство слов на корень, основу, словообразовательные и словоизменительные морфемы; в то время как английский язык (исторически, несомненно, флективный, как и все индоевропейские языки) в современном

состоянии благодаря конверсии приобрел признаки, свойственные агглютинативному типу [7; 19]: отсутствие согласования в предложении, жесткий порядок слов, и, самое главное, в нем слабо различаются части речи (ср.: the other (сущ.) и other man (прил.)).

Наиболее частотными синтаксическими средствами вербализации оппозитивных концептов в русском языке являются: словосочетания «свой/чужой+существительное» (474 единицы), глаголы в возвратном залоге (60 единиц), глаголы в страдательном залоге (30 единиц) и глаголы в возвратно-среднем залоге (14 единиц).

В английском языке наиболее продуктивными синтаксическими средствами вербализации исследуемых оппозитивных концептов являются: словосочетания «предлог + местоимение + own/(an) other» (143 единицы), местоимения в возвратном залоге (105 единиц), существительные в притяжательном падеже (84 единицы) и глаголы в страдательном залоге (68 единиц).

Существенные различия (30 единиц в русском и 68 — в английском) обнаруживаются в группе синтаксических средств «глаголы в страдательном залоге». Предположительно, это связано с тем, что в английском языке страдательный залог является отдельной, самостоятельной грамматической категорией, часто употребляемой, в то время как в русском языке такая категория отсутствует, а глаголы с суффиксами -ут/ют, -ат/ят, несущие страдательную семантику, не отличаются частотностью употребления.

Также в ходе сопоставительного анализа были определены различия в группе «глаголы/местоимения в возвратном залоге», где, несмотря на наличие категории возвратности в обоих исследуемых языках, количественно преобладают английские единицы (105 единиц в английском по сравнению с 60 — в русском). Исходя из того, что семантика возвратности обращается к субъекту «я», к области его индивидуального мира, можно предположить, что наличие большого количества возвратных конструкций в паремиях английского языка характеризует исследуемый фрагмент паремической картины мира как «эгоцентрический», направленный, прежде всего, на личность, её индивидуальные желания, потребности, интересы, в отличие от русского фрагмента паремической картины мира, который является в большей степени группоцентрическим.

В английских паремиях оппозиция «свой-чужой» вербализуется при помощи притяжательного падежа (существительное's + существительное) — так проявляется семантика обладания, принадлежности. В русском языке такая грамматическая категория отсутствует.

Таким образом, анализ оппозиции «свой-чужой» в русских и английских паремиях показал, что в её вербализации задействовано большое количество языковых единиц, что свидетельствует о важности и сложности рассматриваемого феномена и в очередной раз подтверждает то, что исследуемая оппозиция является центральной социально-психологической оппозицией в паремической картине мира.

Список литературы

- 1 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук. Институт русского языка им. В.В.Виноградова. — 4-е изд., доп. — М.: ТОО «Диамант», 1997. — 944 с.
- 2 Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 т. — СПб.: ТОО «Диамант», 1996.
- 3 Hornby A.S. Oxford Advanced Learners Dictionary of Current English / Chief editor Sally Wehmeier. — 7th Edition. — Oxford.: Oxford University Press, 2005. — 4855 p.
- 4 Юнг К.Г. Сознание и бессознательное. — СПб.: ТОО «Диамант», 1997. — 349 с.
- 5 Фасмер М. Этимологический словарь русского языка: В 4 т. / М.Фасмер; Пер. с нем. и доп. О.Н.Трубачева. — 4-е изд., стер. — М.: ООО «Издательство „Астрель“», 2004.
- 6 Грамматика английского языка: Учеб. пособие / Пер. с англ. М.Я. Блоха и др.; Под ред. М.Я.Блоха. — М.: Астрель, 2006. — 703 с.
- 7 Аракин В.Д. Сравнительная типология английского и русского языков: Учеб. пособие / Под ред. М.Д. Резвевой. — 3-е изд. — М.: ФИЗМАТЛИТ, 2005. — 232 с.

В.А.Ермакова

Әр құрылымдағы тілдердегі «өз-бөгде» оппозицитивті концепттерді паремиялық вербализациялау

Мақаланың негізін «өзінікі-өзгенікі» қарама-қарсы тұжырымдарының мазмұнына салыстырмалы лексикалық-семантикалық талдауды жүргізу міндеті, сонымен қатар орыс және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі «өзінікі-өзгенікі» тұжырымдарын жүзеге асырудың негізгі синтаксистік әдіс жолдарын зерттеу мәселесі құрайды. Зерттеу 26 әр түрлі паремиялық сөздіктер мен жинақтардан әдейі таңдап алынған ағылшын және орыс тілдерінің паремиялық материалында орындалды. Нақты талдауға 1000 орыс және 1000 ағылшын паремия тіл бірліктері алынды. Қарама-қарсы өзгеріске тіл бірліктерінің көп мөлшерде ұшырауы зерттелетін қарама-қарсылық әлемнің паремия бейнесінде басты әлеуметтік-психологиялық категория екендігін дәлелдейді.

This article is based on the research aimed at comparative lexico-semantic analysis of the content of the opposite concepts 'one's own-(an) other', revealing of the paronymous words which represent these concepts and investigation of the syntactical means which verbalize concepts 'one's own-(an) other' in the Russian and English proverbs and sayings. Material of the research was selected from 26 different paremiological dictionaries. 1000 Russian and 1000 English paremiological units were analysed in detail. The fact that there is a great number of various language means which verbalize the opposition suggests the importance and complexity of the phenomenon and confirms the statement that this opposition is a central social-psychological category in the paremiological picture of the world.

УДК 81'33

Ф.Т.Саметова

*Республиканский институт повышения квалификации руководящих
и научно-педагогических кадров системы образования, Алматы*

Психолингвистический эксперимент как средство определения смыслового наполнения концепта

Сложившиеся в определенной лингвокультуре аксиологические представления, их преломления в индивидуальном сознании накладывают отпечаток на смысловое содержание лингвокультурных концептов. Психолингвистические эксперименты позволяют сделать срез современных реакций на исследуемый концепт. В данной статье рассматриваются итоги выявления с помощью ассоциативного эксперимента специфики восприятия концепта «время» языковым сознанием казахов и русских.

Ключевые слова: концепт, психолингвистический эксперимент, понятия об ассоциации и ассоциативном значении слова, причины популярности ассоциативного эксперимента.

Смысловое содержание концепта зависит от сложившихся в данной лингвокультуре аксиологических представлений и их преломления в индивидуальном сознании. Последнее нередко выявляется методом психолингвистических экспериментов — свободного ассоциативного, направленного ассоциативного и др., которые позволяют сделать срез современных реакций на исследуемый концепт.

Психолингвистический подход к изучению концепта основан на понятиях об ассоциации и ассоциативном значении слова. А.А.Залевская считает, что понятие ассоциативного подхода сформировалось в ходе поисков специфической внутренней структуры слова, глубинной модели связей и отношений между речевыми высказываниями, которая складывается у человека через речь и мышление, лежит в основе «когнитивной организации» его многостороннего опыта и может быть обнаружена через анализ ассоциативных связей слова [1; 164].

Ассоциативные эксперименты относятся к числу давно применяемых и достаточно широко распространенных методов исследования в психолингвистике для изучения психологического, категориального и предметного значения слова, а также в процессе межъязыковых и межкультурных исследований.

Подобная популярность ассоциативного эксперимента объясняется рядом причин. Прежде всего, можно отметить относительно простую технику проведения, не требующую лабораторных условий и специальной аппаратуры, а также возможность вовлечения большого количества испытуемых. Для проведения психолингвистических исследований важна массовость, поскольку при достаточном количестве информантов реакции, полученные в ходе ассоциативного эксперимента, демонстрируют обширную картину связей как семантических, так и формальных, объективно существующих в сознании носителя языка [2, 3]. Еще одной значимой причиной является специфика работы со словом (изолированность слова-стимула), которая исключает влияние речевого контекста на реакции испытуемых и позволяет экспериментатору получить достаточно объективные данные о том, «какие именно признаки стимула оказываются наиболее актуальными при его идентификации и вызывают активацию соответствующих связей в лексиконе» [3; 18]. В научной литературе отмечается, что: «Если нам нужно найти метод, с наибольшей объективностью позволяющий вскрыть «культурную» специфику словарных единиц, вскрыть те побочные, непосредственно не релевантные для обобщения семантические связи, которые имеет данное слово, его семантические «обертоны», — без сомнения, таким методом является ассоциативный эксперимент, а ближайшим источником на этот счет — словарь ассоциативных норм» [4; 14].

Первоначально ассоциативные эксперименты ставились зарубежными психологами в целях изучения процессов восприятия, запоминания, обобщения и синтеза, к примеру, в исследованиях К.Юнга, Ч.Осгуда и других. Советскими учеными ассоциативные эксперименты стали использоваться как средство доступа к языковому сознанию, применялись при изучении семантической структуры слов [1, 5, 6 и др.].

Ассоциации, являясь овнешнениями неосознаваемых слоев образов сознания, способны моделировать вербальную память и языковое сознание «усредненного» носителя языка. Они репрезентируют феномен массового сознания носителей определенного языка и оказываются способными убедительно выявлять национально-культурную специфику образов сознания носителей разных лингвокультурных сообществ [7; 83].

Как отмечают З.Д.Попова, И.А.Стернин, исследование языкового сознания предполагает, что в процессе изучения единиц языка и языковых структур выявляется их психологически реальное содержание — в каком реальном, «психологически достоверном» наборе семантических компонентов то или иное значение существует в сознании этноса, хранится в его языковой памяти, в каких отношениях по яркости и актуальности находятся между собой отдельные смысловые компоненты, образующие семантику слова, каковы реальные смысловые связи слов и структур в языковой памяти человека [8; 43]. Мы решили экспериментальным путем выявить наиболее типичные ассоциации на концепт «время».

С целью анализа ассоциаций со словами *уақыт*, *время* нами был проведен свободный ассоциативный эксперимент с регистрацией цепи ответов, выданных за определенный промежуток времени, или эксперимент с продолжающейся реакцией, в котором приняли участие студенты казахского (60 человек) и русского (60 человек) отделений университетов г.Алматы. Испытуемым предлагалось дать столько реакций (слов) на слово-стимул *уақыт/время*, сколько они смогут или успеют воспроизвести за пять минут.

Хочется отметить, что достоверность, результативность эксперимента зависит и от методически правильного составления анкеты, которая предусматривает исключение разночтений в формулировках заданий, вопросов, в отборе слов-стимулов и т.п. Анкета должна быть понятной, язык доступным, формулировки заданий не должны осложняться громоздкими научными терминами. Кроме того, анкета должна заинтересовать респондента, привлечь его внимание. Для этого можно использовать различные иллюстрации и красочное оформление. Чем проще и понятней анкета, тем больше шансов получить достоверный результат. Одно из обязательных условий: наличие введения, предваряющего само задание, составленное таким образом, чтобы респондент почувствовал свою значимость при проведении эксперимента, проникся его идеей. Человек, участвующий в эксперименте, должен понять всю серьезность и необходимость проведения данного исследования. [9; 12].

При этом общая цель была конкретизирована следующим образом: выявить и описать универсальную и национально-культурную специфику восприятия слова-стимула *уақыт/время* как фрагмента языковой картины мира носителей разных языков, в соответствии с чем в задачи эксперимента входило:

- определить наиболее частотные реакции на слово-стимул *уақыт/время*;

- отметить факты совпадения реакций носителей разных — русского и казахского — языковых сознаний;
- выявить и описать частотные реакции, составляющие ядро концептов *уақыт/время*;
- проанализировать наличие последовательно поступающих ассоциаций в ответах респондентов.

В ходе эксперимента получены следующие результаты. Стимул «уақыт» (анкеты, заполненные на казахском языке) вызвал всего 239 *реакций*, из них:

227 *слов*: күн (день) — 18; ай (месяц, луна) — 17; жыл (год) — 15; қазір (сейчас) — 15; сағат (часы) — 13; түн (ночь) — 13; жазда (летом) — 12; кеш (вечер) — 12; бүгін (сегодня) — 11; ғасыр (век) — 11; күнтізбе (календарь) — 10; сосын (потом) — 8; өмір (жизнь) — 8; мезгіл (период) — 8; заман (эпоха) — 7; сәрсенбі (среда) — 7; жоқ — 6; анда-санда (иногда) — 6; түнжарым (полночь) — 5; қиын (трудно, трудный) — 4; кәрілік (старость) — 4; жылдам — 3; ертемен (с раннего утра) — 3; мерзім (срок) — 2; кешігу — 2, кемпір (старуха) — 1; немере (внук) — 1; алтын (золото) — 1; күміс (серебро) — 1; ұйқы — 1; өлшелі (измеряемо) — 1, күнде (каждый день) — 1;

5 *словосочетаний*: тез бол, кешігіп қалма, ертеңгі күн, түстен кейін, студенттік өмір;

7 *предложений*: Уақыт алтыннан да қымбат. Уақытты үнемдей білу керек. Менің ойыма уақыт түссе мен сабаққа барып, сабақ оқып қайту есіме түседі. Әр жүрген нәрсенің өзінің уақыты бар. Уақыт деген алтын, ол өзіне берілген уақытты дұрыс пайдалану. Уақыт деген ол — сабақ, жүрген жолың, әр нәрсені уақытымен істеген жөн. Уақытсыз күнделікті өмірің қиын.

Стимул «время» (анкеты, заполненные на русском языке) вызвал 326 реакций:

279 *слов*: часы (16); минута (13); секунда (12); годы (11); быстро (11); жизнь (11); сейчас (10); деньги (10); завтра (10); день (9); сегодня (9); опоздание (8); будущее (8); период (7); летом (7); час (6); спешка (6); века (6); месяцы (6); сутки (6); успех (5); бизнес (4); дела (4); дети (4); дом (4); любовь (4); старость (3); молодость (3); отдых (3); отдыхать (3); ветер (2); знакомые (1); провождение (1); проспал (1); благополучие (1); благотворительность (1); новости (1); передача (1); ожидание (1); промежуток (1); стрелки (1); не успеваю (1); скука (1); вечность (1); бесконечность (1); расстояние (1); друзья (1); ожидание (1); нетерпение (1); грусть (1); печаль (1); стук (1); встреча (1); область (1); восприятие (1); ощущение (1); волна (1); прошлое (1); настоящее (1); время (1); сон (1); летит (1); пролетит (1); лечение (1); свободное (1); уделить (1); вставить (1); солнце (1); жизнь (1); человек (1); молодой (1); старый (1); снег (1); дождь (1); поезд (1); родные (1); река (1); темп (1); быстрота (1); пунктуальность (1); пространство (1); циферблат (1); медленно (1); веселье (1); история (1); прогнозирование (1); пятница (1); воскресенье (1); осознание (1); стрелки (1);

26 *словосочетаний*: времена года (3); хорошее будущее (2); свободное время (2); время работы (2); время глагола (2); приятное времяпровождение (1); быстро летящие дни (1); временное состояние (1); временные неприятности (1); временные проблемы (1); время суток (1); время лечит (1); достижение цели (1); ручные часы (1); хроническая нехватка времени (1); теория Эйнштейна (1); машина времени (1); школьные годы (1); на старости лет (1); дряхлый старик (1);

19 *предложений*: Это временно (2). Который час (2)? Сколько времени? Время — часы. Время — жизнь. Время течет в будущее, также время — это настоящее, прошлое, будущее. Время — это поспешность действий. Время прошло. Время — добиться поставленной перед собой цели! И просто жизнь... Это явление, которое мы не можем контролировать. Время невозможно остановить и потрогать. Всем всегда мало времени. Все сразу не успеешь. «Время бежит», — говорят люди. Думаю о том, что не успею многое сделать, жизнь проходит. Время бесконечно, но не для всех.

Паремии: Делу время, а потехе — час. Время — деньги.

Выделим первые десять наиболее частотных реакций на стимул «уақыт/время» (расположенных от большего к меньшему числу испытуемых). В казахском языковом сознании (стимул «уақыт») это следующие ассоциаты: күн (день) — 18; ай (месяц, луна) — 17; жыл (год) — 15; қазір (сейчас) — 15; сағат (часы) — 13; түн (ночь) — 13; жазда (летом) — 12; кеш (вечер) — 12; бүгін (сегодня) — 11; ғасыр (век) — 11.

В русском языковом сознании стимул «время» вызвал следующие наиболее частотные ассоциации: часы (16); минута (13); секунда (12); годы (11); быстро (11); жизнь (11); сейчас (10); деньги (10); завтра (10); день (9); сегодня (9)*. Вдвое большая частотность реакции «күн/день» носителей казахского языка по сравнению с носителями русского языка (18:9) и, следовательно, высокая частотность

* Несмотря на то, что необходимо отобрать 10 первых слов-реакций, мы включили одиннадцать слов, так как у реакций «день» и «сегодня» показатель частотности одинаковый — 9.

ее употребления в казахском языке, на наш взгляд, объясняется тем, что у лексемы «күн» два денотата — солнце и день. Поэтому в языковом сознании носителя казахского языка вне контекста актуализируются оба омонима — и күн I («солнце»), и күн II («день»).

Как видим, имеются совпадения не только самих реакций на стимул «уақыт/время» у испытуемых — носителей казахского языка и испытуемых — носителей русского языка, но и совпадение их частотности (с небольшими погрешностями, выраженными в абсолютных числах). Так, совпадают следующие ассоциаты и почти совпадает их частотность: *часы* — 13 — у студентов, обучающихся на казахском отделении (КО), 16 — у студентов, обучающихся на русском отделении (РО); *год* — 15 (КО), 11 (РО); *сейчас* — 15 (КО), 10 (РО); *сегодня* — 11 (КО), 9 (РО); *день* — 18 (КО), 9 (РО). Иначе говоря, из десяти наиболее частотных реакций на предъявляемый стимул «уақыт/время» у респондентов — носителей казахского языка и респондентов — носителей русского языка совпало 5: *сағат/часы*, *жыл/год*, *қазір/сейчас*; *бүгін/сегодня*, *күн/день*, что составляет большинство наиболее частотных реакций информантов — носителей казахского и русского языков. Всего же из 326 русских и 239 казахских ассоциаций совпало 105. Это, по нашему мнению, подтверждает тезис об универсальности категории времени и представлений о нем в языковом сознании разных этносов, тем более, что названные выше пять совпавших высокочастотных слов-реакций — *сағат/часы*, *жыл/год*, *қазір/сейчас*, *бүгін/сегодня*, *күн/день* — входят в список ключевых слов концепта «уақыт/время» и находятся в его ядерной зоне.

Анализ лексем, обозначающих время, позволил выделить наиболее ярко выраженные субконцепты в составе концепта «уақыт/время»: «мерзім/ұзақтық // отрезок времени/ длительность», «жылдамдық/скорость», «жас/возраст». В разрезе субконцептов реакции информантов дают следующую картину.

Субконцепт «мерзім/ұзақтық» представлен в сознании информантов, заполнивших анкеты на казахском языке, следующими реакциями: күн (день) — 18; ай (месяц, луна) — 17; жыл (год) — 15; қазір (сейчас) — 15; сағат (часы) — 13; түн (ночь) — 13; жазда (летом) — 12; кеш (вечер) — 12; бүгін (сегодня) — 11; ғасыр (век) — 11; күнтізбе (календарь) — 10; сосын (потом) — 8; мезгіл (период) — 8; заман (эпоха) — 7; сәрсенбі (среда) — 7; жоқ — 6; анда-санда (иногда) — 6; түнжарым (полночь) — 5; қиын (трудно, трудный) — 4; кәрілік (старость) — 4; жылдам — 3; ертемен (с раннего утра) — 3; мерзім (срок) — 2; кешігу — 2, кемпір (старуха) — 1; немере (внук) — 1; алтын (золото) — 1; күміс (серебро) — 1; ұйқы — 1; өлшеулі (измеряемо) — 1, күнде — 1; ертеңгі күн, түстен кейін, студенттік өмір. Менің ойыма уақыт түссе мен сабаққа барып, сабақ оқып қайту есіме түседі.

Субконцепт «жылдамдық»: жылдам — 3; тез бол; кешігу; кешігіп қалма.

Субконцепт «жас»: өмір (жизнь) — 8; кәрілік (старость) — 4; кемпір (старуха) — 1; немере (внук) — 1.

Субконцепт «отрезок времени / длительность» представлен в сознании информантов, заполнивших анкеты на русском языке, следующими реакциями: часы (16); минута (13); секунда (12); годы (11); быстро (11); жизнь (11); сейчас (10); деньги (10); завтра (10); день (9); сегодня (9); будущее (8); период (7); час (6); века (6); месяцы (6); сутки (6); отдых (3); отдыхать (2); новости (1); передача (1); ожидание (1); промежуток (1); стрелки (1); скука (1); вечность (1); бесконечность (1); состояние (1); грусть (1); печаль (1); стук (1); встреча (1); область (1); восприятие (1); ощущение (1); волна (1); прошлое (1); настоящее (1); время (1); сон (1); свободное (1); снег (1); дождь (1); пространство (1); циферблат (1); история (1); пятница (1); воскресенье (1); времена года (3); хорошее будущее (2); свободное время (2); время работы (2); приятное времяпровождение (1); быстро летящие дни (1); временное состояние (1); временные неприятности (1); временные проблемы (1); время суток (1); время лечит (1); достижение цели (1); ручные часы (1); хроническая нехватка времени (1); машина времени (1); школьные годы (1); Это временно (2); Который час? (2); Сколько времени? Время — часы. Время — жизнь. Время течет в будущее, также время — это настоящее, прошлое, будущее. И просто жизнь... Время бесконечно, но не для всех.

Субконцепт «скорость»: быстро (5); успех (5); бизнес (4); ветер (2); проведение (1); проспал (1); летит (1); пролетит (1); вставать (1); поезд (1); темп (1); быстрота (1); пунктуальность (1); стрелки (1); не успеваю (1); Время — это поспешность действий; Время прошло; «Время бежит», — говорят люди. Думаю о том, что не успею многое сделать, жизнь проходит.

Субконцепт «возраст»: дети (4); старость (3); молодость (3); ожидание (1); нетерпение (1); лечение (1); жизнь (1); человек (1); молодой (1); старый (1); родные (1); река (1); медленно (1); веселье (1);

теория Эйнштейна (1); на старости лет (1); дряхлый старик (1); Время невозможно остановить и потрогать.

Семантический анализ полученных реакций с точки зрения их отнесенности к составляющим понятийную зону субконцептам, выявление степени их частотности в языковом сознании современных казахов и русских дают возможность описания ценностной составляющей концепта «уақыт/время» в казахской и русской концептосферах. Так, если значения «длительности», «отрезка времени» ядерной зоны в казахской картине мира представлены наиболее частотными реакциями күн (день) — 18; ай (месяц, луна) — 17; жыл (год) — 15; қазір (сейчас) — 15; сағат (часы) — 13; түн (ночь) — 13; жазда (летом) — 12; кеш (вечер) — 12; бүгін (сегодня) — 11; ғасыр (век) — 11; күнтізбе (календарь) — 10; сосын (потом) — 8; мезгіл (период) — 8; заман (эпоха) — 7, то в русской картине мира более частотными и, следовательно, значимыми, оказались понятия, выражаемые словами: часы (16); минута (13); секунда (12); годы (11); летом (11); жизнь (11); сейчас (10); завтра (10); день (9); сегодня (9); будущее (8); период (7); час (6); века (6); месяцы (6); сутки (6).

Как видим, в казахском языковом сознании совсем не представлены *минута* (13); *секунда* (12); *будущее* (8), высокочастотные в русском языковом сознании; и 8 раз встретилось *сосын* («потом»), отсутствующее среди реакций на русском языке. Очевидно, такое соотношение не случайно, поскольку реакции, характеризующие субконцепт «жылдамдық/скорость», распределены так же. Среди реакций на стимул «уақыт» встретилось лишь пять, связанных с понятием «быстро»/«медленно», причем фактически единичных: *жылдам* (3); *тез бол* (1); *кешігу* (1); *кешігіп қалма* (1); *өлшеілі* (измеряемо); в то время как на стимул «время» (на русском языке) их гораздо больше: *быстро* (11); *успех* (5); *бизнес* (4); *ветер* (2); *летит* (1); *пролетит* (1); *поезд* (1); *темп* (1); *быстрота* (1); *пунктуальность* (1); *стрелки* (1); *быстро летящие дни*; *хроническая нехватка времени*, *Который час?*, *Сколько времени?*; *Время — часы*. *Время — деньги*.

Представляется интересным то, что респонденты не ограничились однословными реакциями: стимул «уақыт/время» вызвал довольно разнообразные, порой неожиданные ассоциации. Так, в сознании казахов возникли ассоциативные связи «уақыт» — не только *алтын* (золото), но и *күміс* (серебро), и *немере* (внук). Возможно, сказывается генетически передаваемое ценностное отношение к серебру: прапрабабушки нынешних студенток предпочитали серебряные украшения, а понятие «внук» может репрезентировать сильные межпоколенные связи в казахской семье, когда представители трех поколений: дедушки-бабушки, родители и внуки, как правило, живут под одной крышей.

Кроме того, в анкетах немало высказываний о ценности времени, его скоротечности и необратимости: 1) «*Уақыт алтыннан да қымбат*», 2) «*Уақытты үнемдей білу керек*», 3) «*Менің ойыма уақыт түссе мен сабаққа барып, сабақ оқып қайту есіме түседі*», 4) «*Әр жүрген нәрсенің өзінің уақыты бар*», 5) «*Уақыт деген алтын, ол өзіне берілген уақытты дұрыс пайдалыну керек*», 6) «*Уақыт деген ол — сабақ*», 7) «*Жүрген жолың, әр нәрсені уақытымен істеген жөн*», 8) «*Уақытсыз күнделікті өмірің қиын*». Эти реакции наводят на мысль о том, что объективно происходящие перемены в окружающем нас, быстро меняющемся мире приводят к изменениям и в нашем сознании. Время, еще десять лет назад в казахском языковом сознании представлявшееся как «более стабильное, растяжимое, длительное» [10], сегодня в умах современных казахов приравнивается по ценности золоту (№ 1, 5), серебру, поэтому любое дело нужно выполнять своевременно (№ 4, 7), рационально использовать время (№ 2), извлекать из него уроки (№ 6).

Не менее красноречивы реакции респондентов, заполнивших анкеты на русском языке: «*Время — это поспешность действий*» (1); «*Время прошло*» (2); «*Время бежит*», — *говорят люди* (3). *Думаю о том, что не успею многое сделать, жизнь проходит* (4); «*Время — жизнь*» (5), *Время течет в будущее, также время — это настоящее, прошлое, будущее*. (6) *И просто жизнь...*» (7). В четырех из семи приведенных высказываний (№ № 2, 3, 4, 6) отмечается динамизм и необратимость времени, в двух (№ № 5, 7) — время рассматривается как жизнь. Ассоциация времени с жизнью приводится и на уровне отдельной лексемы, присутствует и в анкетах респондентов-казахов.

Эти данные коррелируют с выводами ассоциативного эксперимента, проведенного С.В.Дмитрюком, о том, что «в сознании современного русского время, в силу устойчивости распространенного выражения, измеряется *деньгами*^{*}, его *нет* или *мало*. У казахов понятие времени связано

^{*} еще 20 лет назад по данным ассоциативного словаря А.А. Леонтьева (Леонтьев 1977, с.20) в составе ассоциативного поля данного стимула реакция *деньги* еще не была столь частой (12 раз из 200).

с его «протяженностью», «течением» [9], в то же время наблюдаются изменения в восприятии времени казахским языковым сознанием. В нем усматривается отношение ко времени как к ценности, которую нужно беречь («алтын», «күміс», «өмір») и которой нужно разумно пользоваться («*дұрыс пайдалыну керек*», «*сабақ*»).

Универсальность времени проявилась в том, что в картине мира и казахов и русских значимыми являются: *сағат/часы*, *жыл/год*, *қазір/сейчас*, *бүгін/сегодня*, *күн/день*, которые входят в группу ключевых слов анализируемого концепта. Кроме того, смысловой анализ слов-ассоциатов, представленных в анкетах на казахском и русском языках, выявил три группы значений, актуализируемых стимулом «уақыт/время»: а) «мерзім/ұзақтық // отрезок времени/ длительность» (их подавляющее большинство), б) «жылдамдық/скорость» и в) «жас//возраст», выделяемых в качестве субконцептов исследуемого концепта «уақыт/время».

Как видим, языковые выражения с обозначением времени называют не только отрезок, промежуток, длительность времени как физической сущности, но и содержат в себе оценочный компонент, а именно показывают современное отношение субъекта ко времени: сегодня время конституируется как ценный ресурс и для него характерно чрезвычайное ускорение.

Таким образом, ассоциативное поле, по мнению психолингвистов, является отображением (в форме вербального овнешнения) языкового сознания носителя языка, поэтому его анализ предоставляет возможность получить доступ непосредственно к способам хранения образов языкового сознания представителей разных лингвокультур.

Список литературы

- 1 Залевская А.А. Введение в психолингвистику. — М.: Изд. РГГУ, 1999. — 382 с.
- 2 Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. — М.: Просвещение, 1969. — 214 с.
- 3 Еришова Т.А. Русско-немецкие ассоциативные портреты (опыт интерпретации): Дис. ... канд. филол. наук. — М., 1998. — 149 с.
- 4 Сикевич З.В. Социологический эксперимент. — СПб.: Изд. Санкт-Петербургского ун-та, 2000. — 370 с.
- 5 Тарасов Е.Ф. К построению теории межкультурного общения // Языковое сознание. Формирование и функционирование. — М.: ИЯ РАН, 2000. — С. 30–35.
- 6 Сорокин Ю.А. Антропоцентризм vs антропофилия: доводы в пользу второго понятия // Язык, сознание, коммуникация. — Вып. 4. — М., 1998. — С. 5–14.
- 7 Дмитриук Н.В. Свободный ассоциативный эксперимент как способ доступа к исследованию языкового сознания / Материалы Третьей междунар. науч.-практ. конф. «Слово в языке и речи», посвященной памяти д-ра филол. наук, проф. О.А.Султаньяева // Вестн. Кокшетауского гос. ун-та им. Ш.Уалиханова. Серия «Филологическая». — № 3–4. — Кокшетау, 2011. — С. 81–86.
- 8 Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. — Воронеж: Истоки, 2001. — 192 с.
- 9 Дмитриук С.В. Образ времени в сознании носителей русской, казахской и английской культур: Дис. ... канд. филол. наук. — М., 2001. — 193 с.
- 10 Боев Е.П. Идея времени в тексте // Годишник на Софийския университет. — Т. XIV, 2. — София, 1970. — С. 71–79.

Ф.Т.Саметова

Психолингвистикалық тәжірибе концептің мәндік толуын айқындау құралы ретінде

Әр лингвомәдениет аясындағы құндылықтар, олардың жеке санадағы көрінісі лингвомәдени концептілердің мазмұнына өз әсерін тигізеді. Психолингвистикалық тәжірибелерді тілдік сананы зерттеуде таптырмас құралдардың бірі ретінде қарастыруға болады. Мақалада қазақ және орыстардың тілдік санасында «уақыт» концептісінің тілдегі көрінісі, концептінің ұлттық-мәдени және ортақ ерекшеліктері айқындалады.

Developed in defined linguocultural axiological representations, their refractions in individual consciousness leave traces on the semantic maintenance linguocultural concepts. Psycholinguistic experiments allow to make a cut of modern reactions on investigated concept. In given article results of revealing by means of associative experiment of specificity of perception «time» concept are considered by language consciousness of Kazakhs and Russian.

Н.Әбдікәрім

Қарағанды мемлекеттік индустриялық университет, Теміртау

Қазақ, моңғол тілдерінде тұрлаулы мүшелердің берілу жолдары, ұқсастығы мен айырмашылықтары

Мақала қазақ және моңғол тілдерінің негізгі тұрлаулы мүшелерінің берілу жолдарына арналған. Автор бұл тілдерде тұрлаусыз мүшеге қарағанда тұрлаулы мүшелердің айырмашылықтары көп екенін көрсетті. Тіл грамматикасындағы морфологияға қарағанда синтаксистің өзгеруге ықшамдығы айтылды. Сондай-ақ тұрлаулы мүшелер құрылымдық негізді қалыптастырады және сөйлем түрлерінің типін анықтайды. Сонымен, тілдегі сапалы өзгерісті, бірінші кезекте, сөйлемнің тұрақты мүшелері өткереді. Автор кез келген тілдегі құрылымдық өзгерістер тұрлаулы мүшелердің өзгерістеріне сүйенеді деген қорытындыға келді.

Кілтті сөздер: қазақ, моңғол тілдері, тұрлаулы мүшелер, тұрлаусыз мүшелер, сөйлем, салғастырмалы грамматика, қазақ тілінің синтаксисі, моңғол тілінің синтаксисі, морфологиясы.

Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің негізі — предикативтілікті құрайтындықтан, салғастырмалы зерттеулер үшін тұрлаулы мүшелердің жасалу жолдарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықты айқындап алу да маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

«Жалпы алғанда, бастауыш бола алмайтын сөз жоқ. Белгілі жағдайда (субстантивтеніп қолданылғанда) тіпті өз алдына сөйлем мүшесі болмайды дейтін шылау сөздер де, сөз емес, сөз құрау үшін жұмсалатын жеке дыбыстар да сөйлемде бастауыштық қызметте жұмсалуы мүмкін» [1]. Қазақ ғалымдарының бұл пікірін моңғол тіліне де қатысты айтуға болады. Ал бастауыштарды танытатын айырым белгілері — грамматикалық тұлғалардында біраз ұқсастықтар мен айырмашылықтар байқалады.

Салғастырылып отырған тілдерде бастауыштың қызметін атқаратын сөздер атау септігінің тұлғасында да, көптік, тәуелдік қалпында да бастауыш бола алады. Бірақ моңғол тілінің жай сөйлемдері, сабақтас құрмалас сөйлемнің мүше сөйлемдерінде бастауыштың негізгі тұлғасы атау септігі болғанымен, мағыналық субъект грамматикада бастауыш ретінде көрінгенде, атау септігінің тұлғасынан ауытқып, харьяалах (ілік), заах (табыс), гарах (шығыс), үйлдэх (қимыл) септіктерімен де тұлғаланады. Қазақ тілінің деректерінде де: «Бастауыштар кейде формаланбаған ілік септігінде де айтылады; ондай ілік септікті бастауышы бар сөйлемнің баяндауышы тәуелдік жалғаулы сөз күрделі баяндауыштың құрамында болып келетін» [2] жағдайлар кездеседі. Бұл құбылысты проф. М.Балақаев «субъектінің активтенуі» деп атағаны белгілі және осы пікір қазақ тіл білімінде ғана емес, түркітану ғылымында орнықты.

Қазақ, моңғол тілдерінде бастауыштардың грамматикалық берілу жолдарын салғастырып көрейік.

1. Зат есім, оның орнына жүретін есімдік, субстантивтенген тағы да басқа сөз таптарының атау септігімен беріледі. Мысалы: Бұл ұлы тарихи *даму* Әмір Темірсіз де жүріп жатқан (І.Е.). Энэхүү их түүхэн *хөгжил* Амир Төмөргүй ч явагдаж байлаа.

2. Көптік жалғаулы сөздер грамматикалық жағынан сөз тудырушы рөл атқаратындықтан, субстантивтік сипаттағы бастауыштың белгісі бола алады. Мысалы: Бірсыпыра *жуандар*, *пысықтар*

Бекбосынды ортаға алып, арыздарын айтысып жатыр еді. (Б.М.) *Хэсэг бүдүүс, сэргэлэнчүүд* Бекбосының дундаа оруулаад гомдлоо мэдүүлцгээж байсан билээ.

3. Қазақ, монғол тілдерінде зат есім, оның орнына жұмсалатын сөзтаптары тәуелдік жалғауларында тұрып бастауыштың қызметін атқарады. Бірақ қазіргі монғол тілінде «Частица *чинь* (от *чиний* «твой, твоя») утратила значение не только числа, но и лица» [3], сондықтан I-жақ жіктеу есімдігі (*би, бид* — *мен, біз*) және III жақ жіктеу есімдігі (*тэр, тэд* — *ол, олар*) II-жақтың тәуелдік жалғауын (*чинь*) және II-жақ жіктеу есімдігі (*чи* — *сен, та* — *сіз, та нар* — *сіздер*) I-жақтың тәуелдік жалғауын қабылдау арқылы бастауыштың қызметін атқарады. Мысалы: Тэгээд амин дээрээ тулахаар *тэр чинь* бас сүрхий нохой зальтай (Ц.Лувс). Сосын жеме-жемге келгенде *ол (-ың)* тағы тым ит қулықты.

4. Интонация да бастауышты айырып танытатын бір белгі бола алады. Қазақ тілінде бастауыш та, баяндауыш та есім сөзден жасалып, айтылуда олардың арасында кідіріс жасалып, жазуда сызықшамен бөлінетіні белгілі. Ал монғол тілінде сызықшаның орнына көбінесе жақтық тәуелдік тұлғалары немесе *бол* (қаз.: болса) деген сөз қолданылады. Бірақ монғол тілінде төмендегідей сөйлемдерде бастауышты анықтауыштан ажыратып танудың қажеттілігі туындайды. Мысалы: *Төмөр зам засав* (Темір жол жөнделі). *Төмөр, зам засав* (Темір, жол жөнделі). Қазақ тілінде *біз екеуіміз, сен екеуің* тәрізді құрылымдар монғол тілінде жинақтық тұлғасыз (*біз екі, сен екі*) берілетіндіктен, *Бид хоёр хулан үзэв* (Біз екі құлан көрдік) тәрізді сөйлемдегі бастауышты дұрыс тану үшін *бид (біз)* деген сөзден соң кідіріс жасау арқылы ажыратады. *Бид, хоёр хулан үзэв* (Біз, екі құлан көрдік). Ал қазақ тілінде сан есім *екеуіміз* деген жинақтық, тәуелдік тұлғада берілетіндіктен, мұндай кідірістің қажеті жоқ.

5. Қазақ тілінде *болса*, монғол тілдерінде *бол, болвоос, болбол* деген сөздер бастауышты танытатын бір белгі бола алады. Көне монғол жазбаларында бұл тұлға *болбасу* түрінде жазылған, қазіргі қазақ тілінде *бол*-дың орнына жазуда сызықша қою, айтуда кідіріс жасау арқылы берілуі басым. Мысалы: *Самарқанд болса* бұл Орданың астанасы. (Ө.К.) Самарканд бол (вол) энэ Ордын нийслэл. *Энэ бол* миний төрсөн нутаг, Монголын сайхан орон. (Д.Н.) Бұл — (болса) менің туған жерім, Монғолдың әсем отаны.

Сондай-ақ қазақ тілінде қомсыну мәнді демеулік «екеш»-пен күрделеніп берілетін бастауыштар монғол тілінде сөйлем семантикасына сай «тэр ч байтугай...» (ол түгіл), «...байтугай» (...түгіл) деген сөздермен беруге болады. Ал монғол тілінде бастауышқа селбесіп қолданылатын «бээр» деген сөз бар. Мұндай тұлға қазақ тілінде жоқ. Бұл тұлғаны проф. Д.Бадамдорж «іс-әрекетті орындаушыны құрметтеп айқындайтын» [4] қимыл септігінің бір тұлғасы десе, Г.Д.Санжеев: «В классическом языке подлежащее сопровождалось частицей *бар* (калька с тибетского языка), если оно также обозначало людей вообще...» [5; 121], — дегенді көрсетеді. Мысалы: *Чингис хаан бээр* зарлиг болов (МНТ). *Шыңғыс хаган (Ө)* жарлық қылды.

Екі тілде де баяндауыш бастауыш білдіріп тұрған субъектіге тән предикативтік істі, сапаны айқындап, сөйлемді ұйымдастыру, сөйлемнің түрлі функционалдық типтерін қалыптастырады. Осыған сәйкес баяндауышқа тән грамматикалық формалар қазақ тілінде шақтық, жақтық, модальдық форма [6] болып есептеледі. Монғол тілінде баяндауыш бастауышпен координациялық байланысқа түсіп, жақ, шақ формаларымен және модаль сөз, безендіруші (бедер) сөзбен тұлғаланады [7; 148]. Қазақ тілінде сөйлемнің бас мүшелері қиыса байланысса, монғол тілінде баяндауыш бастауышпен тең қатынастағы мүше, олардың арасындағы байланыс салалас байланыстың бір түрі — координациялық байланыс және баяндауыш бастауыштың формасына қарай тұлғаланып, жақтық қатынасқа түспейді, баяндауыштың жақтық қатынасы тек бұйрықты сөйлемдерде ғана көрінеді. Басқаша айтқанда, монғол тілінің бұйрық-тілек рай формалары жақтық тұлғада қалыптасқан. Дегенмен халха монғол тілінен басқа да монғол тілдерінде, дәлірек айтсақ, «глаголы в бурятском языке, употребляясь в предложении в качестве сказуемого, зависят от имени-подлежащего, в силу чего могут далеко не всегда, но все же согласовываться во мн.числе с подлежащим» [8]. Қазақ тілінің деректерімен салғастыра зерттеп отырған тіліміз — қазіргі Монғолияның әдеби тілі — халха диалектісінде жақтық, сандық қиысу болмағанымен, «бурят, ойрат диалектілерінде ерекше жақтық — предикаттық шылау», [5; 120] ал монғор, баоань тілдерінде I-жақта *-i*, II, III — *-a* тұлғалы жақ көрсеткіштері бар [9] екендігі монғолтанушылар еңбектерінде айтылған.

Қазақ, монғол тілдерінде баяндауыш шақ катеориясымен тығыз байланысты жасалады. Қазақ тілінде шақтық мәнді аңғартатын дара баяндауыштар осы шақта қалып етістіктерінің, жедел өткен шақта *-ды*, бұрынғы өткен шақта есімшенің *-ған*, көсемшенің *-ып* жұрнақтары, ауыспалы келер шақта

көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнақтарының жіктеліп келуі арқылы жасалса, монғол тілінде мұндай баяндауыштар есімшенің өткен шақ тұлғасы *-сан* және өткен шақтың *-лаа, -жээ, -в*, келер шақтың *-на* қосымшалары арқылы жасалады, бірақ жіктіктелмейді. Мысалы: Бір баракта тұратын жігіттермін *үәделестім* (С.Мұқанов). Нэг байранд суудаг залуучудтай *тохиролцов* (би).

Монғол тілінде қалып етістіктері болмайды. Сондықтан осы шақты білдіру үшін жұмсалған кез келген етістікке осы шақтың *-на* тұлғаларының жалғануы арқылы дара немесе негізгі етістікке *байна* (бар) көмекші етістігінің тіркесуі арқылы күрделі түрде беріледі. Мысалы: Эцэг нь ханцуйгаа шамлан хүү рүүгээ давшлан *загнана* (Ц.Лувсанцэрэн). Өкесі жеңін түріп, ұлына карай тап бере *ұрсын жатыр*.

Қазақ тілінде ауыспалы өткен шақ есімшенің *-атын* жұрнақтары мен болжалды келер шақ есімшенің *-ар*, мақсатты келер шақтың *-мақ* жұрнақтары тиісті жақта жіктелу арқылы дара баяндауыш болса, мұндай баяндауыштар монғол тілінде алғашқысы есімшенің *-даг* және модальдік мән беретін *сан* немесе *байсан* (болған) сөзімен тіркесу арқылы; болжалды келер шақтық баяндауыш есімшенің келер шақ тұлғасы *-х* жалғанып, онан соң *байх* (болар, шығар) көмекші етістігінің тіркесуі арқылы, мақсатты келер шақ есімшенің *-х* тұлғасы мен *болно* (болады) көмекші етістігінің тіркесуі арқылы күрделі баяндауыш түрінде беріледі. Мысалы: Өскеменде аурухана кешендері Елбасының тапсырмасы бойынша салынбақ («Егемен Қазақстан»). Өскеменд эмнэлгийн цогцолборууд Төрийн тэргүүний даалгавраар *баригдах болно*.

Қазақ тілінде бұйрық райдың үш жағы, шартты райдың жіктелген түрі, қалау райдың *(-ғай, -сайшы)* түрлері жіктеліп, сөйлемнің тиянақты дара баяндауышы бола алады. Монғол тілінде рай-тілек формасының 10 түрі жаққа қатысты келетін, сөйлемге бұйрық-тілекпен қатар ниет білдіру, кенес беру, ескерту т.б. модальділік мән беріп тұратын арнаулы грамматикалық тұлғалардың бәрі дара баяндауыш жасай алады. Мысалы: Тіптен күшке салғаны *сезілсейши* (А.Сейдімбеков). Бүүр хүчирхэж байгаа нь *мэдэгдээсэй*.

Қазақ тілінде *-у* жұрнақты қимыл есімі жатыс септігінде қолданылып, монғол тіліндегі көсемшенің созылмалы түріне *(-саар)* сәйкес келіп, екі тілде де дара баяндауыш жасалады. Мысалы: Даш амаа үдүүлсэн юм шиг *шогшсоор* (Л.Ч.). Даш аузын буғызғандай *шоқаңдауда*. Бірақ қазақ тілінде «кейде бір тұлғадағы қимыл есімнің өзі бірде есімді, бірде етістікті баяндауыш қызметінде жұмсалатындықтан» [10], *-уда* тұлғасы етістік баяндауыш қызметінде шақтық мағынада жұмсалса, монғол тілінде осы шақты білдіретін *-ж/-ч* көсемше тұлғасы *-байна* көмекші етістігінің тіркесімен күрделі баяндауыш ретінде беріледі. Мысалы: Парламент дағдарыстан шығудың жолдарын *қарастыруда* (Газеттен). Төр засаг хямралаас гарахын арга замыг *хайж байна*.

Қазақ, монғол тілдері жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, әлденеше етістіктердің түйдекті топ құрып, **күрделі баяндауыш** қызметінде жұмсалуды жиі кездеседі. Тиянақсыз тұлғадағы негізгі етістіктің жетегінде келген бірнеше көмекші етістіктер оны мағыналық жағынан толықтырып, көбінесе олардың ең соңғысына баяндауыштың тұлғалық тұрпаты жалғанып тиянақталып тұрады. Олар төмендегідей жағдайларда көрініс табады:

1. Екі тілде де негізгі етістік есімше тұлғаларымен келіп, онан соң қазақ тілінде *бол-, е-, де-*, монғол тілінде *бай-, бол-, а-, гэ-* көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: Құнанбай Мәкіш деген қызын Тінібектің баласына *атастыратын болды* (М.Әуезов). Хунанбай Макиш гэгч охиноо Тинибекийн хүүд *ураглахаар болов*.

2. Толық мағыналы етістіктердің өзінің негізгі мағынасынан түгелдей немесе жартылай ажырап, көсемше тұлғалы негізгі етістікпен тұлғаланған қимылдың әр кезеңін, шағын, модальділігін білдіріп, сөйлемнің предикаттық мазмұнын түрлендіріп, баяндауышты шақтық, жақтық жағынан аяқтап үстеп тұрады. Бұл етістіктердің көбісі екі тілде лексикалық дербес мағынасымен сәйкес келгенімен, синтаксистік қатынастарда дәлме-дәл сәйкестікте қолданылуы өте сирек кездеседі. Себебі «...сөздер мағыналары жағынан тепе-тең болып келсе де, сөйлемдерде, сөйлеуде дәрежесі әрқилы болады. Бір синтаксистік құрылымның әр түрлі болып қолданылуынан оның синтаксистік варианттары жасалады, мұндай жағдайда сөйлемнің мағыналары бірдей болғанымен, құрылымдық сипаты әр басқа болып келеді» [11]. Мысалы: Сумъяа, Жуяар хоёрыг *муучлаж гарна* (Э.Оюун). Сумъяа Жуяар екеуін *жамандап шығады* (*жамандай бастайды*). Келтірілген мысалдағы *муучлаж гарна* (жамандай бастайды) дегенді *муучлана* (жамандайды) деген бір сөзбен беруге болумен қатар, күрделі баяндауыштың құрамындағы *гарна* (шықты) деген көмекші етістіктер лексикалық мағыналарымен емес, баяндауыштың лексика-грамматикалық қатынасынан туындаған *бастайды* (эхэлнэ) етістігімен беру бұл тілдердің әдеби нормаларын қанағаттандыра алады.

Қазақ тілінде көмекші етістік қызметінде жұмсалатын бірқатар етістіктер монғол тілінде көмекші қызметінде мүлдем қолданылмайды. Айталық, қазақ тіліндегі *бақ*, *қыл* етістіктері арқылы жасалған күрделі баяндауыштар (*айтып бақтым* (хэлсээр байлаа), *қайталап бақтым* (давтсаар байлаа), *келді қылдым* (ирэхчээн боллоо) негізгі етістікке көсемше тұлғалары жалғанып, одан соң *бай-*, *бол-* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы беріледі; яғни аталған етістіктер монғол тілінде жұрнақ түрінде ғана көрініс табады.

Қазақ тілінде іс-әрекеттің, қимылдың процеске айналу алдындағы қалпын грамматикада нақты білдіретін *-ғалы*, *-гелі*, *-қалы*, *-келі отыр* (жүр, жатыр, тұр) — аналитикалық форманттар және *-айын*, *-ейін деп жүр* (отыр, жатыр, тұр) формалы бұйрық рай етістікті грамматикалық форманттары синонимдес болып келеді, ал монғол тілінде бұл форманттар тек қана *-х гэж байна* (-у деп бар) ретінде беріледі. Мысалы, *келгелі жүр*, *келейін деп жүр* (ирэх гэж байна), *айтқалы отыр*, *айтайын деп жүр* (хэлэх гэж байна) т.б.

Монғол тілінде етістіктерді шарттастыра байланыстырып, іс-әрекеттің созылмалылығын білдіретін, қазақ тілінде жоқ көсемшенің *-саар* тұлғалары мен *бай-*, *бол-* көмекші етістіктерінен жасалған күрделі баяндауыштар бар. Олар қазақ тілінде төмендегідей жолдармен беріледі: 1) қимыл есімнің *-у* тұлғасы көмектес, жатыс септігінде келуі және *бол* етістігінің немесе оның орнына жүретін етістікпен тіркесу арқылы; 2) көсемшенің *-ып* тұлғаларынан соң *қал-бақ-* және *-а*, *-е*, *-й* тұлғаларынан соң *бер-* етістіктерінің тіркесуі арқылы; 3) жедел өткен шақ тұлғалы негізгі және көмекші етістіктер *да*, *де* демеулік шылауларымен байланысып келуі арқылы (бірақ қарама-қарсы мәндегі етістіктердің қайталанып қолданылуы созылмалы түр жасай алмайды. Мысалы, *кірдім де шықтым* — оронгоо гарлаа бұлар көсемше тұлғалары, мұндай етістіктер іс-әрекеттің шапшаң, тез орындалғанын білдіреді, күрделі баяндауыш жасамайды, пысықтауыш қызметін атқарады); 4) *-у* тұлғалы қимыл есімі *-лы*, *-лі* жұрнағын алып, соңынан *бол-* көмекші етістігі тіркесіп келу арқылы; 5) есім сөзге жатыс септігіндегі көмекші есімдердің тіркесіп келуі арқылы. Мысалы: *Хоног сар харвасан сум адил өнгөрсөөр байлаа* (Ж.Пүрэв). Ай күндер атқан оқтай өте берді.

Қазақ тіліндегі күрделі баяндауыштардың монғол тілінде дара баяндауыш ретінде көрінуі бар. Олар: 1) *-ып* тұлғалы етістіктен соң *жібер-*, *сал-*, *қал-*, *таста-* көмекші етістіктерінің тіркесінде келсе, монғол тілінде етістіктің негізіне *-чих* жұрнағынан соң шақтық формалардың жалғануы арқылы беріліп, мағынасы іс-әрекеттің тез, қарқынды немесе нәтижелі өткендігін аңғартады; 2) *-а*, *-е*, *-й* тұлғалы көсемшелерден соң *бер-*, *қой-*, *сал-* көмекші етістіктерінен жасалған күрделі баяндауыштар монғол тілінде *-аарай* тұлғаларындағы етістіктің кеңес бере-бұйыру тұлғасындағы рай формаларымен; 3) *-ып* тұлғалы көсемшеге жіктелген *қал-*, *қой-* етістіктерінің болымсыз түрі монғол тілінде ескерте бұйыратын рай тұлғасымен (*-уузай*) беріледі. Мысалы: Осы мезетте шыдай алмай тағы да *жылап жіберді* (Д.Досжанов). Энэ үед тэсэлгүй дахин уйлчихлаа.

Қазақ тілінде есім сөздерден жасалған баяндауыштарға жіктік жалғауы жалғанып, I және II жақта келген баяндауыштардың бастауышпен айтылуы шарт емес және кейбір жағдайларда бастауышы болғанда жіктік формасының түсіріліп айтылуы да кездеседі, ал монғол тілінде жіктік формасы болмайтындығы белгілі. Мысалы: Саған өле-өлгенше қарыздармын. (Би) чамд үхэн үхтэлээ өртэй (Ө).

Қазақ тілінде есім сөздер атау септігінде ғана емес, барыс, жатыс, шығыс септіктерімен де тұлғаланып баяндауыш болады. Монғол тілінде де зат есім өгөх орших (барыс-жатыс), гарах (шығыс), хамтрах (біргелік) септіктерімен келіп баяндауыш бола алады. Мысалы: Бірақ тізгін — сіздің қолда! (М.Мағауин). Гэвч жолоо таны гарм!

Сондай-ақ монғол тілінде *-тай* тұлғалы біргелік септігімен тұлғаланған есім баяндауыштар бар, оларды қазақ тілінде сөйлем семантикасына қарай *-ты* тұлғалы сын есіммен немесе көмектес септігінің тұлғасымен беруге болады. Мысалы: Тагтаа хүчтэй, тагтаа зоригтой, Дандаа хүнтэй, дандаа олонтой (Д.Сэнгээ). Көгершін күшті, көгершін жігерлі, Үнемі адаммен, үнемі көппен.

Түркітанушылардың еңбектерінде жоғарыдағы монғол тілінің *-тай* тұлғасын «возможность использования аффикса совместного падежа для образования относительных прилагательных» подтверждает история образования относительных прилагательных в монгольском языке. Эти прилагательные в монгольском языке имеют аффикс *-тай* [12] деген пікір айтылған. Біздің ойымызша, қазақ тәрізді түркі тілдеріндегі сын есім жасайтын *-лы*, *-лық* жұрнақтары *-тай* емес осы біргелік септігімен қатар қолданылған *-луға* тұлғасымен байланысты десек, нанымды болатын тәрізді. Г.Д.Санжеев *-луға* тұлғасын алтай тәрізді түркі тіліндегі *-ла*, *-ле* біргелік-құралдық септігі мен монғол, түркі тілдеріне тән местный п. *-га*-дан құралған [5; 174] деп есептейді. Тіпті М.Қашқари еңбегінен

«бірге» мағынасында айтылатын көмектес септігінің *-лықыл, -лікіл* қосымшалары *-луқун, -луқун* түрінде де айтылады» [13] дегенді де кездестіреміз.

Қазақ және монғол тілдерінде негізгі сөзі есімдерден болып, етістіктер көмекші қызметінде жұмсалып **құранды баяндауыштар** жасалады. Мұндай баяндауыштардың қызметін тиянақты етіп, оларға шақтық мағына үстеу үшін қазақ тілінде *е-, бол-, қыл-, көр-, ал-, кел, тап-* т.б., ал модальдік мағына үстеу үшін *керек, болар, тиіс, шығар, сияқты, тәрізді* т.б. сөздер қосылып айтылады. Монғол тілінде құранды баяндауыш құрамына *бай-, бол-* көмекші етістіктері және көмекші қызметінде қолданылатын *гарах, ирэх, байх, болох, явах, суух, авах, өгөх, хаях, очих, үзэх, мэдэх, таарах, орхих* сияқты негізгі етістіктер және *а-, бү-* түбірлі көмекші етістік тіркесіп жасалады және олар баяндауышты әр түрлі модальдік түрге енгізеді» [7; 153].

Құранды баяндауыштардың құрамындағы толық мағыналы етістік көмекші етістік қызметінде жұмсалғанда өзінің негізгі мағынасынан толық немесе жартылай ажырап қалатындықтан, оларды грамматикалық мақсатта екі тілде де бірдей етіп жеткізуге болғанымен, семантикалық мақсатта бұлай дәлме-дәл сәйкестіру мүмкін емес. Өйткені құранды баяндауыштар негізінен тұрақты тіркес сипатында болып келеді. Сондықтан да қазақ тіліндегі құранды баяндауыш монғол тілінде дара баяндауыш ретінде немесе керісінше келуі көп кездеседі. Мысалы: Бұлар осындай дуылмен *жазды алды* (С.Торайғыров). Тэд иймэрхүү маргаанаар зуныг *өнгөрүүлэв*.

Есім сөздерге қазақ тілінде барыс, ал монғол тілінде өгөх орших (барыс-жатыс) септіктері жалғанып, көмекші етістіктермен тіркесу арқылы құранды баяндауыштардың жасалуы екі тілде де бар. Мысалы: Хөгшин хонгор уснаас зайдуу зогсож, *бодолд дарагдана* (Ж.Лхагваа). Кәрі сұры құла (ат) судан алыстау тұрып, *ойга батады*.

Монғол тілінде *юм* (лексикалық мағынасы: *зат*) деген сөз көмекші етістіктің қызметінде де, есім баяндауыштың шылауында да жұмсалып, сөйлемді шақтық жағынан тиянақтап, модальділік мән де жамап тұрады. Мысалы: Монголчуудын сэтгэлгээний гол хэрэгсэл нь магадгүй аналогий буюу зүйрлэх арга *байж болох юм* (С.Энхбаяр). Монғолдардың ой қабілетінің негізгі құралы мүмкіндік аналогиясы немесе ұқсату әдісі *бар (-ын) болу зат (~болуы кәдік)*.

Қорытындылай келгенде, салғастырылып отырған тілдерде бастауыштың жасалуындағы **ұқсастықтар**:

- екі тілде де зат есім, оның орнына жүретін есімдіктер, субстантивтенген басқа да сөз таптары атау септігінің, тәуелдік және көптік тұлғаларында тұрып бастауыш жасалады;
- құрылымы жағынан дара, күрделі, үйірлі болып келеді; бірақ үйірлі мүше монғол грамматикасында құрмалас сөйлемнің деңгейінде қарастырылатындықтан, олар мүше сөйлемнің бастауышы ретінде танылады.

Айырмашылықтары:

- монғол тілінде бастауыш атау септігінің ауытқыған формалары ілік, табыс, шығыс, кимыл, біргелік септігінің формаларымен де беріледі;
- монғол тілінде бастауыш баяндауыш арқылы көрініс табатын іс-қимылдың жағына әсер ете алмайды, яғни, жақтық, сандық қиысу жоқ, бірақ бұйрықты сөйлемдердің баяндауышы жақтық тұлғада болғанымен, бастауыштың жағына қарай қазақ тіліндегідей қайтадан жіктік жалғауын қабылдамайды (айтыңдар — хэлээрэй, айтқайсыңдар — хэлээрэй т.б.);
- қазақ тілінде қомсыну мәнін білдіретін *екеш* демеулігімен күрделенген бастауыштарды монғол тілінде *тэр байтугай..ч* (каз: ол түгіл... да) ретіндегі тіркеспен семантикалық тұрғыдан сәйкестіріп беруге болады;
- монғол тілінде іс-әрекетті орындаушыны құрметтеп айқындайтын *бээр* деген сөз бастауышқа, субъектіге маңыз бере, логикалық екпін түсіргенде қолданылады, қазақ тілінде ондай тұлға болмайды.

2. Баяндауыштың жасалуындағы ұқсастықтар:

- баяндауыш құрылымы жағынан дара, күрделі, құранды болып келеді;
- қазақ, монғол тілдерінде есімше тұлғаларынсыз жасалған шақтық баяндауыштар екі тілде де дара түрінде беріледі;
- қазақ тілінде бұйрық рай, шартты рай, қалау райдың *-ғай* тұлғалары жіктеліп дара баяндауыш жасалса, монғол тілінде бұйрық тілеу (захирах хүсэх) формаларының 10 түрлі тұлғасының барлығы да дара баяндауыш жасайды, бұлар белгілі бір жаққа тәуелді болып келеді, қайтадан жіктік жалғауларын қабылдамайды;

- дара есім баяндауыш қазақ, монғол тілдерінде тек атау тұлғасында ғана емес, барыс, жатыс (өгөх орших), шығыс (гарах) септіктерімен тұлғаланып жасалады;
- қазақ, монғол тілдерінде бірнеше етістік тіркесіп, оның негізгісі көсемше тұлғасында, қалғандары көмекші ретінде өзінің лексикалық мағынасынан толық, не жартылай ажырап, негізгі етістікке шақтық, модальдік мән жамап күрделі баяндауыш болады;
- қазақ тілінде есімшенің *-атын, -мақ, -ар, -ған* тұлғаларынан соң көмекші *е-, бол-* етістіктері, монғол тілінде де есімшенің *-даг, -сан, -х* тұлғалары *а-, бол-, бай-* көмекші етістіктері немесе безендіруші сөздердің (*сан, даг*) тіркесімен күрделі баяндауыштар жасалады.

Сонымен қатар бұл тілдердің даму барысында өзіндік ерекшелігі болып қалыптасқан мынадай деректерді атауға болады:

1. Қазақ тілінде баяндауыш өзіне тән жіктік жалғаулары арқылы бастауыштармен қиысып тұрады, ал монғол тілінде баяндауыш бастауышпен тең қатынастағы мүше, олар жақтық, сандық қиысуға түспейді, олардың арасындағы байланыс — салалас байланыстың бір түрі координациялық байланыс ретінде танылады.

2. Қазақ тілінің дара баяндауыштарына монғол тілінің күрделі баяндауыштары немесе, керісінше, сәйкес келетіндері бар: қазақ тілінде есімшенің *-атын, -ар, -мақ* тұлғаларымен жіктеліп жасалған дара баяндауыштар монғол тілінде есімшенің *-х, -даг* тұлғаларынан соң модаль, шақтық мәнді *байх, болно* сөздерімен тіркесіп, күрделі түрде беріледі; сондай-ақ қазақ тілінде көсемше тұлғалы негізгі етістік пен көмекші етістіктердің тіркесінен жасалған және кейбір рай формалы күрделі баяндауыштар монғол тілінде дара баяндауыш ретінде көрінеді.

3. Қазақ тілінде қимыл есімі мен жатыс септігінен жасалған *-уда* тұлғалы баяндауыш монғол тілінде созылмалы іс-әрекетті білдіретін *-саар* көсемше тұлғасымен, ал *-уда* осы шақтық мәнді аңғартып тұрса, *-ж байна* ретінде күрделі етістік түрінде беріледі.

4. Қазақ тілінде іс-әрекеттің немқұрайлы орындалғанын білдіретін баяндауыштар *-ған болды-*ның жіктелуі арқылы берілсе, олар монғол тілінде немқұрайлы (оромдох) көсемшенің *-хчаан* тұлғаларынан соң *бол-* етістігі шақ тұлғаларында келу арқылы жасалады.

5. Монғол тілінде күрделі баяндауыш жасауға белсенді қатысатын іс-әрекеттің созылмалығын білдіретін көсемшенің *-саар* мен көмекші етістіктердің тіркесінен жасалған баяндауыштар қазақ тілінде мынандай жолдармен беріледі: *-умен* тұлғасына тиісті етістіктің тіркесуі арқылы; *-ып бақ-қал-* және *-а бер-* ретінде; негізгі және көмекші етістіктер *да, де* демеуліктерімен байланысу арқылы; қимыл есімі (*-у*) *-лы, -лі* жұрнағын алып, соңынан *бол-* көмекші етістігі тіркесуі арқылы; есім сөзбен жатыс септігіндегі көмекші есімдердің тіркесімен көрініс табады.

6. Монғол тілінде біргелік септігінің *-тай* тұлғасымен жасалған есім баяндауыштар қазақ тілінде не көмектес септігінің, не сын есімнің *-лы* жұрнағымен тұлғаланады.

7. Монғол тілінде *юм* (лексикалық мағынасы: *зат*) деген сөз күрделі, құрама баяндауышты тиянақтап, шақтық, модальдік мән жамап тұрады.

Салғастырылған тілдердің деректерінен байқағанымыздай және жүргізген зерттеу жұмысымыздың негізінде, бұл тілдерде тұрлаулы мүшелердің айырмашылығы тұрлаусыз мүшелерге қарағанда анағұрлым көп деген қорытындыға келеміз. Біздің ойымызша, оның төмендегідей себептері бар:

1. Бас мүшелер сөйлемнің негізіне тірек болатындықтан, тілдегі қандай да бір өзгешелік әуелі бас мүшелерге қатысты болады немесе олардың елегінен өтеді. Бұл өз кезегінде тілдің сапалық өзгеріске түсуіне жол ашады.

2. Тіл ойлаумен, ал ойлау предикативтілікпен тығыз қарым-қатынаста болатынын ескерсек, сапалық өзгеріс тілдің құрылым-құрылысына әсер етпей қоймайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Білім, 2004. — 86-б.
2. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Мектеп, 1966. — 97-б.
3. Бертагаев Т.А. Синтаксис современного монгольского языка в сравнительном освещении. Простое предложение. — М.: Наука, 1964. — С. 4.
4. Бадамдорж Д. Орчин цагийн монгол хэлний утга судлалын үндэс. — Улаанбаатар, 1997. — 163 х.
5. Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. — Т. I. — М.: АН СССР, 1953. — 240 с.

- 6 Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис / Жауап. ред. Е.Жанпейісов. — Астана, 2002. — 634-б.
- 7 Пүрэв-Очир Б. Орчин цагийн монгол хэлний өгүүлбэрзүй-1. — Улаанбаатар, 2001. — 383 х.
- 8 Цыдендамбаев Ц.Б. Грамматические категории бурятского языка в историко-сравнительном освещении. — М.: Наука, 1979. — 36 с.
- 9 Тодаева Б.Х. Язык монголов Внутренней Монголии: Очерк диалектов. — М.: Наука, 1985. — 92 с.
- 10 Ермекова Т.Н. Қазіргі қазақ тіліндегі есім баяндауыштар: Филол. ғыл. канд. ... дис. — Алматы, 1995. — 124-б.
- 11 Алтаева А.К. Көмекші етістіктердің семантикасы: Оқу құралы. — Алматы: Арыс, 2006. — 90-б.
- 12 Гаджиева Н.З., Серебренников Б.А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Синтаксис. — М.: Наука, 1986. — С. 39.
- 13 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 120-б.

Н.Абдиқарим

Сходства и различия при выражении главных членов предложений в казахском и монгольском языках

Данная статья посвящена сопоставлению способов выражения главных членов предложения казахского и монгольского языков. Автором отмечается, что в представленных языках у главных членов предложения различий больше, чем у второстепенных. В грамматике языка синтаксис легче поддается изменениям, чем морфология. Это особенно касается главных членов предложения, которые составляют структурную основу и определяют типовые виды предложения. Качественные изменения в языке, в первую очередь, претерпевают главные члены предложения. Автор приходит к выводу о том, что структурно-качественное изменение любого языка опирается на изменение главных членов предложения.

The given article is devoted to comparison of expressing methods of Kazakh and Mongolian languages' main clauses. The author notices, that the differences of main clauses in these languages are more than the differences of secondary clauses. In author's opinion in this article there is syntax ready to change in grammars than morphology. It especially concerns the main clauses. At exactly main clauses constructs the structural basis and defines the typical aspects of sentences. For that reason these kinds of quality changes in languages affect to the main members of the sentences at first. So in conclusion of the author the structural- quality change of the any language leans against the change of the main members of sentences.

ӘОЖ 81'1:81'36

Э.Н.Ажарбекова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Белгісіздік мәнінің модаль сөздер арқылы берілуі

Қазақ тілі біліміне нақтылық категориялары шешілмеген мәселе болып тұр. Мақалада қазақ тіліне қатысты белгісіздік мәнінің фактілері қарастырылды және сараланды. Қазақ тілі материалдары шағын анық модаль сөздерінің көмегі арқылы берілуі қарастырылған. Автордың модаль сөздерінің қолдану сипаттамасы, келтірілген.

Кілтті сөздер: модальділік, морфологиялық, тәсіл, модальдік мағына, модальдік қатынас, синтаксистік, рай тұлғалары, предикат.

Модальділік мәселесі — бүгінгі күндегі тіл білімінде түрлі көзқарастар мен пікірлерге ие болған, тіл зерттеушілерінің назарын ерекше аударып отырған мәселелердің бірі.

Модальдік мәселесін әр қырынан қозғаған зерттеушілер қатарында орыс лингвистикасында В.В.Виноградов, И.П.Распопов, Н.Ю.Шведова, Н.В.Бондаренко, Г.В.Колшанский, В.А.Белашапова және т.б. атауға болады.

Етістіктің модальдік мағынаны білдіру қызметіне алғаш арнайы назар аударған академик В.В.Виноградов болды. Оның модальдікті синтаксиске байланысты қарастырғанымен, көбіне морфологиялық қырына зер салып отырғаны, морфологиялық тәсілдер есебінде модальдік мағына білдірушілерге шақ, рай тұлғаларын жатқызғаны анық. Солай болса да, ғалымның пікірінше, сөйлем мағынасын айқын айырудың бір жағы — оның модальдік мағынасын айыру [1].

Жалпы тіл біліміндегі сияқты түркітануда да модальділік жөнінде түрлі көзқарастар мен пікірлер баршылық. Татар тілінің зерттеушісі М.З.Закиев модальділік турасында: «...Сөйлеу мазмұны туралы, сөйлеуші жақ туралы, өзі туралы, сөйлеу жағдайы мен оның құрылысы туралы әрдайым қатынас білдіреді. Бұл қатынастар шындыққа деген айтушы қатынасы, немесе модальдік қатынас, деп аталады», — деген біршама тиянақты тұжырым айтады [2; 351].

Қазақ тіл білімінде модальдік мәселесін зерттеу 1927 жылдан кейін ғана қолға алынды. Сөйлеушінің көзқарасындағы мұң, болжал мағыналарының рай тұлғалары арқылы берілетіндігі жөнінде алғашқы мәлімет А.Байтұрсынов еңбектерінде кездеседі. Бұл жердегі ғалымның нұсқауы — етістік формантты баяндауыштарда рай тұлғалары арқылы модальдік мағына үстеу орайы пайда болатыны [3]. Демек, сөйлемнің жалпы модальділігі туралы сөз қозғалмайды.

1967 жылы шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбекте: «Сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы және сөйлеушінің ол жөніндегі пікірі тіл білімінде сөйлемнің модальділігі деп аталады» деген анықтама берілген [4; 72].

Ал Т.Сайрамбаев сөйлемдегі предикаттықтан кейінгі мәселе модальділік екенін көрсете отырып, «сөйлемнің ең негізгі қаңқасынан кейінгі мәселе сол сөйлем арқылы адамның қуану, шаттану, еркелету, шошу, ашу-ыза, күдіктену, күшейту, есерлеу, құптау-құптамау, жақтырмау, сену, мүмкінділік, қажеттілік, болжалдық, т.б. қасиеттерді, яғни, осылардың семантикалық белгілерін айқындау — екінші орындағы үлкен мәселе...

Сөйлемнің бойындағы мұндай қасиеттердің барлығы да модальдік белгісі арқылы беріледі» деген ой айтады [5].

Қазақ тіл білімінде синтаксистік модальдік мағынаны айыру жайында алғаш сөз еткендер ішінде А.Қалыбаева, Н.Оралбаева, О.Төлегенов, Т.Сайрамбаев, М.Балақаев, Р.Әміров, Е.Жанпейісов сынды ғалымдарды атауға болады.

Модальдік мағына туралы аталған ғалымдардың пікірлері, негізінен, орыс тіл білімін зерттеушілердің көзқарастарымен астарласып жатады, яғни модальдік мағына ретінде оларда да жалпы шындыққа деген айтушының көзқарасын таниды. Мәселен, О.Төлегенов «айтушы көзқарасын білдіріп, предикатты саралайтын мағына — модальдік мағына» деп, В.В.Виноградовтың пікіріне қосылады. Ал Қ.Мамаділов аналитикалық етістіктің модальдік құрылымдарын морфемдік құрамы мен мағыналық қызметі тұрақтанған бір тілдік құбылыс ретінде қарастырады да, оны «морфосинтаксис шеңберінде тану керек» деген тұжырым жасайды, яғни А.Байтұрсынұлы көрсеткен бағытпен іздестіреді. Біздіңше, сөйлем модальділігі баяндау мазмұнына деген айтушының субъективтік көзқарасына негізделеді. Өйткені сөйлеу барысында айтушы шындықты белгілі бір мезгілге, жаққа, орайға қатыстылығы жағынан онда баяндалған іс-әрекеттің қалайша, қандай жағдайда болғанын, болып жатқанын, оның кімге арналғанын т.б. жақтарды түрліше бағалап береді.

Модаль сөздер түркі тілдерінің бірқатарында (солардың ішінде қазақ тілінде де) негізінен көмекші сөздер тобына кіреді. Ол сөйлеуші субъектінің айтылған ойдың шындыққа қатынасы (сәйкестігі) жөніндегі көзқарасын айқындайды. Модаль сөздердің өз алдына бөлек, арнайы бір лексика-семантикалық, грамматикалық топ ретінде сараланып шығу, даму жолдары тілдерде жалпы біркелкі емес. Олар, мысалы, орыс тілінде тек сына («вставные») сөйлемдердің ғана емес, сонымен қоса үстеулер мен ықшамдалған (редуцированные) сөйлемдер негізінде де дамып, дараланып шыққан. Ал түркі тілдерінің көпшілігінде негізінен кеңес дәуірінде жазба әдеби тілдің қарқынды дамуымен байланысты дербес көмекші сөз табы болып қалыптаса бастады. Жалпы модальділік, модаль сөздер табиғаты, әсіресе, осы тілдерде әлі нақтылы танылып болған жоқ. Сондықтан да бұл лексемалардың сандық көлемі оларда қазір әр түрлі болып келеді. Модаль сөздер мен модаль тіркестердің заттық семантикасы болмайды. Олардың семантикасы модальділікті білдіретін грамматикалық мағынамен астасып жатады. Осы жағынан алғанда модаль сөздер мен етістіктің рай категориясы жалпы бір тектес төл құбылыстар. Себебі райлар да әрекеттің ақиқаттығына не ақиқат еместігіне сөйлеуші тарапынан субъективті баға берудің, яғни сөйлем модальділігін білдірудің, морфологиялық тәсілі болып табылады.

Модальділік ең алдымен сөйлемде көрінеді. Сөйлем модальділігі тілдің негізгі өзек категорияларына жатады. Ол барынша айқынырақ түрде және алуан түрлі реңктерді білдіреді. Сөйлемде айтылған хабардың ақиқат-шындыққа қатынасы болып табылады. Жалпы модаль сөздер, олардың лексика-семантикалық ерекшелігі қазіргі жалпы тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де өзекті мәселелердің қатарына жатады. Предикаттық қатынастан кейін синтаксистік құрылымның күретаымыры осы модальділік мағына болып келеді.

Модаль сөздер тілдегі модальділік және предикаттылық құбылыспен тығыз байланысты. Предикаттылық сөйлем мазмұнының ақиқат-шындықпен жалпы арақатынасын (соотнесенность) білдіреді. Ал сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасы модальдік қатынас болып табылады. Яғни сөйлеуші өзінің бұл хабарын қалай түсінеді, өз тарапынан оған қандай сипаттама береді, ақиқат шындыққа қалай қарайды — модальдік қатынастың мәні міне осында.

Ал предикаттылық — ең алдымен ойды тіл заңдылықтары мен ережелеріне сәйкес қалыптап көрсетуге (к оформлению) қатысты сипат. Демек, бұлар өзара тығыз байланысты болғанымен, бір-бірінен елеулі айырмашылығы да бар. Модальділікке әдетте сөйлемнің негізгі тұрақты белгілерінің ішінен ойдың тиянақтылығын белгілейтін (анықтайтын) интонация, яғни хабардың айтылу ырғағы, сөйлеушінің тағы басқа модальдік қатынасы тиесілі. Предикаттылықтың қандай бір формасы болмасын, бәрі тікелей тілмен, ал модальділіктің түрлі формалары сөйлеумен (речь актісімен) байланысты.

Модальділік ең алдымен сөйлемде көрінеді. Сөйлем модальділігі тілдің басты категорияларының бірі болып табылады. Ол, біріншіден, барынша айқынырақ түрде және алуан түрлі реңкте интонация әдісімен беріледі. Модальділік, сондай-ақ етістік райларының синтетикалық және аналитикалық формалары білдіретін барлық мағынасы мен реңкі арқылы да беріледі. Ол инфинитив пен есім негізді сөздер тіркесі, сөйлемнің модальді қыстырма мүшелері арқылы да білдіреді. Қысқасы, модальділік — тіл мен сөйлеудің әр түрлі деңгейлерінде көрінетін грамматикалық мағыналардың өз алдына бір тұтас саласы, жүйесі болып табылады. Сонымен, сөйлемде айтылған хабардың ақиқат-шындыққа қатынасының көрінісі объективті модальділік те, ал ол хабарға деген сөйлеушінің қатынасының көрінісі субъективті модальділік болып табылады. Мысалы: *Ол жақта қыс ерте түседі* (объективті). *Ол жақта қыс ерте түсетін сияқты* (субмодальділік).

Жалпы тіл білімінде модальдік мағыналар турасында Чехия, Голландия, Америка лингвистері өз зерттеулерінің нәтижесінде біраз ілгері шыққаны мәлім. Түркі тілдерінде модальдік категориясының теориялық бастаулары бар. Бірақ қазіргі уақытқа дейін модальдік мәселесінде түркітануда ғылыми негізде жасалған теориялық тұжырым жоқ. Татар тіл білімінің зерттеушісі М.З.Закиев: «Сөйлемде ... сөйлеу мазмұны туралы, сөйлеуші жақ туралы, өзі туралы, сөйлеу жағдайы мен оның құрылысы туралы әрдайым қатынас білдіреді және бұл қатынастар шындыққа деген айтушы қатынас немесе модальділік қатынас деп аталады», — деген тұжырым айтады [2; 51].

Сонымен, тіл біліміндегі пікірлерді саралай келе, «модальділік» құбылысын жалпы шындыққа айтушының субъективті көзқарасының белгіленуімен байланысты алуға болады. Жалпы сөйлемдегі баяндау, яғни предикаттық, ақиқат-шындыққа деген айтушы тарапынан қатысты болады және ақиқат, ақиқат емес іс-сапа ретінде не ерік-талап реңкі ретінде беріледі.

Сөйтіп, сөйлем модальділігі, бір жағынан, айтушының шындық-ақиқат жөніндегі қатынасына, екінші жағынан, баяндау мазмұны жөніндегі қатынасына негізделеді.

Модальдік тілдің коммуникативтік функциясының жемісі болып табылады. Осыдан келіп морфологияда модальділікті білдіретін әр түрлі амал-тәсілдер пайда болады. Олардың ішіндегі ең басты әрі жетекші роль атқаратын түрлері — модальдік мағынаның лексикалық, морфологиялық және интонация арқылы берілуі. Тілдік модальділік — грамматикалық құбылыс. Демек, тілдік модальділікті білдіретін құралдар қызметінде фонетикалық, интонациялық, лексика-грамматикалық (көмекші сөздер), синтаксистік және айтылған хабарға сөйлеушінің қатынасын көрсететін басқа да жекелеген грамматикалық амал-тәсілдер қолданылады. Соның арқасында кейбір жеке мәнді сөздер (қыстырма сөздер) сөйлеуде модальділік мәнге ие болады.

Модальділіктің қызметі сөйлеушінің қимыл-әрекетке көзқарасын білдіруімен байланысты. Қимылға деген субъектінің көзқарасы түрлі болуы заңды. Осымен байланысты модальдік құрылымдардың мағынасы да түрліше болып келеді. Мысалы:

1. Аралықты белге соққандай бір дағдарыста қалған сияқты (М.Әуезов).
2. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек (Абай).

3. Қалайда көңілін бір нәрсемен демеу керек (Қ.Жұмаділов).

Бірінші сөйлемде **-ған сияқты** құрылымы субъектінің қимыл-әрекет жөніндегі болжалын білдіріп тұр. Екінші сөйлемде **-мек керек** құрылымы кеңес беру реңкіндегі міндеттілік мағынасын білдіреді. Үшінші сөйлемде **-у керек** құрылымы қажеттілік реңкті міндеттілік мағынасын білдіреді.

Бұл мысалдардан модальділіктің мағыналық құрамының кең екендігін көруге болады. Мұндай жағдай түркі тілдеріне де ортақ қасиет болып табылады. Оны зерттеушілердің еңбектерінен көруге болады. Мәселен, М.В.Зайнуллин модальділікті үлкен екі топқа бөліп қараған.

1. Ақиқат модальділігі.
2. Неғайбыл модальділігі.

Модальділіктің екінші тобын міндеттілік, қажеттілік, қозғау, қалау, ниет, болжал модальдіктері деп алтыға жіктеген.

М.Р.Федотов чуваш тіліндегі аналитикалық конструкциялар қалау, қажеттілік, мүмкінділік, міндеттілік және басқа да қимылға субъективті қатынасты білдіретіндігін айтады. Н.Г.Агадзаде модальдік мағынаның бірнеше түрінің райға қатыстылығын көрсетеді.

А.Н.Кононов түркі тілінде модальділіктің үш формасы бар деп, оған болымдылық, шарттылық, субъективтілікті жатқызады. Е.Н.Петров түркі тілінде модальділіктің 30 тобы бар екендігін дәлелдейді. Д.Г.Тумашева модальділікті бес топқа бөлген: міндеттілік, мүмкінділік, қажеттілік, ниет, болжал.

Бұл айтылғандардан байқайтынымыз — модальділіктің мағыналық құрамының кең екендігі. Тілші-ғалымдардың бұлардың қатарына райдың модальділік реңкін қосумен байланысты модальділіктің мағыналық құрамы одан әрі молайған. Бұдан тілдегі модальділіктің мағыналық құрамын топтастырудың қажеттілігін айқын аңғаруға болады.

Қазақ тіліндегі модальділік мәселесін арнайы зерттеген ғалым Е.Жанпейісов модаль сөздерді болжал, міндеттілік, сенімділік, күмәнділік, қалау т.б. мағыналарды білдіру үшін қолданылатындығын айтады. Осыған ұқсас пікір М.Балақаевтың еңбегінде де кездеседі.

А.Ысқақов модальділіктің түрлі мағыналарын райлық мағынамен бірлікте қараған. Ғалым модальділік мағына арқылы берілетін міндеттілік, қажеттілік мағыналарын райлық мағынаға жатқызған. Модальділік мағынаның жекелеген түрлері жөніндегі пікірлер Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Н.Оралбаев, Т.Қордабаев, Ф.Ахметжанов сынды зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Осындай модальділік мағынаны арнайы зерттеудің нәтижесінде, олардың төмендегі мағыналық топтары анықталды.

1. Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер.
2. Болжал мәнді модаль сөздер.
3. Мүмкінділік мағына білдіретін модаль сөздер.
4. Қостау, растау мәнді модаль сөздер.
5. Қалау, тілек мәнді модаль сөздер.
6. Күмән, күдік мәнді модаль сөздер.

Осы аталған модальдік топтардың ішіндегі болжал мәнді модаль сөздердің бойында белгісіздік мән айқын аңғарылады. Ол белгісіздік мән субъектінің іс-қимылға болжалмен қарау негізінде туындайды.

Модальділік мағынаны білдіретін сөздердің ең көбі, басқаларынан гөрі дамыңқырай түскен саласы болжал мәнділер. Тіл білімінде болжал мағынасы жөніндегі пікірлер Е.Жанпейісовтің зерттеулерінде көрініс тапқан. Модаль сөздердегі болжалдық мағына *мүмкін, шығар, бәлки, болар, секілді, көрінеді, ұқсайды, шамасы, ықтимал, тәрізді* сөздердің қатысуымен жасалады.

Болжалдық мағына лексикалық және грамматикалық тәсілдер арқылы беріледі. Болжалдылық мағынаның лексикалық тәсілдер арқылы берілуі *мүмкін, шамасы, бәлки, бәлкім, білем, жобасы, қисыны* тәрізді қыстырма сөздер арқылы, ал грамматикалық тәсіл арқылы берілуі *сияқты, болар, шығар, -са/-се керек, -у керек, -ға/-ге ұқсайды, -уы/-уі мүмкін* тәрізді тілдік құрылымдар арқылы жүзеге асады.

Е.Жанпейісов *керек* сөзі өзінің номинативтік мағынасында сөйлемнің баяндауышы болатынын көрсете келіп, модальдік мағынаны білдіру үшін, етістіктің шартты рай және тұйық етістік тұлғаларын қажет ететіндігін айтады [6; 11]. О.Төлегеновтің пікірі де бұдан алшақ кетпейді [7; 72].

Д.Г.Тумашева шартты райлы етістік тұлғасы мен *керек* модаль сөзінің тіркесіп, болжал модальділігін білдіру қызметін түркі тілдеріне тән құбылыс екендігін көрсетеді [8].

-*са керек* модальділік құрылымының -*са керек еді*, -*са керек екен* сияқты күрделенген түрлері бар. Оның қызметі жөнінде А.Ысқақов: «Күрделі -*са екен* форманты болашақта істелетін амалды тек аңсап тілейді. Күрделі -*са еді* форманты амалға тек арман мәнін үстейді» деген ой айтады.

Баяндауышының құрамында -*са керек*, -*са керек екен* деген құрылымдары бар сөйлемдерде субъекті көзқарасы сенімді емес. Өйткені субъекті болып өткен құбылысты немесе қимыл-әрекетті және оқиғаны бір жерден оқыған соң, болмаса біреуден естіген соң айтады. Әйтеуір айтар ойы, білдірер көзқарасы жайында алдын ала хабарланады. Айта тұрып, өзінің көзқарасын білдіреді. Өз көзқарасын болжамдап, жорамалдап жеткізеді. Ал ол болжалының қаншалықты шындыққа сай екендігі белгісіз. Сөйлеушінің жеке көзқарасында белгісіздік мән болады. Мысалы:

1. *Үлкен үйдің ішінде жігіттер мен қыздар айтысып жатса керек* (Б.Момышұлы).
2. *Зиялы ата-ананың жалғыз өскен шолжаңы болса керек* (М.Мағауин).
3. *Егер жақсы көрсем, қылықтарын қолдасам керек еді* (Абай).

Мұндағы бірінші, екінші сөйлемдердегі -*са керек* құрылымы субъектінің сөйлемдегі қимыл-әрекеттің ақиқат-шындыққа айналуы жөніндегі көзқарасын болжал, жорамал тұрғысынан білдіріп тұр. Ол жорамалы белгісіздікке ие, яғни, шын мәнінде қыздар мен жігіттердің айтысып жатқандығы не айтысып жатпағандығы, зиялының ата-анасының жалғыз өскен шолжаңы екендігі не шолжаңы еместігі белгісіз. Үшінші сөйлемде Абайдың көзқарасын болжал, қарсылық, жақтырмау мәнінде беріп тұрған -*са керек еді* құрылымы. Абайдың ол қылықтарды қолдау-қолдамауы белгісіз, тек болжал, жақтырмау бар. Сөйлемдерге белгісіздік мән үстеп тұрған -*са керек*, -*са керек еді* құрылымындағы модаль сөз.

-*у керек* құрылымы бірде міндеттілік, бірде болжал модальдіктерінің көрсеткіші болады. -*у керек* құрылымы *бол* етістігіне ғана тіркеседі. Мысалы, *Сірә, мені мақтаған болуы керек* (Н.Ғабдуллин) деген сөйлемде субъект жүзеге асқан амал-әрекеттің жайын топшылай болжап тұр. Дегенмен, мақтаған-мақтамағандығы белгісіз. *Болу* тұйық етістігі мен *керек* көмекші сөзінің тіркесуі арқылы жасалған модаль сөз сөйлемге белгісіздік мән үстейді.

Сияқты, сықылды, секілді, іспетті, тәрізді модаль сөздері бастапқы лексикалық мағыналарында белгілі бір ұқсастықтарды салыстыру үшін қолданылады. Бұл сөздер сөйлеушінің айтылған ой жөніндегі пікіріне болжал модальділігін білдіруде, есім сөз таптарымен де кез келген шақтағы етістіктермен де тіркесе береді. Бұлардың ішінде *сияқты* сөзінен басқасы кірме сөздерге жатады. «Қазақ тілінің грамматикасында» *сияқты* сөзінің сиық тұлғалы зат есімнен жасалғандығы айтылады [4; 105].

-*ған сияқты* құрылымы болжал мағынамен қатар белгісіздік мәнді де білдіреді. Мысалы: *Іштей Құнанбаймен айтысып қалған сияқты* (М.Әуезов). Бұл сөйлемдегі -*ған сияқты* модаль сөзі салыстыра суреттеу реңкті болжал мағынаны білдірумен қатар сөйлемге белгісіздік мән үстеп тұр. Яғни, субъектінің Құнанбаймен айтысып қалғандығы-қалмағандығы белгісіз.

Тілімізде кездесетін болжал мәнді модаль сөздің бірі — *мүмкін* модаль сөзі. Бұл модаль сөз қазақ тілінде сөйлемде әрі синтаксистік қыстырма мүше позициясында, әрі қимыл есімді баяндауыштың шылауында көмекші қызметінде қолданылады. *Мүмкін* сөзінің құрамы күрделенген сайын ондағы мағына да күрделене түседі. О.Төлегенов, Д.Г.Тумашевалар *мүмкін* сөзі мүмкінділікті білдіретінін қостайды [7; 113]. Ал Е.Жанпейісов оның болжалдық мағына білдіретіндігін айтады [6; 12]. Сондықтан бұл тұрғыдан Е.Жанпейісов пен Г.Медетованың пікірлеріне қосылуға болады. Өйткені тұйық етістік пен *мүмкін (ықтимал)* модаль сөзінің тіркесі арқылы субъекті сөйлемдегі қимыл-әрекеттің іске асу мүмкіндігін, құбылыстың өз ойымен сәйкес келу мүмкінділігі жөніндегі көзқарасын білдірмейді, керісінше, сол мүмкінділіктің ақиқат-шындыққа айналуы жөніндегі болжалды көзқарасын білдіреді. Сондықтан «мүмкінділік» -*уы мүмкін* құрылымында болжал модальділігінің қосымша мағыналық реңкі болып қалады. Сонымен қатар бұл модаль сөзде белгісіздік мән де бар. Мысалы: *Бізге кең көрінген жер ертең баламызға тар болуы мүмкін* (Б.Нұржекеев). Берілген сөйлемде баяндауыш құрамындағы мүмкіндік модаль сөзі болжалдық мағынаны берумен қатар сөйлемге белгісіздік мән үстеп тұр, яғни жердің тар болуы беймәлім, сондай болжал ғана бар.

Сол сияқты -*уы ықтимал*, -*уы кәдік* сөздері де іс-әрекеттің іске асу мүмкінділігі жөніндегі болжалдық мағынамен қоса белгісіздік мәнді білдіреді. Мәселен, *Торы аттан сәл алыстаса, көз жазып қалуы кәдік* (С.Жүнісов); *Қас қағымда сарт етіп келіп, алып соғуы ықтимал* (Д.Досжанов) деген сөйлемдерде предикат құрамындағы модаль сөздер келер шақтағы қимыл-әрекеттің іске асу мүмкінділігі жөніндегі болжалмен қатар белгісіздікті де білдіріп тұр. Көз жазып қалуы-қалмауы, алып соғуы-соқпауы белгісіз.

Сондай-ақ *шығар, болар* сөздерінің модальдік мағына білдіру қызметі бірқатар түркі тілдерінде де танылған. Қазақ тіліндегі *шығар* сөзі қырғыз тіліндегі *чигар* түрінде қолданылады. Ал *болар* сөзі татар тілінде дербес сөз *булур* түрінде де, *-ған болур, -ған болыр* тіркесі түрінде де қолданылады. *Шығар, болар* сөздерінің модальдік мағынасы өзі тіркескен етістіктің шақтық мағынасынан басым болады да, болжалдық, белгісіздік мағыналарын үстейді.

Көрінеді модаль сөзі модальдік мағына беру қызметінде атау тұлғадағы есім сөзден кейін тұрып та, *-ған, -атын, -мақ* есімше тұлғалы етістіктермен тіркесіп қолданылады. *Көрінеді* сөзі қазақ тілінде бірде өзінің бастапқы лексикалық мағынасында, бірде модальдік мағынаны білдіру функциясында қолданылады. Бұған Е.Жанпейісов, О.Төлегенов сынды ғалымдар мынадай пікір айтады: «*-ған, -атын көрінеді* құрылымдары субъекті, негізінен біреуден естіген, оқыған қимыл-әрекет, оқиға, құбылыс жайын жорамалдайды. Сондықтан тыңдаушы жақтың назарын өзге субъектінің ақпаратына аудара отырып, ол тарапындағы болжалды көзқарасын білдіреді». Сонымен қатар сөйлемге белгісіздік мән де үстейді. Мысалы: *Ораш келсе, қонаққа шақырсам, азамат емесін бе? — деп, бір тоқтысын семіртіп жатқан көрінеді* (О.Бөкеев). Бұл сөйлемде субъекті біреуден естіп хабардар болған оқиғадағы қимыл-әрекеттің ақиқат-шындыққа айналу мүмкіндігін болжайды, ал баяндауыш құрамындағы *көрінеді* модаль сөзі сөйлемге белгісіздік мән үстейді.

Ұқсайды модаль сөзі *көрінеді* модаль сөзі сияқты модальдік мағынаны құрама баяндауыштың құрамында тұрып білдіреді. *Ұқсайды* сөзі үнемі барыс септігіндегі есім сөзден соң тұрып, сөйлемнің баяндауышы болады. Бұл модаль сөз есім сөзден кейін келгенде, болжал мағынадан гөрі салыстыру мағынасын айқын білдіреді. Сондай-ақ *ұқсайды* модаль сөзі сөйлемге белгісіздік мән үстейді. Мысалы: *Алыстағы биік жота жымырайған пішінмен, тіршілікті көмген молаға ұқсайды* (М.Әуезов) деген сөйлемдегі *ұқсайды* модаль сөзі алыста көрінген биік жотаны молаға ұқсатады, салыстыру бар. Бірақ сол биік жотаның нақты мола екендігі белгісіз. Сөйлемге белгісіздік мән үстеп тұрған модаль сөз.

Сонымен қатар тілімізде *деймін* деген сөз модаль сөз ретінде қолданылады. *Деймін* сөзінің де етістігінен шыққандығы белгілі. Ғалым А.Әбілқаев *де* етістігінің *деймін* тұлғасындағы мағыналық қызметі жөнінде былайша тұжырымдайды: *деймін* келер шақтық есімшенің формасымен және *-ау, -ой, ма, ме* шылау сөздерімен тіркескенде ойлау етістігінің мағынасына ие болады, тұтас алғанда сол сөйлем иесінің бір іске болжалын, жорамалын, не оған күмәнділігін білдіреді [9].

Деймін модаль сөзінің модальдік мағына білдіру қызметі қазақ тіл білімінде анықталған. *Деймін* сөзі мынадай жағдайларда модальдік мағына білдіреді:

а) *-ау, -ой, ма, ме* демеулік шылауларынан кейін келгенде жорамал мағынасын білдіреді;

ә) *шығар, болар* сөздерімен тіркескенде ол сөздердің модальдік мағынасына сол типтес мағына береді.

Деймін сөзі жорамал, болжал мәндерімен қатар белгісіздік мән де бере алады. Мәселен, *Айтылған мәселеге қатысты ойын ол жеткізе алар ма деймін* деген сөйлемдегі сөйлеушіге оның ойын жеткізе алар, алмасы белгісіз, жорамал ғана бар. Сөйлемде белгісіздік мән үстеп тұрған *деймін* модаль сөзі.

Сонымен, жоғарыда аталған модаль сөздер сөйлеушінің айтылған ой жөніндегі пікіріне болжал, жорамал модальділігін білдірумен қатар, белгісіздік мән де үстейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мамаділов Қ. Етістіктің модальдылық құрылымдары. — Астана: Елорда, 1996. — 4-б.
- 2 Закиев М.З. Синтаксический строй татарского языка. — Казань: Изд. Казан. ун-та, 1963. — 198 с.
- 3 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 51-б.
- 4 Қазақ тілінің грамматикасы. — Алматы: Ғылым, 1967. — 264-б.
- 5 Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисі. — Алматы: Рауан, 1991. — 18-б.
- 6 Жанпейісов Е. Модальные слова в современном казахском языке. — Алматы: Ғылым, 1958. — 182 с.
- 7 Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальдық және мақсат мәнді жай сөйлемдер типтері. — Алматы: Мектеп, 1968. — 163-б.
- 8 Тумашиева Д.Г. Татарский глагол. (Опыт функционально-семантического исследования. Грамматические категории). — Казань: Изд-во Казан. ун-та, 1986. — С. 149.
- 9 Әбілқаев А. «Де» етістігінің мағыналары мен қызметі. — Алматы: Ғылым, 1958. — 96-б.

Факты выражения неопределенности посредством модальных слов

Для казахского языкознания категория определенности/неопределенности является вопросом нерешенным. В статье рассматриваются и анализируются факты выражения неопределенности, относящиеся к казахскому языку. На материале казахского языка выявлено, что такое значение может выражаться посредством модальных слов. Автором дается характеристика использования модальных слов, выражающих значение неопределенности, и анализируются речевые ситуации, характерные для казахского языка.

For Kazakh linguistics category of certainty/uncertainty is a undecided question. The facts of the expression of uncertainty, referring to Kazakh language are considered and analyzed in article. On the material of Kazakh language it is found that such meaning can be expressed through modal words. Author gives characteristics of using modal words expressing meaning of indefiniteness and speech situations peculiar to Kazakh language are analyzed as well.

ӨОЖ 81'42:811.512.122

А.С.Әділова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Мәтінаралық байланыстардың танымдық-прагматикалық әлеуеті

Мақалада тілдік тұлғаның танымдық деңгейінің интертекстуалдық құрылымы, оны құрайтын интертекстуалды өзегі, динамикалық интертекстуалды қабаты және интертекстуалды перифериясы және оның прагматикалық мүмкіндігі қарастырылды.

Кілтті сөздер: тілдік тұлға, интертекстуалды құрылым, сөзқолданыс, ассоциация, претекст, мәтін, функционалды стиль.

Тілдік тұлғаның жады тіл жүйесінің заңдылықтары мен лексика-фразеологиялық қазынасын ана сүтімен бойға дарытумен қатар, ұланғайыр білімді түрлі мәтіндерден алады, яғни өз ғұмырында оқыған сан алуан кітаптар қайтсе де оның жадында өз ізін қалдырады. Ол із шығарманың мазмұны, сюжеттік желісі, образдар жүйесі ғана емес, автордың немесе кейіпкердің тілдік тұлғаға ерекше әсер еткен сөзқолданысы да болуы мүмкін. Ондай сөзқолданыс жеке сөз, сөз тіркесі, сөйлем немесе мәтін фрагменті ретінде оқырман жадында өзінің бейнелілігімен, құрылымдық әсерлілігімен, көп мағыналылығымен еріктен тыс сақталып қалады да, кезі жеткен, қажет болған уақытта қайта еске түсіріліп, жаңа жағдайда, жаңа мәтінде пайдаланылуға бейім болады. Олар адам жадында белгілі бір тақырып немесе оқиға төңірегінде емес, бей-берекет (хаосты түрде) орналасып, белгілі бір ассоциация негізінде еріктен тыс еске алынып, қолданысқа түседі. Бұл жағдайда ондай фрагменттерді оқырман немесе тыңдаушы оқып яки тыңдап отырған мәтіннің жекелеген оқиғасының бір ғана белгісі өзектендіреді. Мәтінаралық байланыстардың маркері саналатын мұндай келтірінді құрылымдардың өзектенуіне уақыт әсер етпейді. Претексті өмір жасының қай кезеңінде оқыса да, ол адам жадында ұзақ мерзім сақталып, қатталып жата береді де, тек нақты қажет болған кезде ғана өз бетінше актуалдана алады. И.П.Смирнов [1] адам жадының бұл түрін *семантикалық* деп атайды да, мәтінаралық байланыстар теориясының дамуын, зерттелуін осы құбылыспен байланыстырады.

Тілдік тұлғаның жадында өзінің жекелеген үзіктерін қалдыратын мәтіндер тек бір ғана функционалды стильге жатпауы мүмкін. Ондай мәтіндердің қатарында жалпыға ортақ сакральді мәтіндерден бастап, функционалды, жанрлық сипаты жағынан мүлде ұқсамайтын мәтіндерді атауға болады.

Ұлттық тілді тұтынушы тілдік тұлғаның құзыреті мен жады қалай қалыптасатыны жөнінде А.Байтұрсыновтың пікірі бұдан 80 жылдай бұрын жазылса да, дәл қазіргі заманғы психоллингвист айтқандай әсер қалдырады: «Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан кейін үлгілі жазушылардың сөзін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша

айтып, иә жазып қолданумен біледі» [2]. Бұның ақиқаттығын А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесіндегі басты кейіпкердің бірі Сәруардың үлгісінде көрсетуге болады: «Сәруар, әсте, өлең жаттамайтын. Солықтаған жол-тармақ, сұрып қапқан күйе боп, жадында өзі қалар еді. Ұзын ырға кей толғаудың басы, бір сыр-мұңдарды бауырына басқан жұмыр шумақ не шумақтың жартысы екшеліп өзі кеп, қыл шылбырдың түйініндей бүйіріне баттар еді. Ондай, кісінеп табысқан тармақ-жолдарын, керегінде шарқ ұрып іздегені есінде жоқ». Бұдан мәтін фрагменттерінің кез келгені емес, оқырманның жан дүниесіне жақын, эмоционалдық мәні жағынан белгілі бір жағдайларға сәйкес келетін үзіктері ғана еске сақтауда да, еске түсіруде де арнайы күш салуды қажет етпейтіні байқалады. Тілдік тұлғаның жадында бей-берекет, ретсіз жинақталып, қатталып жатқан мәтіннің кез келген деңгейдегі үзінділері қажет уақытта мүлде орынсыз немесе мүлде тосын ассоциация арқылы өзектенуі мүмкін. Осы орайда Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы «Чеховтың қарындасы» атанған Зәйкүлді еске түсірген артық емес (түсінікті болу үшін үзіндіні толық келтірдік):

Қыста XIX ғасырдағы орыс әдебиетінен емтихан өткізуге әзірленіп жүрдік. Бір күні үзіліс кезінде Зәйкүл бәрімізге сұрақ қойды

- Чеховтың бір қарындасы туралы айтқаны бар еді ғой, сол сөз кімнің есінде?
- Қай қарындасы туралы? — дедік біз түсінбей. — **Мария Павловнаны** айтасың ба?
- Тілімнің ұшында тұр, өзінің бір қарындасы жайында айтып еді ғой.
- Не деп?

- Не деуші еді кісі өз қарындасы туралы. Соның жақсы бір қасиетін айтқан.

Біз Чеховтың әйел аттас шығармаларын атай бастадық.

- «**Ниночка**» ма?

- Жоқ, — дейді Зәйкүл басын шайқап.

- «**Ит жетектеген келіншек**» пе?

Зәйкүл сақылдап кеп күледі.

- Қойыңдаршы әрі, келіншек ит жетектеуші ме еді? Ол бір ауылдың аңшысы ма екен иттерін қасынан қалдырмай ертіп жүретін?

- Ойбай, Зәйкүл, сен білмейді екенсің ғой, — дейді Жомартбек орнынан ұшып тұрып. — Келіншектердің керемет аңшылары болады.

- Өзгеге сенсем де, саған сенбеймін, Жомартбек, — дейді Зәйкүл қолын бір-ақ сермеп.

- Онда «**Апалы-сіңлілі үшеуді**» айтасың ба?

- Жоқ, үшеу емес, біреу, — дейді Зәйкүл біздің діңкемізді құртып. — **Чеховтың сол сөзін жұрт айта береді ғой ылғи.**

Өлдік-талдық дегенде, келесі үзілісте оны әрең таптық. Сөйтсек Зәйкүлдің сұрап отырғаны Чеховтың «**Краткость — сестра таланта**» дейтін нақылға айналып кеткен атақты сөзі екен. Сол күні бәріміз ішек-сілеміз қата күле отырып, Зәйкүлге «Чеховтың қарындасы» деген атты бірауыздан бергенбіз. Афоризмнің лексикалық құрамындағы жалғыз сөз арқылы кейіпкер тұтас мәтінді еске түсіргісі келеді, бірақ танымдық базасында ол жайында нақты, толық ақпарат болмағандықтан, тек вербалды-грамматикалық деңгейде ғана жадында қалған сөзге жүгінеді. Ал, керісінше, коммуниканттардың екінші тобының танымдық базасы қарындас сөзімен парадигматикалық, синтагматикалық қатынастағы сөздер арқылы танылады.

Әрбір адамның тілдік тұлға ретінде жеке когнитивтік кеңістігі [3] болады, ал ол өз кезегінде түрлі ұжымдық (отбасылық, кәсіптік, діни, әлеуметтік) когнитивтік кеңістік жиынтығынан тұрады да, өзі өмір сүріп отырған қоғамның ұлттық-тілдік-мәдени танымдық базасына сүйенеді. Алайда бір ғана ұлттық когнитивтік кеңістікке жатса да, әр уақытта өмір сүрген, қоғамдағы саяси-идеологиялық ұстанымдардың насихатталуы, ақпарат көздерінің жетімсіздігі, жабықтығы, ұлттық әдебиет, мәдениет деректерінің кейінгі орынға ысырылуы сияқты экстралингвистикалық себептердің әсерінен тілдік тұлғалардың — автор мен оқырманның когнитивтік базасының өзі түрліше қалыптасатыны кездеседі. Ол, әрине, адамның әлеуметтену үдерісіне байланысты болады, өйткені «адамның психикасы белгілі бір дәрежеде физиологиялық алғышарттар мен әлеуметтік құралдардың бірлігі түрінде қалыптасады. Тек осы құралдарды меңгере отырып ғана, меншіктене отырып ғана, тұлға оларды өзінің және өз қызметінің бір бөлігі жасай отырып ғана, адам адам бола алады» [4].

Бұл орайда зерттеуші Г.В.Денисова тілдік тұлғаның «*когнитивтік деңгейінің интертекстуалды құрылымын*» [5] ұсынады. Бұл белгілі бір лингвомәдени кеңістік мүшелері үшін тек қандай мәтіндер өзекті екеніне ғана емес, сол тілдік-мәдени ортада бар мәтіндерді әр ұрпақтың түрліше қабылдауына байланысты да өзгеріп отырады. Көркем мәтінді оқушы оны өзінің өмірлік жеке тәжірибесіне сүйене

отырып қабылдайтындықтан, сол мәтінді қабылдаудың инвариантына өз нұсқасын ұштастырады. Мәселен, Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы туралы өткен ғасырдың 80-жылдардағы, соңындағы және қазіргі замандағы оқырмандардың пікірі бір жерден шықпайды. Оқырмандардың алғашқы тобына ол іздеп жүріп оқитын күшті әдеби мәтін болса, екінші топтағылар оны қатардағы көп романның бірі деп қабылдады, ал қазіргі жас буын ол туралы аса біле қоймайды. Осы жас буынның арасында романды оқып, ол туралы жақсы пікір айтып, оны қайта туындату (мазмұндау, сөзқолданысын пайдалану) нәтижесінде ғана ол қайтадан күшті мәтінге айналуы мүмкін.

Тілдік тұлғаның танымдық деңгейінің *тұрақты интертекстуалды ядросына (өзегіне)* ұлттық білім энциклопедиясына жататын ағарту стандартынан белгілі әдеби шығармалар, тарих, қоғам, мәдениет қайраткерлерінің есімдері мен сөздері, аса маңызды саяси-әлеуметтік оқиғалар, мәдени, тарихи, діни жәдігер-ескерткіштер жатады. Тұрақты интертекстуалды ядро (өзек) дегенмен, бұл да шартты нәрсе. Қазіргі Қазақстан жағдайында оқырмандардың жас ерекшелігіне байланысты тілдік тұлға танымдық деңгейінің интертекстуалды тұрақты ядросы ең аз дегенде төрт түрлі болатынын жорамалдауға болатын сияқты: I — кеңес кезеңінде ұлттық орта мектепте білім алған тілдік тұлғаларға; II — кеңес кезеңінде орыс тілінде орта білім алған тілдік тұлғаларға; III — тәуелсіздік жылдарында ұлттық орта мектепте білім алған тілдік тұлғаларға; IV — тәуелсіздік жылдарында орыс тілінде орта білім алған тілдік тұлғаларға тән. Бұл орта білім беретін мектептер мен лицейлердің оқу бағдарламасына, мұғалімдердің сыныптан тыс оқу үшін қандай ақын-жазушылар шығармаларын ұсынатынына, жастар арасындағы еліктеушілікке, тіпті жаһандану үдерісіне де байланысты. Аталған тілдік тұлғалардың арасында мәтінаралық байланыстарды орнату, тану, қолдану дәрежесі бірінші топтағыларда жоғары болады деген ойдамыз, өйткені олардың басым бөлігі — билингвтер. Қалған топтағылардың бұл ыңғайдағы деңгейі түрліше қалыптасуы ана тілімен қатар оқып үйренген екінші тілдегі көркем мәтіндерге байланысты болады.

Тілдік тұлғаның *динамикалық интертекстуалды қабатына* уақыт және әлеуметтік жағдайларға орай өзгеріп, үнемі маңыздылығы, қажеттілігі белгілі бір иерархиямен қайта ауысып отыратын күшті әдеби мәтіндер кіреді де, ол ұлттық және жеке білім энциклопедиясына тәуелді болады. Мысалы, ұлттық әдебиеттің атақты қайраткерлерінің шығармашылығына ресми түрде тыйым салынған кезеңде, яғни өткен ғасырдың 60-жылдарында оқырмандардың басым бөлігіне олардың есімдері де, шығармалары да таныс болмады, сол себепті олардың тілдік ерекшеліктері де кейінгі қаламгерлердің мәтіндерінде аса байқала қоймайды. Керісінше, шетелдік ақын-жазушылардың (Фолкнер, Борхес, Хэмингуэй) көркем туындылары насихатталғандықтан, олардың жекелеген ой-пікірлері, сөзқолданыстары, тіпті болмаса олардың шығармаларының атаулары ауызекі сөйлеу мен жазу үдерісінде цитация қағидатымен жұмсалғаны белгілі. Ал қазір күшті әдеби мәтіндер қатарында қайта оралған әдебиет пен Эко, Коуэльо, Абэ сияқты жазушылардың шығармалары және тиісінше солардан алынған түрлі цитаталар, реминисценциялар көп жұмсалады.

Тілдік тұлғаның *интертекстуалды перифериясы* оның когнитивті деңгейінің ең қозғалғыш, ең өзгергіш бөлігі болып саналады. Оған күшті әдеби емес мәтіндер, бұқаралық мәдениет мәтіндері (ән, жарнама, БАҚ материалдары) жатады. Ол уақыт, идеология, белгілі бір жағдайларға орай әлеуметтің мәдени талғамдарының өзгеруіне байланысты тез әрі жиі ауысып отырады.

Сөйлеу әрекетінде аталған қабаттардың аражігі толық, нақты ажыратыла алмайды, яғни әр адамның өз жеке білім энциклопедиясына байланысты болады.

Әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын элитарлық тілдік тұлға [6] деп саналатын ақын-жазушылар өз когнитивтік деңгейінің интертекстуалды құрылымының прагматикалық әлеуетін жиі, тиімді, уәжді қолданады.

Ұлттық элитарлық тілдік тұлғаның тұрақты интертекстуалды ядросына (өзегіне) жататын айрықша маңызды оқиғаның бірі — Абылай ханның түсі, яғни қазақ халқының тарихы, өткені мен қазіргісі, болашағы үшін аса мәнді болжам, жорамал ретінде қабылданған, қабылданып отырған және қабылданатын атақты түс. Бұл түсті баяндату арқылы автор сөйлеу субъектісін өзгертіп, болып жатқан жағдайға өз қатысын көрсетеді. Қаламгерлер өз шығармаларына халық арасындағы түстің бір-біріне ұқсас екі нұсқасын кіргізу арқылы түрлі мақсаттарға акцент жасайды. Салыстырып көрелік: І.Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясында Кенесары Жүсіп-Иосиф Гербуртка әңгімелеуі нәтижесінде сөйлеу субъектісі үш мәрте ауысқан: баяншы — Абылай — Кенесары. Түс коммуникативті жағдайдың таңбасы ретінде көрінеді: *«Кенесары бәлсінген жоқ, әңгімесін бастап кетті»*.

- Атамыз Абылайды үш жүздің игі жақсылары боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ кигізге орап, хан ғып көтерген күнінің түнінде ол бір гажайып түс көріп шығыпты. Бұқар жыраудан жоруын сұрапты...

- Астымда Жалынқұйрық жүйрігім бар. Сарыарқада серуендеп келе жатыр едім, депті хан Абылай, — алдымнан бір арыстан тұра қашты, қуып жетіп, алдаспаныммен ішін жарып жіберіп едім, арыстанның ішінен бір жолбарыс шықты да тұра жөнелді. Жолбарысты да қуып жетіп, аш бауырынан орып жіберіп едім, ішінен бір көкжал шыға келді де тұра қашты. Көкжал қасқырды да қуып жетіп, ішін тіліп жібергенімде, одан бір қызыл түлкі ата жөнелді. Қызыл түлкіні де қуып жетіп қарнын осып қалғанымда ішінен құрт-құмырсқа, бақа-шаян, жылан-кесіртке ақтарыла түсті... Бірақ бұлар менен қашпады, бәрі быжынай келіп, атымның сауырына, жалына жабыса бастады. Шошынғанымнан айғайлап жіберіп, оянып кеттім. Жоруын айтышы осы түсімнің, жырауым», — депті Абылай хан.

Сонда Бұқар жырау былай деп жорыған екен:

Жалынқұйрыққа мінгенің — хан тағына мінгенің. Ал алдыңнан арыстан қашса, сенен арыстандай айбарлы ұл туады екен. Одан туған бала да жолбарыстай қайратты, жүректі болады екен. Жолбарыстан туған шөберең де көкжал қасқырдай жүректі жаратылады екен. Ал көкжал қасқырдың баласы, төртінші ұрпағың, қызыл түлкідей заманына қарай қу, тәсілқой келеді екен. Ал қызыл түлгіден әрі қарай тараған тұқымың құрт-құмырсқа, бақа-шаян, жылан-кесіртке секілденіп, уақтанып кетеді екен, — депті (І.Есенберлин).

Дәл осы түс XVIII ғасыр тарихынан жазылған ғылыми-көркем трилогияның Бұқар жырауға арналған I-кітабында былайша вербалданады, мұнда сөйлеу субъектісі екі рет өзгертілген:

« — Мен жақында түс көрдім, — деді Абылай жырауға қарап. Егер сәуе көрмеймін десең сол түсімді жорып бер. — Не көрдің, айта ғой, — деді жырау да, бойы бір жеңілдеп қалғандай, ауыр сезімдер ықпалы сәл босаңсығандай. Сонда хан айтты:

- Түсімде бір жолбарыс келіп шатырымның алдына мойнын созып, шөгіп жатып алды. Бұл не қылғаны деп, жананы жақындап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. Аюға жақындасам, ол қасқырдай ырылдап ит-құсқа айналып, енді ит-құсқа қарасам, ол түлкі боп шыға келді. Осыдан кейін түлкінің орнына қарсақ, қоян, бақа-шаян, әйтеуір неше түрлі жәндік толып кетті. Осы болды көргенім.

... Кәрі жырау Абылайға сынай қарады, түсте не шешім бар екенін өзі біледі ме, сезетін сияқты. Әйтпесе, дәл осы түсін айтпас еді. «Тәуекел түбі — жел қайық» деп кетіп бара жатқанға ұқсайды.

- Хан ием, — деді жырау, — шатырыңның алдында жолбарыс болып жатқан — өзіңнің бақ-талайың. Жолбарыс болып жатқан — өзіңнің баққан елің — ұлы далада көсіліп орналасқан. Жолбарыс аюға айналса, сенен кейінгі заманда елің аюша алысар күн туар, одан қасқырша ырылдасып, жауымен жұлысатын заман да болар. Ақыр түбінде елің күштінің алдында түлкідей бұлаңдар, алдау-арбауға үйренер. Түлкінің түбі бақа-шаян болса, қоян-қарсақ жүрсе, ол дегенің соңғы ұрпақ ұсақталып сол күйге жетер. «Құл жиылып бас болмас, тас жиылып құм болмас» деген сөз келер, жақсының түбі тұқымынан қиылар, бидің түбі сұйылар, еліңнің берекесі сөйтіп тиылар» (Ж.Омари).

Алғашқы мәтінде автор Абылайдың түсін Кенесарыға цитация жасатуы бекер емес, кейіпкерін, оның өскен ортасын таразылап, болашағын болжап бағалауда автор-субъектінің эксплицитті бағалауы пен субъектінің имплицитті пікірі бірін-бірі толықтырып, коммуникацияға түсушілерді сипаттауға, мәтіннің концептуалды ақпарын түзуге, оқырманға мәтінді интерпретациялауға жәрдемдеседі. Ал екінші мәтінде түс пен оның жоруын басты кейіпкерлердің өздеріне айтқызған автордың бағалауы ашық.

Екі мәтіндегі прагматикалық бағдар да — екі түрлі, І.Есенберлин контексіндегі бағдар тек Абылай хан айналасына ғана бағытталса, кейінгі мәтінде жалпыхалықтық сипат алады. Оны вербалданған түстердің лексикалық құрылымындағы ортақ номинативтер, сол лексиканың парадигматикалық коннекторларымен берілген символдармен қатар, айырмашылықтар көрсетеді. Бұл көркем мәтіндер жазылған кезеңдегі саяси-идеологиялық жағдайларға немесе экстралингвистикалық факторларға байланысты болу керек.

Қазіргі қазақ қоғамындағы ұлтсыздық, тілсіздік, күншілдік, тез еліктеушілік, басқа ұлт өкілдеріне жалтақтаушылық, сыбайлас жемқорлық, өз ұлтына қайырымсыздық сияқты түрлі жағымсыз мәселелер публицистикада сөз болғанда Абылайдың осы түсі мен оны Бұқардың жоруы

еске түсіріледі. Алайда публицистика мен көркем коммуникацияда синкретті интертекстуалдылық әр түрлі байқалады. Публицистикада иконикалық мәтіндер (фотографиялар, шарждар, суреттер) вербалды мәтіннің қатарында, астыңғы, ортаңғы, үстіңгі жағында келіп, оның негізгі мазмұнын байытып, толықтырып, күшейтіп тұрса да, олардың ресімделуі мәтін ішіндегі мәтін форматында болмайды және олар өздерімен қатар алынған мәтіннің мазмұнын визуалды, кейде астарлы, ал енді бірде нақты түрде әр түрлі бағалауыш реңкте береді. Мұндай мәтіндерді қазақ зерттеушілері «креолды мәтіндер» деп атап, оларда берілген ақпар сатылап түсінілуі қажеттігін көрсетеді [7]. Шынында да, солай. Мәселен, «Жас Алаш» газеті 2008 жылғы 21 қазандағы санында «Ақпараттық соғыс, немесе ұлтшылдық пен ұлтсыздық хақында» мақаласын Жеңіс Кәкенұлының суретімен безендірген. Суреттің атауы жоқ, алайда оның өзі жеке тұрып-ақ, интертекстуалды, яки аллюзивті-реминисцентті, себебі Абылай ханның атақты түсі негізінде салынған. Романда Бұқар түсті ханның тікелей өз ұрпағына қатысты жорығанмен, кейінгі тарихшылар, публицистер оны қазақ халқының тағдырына трансполяция жасап жүргенін ескерсек, осы ақпарлардың бәрі мақаланы түсініп, интерпретациялауды біртіндеп жүзеге асыруға ықпал етеді. Мақала ақпары астарлы түрде, синкретті түзіледі.

Бұл көркем және медиадискурсқа түсушілер қажеттілік пайда болғанда өздерінің семантикалық жадынан өздері үшін аса маңызды, айрықша мәнді, әсерлі, бейнелі мәтін таңбасын тауып, қолдана алатынын дәлелдейді.

Халықтың қазіргі болмысы мен ділі жөнінде жиі және өткір жазатын ақындардың бірі — Серік Ақсұңқарұлы. Ұлттық элитарлық тілдік тұлға ретінде оның құндылықтар жүйесінде ұлттық мәдени таным, ұлттық менталитет, ұлттық психология-болмыс басты орында, сондықтан халқымыздың қазіргі жай-күйі оны бейжай қалдырмайды. Осы орайда қаламгердің өлеңдерінде Абылайдың түсіне сілтеме мақсатына сай, ұлттық ділді бағалау, өзінің субъективті ойын қоғамдағы объективті жағдайлармен байланыстыру, пікірін қорыту, дәлелдеу үшін қолданылған:

*Саңқ етті де көкті аударып зор үні,
Абылайдың түсін солар жорыды,
Күңіреніп өткен арыстарымның
Үңірейіп тұрады әлі орыны («Тас кітабы»).*

*Күлтегіннің күлге сіңген мұң-зары,
Менікі екен бұл күні.
Бізді ылғи әзәзілдер торыды,
Ес жи!
Ердің естіліп тұр зор үні.
Абайымның сөзін бірақ кім ұғып,
Абылайдың түсін қай ұл жорыды... («Тас кітабы»).*

С.Ақсұңқарұлының «Қазақтың ұйқысы туралы балладасы» да аллюзия, реминисценцияға құрылған. Бұл шығармадағы мәтінаралық байланыстар арқылы М.Дулатовтың «Оян, қазағын», қазақ даласындағы түрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды еске түсірген оқырман ақынның ұлтымыздың қазіргі хал-ахуалын сипаттауынан Абылай түсіне де сілтеме табады, бірақ мұндағы интертекст лексикалық деңгейде, яғни, түстегі құрт сөзі:

*Заманмен жұрт бір құбылды,
Тәңірі құйсын саған нұр:
Тірілтетін құрт-қыбырды
Құдай керек заман бұл... («Дұға»).*

Қаламгер өз мәтінінде бұл сөздің парадигматикалық, синтагматикалық байланыстарында эмоционалды-экспрессивтілікті одан әрі күшейткен:

*Жермен бірге Күнді айналған тасқында,
Мекені — Алаш, мен де шерлі ғас тұлға,
Неше түрлі құрт-құмырсқа жүреді –
Аяғымның астында (Асан Қайғы...).*

*Қой, боздама, біздің буын қаралы,
Басқа ұрпақты боздатар бар сұм әлі.
Мағжанның мәйітін жеп семірген
құртты көрдім!*

*Айдаһардай — араны...
 Көре-көре тағдырымның талқысын,
 өмірімді бере алмадым халық үшін:
 сыбыр-сыбыр қыртқа бердім жартысын,
 қыбыр-жыбыр құртқа бердім жартысын
 («Автопортрет — Төртінші жыр»).*

Жалпы, С.Ақсұңқарұлы өз шығармашылығында мәтінаралық байланыстардың танымдық-прагматикалық әлеуетін өте көп әрі орынды қолданатыны бұрын да айтылған [8]. Соның тағы бір дәлелі — ұлтының бойындағы барлық кемшіліктің, опасыздықтың, жағымпаздықтың, жауапсыздықтың, рухани мешеуліктің жиынтық атауы ретінде көрінетін прецедентті есім — *Елтай*:

*Тағдыр мені тулақ қылып иледі,
 Тырнағыма неге тықты инені?
 Шетсіз шексіз жерім бар ед — мола боп,
 Елім бар ед — оны да **Елтай** биледі...
 («Мағжанның монолога»).*
*Маздап тұрған нұрын сақта көзінің,
 сақтай гөрші қорғасындай төзімін.
 Ермактардың етігінен сақтай гөр,
Елтайынан, сақта және өзінің... («Дұға»).*

Жоғарыда аталған балладада бұл прецедентті есім вербалды құрылымдағы лексиканың семантикасын жоққа шығарып, контраст туғызады, яғни ақынның субъективті көзқарасын білдіріп, мәтін модальділігін түзуге мүмкіндік берген:

*«Мағжандарың маған да онша
 ұнаған жоқ»...
 Күлкілі!
Елтайларың аман болса
 ел боларсың бір күні!*

Қалай болғанда да тілдік тұлға өзіне қажетті сөзқолданысты, мәтін фрагментін өзі өмір сүріп отырған лингвомәдени қауымдастықтың кез келген мүшесіне әр қилы дәрежеде таныс прецеденттілік феномендерінен алады, сондықтан интертекстердің когнитивтік-прагматикалық әлеуеті қашан да жоғары болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Смирнов И.П. Порождение интертекста. — Вена, 1985. — С. 126.
- 2 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 349-б.
- 3 Красных В.В. Виртуальная реальность или реальная виртуальность? — М.: Агар, 1998 — С. 46.
- 4 Выготский Л.С. Психология искусства. — М.: Искусство, 1986. — С. 9.
- 5 Денисова Г.В. В мире интертекста: язык, память, перевод. — М.: Азбуковник, 2003. — 298 с.
- 6 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Филол. ғыл. д-ры. ... дис. — Алматы, 2007. — 15-б.
- 7 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиамәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). — Алматы: Экономика, 2007. — 65-б.
- 8 Әділова А.С. Тілдік тұлға және интертекстуалдылық // ПМУ хабаршысы. — 2006. — № 1. — 7-б.

А.С.Әділова

Когнитивно-прагматический потенциал интертекстуальных связей

В статье рассматриваются проблемы интертекстуальной структуры когнитивного уровня языковой личности, которую составляют устойчивое интертекстуальное ядро, динамический интертекстуальный пласт и интертекстуальная периферия, а также ее прагматический потенциал.

The article «Cognitive-pragmatic potential of the intertextual relations» deals with problems of the intertextual structure of the cognitive level of a language speaker, which contains stable intertextual nucleus, dynamic intertextual stratum and intertextual periphery as well as its pragmatic potential.

З.Н.Жуынтаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Детерминанттардың тарихи ескерткіштердегі сипаты**

Мақалада толымсыз сөйлемдердің мәтіндегі орны, детерминаторлардың сипаттамасы, қазіргі қазақ тіліндегі толымсыз сөйлемдердің түрлері қарастырылды. Автор мәліметтерді тарихи жазба ескерткіштердің негізінде толымсыз сөйлемдердің байланысын детерминаторлардың құбылыстарынсыз басқа контекстік жағынан сипаттады. Сондай-ақ теориялық сұрақтар теориялық мәтін ретінде сөйлемдердің саралануы тарихи жазба ескерткіштердің қазіргі қазақ тілімен байланысы негізінде қарастырылды.

Кілтті сөздер: сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері, бағыныңқы мүше, субстантивтенген, грамматикалық, коммуникат, толымды, толымсыз сөйлемдер, мәтін.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшесінің бірі — пысықтауыш. Ол да, анықтауыш сияқты, басқа сөздің, әйтеуір бір сапасын, ерекше белгілерін білдіру үшін жұмсалатын бағыныңқы мүше. Солай болғандықтан, пысықтауыш анықтауышқа ұқсас. Дегенмен, ол екеуінің елеулі айырмашылығы бар: анықтауыш заттық ұғымы бар сөздердің — зат есімдердің, субстантивтенген басқа есімдердің әр алуан сапасын, меншіктілік-тәндік қатынасын білдіру үшін жұмсалса, пысықтауыш, негізінде, заттың қимылдық сапасының сапасын, белгісін білдіреді [1].

Үнемдеу заңы адамға өз ойын көп сөйлемей-ақ, өз уақытын үнемдеу мақсатында аз ғана сөзбен білдіруге себепкер болады. Ал мұның өзі белгілі бір ойды білдіру үшін керекті сөйлем мүшелерінің сөйлем құрамында түгел болмауына әкеп соқтырады. Осыдан сөйлемнің грамматикалық жақтан толымсыздығы туындайды. Бірақ бұл құбылыс бір тілде сөйлеуші әлеуметтік жағынан, аялық білімі деңгейлес коммуниканттардың арасында ойды жеткізу мен қабылдауда қиыншылық немесе түсініксіздік тудыра қоймайды. Сондықтан тілімізде коммуникациялық жағдайдың орнына қарай, толымды да, толымсыз да сөйлемдер қолданыла береді.

Толымсыз сөйлемдердің тілде өзіндік ерекше қызмет атқаратыны белгілі. Сөйлемнің толымсыз түрде жұмсалыуы оның грамматикалық белсенділігін төмендетпейді, сондай-ақ кемшілігі бар сөйлем деуге де мүмкіндік бермейді. Толымсыз сөйлемдер кез келген жағдайда толыққанды сөйлем ретінде керекті хабарды үнемді әрі дәл жеткізіп және өздерінің коммуникативтік қызметін еш толықтырусыз, түсіп қалған мүшелерін қалпына келтірмей-ақ атқара береді.

Ал толымсыз сөйлемдердің толымсыздығы бас мүшесінің ғана емес, кез келген мүшесінің түсірілуінен де көрінеді, сондай-ақ сөйлем мүшесінің түсірілуі контекстке, жағдаятқа және стильдік мақсаттарға байланысты болады.

Берілген ойымызды дәлелдеу үшін, алдымен, тіл білімінде, қазақ тіл білімінде мәтінге берілген анықтамаларды, негізгі белгілерін көрсете кетейік.

Сөйлем толымсыздығын анықтау факторлары жайлы А.М.Пешковский мынадай екі факторды атап көрсетеді:

- 1) сөйлеу сәтіндегі сөздердің өзара байланысы, яғни контекстің болуы;
- 2) сөйлеу әрекетінде сөздердің басқа нақты көріністермен алмастырылуы [2; 35].

Б.Шалабай «мәтін» ұғымына анықтаманы былайша береді: «Мәтін (текст) латынша — *байланысу, бірігу* — тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланыстығы негізінде түзілген ізбе-ізділігі. Мәтіннің құрылымы мына талаптарға жауап бергенде ғана жүзеге асады: сыртқы тұлғалық байланыстарға, белгілі бір ішкі мағынаға (мазмұнға) және дер кезінде қабылдана алу мүмкіншіліктеріне ие болуы, қарым-қатынас жасауды іске асыру т.б. Мәтіндегі тілдік тұлғаларды байланыстырушы құралдарға қосымшалар, қыстырмалар, қайталаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация, есімдіктер т.б. жатады.

Мәтін — сөйлеу процесінің жемісі. Ол тілді жүйелі қолданудың барысында ғана пайда болады. Мәтін — жазудың шығуымен байланысты қалыптасып жетілген және әрі қарай дамып отыратын тілдік құрылым. Мәтіннің негізгі категорияларына хабарлау, қосымша хабар (подтекст) біртұтастығы, уақыт бірлігі, модальдық т.б. жатады [3].

Мысалы: *Тәкежан Абайға қарап мақтана күлді. Өзінің жігіт болып қаршығаға құс ілдіретінін Абайға әрқашан бұлдаушы еді. Оны әлі де өзінің шерігіне де татымайтын: бос, болбыр бала көретін. Үйткені, Тәкежан осы жазда қайнына да барып келді. Өзінің жігіт-желең жолдастары да бар. Қазірде, түн сайын қыз аңдып, ауыл-ауылды шулатып та жүреді. Абай ондайдың біріне де жараған жоқ* (М.Ә.). Осы мәтіннен іс-әрекеттің Тәкежанға ғана қатысы оны біртұтас етіп, бір уақытта болған оқиғаны суреттеп хабарлауы аңғарылады. Мұндағы ойлар тізбектеліп, оларды есімдіктер (өзінің) және қайталаулар (Абайға) байланыстырған.

Мәтінді прагматикалық аспектіде қарастырған З.Ш.Ерназарова оған мынадай анықтама береді: «Мәтін деп сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлесімдер тізбегін» айтамыз. Тілдің иерархиялық құрылымында мәтін семантика-синтаксистік құрылым ретінде жоғары деңгей болып есептеледі. Ал сөйлеу бірлігі ретінде мәтін сөйлесіммен салыстырғанда, бүтіндік сипатқа ие. Ол ортақ мақсаттағы бірнеше сөйлесім тізбегі болуы мүмкін [4].

Ж.Т.Қайшығұлова мәтінді сөзжұмсам тұрғысынан қарастырады: «Мәтін, біріншіден, кез келген сөйлемдердің кездейсоқ жиынтығы емес. Мәтін — мағыналық-логикалық, формальдық-грамматикалық жақтан ұйымдасқан сөзжұмсам бірлігі» [5].

Сонымен, жоғарыдағы анықтамаларды тұжырымдай келе, мәтінге мынадай анықтама беруге болады: Мәтін дегеніміз — құрылымы және білдіретін мазмұны тұрғысынан алғанда тұтас, ауызша немесе жазбаша түрдегі кез келген сөзжұмсам бірлігі.

Сөйлемдердің бір қасиеті мәтін арасын байланыстырушылық болып табылады. Оның ішінде толымсыз сөйлемдердің осындай қызметі зор. Сөйлемнің барлық мүшесі контекст пен ситуацияға байланысты толымсыздыққа ұшырайды.

Пысықтауышсыз толымсыз сөйлемдерді айтқанда, қазіргі синтаксиспен салыстырсақ, детерминативті пысықтауыштарға тоқталмасқа болмайды.

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте детерминантқа мынадай анықтама берілген: «Детерминант — сөйлемнің басқа мүшесімен байланысы жоқ, бірақ бүкіл сөйлем құрамына қатысы бар сөйлем мүшесі. Детерминант сөйлемнің семантикалық құрылысын жасауға қатысады. Көп жағдайда оның міндетті түрдегі семантикалық компоненті болады» [6].

З.С.Күзекова «Қазіргі қазақ тіліндегі мезгіл пысықтауыш» атты кандидаттық диссертациясында детерминативтік құбылыстың мынадай белгілерін көрсетеді. Қазақ тіліндегі детерминативтік құбылыстың ең басты белгісінің бірі — сөйлемдегі детерминаттардың орнының жылжымалылығы, екінші белгісі — сөйлемдегі орын тәртібіне қарамастан, детерминаттардың мағыналық-семантикалық тұрғысының сақталуы. Детерминаттар сөйлемнің қай шенінде тұрса да, өзінің бастапқы синтаксистік-семантикалық мағынасынан ауытқымайды. Үшінші белгісі — детерминаттардың жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемге айналдыруға ұйытқы болу қабілетімен қоса, өзінен бастап предикаттық діңгекке дейінгі аралықтағы сөйлем мүшелерінің барлығына қатысты болатындығы дей келе, детерминативке былайша анықтама береді: детерминативтер дегеніміз — сөйлемдегі орнының жылжымалылығына қарамастан, әрқашанда өздерінің мағыналық-семантикалық тұрақтылығын сақтай отырып, жайылма сөйлемдер жасауға ұйытқы бола алатын және өзінен кейінгі барлық мүшелерге қатысты болатын тұрлаусыз мүшелер [7; 19]. Осындай пікірді О.А.Крылова да айтқан болатын [8].

«Жами'ат-Тауарих» ескерткішінен мысал келтіріп көрейік. *Қадим алайам дын беру Һәр ихлим да дүниа дағы халқ шаһар олтуруш лық болсун, уа сахарада олтурушлуқ болсун анларның хад (и) ниһайаты йоқ ерді лер (11)*. Аудармасы: *Ерте заманнан бері дүниенің әр ықылымындағы (тарапындағы) халықтар — шаһарларда отыратындары болсын, сахарада отыратындары болсын, олардың белгілі шекаралары жоқ еді (22)*. Осындағы қадим алайам дын беру (ерте заманнан бері) детерминанты барлық сөйлем мүшелеріне қатысты, әрі оның орнын ауыстырсақ та, мағынасы өзгермейді. Ал «Шежіре-и түркіден» алынған мысалдан да осы жайды аңғаруға болады. Мәселен, *1. Жәнібек хан өлкенді соң тәбриздін Бердібек хан Сарайчық келді. 2. Үч күн 'аза тұтдылар. 3. 'азадын соң тәмам шаһзадалар уа әмірлер Бердібек хан ны хан қылдылар (137)*. (Сөйлем түсінікті болған соң, аударма берілмеді).

Ақтуалды мүше компоненті ретінде жекелеген роль атқаратын кез келген септік немесе көмектес септік формасы (сондай-ақ үстеу немесе көсемше) детерминатив бола алады [7; 47].

Н.Ю.Шведова осы мәселеге арналған мақаласында: «Детерминативті объект деп бағыттық қатынастағы сөйлемнің предикативті негізімен байланысты зат пен жақты білдіретін септік немесе көмектес септік формасындағы тіркестерді айтамыз. Детерминативті пысықтауыш сөйлемнің

предикативтік негізін предикативтік белгілердің пайда болу сипаты мен шарты бойынша анықтайды. Мекен, мезгіл, себеп, мақсат, бір нәрсенің сәйкес келу немесе сәйкес келмеу салдарын және т.б. білдіре отырып, детерминативті пысықтауыш үстеу формасында немесе көмектес септік тіркесімен келеді» [9], — деп көрсетеді. Осы көзқарасқа сүйене отырып, «Жылнамалар жинағынан» мысал келтірейік. 1. *Аууал башта* анлар ның заманында бу лафз ерді бу бір моғол бір қаум ерді. 2. *Китаб* сыз қаум дын ерділер. 3. *Уа* нечүк кім инайат анлар хақында курб төрт йүз йыл заман кечкендін соң анлар ның уругы бисйар көб болды. 4. Анларның касраты өнгін қаумдын артуқрақ болды. 5. Анларның құт даулатлары өнгін уилайат лар да аты чауы чықты. 6. *Нечүк* кім ақсар атырақны моғол теб айтурлар, андағ кім мундун ілгәрі татар ғалиб ерді. 7. *Жүмләні* татар теб айтур ерділер, уа Һануз, араб, уа Һинд, уа хытай татар ны білурлер ерді, уа бу моғол лар асли екі бөлек болуб өтті лер (16–17). — Аудармасы: 1. *Әуел баста* бұлардың замандарында осылай аталған бұл бір моғол қауымы еді. 2. *Яғни* кітапсыз қауымнан еді. 3. Алла тағала жар болып төрт жүз жылдай уақыт өткен соң, олардың ұрпақтары көбейіп іргелі ел болды. 4. Олардың мәртебесі өзге қауымдардан артығырақ болды. 5. Олардың қуат (құт) дәулеттері туралы басқа уәлаяттарда да аты ерекше шықты. 6. Оларды, яғни осынау қалың түрікті, моғол деп атады, өйткені мұнан ілгері татар жеңіп бағындырған жұрттың бәрін татар деп атап еді. 7. Әркімдер араб, үнді (хинд), қытай татарларды білетін еді, бұл моғолдардың негізі екі бөлек болып кетті (25). Келтірілген үзіндінің бірінші сөйлеміндегі *аууал башта* (әуел баста) деген сөз тіркесі мезгіл мағыналы детерминатив келесі сөйлемдегі *төрт йүз йыл заман кечкендін соң* (төрт жүз жылдай өткен соң) детерминантымен ұласып тұр. Осы соңғы детерминатив мәтіндегі әрбір сөйлемге қатысты екендігі, әрі мезгілдік мағынада қолданылып тұрғандығы аңғарылады. Сонда детерминативтің мәтіннің әрбір сөйлемінде қолданылмаса да, яғни түсірілсе де, өз мағынасын сақтап мәтін байланыстырушылық қызмет атқарып тұрғандығын байқауға болады. Осы жайтқа байланысты мына бір тоқтамға келуге болады деп ойлаймыз. Пысықтауыштық детерминанттардың әр түрлі типтері бар: олардың біреуі негізгі оқиғаларға немесе олардан өрбитін оқиғаларға тікелей әсер ететін факторларды атаса, екіншісі құбылыстардың қосымша сипатын көрсетеді. Сонымен, пысықтауыштық детерминанттардың төмендегідей типтерін атауға болады:

1. Құбылыстың, заттың мезгілінен, мекенінен хабар беретін фондық сипаттағы мағыналы түрі.

2. Себебін, шартын атайтын шарттылық мағыналы түрі.

3. Негізгі ситуацияның әр түрлі сапалық сипатын білдіретін меншікті мағыналы түрі [10].

1. *Оғуз ның аслы урты тағуа* Көз тағда ерді. 2. *Ол йерге барды*, азим улуг ба 'айат йығды. 3. *Алтын лыг ба 'айат* хуб али уй тікді. 4. *Улуг той* қылды. 5. *Бір нечә* улус ләшкәрни хазр қылды. 6. *Бір нечәсін олтуртды* (24). — Аудармасы: 1. *Оғыздың негізгі жұрты* Бару тағ және Көз тағда (тауда) еді. 2. *Сол жерге* барды, өте үлкен құдіретті баят жиды. 3. *Алтыннан шектен тыс* көркем үй тікті. 4. *Үлкен той* қылды. 5. *Бірнеше ұлыс әскерін* әкелді. 6. *Баршасын отырғызды* (30). Осындағы 2-сөйлемдегі *ол йерге* (сол жерге) детерминанты өзінен кейінгі барлық сөйлемге ортақ және мекендік мағынаны білдіріп тұр. Шежіреде мезгілдік мағынадағы детерминанттар көптеп кездеседі. Басқа мағынадағы детерминанттар да ұшырасады. Мысалы: 1. *Шул даулат сіз лікдін өзлері батин* андишалар қылыб өнгә йақға көңүл бөлді лер. 2. *Күнакар* болды лар, шул мартаба дын имаратдын түшті лер (95). — Аудармасы: 1. *Сол бассыздықтан* өздері батин андишалар... өзге жаққа көңіл берді. 2. *Күнәлі* болды... және сол мәртебе мен құрметтен айырылды (76). Не себептен күнәлі болғандығын, мәртебе мен құрметтен айрылғандығын сөйлем басындағы шул даулат сіз лікдін (сол бассыздықтан) детерминанты айқындап тұр. «Түркі шежіресінен»: 1. *Шол уақытта ұйғұр* Құрбан хажы текен хан ның андын ұлұғ бекі йоқ ерді. 2. *Аны йіберді* ұғланларым келіб мені көрсүн теб. 3. *Хажы сабахи йетішді* (148). Мұнда да сол уақытта детерминативі әрбір сөйлемге қатысты екені көрінеді.

Детерминанттардың мәтін мен семантика сипаты арасындағы байланысы локалды детерминанттарды туғызады, яғни суреттеу (описательные) мәтіндерін ұйымдастырады, мезгіл детерминант баяндала айтылатын көркем мәтіндерді ұйымдастырады. Мәтіннің суреттеу типті детерминанттары етістік формаларына сәйкес қолданумен қатар суреттеу тәсіліне тән локалды детерминанттарды қолдану болып табылады. Локалды детерминант іс-әрекеттің жүруін суреттеуде мәтіннің мазмұнды компоненттерін байланыстырушы элементтік ролі тәрізді әр түрлі іс-әрекеттерді белгілейтін сөйлемдерді таратады. Баяндала айтылатын мәтіндерде сюжеттің динамикалық дамуы беріледі. Мәтіннің баяндала айтылатын типінде құрылымында қажетті мәтін қалыптастырушы

факторы шаққа сәйкес етістік баяндауыштардың мезгілдік детерминанты болып табылады. Мәтіннің баяндала айтылатын типінде шақтың семантикалық мағынасына қарай контексті 3 түрге бөледі [11].

1. Іс-әрекет пен оқиғалар бірінен кейін бірі суреттеледі, бұл әрекеттер бір адамға ғана, яғни детерминант қатысқан сөйлемдер бір объектілі болып келеді. «Жами'ат-Тауарих» ескерткішінен мысал: 1. *Мөрін йыл, йа'ни йылқы йылы болғай, алты йүз алтыда уа ақи шабан айында.* 2. *Чиңгиз хан бу йылда йазғысын үйінде ерді, күзгісін йана қатла тоқуш қылмақға уилайат Таңқут қа атланды.* 3. *Ол уилайат ның падишаһы Шидурғу атлығ ерді.* 4. *Қызын муңа берді (63).* — Аудармасы: 1. *Мөрін жылы, яғни жылқы жылы болғай, алты жүз алтыда басталды шабан айында.* 2. *Шыңғыс хан бұл жылдарда жазғытұрым үйінде еді, күздігүні тағы және соғыс қылмаққа Таңғут уәлаятына аттанды.* 3. *Ол уәлаяттың патшасы Шидурғу атты еді.* 4. *Қызын бұған берді (57).* Мұндағы бірінен кейін бірі болып жатқан іс-әрекеттер Шыңғыс ханға ғана қатысты. «Шежіре-и түркі» ескерткішінен мысал: 1. *Ұғлы 'араб Мұхаммед сұлтан ны хан көтерділер.* 2. *Кәт уәлаят ны Һазарасыб үстіке Спандияр сұлтанға берділер.* 3. *Хан болғандын алты ай өткендін соң Қошйайық текенде йүрүкен орұс ның қазақындын мың кіші саратан ның әууелі күні ғафіл келіп Үркеніч нің қаласына кірді (145).* Бұл жерде оқиғалар ұлына қатысты болып тұр.

2. Іс-әрекет пен оқиғалар бір-біріне қарама-қарсы бірнеше субъектілерге қатысты болады. «Жылнамалар жинағынан» мысал: 1. *Лу йылы алты йүз төрт де уа ақи ражаб айында Чиңгиз хан бу йылдарда йазғысын өз үйінде ерді.* 2. *Қышқысын меркит нің падишаһы Тоқба беки ге атланды.* 3. *Тайан хан ның оғлы Күшлік Тоқба беки бірлә бір ерді лер.* 4. *Екі ләшкәр тоқуш қылдылар.* 5. *Тоқба беки ол тоқуш да оқ өлді.* 6. *Ағасы ның оғлы қачыб уилайат Уйгурға барды.* 7. *Күшлүк қачыб Түркстан ның хакимі қара хытай Гөөр хан ға барды (62–63).* — Аудармасы: 1. *Лу жылы, яғни ұлу жылы болғай, алты жүз төртте, басталды ражаб айында.* 2. *Шыңғыс хан бұл жылы жазында өз жұртында еді, қысында меркіттің патшасы Тоқба бекке аттанды.* 3. *Таян ханның ұлы Күшлік Тоқба бекпен бірге еді.* 4. *Екі әскер қақтығысты.* 5. *Тоқба бек сол қақтығыста өлді.* 6. *Ағасының ұлы қашып ұйғыр уәлаятына барды.* 7. *Күшлік қашып Түркстанның әкімі қара Қытай Гурханға барды (56).* Бір мезгілде (ұлу жылының қысында) болған іс-әрекеттер әр түрлі субъектіге (Шыңғыс хан, Күшлік, Тоқба бек, ағасының ұлы) қатысты болып тұр. «Түркі шежіресінен»: 1. *'Араб Мұхаммед хан тахтыға олтурғандын соң он төрт йыл болғанда, Хабаиш уа Илбарыс жау болғаны ның зікірі.* 2. *Хабаиш сұлтан он алты йашына йетді. Илбарыс сұлтан он төрт йашына йетді.* 3. *Екісі нәм Хиұқда өсті.* 4. *'араб Мұхаммед хан Үркеніч барыб ерділер. Хиұқда дәулет шарабына маст болған өзбекнің йікітлері Хабаиш сұлтан бірлән Илбарысыны атлантұрұб Үркенічке Уәзірке жар қыла кіші йіберді (147).* Бір мезгілдегі әр түрлі субъектінің (Хабаиш пен Илбарыс сұлтанның, өзбектің жігіттері) іс-әрекеті баяндалған.

3. Іс-әрекеттер мен оқиғалар бір адамға қатысты, бірақ бұл іс-әрекеттер әр түрлі мезгілде жүзеге асады. «Жами'ат-Тауарихтың» Шыңғыс хан туралы тарауында Шыңғыстың жастық шағынан бастап, өмірінің соңына дейінгі әр жылдағы іс-әрекеттері баяндалады.

Ноқай йыл, йа ни ит йылы болғай алты йүз онда уа ақи шаууал айында. Чиңгиз хан бу йыллар нәм ол уилайат Хытайда ерді. Оғлан ларын, улұғ ларын ол уалайат тегрәсіндегі халқны бақтурурға машғул болды (64). — *Ноқай жылы, яғни ит жылы, алты жүз онда яки шаууал айында. Шыңғыс хан бұл жылдары елі Қытай уәлаятында еді, ұлдарын, ұлықтарын ол уәлаят төңірегіндегі халықты бағындырумен әуре еді (57).* Немесе: *Тауалы йыл, йа ни қойан йылы болғай, алты йүз үч де уа ақи ражаб айында. Чиңгиз хан бу йылда ең иілік уилайат Қашин ны мусаххар қылыб ерді. Йана баишдын йағы болды. Ол уилайат қа тоқуш мақға атланды. Уа тамами ол уилайатны мусаххар қылдурды уа нәм ол йыл оқ Қырқызға кіші йіберді. Елчі лері анлар ел болдылар. Ол елчі лер өзлері білән ақ саңқурлар, бөлек лер келтүрді. Анлар бу елчі лер дін йіберді (62)* — *Толай жылы, яғни қоян жылы болғай, алты жүз үште, басталды ражаб айында. Шыңғыс хан бұл жылы оның елін уәлаят Қашинді бағындырып еді және жаңадан көтерілісі болды, ол уәлаятқа соғысқа аттанды және ол барлық уәлаяттарды бағындырды. Және сол жылы-ақ Қырғызға өзіне бағынуды сұрап елші жіберді. Олар ел болды (бұған бағынды).* Оның ол елшілері өзімен-ақ сұңқарлар, бөлектер (сыйлықтар) келтірді. Олар бұл елшілерден жіберді (56). Осылайша Шыңғыс ханға қатысты оқиғалар жалғаса береді. Немесе Әбілғазы хан шежіресінен мысал берсек: 1. *Йадкар ханда атамыз бен анамызның атасы қашұлұр.* 2. *Алты йаиқа йеткенде анамыз хақ рахметін кетді та он алты йаиға че Үркенічде ата қолұнда болдұқ.* 3. *Андын соң атамыз кәдхұдай қылды...(158).* Субъектінің әр кездегі оқиғалары айтылып, жалғасып кете береді.

Мәтінді бір тұтас етіп біріктірудің синтаксистік тәсілдерінің бірі осы сөйлемнің қатарына енетін сөйлемдегі элементтердің бірінші орынға тікелей жылжымалылығы, бірақ мағынасы жағынан басқа сөйлемдермен қатысы бар сөйлемдер байланысы болып табылады. Бұндай элемент күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы жекелеген сөйлемдерді біріктіруде шегендеуіштер қызметін атқарады деп [12], пысықтауыштық детерминаттардың мәтін байланыстырудағы ролі туралы айтады.

Алғашқы сөйлемі пысықтауыштан басталатын тізбекті күрделі синтаксистік тұтастықта алғашқы сөйлем хабарлы сөйлем болып келеді. Және мезгіл не мекен пысықтауыштан басталады, кейде екеуі қатарласып, мезгіл пысықтауыштан кейін мекен пысықтауыш келеді де, қалған сөйлем мүшелері әрі қарай жалғасып кете береді. Күрделі синтаксистік тұтастықтың мазмұны мезгіл, мекен пысықтауыштарынан өрбіп, содан шығып тұрады [13].

И.В.Ковтунова да сөйлемдердің детерминативті мүшелерінің өздерінің қызметі бойынша 2 түрге бөліп қарастырады: 1. Бірінші түріне субъектілі және объектілі мағыналарды білдіретін детерминативті мүшелерді жатқызады. 2. Екінші түріне пысықтауыштық детерминаттарды жатқызады [14]. Ал З.С.Күзекова кез келген тұрлаусыз мүшелердің детерминатив бола алмайтындығын ескертеді [2; 19].

Дей тұрсақ та, Қадырғали Қосымұлы Жалайыридың «Жами'ат-Тауарих» және Әбілғазы ханның «Шежіре-и түркі» жазба жәдігерліктерінің мәтінін синтаксистік деңгейде тұтас талдау нәтижесінде сөйлем мүшелерінің, атап айтқанда, пысықтауыштың жанасу арқылы сөйлемішілік қана емес, мәтін ыңғайында детерминативтік қызмет атқарғанына, атқарып келе жатқанына көз жеткіздік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. — Астана, 2006. — 177-б.
- 2 Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. — М., 1956. — 511 с.
- 3 Шалабаев Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі синтаксистік тұтастық // Қазақ филологиясы. — II-кіт. — Алматы, 1975. — 20-б.
- 4 Ерназарова З.Ш. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. — Алматы, 2001. — 25-б.
- 5 Қайшығұлова Ж.Т. Қазақ мәтінінің күрделі тұтасым // Абзац деңгейінде мүшеленуі: Филол. ғыл. канд. ...дис. — Алматы, 2001. — 14-б.
- 6 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. — Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. — 70-б.
- 7 Күзекова З.С. Қазіргі қазақ тіліндегі мезгіл пысықтауыш: Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 1995. — 20 б.
- 8 Крылова О.А. Детерминанты в аспекте коммуникативного синтаксиса // Вопросы языкознания. — 1976. — № 2. — С. 7.
- 9 Шведова Н.Ю. Детерминирующий объект и детерминирующее обстоятельство как самостоятельные распространители предложения // Вопросы языкознания. — 1964. — № 4. — С. 81-86.
- 10 Елисеев Ю.В. Семантика детерминантов в номинативных предложениях: Автореф. ...канд. филол. наук. — М., 1991. — С. 10.
- 11 Павловская М.А. Функционирование детерминантов в тексте // Функционирование синтаксических категорий в тексте: Межвуз. сб. науч. тр. — Л., 1981. — С. 59.
- 12 Коляденко К.С. Из наблюдений над детерминирующими обстоятельствами в структуре сложного синтаксического целого. (К синтаксису анализа связной речи) // Русский язык в школе. — 1972. — № 2. — С. 87.
- 13 Қазақ грамматикасы. — Астана, 2002. — 743-б.
- 14 Ковтунова И.В. Современный русский язык. Порядок слов и АЧ предложения. — М.: Просвещение, 1976. — С. 61.

З.Н.Жуынтаева

Характеристика детерминантов в исторических письменных памятниках

Автор анализирует роль неполных предложений в тексте, их виды, характеризует детерминанты в современном казахском языке. На материале исторических письменных памятников обосновывается связь неполных предложений без обстоятельств явлением детерминантности, с одной стороны, и контекстом — с другой. В статье рассматриваются теоретические вопросы теории текста, на основе анализа неполных предложений в исторических письменных памятниках прослеживается их связь с современным языком.

In article is considered the role of incomplete sentences in the text, qualification of determinants, and also kinds of incomplete sentences in modern Kazakh language. On a material of historical written monuments the author proves communication of incomplete sentences without adverbial modifier with the phenomenon of determination, on the one hand, and with a context — with another. In article also are considered both theoretical questions of the text's theory, and on the basis of the analysis of incomplete sentences in historical written monuments is observed their communication with a modern condition of language.

ӘОЖ 362:221' 81

Ш.Мажитаева, А.Тажикеева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің уәжділігі (гендерлік қыры)

Мақалада мақал-мәтелдердің уәжділігі мәселесі қарастырылды. Сонымен қатар мақал-мәтелдердің қазақ тіл білімінде зерттелу тарихына қысқаша шолу жасалды. Ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындайтын халық даналығының мол қазынасы — мақал-мәтелдерді талдау қоғамның ерлер мен әйелдерді қабылдауы және олардың қоғамдағы орны мен рөлін анықтайтын стереотиптерді көрсетуге мүмкіндік берді. Авторлар қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің пайда болуына қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттардың әсерін қарастырып, мақал-мәтелдердің уәжділігін гендерлік тұрғыдан түсіндіруге талпыныс жасады.

Кілтті сөздер: мақал-мәтелдер, уәжділік, гендерлік саясат, гендерлік стереотиптер, халық мәдениеті, қазақ дүниетанымы, этнос, еркек-әйел, лингвомәдениеттану, ұлттық-мәдени ерекшеліктер.

Тіл әр халықтың мәдениетін, әлеуметтік-қоғамдық құрылысын, дүниетанымын бейнелеумен бірге ұлттың, келер ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыруда аса маңызды әрі негізгі қызмет атқарады. Қазақтың мақал-мәтелдері ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан тілдің лексикалық құрамының бөлінбес бір бөлшегі болып саналады. Мақал-мәтелдер — ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындайтын, ғасырлар бойы қалыптасып, халықпен бірге жасап келе жатқан халық даналығының мол қазынасы.

Қазіргі тіл біліміндегі «адамды тіл ішінде тану» сияқты антропоцентристік бағытқа сәйкес мақал-мәтелдердегі адам бейнесін когнитологиялық құрылым мен концептілік модельдер арқылы ғылыми талдау өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Мақал-мәтелдер туралы тіл білімінде де, әдебиеттануда да жазылған еңбектер біршама. Қазақ дүниетанымында қалыптасқан мақал-мәтелдердің халық өмірінде алатын орны мен маңызы туралы айтылған академик Ә.Қайдаровтың пікірін де келтірейік: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып-білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді» [1].

Мақал-мәтелдерді жинастыру, оларды мерзімді баспасөзде бастыру ісі, қолдағы бар материалдарға қарағанда, XIX ғасырда басталды деуге болады.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде мақал-мәтелдердің маңызының зор екенін түсініп, өзінің оқу құралына енгізген ағартушы Ыбырай Алтынсарин. Кейіннен бұл талпыныс жалғасын тауып, әр түрлі мерзімді басылымдарда, оқу құралдарында жарияланып отырды.

Мақал-мәтелдердің халқымыздың көп жылғы өмір тәжірибесінің негізінде қалыптасқандығы, олар халық даналығының қазына-байлығы болып саналатындығы, оларды қазақтың көшпелі және еркін тіршілігін дәл және анық бейнелеу үшін сол қалпында қолдануға болатындығы, 4 мыңға жуық қазақтың мақал-мәтелдері жинастырылғандығы туралы айта келе, 1927 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Казахские пословицы» деген еңбегінде А.А.Диваев төмендегідей тұжырым жасайды: «Казахские пословицы, как пословицы других народностей, складывались и вырабатывались в течение веков и являются результатом работы коллективного народного ума. В них отражаются взгляды народа на различные предметы, явления и отношения окружающего мира.

Казахская степь помогла своим сынам долгое время сохранять в неприкосновенности и первоначальной чистоте национальный характер и обособленный народный облик» [2; 328].

Бала тәрбиесіне, жас маманды дайындауда мақал-мәтелдердің тигізетін ықпалын, әсерін М.Балақаев былайша көрсетеді: «Әрбір мәдениетті, сауатты кісі, тілге шешен болғысы келетін оқушы, студент халық тіліндегі тұрақты тіркестерді көңілге тоқи жүріп пайдалануы тиіс» [3].

XX ғасырдың басынан бастап мақал-мәтелдер зерттеу нысанына айнала бастады, олар жайында айтылған пікірлерді жиі кездестіруге болады. Мәселен, қазақ мақал-мәтелдері туралы жазылған көрнекті қазақ зиялыларының бірі А.Байтұрсынұлы «Сөз өнерінің ғылымы» мен «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесін» қарастыра келе, оларды өрнекті сөйлемдер, өленді сөйлемдер, шешен сөз, дарынды сөз, ділмәр сөз деп бөліп, әрқайсысына жеке-жеке тоқтайды. Осылардың ішінде мақал-мәтелдерге айрықша орын беріледі. «Мәтел дегеніміз — кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады» [4], — деп түйіндейді.

Сондай-ақ мақал мен мәтелдің айырмасын М.Ғабдуллин былайша көрсетеді: «Мәтелдер көбінесе сөз айшығы, көркем теңеу, сөз образы (*Көппен көрген ұлы той, Құрыққа сырық жалған, Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда, Тілге тиек жасап* т.б.) ретінде қолданылады. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды, пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады» [5].

Сонымен, мақал-мәтелдер тұлға жағынан да, қолдану жағынан да тұрақты болып келеді. Олар ойды бейнелі жеткізуде қолданылады. Айтылатын ойды жеткізудегі пресуппозициялық ерекшеліктеріне қарай, мақал және мәтелдер деп бөлінеді. Мақал ойды толық аяқтайды. Мысалы: *Қазанға жолама, қарасы жұғар, Жаманға жолама, бәлесі жұғар...* Ал мәтелде айтылатын ой тұспалдап жеткізіледі: *Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме...* [6; 127].

Тіл білімінде мақал-мәтелдер тұрақты сөз тіркестерінің қатарына жатқызылады. Зерттеу еңбектерінде фразеологизмдер сияқты мақал-мәтелдер де дайын күйінде жұмсалатындығы, мақал-мәтелдердің тұрақты тіркес ретінде атқаратын қызметі, мағыналық даму заңдылығы, қолданыс ерекшеліктері болатындығы айтылып, олардың құрамдық, мағыналық даму заңдылықтары, қолданыс тәсілдері, ауыспалық мағыналары, эмоционалды-экспрессивтік реңктері т.б. қарастырылады. Сөйтіп мақалдар-мәтелдер — сан жағынан да, мағына-мазмұн жағынан да, құрамы мен тұлғасына қарай да сан түрлі болып келетін тілдік құбылыстар. Мақал мен мәтелдердің бұл ерекшеліктері жайында ғалым К.Аханов былай дейді: «Фразеологиялық оралымдардың ішінде құрылымы жағынан да, мазмұны жағынан да тіл коммуникативті единицасы сөйлемге сәйкес келетіндері бар. Бұлар мақалдар мен мәтелдер, қанатты сөздер. Мақалдар мен мәтелдер және қанатты сөздер фразеологизмдердің қатарына жатқызылғанда, олардың сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр қалпында жұмсалатыны, құрамының тұрақтылығы ескеріледі» [7].

Тұрақты тіркестер халықтың рухани, мәдени өмірі мен салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы негізінде туып сөздің мәні мен мағынасына эмоционалды-экспрессивті рең беріп тұратын тілдік құбылыс. Қазақ халқы көшпелі кезеңде мал шаруашылығымен айналысқан, шаруашылығына байланысты мекенін де ауыстырып отырған. Мал бағып қана қоймай, табиғат көріністерін, төрт түлікке тән табиғи ерекшеліктерді жіті бақылаған. Адамдардың іс-әрекетін сипаттағанда осы ой қорытындыларын пайдалана отырып, бір-екі ауыз сөзбен жеткізген. «Ана тіліміздің сөз айдынының тереңінде халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылып, ереже түрінде тұжырымдалған аталы сөз мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер туып жатады», — дейді профессор Ж.Манкеева [8].

Қазақ халқы өткір де терең мағыналы бір ауыз сөзге тоқтап отырған. Мақалдар мен мәтелдер үлкен ойдың, толғаныстың қорытындысы, ұзақ әңгіменің қысқа айтылатын тұжырымы есепті. Олар халқымызға тән дүниетаным мен сананың дәлелі ретінде ұлттық менталитетіміздің тілдегі маңызды да, мазмұнды өрнегі болып саналады. Мақал-мәтелдерді тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні деп бекер айтпаған; өйткені адам айтайын деген ойын мақал-мәтелдер арқылы астарлап айтып, бейнелі түрде түсіндіре және жеткізе алған.

Зерттеулерде мақал-мәтелдердің үшжақты ерекшелігі көрсетіледі: біріншіден, мақалдар мен мәтелдер фразеологизм сияқты тілдік құбылыс; екіншіден, пайымдау мен ой-пікірдің түйіні ретіндегі логикалық тұлға; үшіншіден, келелі ой, кең мазмұнды қысқа айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі.

Мақал-мәтелдер әбден қалыптасып орныққан, оның құрамындағы компоненттердің де орны әдетте тұрақты болады. Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлы мақал-мәтелдердің дайын қалпында

жұмсалыуына қарай оларды фразеологизмдерге жатқызады. Дегенмен фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің арасында үлкен айырмашылық бар. Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер бір-бірінен мазмұны жағынан да сырт тұлғасы жағынан да ерекшеленеді.

Мағыналық жағынан айырмашылығына келсек, «фразеологизмдердің құрамына кірген сыңарлар бір-бірімен жымдасып, өздерінің тура мағыналарынан түгелдей немесе жартылай айырылып қалып, түйдектелген күйінде мүлде басқа бір мағынаны астарлы, бейнелі түрде білдірсе, мақал-мәтелдер құрамына кірген сыңарлар (сөздер) өздерінің негізгі мағыналарынан онша ажырай қоймай (қол үзбей), бірақ ойды тікелей емес, уағыз-әсиет сипатында, игі ниеттерге үндеу, жол сілтеу, ишара жасау тұрғысында білдіреді» [9].

Халық мақал-мәтелдерінің көркемділігі, ең алдымен, олардың ықшамдылығында. Мақал-мәтел туралы жазылған еңбектерде осы пікір «әрі қысқа, әрі нұсқа» яки «қысқа да нұсқа» деген тіркестермен беріліп, тұрақты қайталанады. Бұл бекер емес: ең ұлы даналық қысқа да қарапайым сөзбен беріледі. Мақал-мәтел — сөз мәйегі, ой түйіні. Осы жағынан алғанда, мақал мен мәтелдің түйіндеу тәсілі көркемдік қасиеті, аз сөзбен көп мағынаны жинақтау шеберлігі, кең таралып жүрт жүрегіне ұялауы сияқты қасиеттері байқалады [10].

Зерттеушілердің пікірінше, мақал-мәтелдердің нақыл сөздерге айналуы үшін терең мағыналы болумен бірге, мақал-мәтелдер сияқты құрылысы жағынан ықшам, әрі көркем, айтуға жеңіл болуы шарт.

Сонымен, мақал-мәтелдер — құрылымы жағынан әрі ықшам, әрі көркем, мағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитын, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі.

Әлемдегі этностардың мәдениеті, салт-дәстүрлерінің т.б. әр түрлілігі өмір сүру ортасына байланысты екені мәлім. Мақал-мәтелдерден ұлттық дүниетанымды, менталитетті, гендерлік ерекшеліктерді байқауға болады. Сондықтан халықтың санасында қалыптасқан, түрлі мағыналық реңктермен сақталған мақал-мәтелдердің прагматикалық-дискурстық үйлесімін зерттеу мақал-мәтелдердің теориялық әдіснамалық негізін тереңдететіні анық.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттағы зерттеу жұмыстарының арасында тіл мәселелерін гендерлік лингвистика аясында қарастырған еңбектердің саны көбейе бастады. Оларға Г.Смағұлова, Ж.Исаева, Б.Хасанұлы, А.Байғұтова, Г.Мамаева, Г.Шоқым, М.Ешимовтердің, тағы басқалардың зерттеулерін жатқызуға болады.

Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдерін іріктеп, таңдаулыларын жинастырып, жарыққа шығарған еңбектерде мақалдар-мәтелдер «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деген үш ірі тақырыпқа топтастырылады да, өзара оннан елуге дейін тақырыпшаларға бөлініп беріледі, оның ішінде гендерлік сипаты бар мақал-мәтелдерге: «Адам туралы», «Жігіт, ер», «Азаматтық-кісілік», «Ақымақтық туралы», «Қыз, қалыңдық», «Әйел заты, отбасы», «Үйлену, жанұя», «Бала, ұрпақ, тәрбие», «Мінез-құлық», «Тентек, менмен, тәкаппар», «Сұлулық, әдептілік», «Адалдық-әдептілік» т.б. жатқызуға болады.

Мақал-мәтелдердің гендерлік табиғатын ашу үшін оларды социуммен біртұтас алып қарастыру қажеттігі сөзсіз, өйткені кез келген тілдегі мақал-мәтелдер халықтың қоғамдық-әлеуметтік жайынан, халықтың ұлттық менталитетінен хабар беретін категория ретінде көрініс табады.

Сондықтан біз гендерлік мақал мен мәтелдерді шартты түрде Қазан төңкерісіне дейінгі және Қазан төңкерісінен кейінгі қалыптасқан мақал-мәтелдер деп бөліп қарастырмақпыз. Мәселен, Қазан төңкерісіне дейінгі мақал-мәтелдерде әйелдердің ер адаммен салыстырғанда қоғамда алатын орнының әлдеқайда төмен екенін көрсететінін аңғаруға болады: *Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа; Қатын бастаған көш оңбас; Қатын өлді — қамшының басы сынды; Байтал шауып бәйге алмас; Байтал жүйрік, пайда жоқ; Қатын шешен, парқы жоқ; Жаман қатын өлсе, төсек жаңғырады; Жақсы қатын өлсе, бас қаңғырады; Алтын басты әйелден; Бақыр басты еркек артық; Қатын жолда, бала белде; Әйелдің жолы жіңішке; Бәйбіше — құдай бұйрығы, тоқал — иттің құйрығы; Еркек — бас, ұрғашы — мойын; Қатын бастаған ел қараң қалады; Баланы жастан, қатынды бастан* [2; 4] т.б.

Дүниенің паремиологиялық бейнесін лингвомәдениеттанымдық аспектіде зерттеген Ж.Исаеваның пікірінше, ер адамның қоғамдық-әлеуметтік мәртебесін әйел адамның қоғамдағы отбасылық рөлінен жоғары қойып, әйел затын жаратылысынан ер адамнан төмен тұратын екіншілік орындағы тұлға ретінде бағалап келген қазақы түсінік және сол бағаға сәйкес этнос санасында қалыптасқан стереотиптік образдар әйел затына қарата қолданылатын көптеген мақал-мәтелдер бойына жағымсыз коннотация дарытады [11; 21].

Қазан төңкерісінен кейін қоғамда болған саяси-әлеуметтік өзгерістерге, әйелдердің қоғамда алатын орнына байланысты жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдердің көбі қолданыстан шыққаны белгілі.

Кез келген тілдегі мақал-мәтелдерді «жақсы әйел/еркек» және «жаман әйел/еркек» деген екі санаттық топқа бөліп қарастыруға болады. «Қазақ мақал-мәтелдерінде қордаланған «әйел» және «еркек» жөніндегі білімді жеткізуші макрофреймдік тармақтар қазақтың паремиологиялық дүние суреті андроцентрлік («еркектік» позицияның үстемдігі) сипатта екенін көрсетеді. Мысалы: *Алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық; Жаман ерден жайдағым жақсы, Жаман қатыннан бойдағым жақсы; Ақ Еділдің өзі болмасақ та бұлағымыз, Ақылды бастың өзі болмаса да құлағымыз; Әйел тілінен өледі, Түлкі жүнінен өледі; Ақылды жігіт атқа да отырар, таққа да отырар* т.б. [11; 20,21].

Дегенмен, мақал-мәтелдердің тарихи категория екендігі, олардың қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттарға сәйкес өзгеріп отыратындығы туралы жасаған В.Дальдің: «Мақал-мәтелдерді тудырушы халық. Заман өзгеріп, халықтың дүниеге көзқарасы, әдет-ғұрпы, салты өзгеріп, білімі, мәдениеті артқан сайын, өзіне терең мазмұнды, дұрыс идеялық мағынаны талап ете бастайды [12], — деген тұжырымы шындыққа жанасады. Қазақтың паремиологиялық дүние суретінде әйелге қатысты жағымсыз мағына беретін мақал-мәтелдерге қарағанда қазір көркіне мінезі мен ақылы сай, ерінің ақылына ақыл қосып, үйде де, түзде де сыйлы әйелдер туралы мақал-мәтелдер жиі қолданылады. Қазақ халқының ақылды, шешен, биязы мінезді, өжет, батыр, айлакер әйелдері тарихта көп болған. Шын мәнінде бір әйелдің айласы, тапқырлығы көп істі тындыратындығы анық. Бұл сөз мәйегі көркемдік мақсатта жұмсалып, оқиғаға стильдік өң береді. Мысалы:

*Ердің асылы күшінен білінеді,
Әйелдің асылы ісінен білінеді.*

Әйел көркі — ақылда.

*Ер айласы бір,
Қатын айласы мың.*

Мақал-мәтелдердегі мағына мен ұғымдардың қалыптасуын зерттеуде когнитивтік лингвистиканың мүмкіндіктері мол екені анық. Тіл мен танымның сабақтастығы нәтижесінде концептоөрістегі білім құрылымы мен формасы және оның тілде көрініс табуы мақал-мәтелдерді зерттеудің жаңа парадигмаларына негіз болады: «Қазіргі білім парадигмалары гуманитарлық ғылымдардың зерттелу аясын когнитологияның принциптері бойынша жан-жақты, терең қарастыруға кеңінен мүмкіндік берді» [6; 48].

«Әйелдер» және «ерлер» концептілері — кез келген ұлт дүниетанымында айрықша орын алатын әмбебап концептілер. Әйел заты мен ерлерге тән стереотиптік мінез-құлық ерекшеліктері жалпы әйелдік пен еркектік қасиетті айқындайтын әмбебап, ортақ сипатқа ие болады. Мысалы, әйелдер туралы сөз еткенде жұмсақтық, нәзіктік, мейірімділік, сезімталдық, күмәншілдік, аса сақтық, байқағыштық, құбылмалылық, тиянақтылық, отбасы ұйтқысы сияқты стереотипті бейнелері мен мінез-құлықтары ойға келеді. Ал, еркектер басшы, күшті, шешім қабылдаушы, қатал, мансапқұмар, жауынгер, отбасы асыраушы деген стереотипті бейнелерді ойға келтіреді.

Зерттеуші В.А.Маслова «стереотип» ұғымын тілдің мәдениеттегі доминантты құрамдас бөліктерді сақтап, оны келесі ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік беретін құбылысы, тұрақтаушы факторы ретінде анықтайды [13].

Зерттеуші А.Смайлов өзінің «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингво-мәдени сипаты» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясының авторефератында стереотипті — дүние туралы таным-түсініктің қайталануынан тұрақталған әрекеттер мен құлықтар шаблонды деп көрсетеді [14]. Біз де өз мақаламызда автордың келтірген тұжырымын ұстанамыз.

Гендерлік стереотиптерде, А.В.Кирилинаның пікірінше, екі жыныстың қасиеттері, атрибуттары және өзін-өзі ұстау нормалары жөнінде қалыптасқан әлеуметтік және мәдени пікірлер мен пресуппозициялар бар [15; 98].

Әйелдер мен ерлердің мінез-құлық ерекшеліктері, әлеуметтік статусы, отбасындағы орны, сол халықтың ұлттық менталитетінен, әлеуметтік-мәдени, тарихи даму барысында қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық санасы негізінде айқындалады. Әйел мен ер адам қоғамда, отбасында әр

түрлі рөлдер атқарады және ерлердің қасиеттері әйелдердің мінез-құлық ерекшеліктерінен жақсырақ, олардың қасиеттерінен жағымды деуге болмайды. Әйелдер мен ерлер бірін-бірі толықтырып отырады, қоғамда да, отбасында да және екеуі бірігіп бір тұтастықты құрайды.

Сонымен қатар әйел мен ер адамның ойлау, қабылдау ерекшеліктері де әр түрлі болып келеді. А.В.Кирилинаның пікіріне сүйенер болсақ, әйелдердің ассоциативтік өрісі жалпыланған және ізгіленген (гуманистический), ал ерлердікі аңшылық, спорт, кәсіби және әскери салаларымен байланысты [15; 57]. Әйелдердің ассоциативті ойлау өрісі ізгілік, күнделікті тұрмыс-тіршілік, отбасы — ошақ қасы аясында өрбиді, ал ерлер өздерін күшті, мықты болуға, жоғарыдан көрінуге, отбасы асырау, жұмыс істеп, шаруашылықпен айналысумен байланыстырады.

Жалпы әйелдер мен ерлердің танымдық өрісінің өзіндік ерекшеліктеріне келсек, ойлау операцияларына байланысты әйелдер мен ерлерге тән қасиеттер де әр түрлі болып келеді. Әйелдер көбінде асығыс шешім қабылдағыш, эмоционалды, интуитивті ойлауы дамыған, логикаға үйлеспейтін сезімге берілгіш, жүрегі жұмсақ әрі аяғыш деп саналады. Ерлер туралы, негізінен, аналитикалық, логикалық ойлауға жүгінетін, асықпай байыппен объективті шешім қабылдайтын, қайсар мінезді әрі қатал жүректі (мейірімсіз емес) деген стереотип қалыптасқан.

Сонымен әйелдер мен ер адамдарға тән мінез-құлық ерекшеліктерін, әмбебап қасиеттерді, оларды танытатын стереотиптік бейнелерді бір жүйеге келтірсек, онда әйелдерге байланысты қалыптасқан стереотиптер: хатшылар, енжар, ізбасарлар, төзімді, тиянақты; отбасы ұйтқысы, қолдаушы, мейірімді, жұмсақ, көңгіш; эмоционалды, сақ, байқағыш, күмәншіл, сезімтал. Ал ерлерге байланысты қалыптасқан стереотиптерге бастықтар, белсенді, көшбасшы, өзіне ғана сенеді, атаққұмар; отбасы асыраушы, басшы, қорғаушы, күшті, батыл; тәуелсіз, логикалық, объективті, шешім қабылдаушылар, бір жақты т.б. жатады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, бұлар — әйелдер мен ерлерге тән жалпылама әмбебап қасиеттер мен ерекшеліктер. Еркектік пен әйелдік биологиялық туа біткен қасиеттер, дегенмен олар ұлттық дүниетаным, әлеуметтік-мәдени даму нәтижесінде пайда болған салт-дәстүр, ұлттық философиядан бастау алады. Алайда мәдениеті, ділі, діні, ұлттық болмысы алшақ халықтардың қоғамында қалыптасқан мінез-құлық, әдеп, өзін-өзі ұстау жөніндегі ұстанымдары әр түрлі болып келеді.

Қазақ халқы генетикалық негіздерге, тектілік мәселесіне қатты мән берген, сондықтан да кез келген ер мен әйел ата-анасына, тұқым-әулетіне кір келтірмеуге тырысып бағатындығы, олар ең алдымен өн бойында міні жоқ адам болуға әрекет жасайтындығы белгілі. Осыған байланысты пайда болып, халқымыздың жадында сақталған: *«Қас арғымақ белгісі — аз оттар да, көп жусар, қас жақсының белгісі — аз сөйлер де, көп тыңдар; Тексіз жігіт тезекпен тең; Тексіз жерден қыз алма; Жақсыдан жаман туса — жыннан пайда болғаны, жаманнан жақсы туса — нұрдан пайда болғаны; Жақсыдан жаман туса, ем табылмас, жаманнан жақсы туса тең табылмас; Жақсыдан жаман туады бір аяқ асқа алғысыз; Жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз; Жақсының басына іс түссе, ашынар да ашылар, жаманның басына іс түссе, бір тулар да басылар; Жақсының ашуы жібек орамал кепкенше; Жаманның ашуы басы көрге жеткенше; Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді; Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа; Жаманға ерсең, қаларсың ұятқа»* деп келетін мақал-мәтелдерде жақсы болып жүргендердің барлығы, арғы ата-тегінің «дұрыстығынан» деген идея ұсынылатындығы айтылады [16; 12].

Тектілік, тексіздік әйелге де, ерлерге де қатысты айтылады. Қазақ халқы қыз алуда, қыз беруде жастардың ата-анасының шыққан тегіне көп көңіл бөліп отырған. Сондықтан да «Тең теңімен, тезек қабымен» деп, қазір де көпшілік ата-ана бұған аса жауаптылықпен қарайды, тектілермен жолдас болуға тырысады. Өйткені бұндай мақал-мәтелдердің бала, ұрпақ тәрбиелеуде үлкен маңызы бар деп есептейді, балаларының тәрбиелі, жақсы мінезді азамат болып өсуіне, инабатты, ибалы қыз тәрбиелеуге қызмет етеді деп есептейді: «Бұл мақалдар, бір жағынан, тектілік үшін күреске, текті жерден қыз алып, тектілермен жолдас болуы, сөйтіп тұқымды да, тәрбиені де ілгері бастыруға үндесе, екінші жағынан, азаматтың мінезін тәрбиелеуге қызмет етеді. «Текті жерден шыққандығың рас болса, өз ортаңа жолбасшы, ақылшы болып қызмет ет», әйтпесе «Зорсынғанға Алла бар, сомсынғанға балға бар» дегендей, еліңнің қадірін білмесең, сол қауым сені ілезде-ақ «Аузы жаман ел былғайды, аяғы жаман көл былғайды» деген атқа қалдыра алады, сондықтан сол ортаның қалай болғанда да мүддесін ойлап, үдесінен шыға біл дегенге меззейді [16; 13].

Қорыта айтқанда, тіл біліміндегі жаңа бағыттарға сай мақал-мәтелдердің гендерлік сипатын зерделеп, ерлер мен әйелдердің қазіргі қоғамда алатын орнын анықтайтын мақал-мәтелдерді саралау үшін осы сияқты зерттеулердің қажет екені сөзсіз. Сондай-ақ бұндай ізденістер ана тілінің ұлтты

ұйыстырушылық қасиетін, құдіретін күшейтумен тығыз байланысты екені анық. Зерттеудің болашақтағы бағдары — қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салғастырып, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау.

Әдебиетер тізімі

- 1 *Қайдар Ә.* Халық даналығы. — Алматы: Толғанай, 2004. — 142-б.
- 2 *Диваев А.А.* Казахские пословицы. — Ташкент, 1927. — 340 с.
- 3 *Балақаев М.* Қазақ тілінің мәдениеті. — Алматы: Қазақстан, 1971. — 41-б.
- 4 *Байтұрсынов А.* Шығармалары. — Алматы, 1980. — 92-б.
- 5 *Ғабдуллин М.* Қазақ халық ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974. — 78-б.
- 6 *Смағұлова Г.* Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: Монография. — Алматы: Арыс, 2010. — 280 б.
- 7 *Аханов К.* Тіл білімінің негіздері. — Алматы: Санат, 2003. — 250-б.
- 8 *Манкеева Ж.* Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. — Алматы, 1997. — 10-б.
- 9 *Даль В.* Пословицы русского народа. — М., 1957. — С. 135.
- 10 *Қалиұлы Б.* Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Әлішер, 2006. — 125-б.
- 11 *Қарсыбекова Ш.* Қазақ мақал-мәтелдерінің логика-семантикалық және заттық-тақырыптық топтастырылу принциптері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сер. — № 2 (92). — 2006.
- 12 *Исаева Ж.И.* Дүниенің паремиологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспекті): ...Канд. дис. автореф. — Алматы, 2007. — 15-б.
- 13 *Маслова В.А.* Лингвокультуроология. — М.: Academia, 2001. — С. 110.
- 14 *Смайлов А.* «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты: ...Канд. дис. автореф. — Алматы, 2008. — 9-б.
- 15 *Кирилина А.В.* Гендер: лингвистические аспекты. — М.: Ин-т социологии РАН, 1999. — 189 с.
- 16 *Тілепов Ж.* Халықпен ғұмырлас рухани мұра // Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері / Құраст. Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаева т.б. — Алматы: ҚазмемҒА ҒЗИ, 2001. — 463 б.

Ш.Мажитаева, А.Тажикеева

Проблема мотивации пословиц и поговорок в казахском языке (гендерное свойство)

В статье рассматривается проблема мотивации пословиц и поговорок в казахском языке. Прослеживается история исследования пословиц и поговорок в казахском языкознании. Анализ пословиц и поговорок, являющихся источником народной мудрости и национальной самобытности (ментальности), дает возможность определить стереотипы, характеризующие место и роль женщин и мужчин в обществе. Также показано влияние социально-общественных условий на зарождение пословиц и поговорок в казахском языке. Авторы статьи пытаются объяснить мотивацию пословиц и поговорок казахского языка в гендерном аспекте.

Short review of the history of investigating Kazakh proverbs and sayings is made in the article. The analysis of proverbs and sayings that are considered to be a treasure of national wisdom enables to reveal stereotypes connected with role and place of men and women in society. The influence of social factors in formation of Kazakh proverbs and sayings are discussed as well.

Е.Е.Түйте

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Адамның психикалық жай-күйін білдіретін лексика**

Адамды лингвистикамен байланыстыра отырып зерттеу проблемалары тіл ғылымының аса қажет саласына айналып отыр. Тіл мен адам ұғымы үнемі бірлікте, бір-бірімен тығыз байланыста. Мақалада адамның психикалық жай-күйін білдіретін лексиканың тілдік және тілдік емес амал-тәсілдер арқылы берілуі жан-жақты сөз болады. Автор адамның психологиялық ерекшелігінен туындайтын психикалық жай-күйлердің тілдік көрінісі мен табиғатын айқындауға бағытталған мәселелер қазіргі таңда қоғам қажеттігін өтейтінін дәлелдеді.

Кілтті сөздер: адам, тіл, жантану (психология), психикалық жай-күй, психолингвистика, антропоэзеттік (антропоцентристік) бағыт, лексика, тілдік және тілдік емес амалдар, ұлттық болмыс, гендерлік ерекшеліктер.

Қазіргі тіл білімінде негізгі ұстанымдардың (принциптердің) бірі антропоцентризм екені мәлім. Қазіргі заман лингвистикасында негізгі назар тек тілге ғана емес, оны жасаушы және дамытушы адамға аударылып, тілдік тұлғаның қасиеттерін зерттеу антропоцентризм бағытында жүргізіледі. Өйткені адам тіл арқылы тек баяндап, хабарлап қана қоймайды, объективті шындыққа көзқарасын, сезімін, т.б. тіл арқылы жеткізе алады, яғни тіл адамның көңіл-күйін, психикалық толғанысын, сезімін білдіретін негізгі құрал болып саналады. Осы ретте ұлттық танымға негізделген адамның психикалық жай-күйлерін тіліміздегі қызметін, мағынасының берілу жолдарын анықтау, олардың (психикалық жай-күйлердің) тілдік бірліктер және тілдік емес амалдар арқылы берілуін зерттеу лингвистикалық зерттеулердің нысаны және пәні болып келді.

Соңғы жылдардағы антропоэзеттік (антропоцентристік) бағыттың «адамды толығымен тіл арқылы танып-білу» принципіне негізделген бұл зерттеуде психология ғылымының нысаны ретінде зерттелініп жүрген психикалық жай-күйлердің табиғатын лингвистикалық қырынан ашуға талпыныс жасалады. Бүгінгі таңда тіл білімінде психология, философия, физиология, когнитология, социология т.б. ғылым салаларымен үнемі тығыз байланысты зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны белгілі. Бұл — адамның психикалық жай-күйлерін беруде қолданылатын лексиканы, эмоциялық сөздік қорды зерттеуде тек лингвистикалық ізденістің жеткіліксіз екендігіне дәлел.

Психикалық жай-күйлерді құрылымдық, семантикалық тұрғыдан қарастыру олардың тілдік табиғатын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Психикалық жай-күйлер күрделі психологиялық үдеріс болғандықтан, оларды бір қырынан танып біле алмаймыз. Мәселен, «күлуді» жеке тұрғанда алып қарайтын болсақ, онда біз оны қуанышты жағдай деп түсінеміз. Контекстік мағынада ол басқа да психикалық жай-күйлерді білдіре береді, атап айтқанда, күлу ашудан да, қайғыдан да бола беруі мүмкін. Немесе, керісінше, «жылау» қуаныштан да болуы мүмкін. Осы себептен әр адамның психикалық жай-күйі әр түрлі болады. Біздің мақсатымыз — осындай әр түрлі формада көрініс беретін психикалық жай-күйлерге тән ортақтықты тауып, оларды бір жүйеге келтіріп, ортақ заңдылықтарын қалыптастыру.

Осы уақытқа дейін жантану (психология) ғылымының нысаны болып келген, қазақ тіл білімінде тар мағына аясында оқытылып келген адамның психикалық жай-күйлеріне деген қызығушылық арта түсті. Сол себепті бүгінгі таңда адамды толығымен танып-білу мақсатында тіл білімі де басқа ғылымдар сияқты қарап отырмай, адамның ішкі жан дүниесіне үңіле бастады. Тілді психологиямен байланыстырып зерттеу ісіне байланысты Э.Оразалиева былай дейді: «Тіл білімі даму тарихы барысында психологизм ұстанымдарымен үш рет байланыса отырып, маңызды салалардың қалыптасып дамуын өзектеді. Олар: XIX ғасырдың 80-жылдарында жас грамматистер бағытының дүниеге келуі; XX ғасырдың орта шенінде психолингвистиканың зерттеле бастауы; XX ғасырдың 80-жылдарында когнитивтік лингвистиканың дәйектелуі делінгендей, адам тек белгілі бір қоғамның мүшесі ретінде ғана емес, сонымен қатар алуан түрлі эмоционалды-психикалық белгілердің, мінез-құлықтардың, ішкі заңдылықтардың тұтастығы ретінде зерттеу нысанына айналды» [1].

Кез келген тілдегідей қазақ тілінде де адамға тән эмоция мен сезімдердің, яғни психикалық жай-күйлердің, тілдік жүйедегі мазмұны мен көрінісі әр түрлі.

Зерттеу жұмысымызда анықтағандай, адамның психикалық жай-күйін білдіретін лексиканы берудің екі жолы бар. Оларды тілдік (вербалды) және тілдік емес (бейвербалды) деп бөліп көрсетуімізге болады.

Тілдік амал-тәсілдермен берілуін айтатын болсақ, тіліміздегі басқа сөздерге қарағанда психикалық жай-күйлерге байланысты сөздер төмендегідей өзгешеліктермен ерекшеленеді:

1. Психикалық жай-күйлер — басқа сөздерге қарағанда дерексіз (абстрактілі) ұғым. Оларды қолмен ұстап, көзбен көру мүмкін емес. Мысалы: *қуаныш, қорқыныш, қайғы, мазасыздық* т.б. Осыған байланысты Мағжан Жұмабаевтың мына бір ойларын дәлел ретінде келтіре кеткен жөн: «Біріншіден, жан көріністері мен дене көріністері арасында көп айырма бар. Сыртқы дүние заттарының бәрі, мысалы, қазан, дөңбек, құдық белгілі бір орын алып тұрады... Ал енді, жан көріністері белгілі орын тілемейді. Жан көріністері жалғыз уақытпен ғана өлшенеді. Екіншіден, сыртқы дене заттары һәм көріністері сезім мүшелері арқылы білінеді. Мысалы, бір малды көріп, бір иісті иіскеп, жылылықты сезіп білеміз. Ал енді, жан көріністерін сыртқы сезімдермен білуге болмайды. Мысалы, ұялу деп аталатын жан көрінісін не көріп, не татып, қысқасы сезім мүшелерінің біреуімен біліп бола ма? Әрине, жоқ...», — дейді [2]. Сондықтан мұндай жан қуаттары ұғымдарының өмір сүруі тікелей адаммен байланысты, олар тек адам іс-әрекеттері немесе басқа да тілдік амал-тәсілдер арқылы сыртқы ортада көрініс береді. Мысалы:

Ұрқия отыарда Ақбілекке қарап:

— *Қарағым, жақын отыр! Бекболаттан несіне ұяласың. Екеуіңнен жақын кісі жоқ. Бұ да бір мереке емес пе? — деп түртіп еді, Ақбілек әнтек іменіп, бетінің ұшы ойып алғандай қызара береді. Бекболаттың бетіне тура қарауға шыдамайды. Оның салалы саусақтарына көзі түскенде «қара мұрттың» саусағы есіне түсіп, өз ойынан өзі ұялып отыр еді (Ж.Аймауытов).* Мұндағы Ақбілектің ұялғанын «бетінің ұшы ойып алғандай қызара береді» деген сөйлемнен, яғни адамның физиологиялық сыртқы қалпынан аңғаруымызға болады.

Субстантивтенген аталмыш жай-күйлердің барлығы синтетикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы жасалады. Мысалы: *қорқу — қорқыныш, қорқақ; ұялу — ұят, ар-ұят; қайғыру — қайғы, қайғы-мұң, қайғы-қасірет; ашулану — ашу, ашу-араз, ашу-кек* т.б.

2. Психикалық жай-күйлерге жататын сөздер тек қана сапалық қасиетке ие, яғни олар белгілі бір заттың бойындағы сапалық қасиетін білдіреді. Олар сын есімнің жай, салыстырмалы, асырмалы шырайлары негізінде жасалады. Мысалы: *қорқақ, ұятсыз, мазасыздау* т.б. Және бұл сөздердің басқа сөздерге қарағанда экспрессивті-эмоционалдық қасиеттері басым. «Сын есімдердің эмоционалды-экспрессивті мағынада көбірек қолданылуына оның синтаксистік қызметі де, семантикалық табиғаты да жағдай жасайды. Себебі салыстыру, субъектив баға беру заттарға атберуден басқаша қасиеттерге ие. Заттарға атберуде оның белгісі (анық байқалынатын) негіз етіп алынады да, басқа белгілері сөздің интенционал мағынасы ретінде сақталынады. Ал, салыстыру, баға беру кезінде бір заттың белгілері екінші бір заттың белгілерімен, қатынастарымен теңестіріледі, артық-кемі анықталады» [3]. Демек, адамның психикалық жай-күйіне қатысты туындаған сапалық қасиетке ие сын есімді сөздердің (*қорқақ, мұңды, қуанышты* т.б.) мән-мағынасы екінші бір қарама-қарсылық мәндегі сөздермен салыстыру арқылы ашылады: *қорқақ — батыр, қайғылы — қуанышты* т.б.

3. Іс-әрекет етістіктерінен жай-күй етістіктерінің бір ерекшелігі жай-күй етістіктерінің орталығында әрқашан субъект (адам) тұрады, яғни субъект болмаса, жай-күй етістіктері де болмайды деген сөз. Салыстырайық:

1. Әрекет етістіктері: *жай түсті; жер сілкінді; жел соғып, шөптердің басы қозғалды, жер күнді айналады* т.б.

2. Жай-күй етістіктері: *қуанды, жылады, ұялды, ашуланды, қайғырды* т.б. Бұлардың барлығы *кім?* деген сұраққа жауап беретін субъектіге (адамға) тікелей қатысты, былайша айтқанда, адамның ғана саналы әрекеті.

Жоғарыда көрсетілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, бірінші мысалда субъектісіз-ақ (табиғаттың қозғалыс күштері) әрекет етістіктерін бере беруімізге болады, ал екінші топтағы мысалда жай-күй етістіктерін субъектімен байланыстырмай қолдана алмаймыз, міндетті түрде орталығында адам тұрады.

4. Психикалық жай-күйлерді білдіретін сөздердің көбі — көңіл-күй одағайлары: *қорыққанда — ойбай! қуанғанда — алақай! таңқалғанда — ойпырым-ай!* т.б. қолданылады. Мысалы:

— *О, немене, жеңеше?*

— *Бұл сондай қымбат нәрсе, өмірдің бар қызығы осында.*

– *Ойпырым-ай! Бұ немене екен?! Мұдуар қылмай айтышы, жеңеше!*

– *Әуелі сенің бағың да осында.*

– *Өй, алақай-ай! Хат екен ғой!*

– *Таптың, таптың... Бермеймін деп едім, — деп Ұрқия қалжыңдап, тұмарша бүктелген қағазды алақанына басты (Ж.Аймауытов).*

Б.С.Жонкешов өз жұмысында эмоционалды бірліктердің табиғатын семантика, сөзжасам, фоносемантикалық тұрғыдан талдай отырып, эмоционалды сөздерді таптастыруда эмоция арқылы шыққан сөздер тобын (одағай, еліктеуіш сөздер) эмоционалды сөздер деген жеке топқа бөліп қарастырады. Сонда «сөз таптастыруда толық мағыналы, грамматикалық жағынан түрлене алатын сөздерді атаушы сөздер тобына, лексикалық мағынасы солғындау, тек есімденіп, не етістіктеніп барып қана грамматикалық тұрғыдан эмоционалды (эмотив-экспрессив) топтағы сөздер тобына, лексикалық мағынасы мүлдем жоқ, грамматикалық мағынасы түрлене алмайтын сөздер көмекші сөздер тобына жатқызылады, яғни:

Эмоционалды сөздер: 1) атаушы (номинатив) сөздер; 2) көмекші сөздер.

1) Атаушы сөздер — одағай сөздер; 2) көмекші сөздер — еліктеуіш сөздер.

Одағай сөздер — 1) көңіл-күй: а) жағымды эмоцияны білдіретіндер; ә) жағымсыз эмоцияны білдіретіндер; б) жағымды әрі жағымсыз эмоцияны білдіретіндер» [4].

Тағы айта кететін мәселе, зат есімдерге демеулік шылаулардың жалғануы арқылы да көңіл-күй одағайларын білдіретін психикалық жай-күйлерге қатысты лексика жасалына береді: ұялғанда — *Бетім-ай!*, қорыққанда — *Алла-ай! Құдай-ай!* т.б. Мысалы: *Тұла бойы дір етті.*

– *Ойбай-ай, денесі суып барады, — деп айғай салды Айғаным. — Құлыным-ау, құлыным-ау, шынымен демің біткені ме? (К.Қазыбаев)* немесе: *Жүгіріп кеп Шеген алдымен бас салды. Көзінің жасын сүрте-мүрте Айша да құшақтай ұмтылды.*

Ол өз ойынан өзі ұялып, безейін десе, безе алмады. «Япыр-ау, мұным қалай? Ұят-ау! Шынымен бұзылып кеткенім бе?! Қатын болғаным ба?!» деп таңдана еді (Ж.Аймауытов).

«Сөздік қорымызда кездесетін эмоционалды-экспрессивті сөздер сөз таптарының одағай, сын есімдер мен етістіктерінде көп кездеседі де, зат есімдер мен басқа сөз таптарында сирек кездеседі, екіншіден, жағымды эмоцияны білдіретін сөздерден жағымсыз эмоцияны білдіретін сөздер көп» [3, 112]. Мұның біріншісі, адамның көңіл-күйіне, қасиетіне, көңілдің күйінен туындаған әрекетке байланысты болса, екіншісі, адамның жағымсыз көңіл-күйде жиі болуынан туындаса керек. Мәселен, *жиі ашулануы, қайғыруы, қорқуы* т.б.

Тілімізде психикалық жай-күйлер лексикасын берудің екінші жолы — тілдік емес, немесе бейвербалды, деп аталады. К.Г.Юнгтың тұжырымы бойынша, адамның психикалық аппараты басқа да аппараттық жүйелер сияқты төрт сатылы ритмдерден тұрады. Біріншісі — ақпаратты қабылдау, екіншісі — түскен ақпаратты сақтау блогы (жады), үшіншісі — ақпараттың аналитикалық өңделу блогы, төртіншісі — ақпараттың жарыққа шығуы [5]. Осыларды келесідегідей етіп көрсетуге болады: **қабылдау > жады > өңделу > шығу.**

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, адамның белгілі бір ақпаратты қабылдап-шығару жүйесі төрт кезеңнен өтеді. Осы жерде айта кететін бір жайт, кей кездерде психикалық жай-күйлерден туындаған ақпарат аталған төрт кезеңнің бәрінен бірдей (сөйлем ретінде) өте бермейді. Мысалға, адам кенеттен (аяқ асты) болған қайғылы жайтты естіп, оны қабылдағаннан кейін есінен танып қалуы салдарынан қабылдаған ақпаратты сыртқа шығарып үлгермеуі мүмкін не болмаса қатты ашуланған адам өңдеу үдерісі барысында не айтып, не қойғанын білмеуі немесе сөйлей алмай булығы мүмкін т.с.с. Мұндай жағдайда ақпараттың жарыққа шығуы адамның сыртқы физиологиялық белгілері арқылы көрініс беріп, яғни ақпарат тілдік емес белгілер арқылы жүзеге асады. Мысалы:

Бұрын әрі-сәрі болып жүргенде — әйтеуір бір үміт бар еді. Онда біржола қол үзуге Шәрипаны қизан жоқ-ты. Енді өмірде тұңғыш көрген ең үлкен қызығынан айырылып құлазып қалғалы тұр. «Жоқ, жоқ! Көнбеймін, бермеймін!» деп айқайлап жібергісі келді. Бірақ бетіне қан теуіп, булығып үндемеді. Өзінің үндей алмағанына ыза болып, одан сайын булығыды (Т.Ахтанов).

Мұндағы кейіпкер ішіндегі «Жоқ, жоқ! Көнбеймін, бермеймін!» деген сөйлемді жауап ретінде сыртқа шығарып айту керек еді, бірақ ашу үстінде (ашуланғанда қыстығып сөйлей алмаудың салдарынан) айта алмай, сыртқы физикалық көріністері (тілдік емес амал-тәсілдер) арқылы (бетіне қанның жүгіруі) қарсы екендігін танытып тұр.

Адам психикалық жай-күйін білдіретін тіліміздегі амалдардың бірін тілдік емес белгілер, яғни бейвербалды амалдар деп те атаймыз дедік. Егер сөйлеу іс-әрекетінде, айтылған сөйлемімізде

бейвербалды амалдар болмаған болса, жеткізілер ойымыз бірізді, сөзіміз «құрғақ» болар еді. Ғалым Б.Моминова мен С.Бейсембаевалар бұл амалдар (тілдік емес) туралы: «Дене тілі, ым мен ишарат — тілдің әлеуметтік, психологиялық лингвистика сынды салаларының фактілерін салыстыра, салғастыра отырып, кешенді зерттеуге қол жеткізуге болатын, қазақ тіл біліміндегі теориялық тұғыры әлі толық анықтала қоймаған жаңа сала. Кейбір ым мен ишараттың тұтас сөйлем немесе сөз, фраза, орнына жұмсала беретінін ескерсек, қазақ тілінің лексика, синтаксис және фразеология, семантика салаларын зерттеуде әлі толық пайдаланылмаған, бірақ пайдалануға тиісті материал екені айқындалып шыға келеді» деген анықтама бере отырып, бұлар да вербалды амалдар сияқты сөйлемде қарым-қатынас қызметін атқарады: а) коммуникативтік қатынаста қосымша ақпарат жеткізушілік; ә) коммуникацияның вербалды компоненті айтылмай түсіріліп қалған жағдайда ақпараттың бейвербалды амалдардың мәтін ішінде қызметке кірісуімен жеткізілуі; б) вербалды амалдармен тең дәрежеде әрі қатар қолданылуы барысында белгілі мағынаны нақтылаушылық қызметі болуы», — дейді [6].

Қарым-қатынас кезіндегі бейвербалды амалдар барлық халықта бірдей болмайды. Олардың қолданылуы белгілі бір ұлттың, халықтың дүниетанымына, мәдениетіне сәйкес келеді. Бұл туралы Г.Ж.Снасапова былай дейді: «Әрине, кей жағдайда кинемалық кодтарды шешу ұлттық білім аясының негізінде мүмкін болады, себебі түрлі мәдениеттер мен интеллектуалдық дәстүрлер кинемалар төңірегінде де «өз» әлемін, «өз» тәжірибесін бейнелейді және оны түсіндіре алады» [7].

«Бейвербалды амалдарды зерттеу алғаш Г.Спенсер, В.Вундт, Ч.Дарвин еңбектерінен бастау алып, көптеген басқа да ғалымдардың зерттеу нысандарына айналып келеді. Мәселен, француз психологы А.Мейербиан бұл туралы қарым-қатынас кезінде вербалды амалдар (тек сөз) жеті пайыз, дыбыс, интонация отыз сегіз пайыз, ал бейвербалды амалдар елу бес пайыз қолданылады», — деген пікір айтса [8], психолог-ғалым А.Құдиярова: «Сөз деңгейінде ақпарат алысудың негізгі құралы — сөз, тіл, бейсөздік деңгейде сөзден басқа коммуникация белгілері қызмет көрсетеді», — дей келе, кинесика, акустикалық жүйе және проксемикаға тоқталып, арнайы зерттеулер нәтижесінде беттің 20000 қимылының анықталғанын сөз етеді [9]. Бұл тұжырымнан байқайтынымыз, бейвербалды амалдарсыз адамның психикалық жай-күйін, оны білдіретін лексиканы бере алмас едік, себебі адамның психикалық жай-күйі — күрделі психофизиологиялық құбылыс. Бейвербалды амалдардың өзі тілде вербалданып, адамның психикалық жай-күйін танытатын лексикаға айналып кетуден адамды толығымен танып білуге көмектеседі. Зерттеу нәтижесінде тілдік емес амал-тәсілдердің сегіз түрі белгілі болғандығын қысқаша айтып кету керек.

1. Мимика: бет, көз, қас-қабақ қимылдары. Мысалы: *Ақбала ду етті. Шоқ қарығандай беті өртеніп бара жатқасын алақанымен дереу баса қалды да, тез тартып алды. Қорыққаны ма, әлде кінәлағаны ма, әйтеуір, Судыр Ахметке жас ішінде жанары дірілдеген көзі үрейлене қарады* (Ө.Нұрпейісов) немесе: *Бетінде жалғыз тамшы қан жоқ. Ашудан көкпеңбек боп, булығып алған еді. Ернін тістеп, қабағын тастай түйіп ап, шыдай бермек болды. Тыста мұның қолын артына байлап, бір семіз шабдар атқа мінгізді де, артына Төлепберді қарғып мініп алды. Ашулы топ Қарашоқыға қарай тасырлатып шапқылап жөнелді* (М.Әуезов).

2. Пантомимика: қол, бүкіл дене қимылдары арқылы жүзеге асады. Мысалы: *Қалың қабағы түйілген жалпақ бет Әліпқалидың өңінде бір қасық қан жоқ... Екі қолын жайып, уықтай саусақтарын бүркіттің тұяғынша бүрістіріп:*

– *Буындырып, өлтірейін! — деп екі қолын екі жаққа серпіп жіберіп атылған Әліпқали киіз аяғымен жер соққанда, жан даусымен айғай салып, етпетінен түсті* (С.Жүнісов).

3. Бет-әлпеттің түр-түсі арқылы: сұрлануы, қызаруы, көгеруі т.б. Мысалы: *Сұрғылт жүзі түнеріп, қатты ашумен қарайып бара жатқан тәрізді. Бетінде түк атаулысы бозғылданып біліне бастады. Осыдан басқа не бір дыбыс, не бір қозғалыс, не бір сөзбен сыр берген жоқ* (М.Әуезов).

4. Дене температурасы арқылы: жылы, ызғарлы, суық т.б. Мысалы: *Құнанбайдың бұрыннан да түйіліп, айтар сөзін бастамай ызаланып отырған қалпы бар еді. Мынау тұста тағы да суынып, түнере түскендей болды* (М.Әуезов) немесе: *Мейрам бір ысып, бір суыды* (Қ.Найманбаев). Мұндағы дененің бір ысып, бір суынуы, біріншіден, адамның көңіл-күйінің тұрақсыздығын, екіншіден, «ашу» психикалық жай-күйін жеткізіп тұрған тілдік амал.

5. Секреторлық бездердің қызметі арқылы: жылау, терлеу құбылыстары.

а) қуаныштан, қайғырғаннан, қорыққаннан жылау. Мысалы: *Кемпірдің көзінен жас тағы да моншақтап домалап, алдына түседі.*

– Құдайдың менің өз басымнан, менің ұрпағымнан аяған қазасы бар ма? Жасымда шешем өліп, өгей шешемнің қолында қалып, жетімдіктің зарын өзім тарттым. Содан өмірім жылаудан, күйіктен арылған емес... — деп, көзінен бетіне аққан жасын жеңімен сүртіп, мұрнын сіңбіріп:

– Тілеуі құрыған сорлы мен күйік, бұл дертті көргенше, шірісем едім! — деп, сөзін тоқтатты (М.Әуезов).

ә) тердің шығуы (қорқыныштан суық тердің шығуы).

6. Дауыс ырғағы арқылы (интонация, тембр, екпін, сөйлеу қарқыны): айғайлау, ақырын сөйлеу т.б.

Сөйлеу әрекеті барысында екпін (тон), ырғақ т.б. паратілдік амалдар сөйлеуші мен тыңдаушының көңіл-күйінің ерекшеліктерін сипаттаушы амал-тәсілдер болып табылады. Қатынастың кез келген түрінде екпін, әуен, дауыстың құбылуы қарым-қатынастың эмоционалдық жағына әсер етеді [10]. Мысалы: *Түсіп бұл араға қатты ашуланып еді, даусы да қатаң шығып кетті* (М.Әуезов).

7. Тыныс алу арқылы: демнің артуы немесе тарылуы. Мысалы: *тынысы тарылды, демі жетпеді* т.б.

8. Жүрек қызметі немесе қан қысымы: жүрек соғысының бәсеңдеуі немесе жиілетуі; қан қысымының жоғарлауы не төмендеуі (*Қаны басына шабу, көз алды қарауыту, ашудан қаны көтерілу* т.б.). Мысалы: *Көзсіз ашудан қаным көтеріліп, дастарқанда жатқан қара пышаққа жармастым* (Б.Нұржекеев).

Психикалық жай-күйлер, біріншіден, адамды толығымен танып білуге мүмкіндік береді. Мәселен, адамды бір көргеннен, я болмаса сол сәтте оны сөйлеген сөзінен танып білу мүмкін емес. Оның мінез-құлқын, іс-әрекетін т.б. жекелеген қасиеттерін белгілі бір күйге түскен жағдайда онай көруге болады.

Екіншіден, психикалық жай-күйлерге байланысты туындаған сөздердің мән-мағынасы контексте ашылады.

Үшіншіден, психикалық жай-күйлерді білдіретін амал-тәсілдердің көбі – бейвербалды амалдар. Бейвербалды амалдардың адам көңіл-күйін білдіруде атқарар функциясы зор. Себебі психикалық жай-күйлер — психофизиологиялық құбылыс. Тілімізде адамның психикалық жай-күйінен туындаған лексиканы негізгі сегіз түрлі тілдік емес амал-тәсілдердің көмегімен анықтауға болады: 1) мимика (бет-әлпет қимылы); 2) пантомимика (бүкіл дене қозғалысы); 3) түр-түс (бет-әлпеттің түр-түсінің өзгеруі); 4) дауыс (дауыс ырғағы, интонация); 5) тыныс алу (тыныс алудың тарылуы, жиілеуі, демнің жетпеуі т.б.); 6) дене температурасы (дененің қызуы, сууы); 7) жүрек қызметі немесе қан қысымы (жүрек соғысының темпі, қан қысымының жоғарлауы, төмендеуі); 8) секреторлық бездер қызметі (жылау, терлеу құбылыстары).

Психикалық жай-күйлерді білдіретін бейвербалды амалдар, мәселен, адамның физикалық қасиетінен пайда болған *қызарды* сөзі ұялу психикалық жай-күйінен туындаса, кейіннен ол жеке тұрып та ұяттың синонимі ретіндегі қолданысқа ие болды (*ұялды — қызарды*), ал уақыт өте келе фразеологизмдерді тудырды (*екі беті шиешей қызарды, қып-қызыл шоқтай болды, оттай жанды* т.б.).

Психикалық жай-күйлер — ұлттық болмысты танытатын ұғымдар. Әр халықтың менталитетінен, мәдениетінен (салт-дәстүр, әдет-ғұрып) хабар береді. Мәселен: орыс халқында «стыд» сөзі «студ», яғни, *суықты* білдірсе, қазақ тілінде керісінше, *ыстықты* білдіреді, *ұяттан өртенді, ұяттан қызарды, ұяттан жанды* т.б. Немесе салтымызға байланысты қуанышты жағдайдағы әрекет сүйінші сұрау, оған сый-кәде беру рәсімі де ұлттық ерекшелігімізді білдіреді.

Психикалық жай-күйлерді білдіретін ұғымдар гендерлік ерекшеліктерді айқындауға көмектеседі. Мәселен, қайғырғанда әйел адамның шашын жұлуы, бетін тырнауы немесе ұялғанда бетін шымшуы т.с.с. әрекеттер бар.

Қорыта айтқанда, мақалада экстралингвистикалық фактордың негізінде адамдарда пайда болатын психикалық жай-күйлерінің қолданысы мен мағынасын, оның тілдегі көрінісін көрсетуге талпыныс жасалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. — Алматы: Ан Арыс, 2007. — 176-б.
- 2 Жұмбаев М. Педагогика. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 42-б.
- 3 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. — Алматы: Рауан, 1991. — 112-б.
- 4 Жонкешов Б.С. Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты (семантика, сөзжасам, фоносемантика): Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2006. — 18-б.
- 5 Рейковский Я. Экспериментальная психология эмоций. — М.: Прогресс, 1979. — 392 с.

- 6 Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2003. — 7-б.
- 7 Снасапова Г.Ж. Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» шығармасындағы кинемалардың мәдени ұлттық семантикасы // Тілтаным. — 2002. — № 4. — 82-б.
- 8 Нұрсұлтанқызы Ж. О.Бөкеев шығармаларындағы кинесикалық амалдардың атқаратын қызметі // Профессор Қ.Жұбановтың 105 жылдығына арналған «Қ.Жұбанов тағылымы» атты респ. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Алматы, 2004. — 84-б.
- 9 Құдиярова А. Ортақтасу (қарым-қатынас) психологиясы: Оқу құралы. — Алматы: Дарын, 2002. — 18-б.
- 10 Аймауытов Ж. Психология. — Алматы: Рауан, 1995. — 17-б.

Е.Е.Түйте

Лексика, выражающая психическое состояние человека

Важнейшей проблемой языкознания на сегодняшний день является исследование взаимосвязи лингвистики и человека. Понятия «Язык» и «Человек» всегда в единстве и во взаимосвязи. В статье всесторонне рассматриваются языковые и неязыковые методы и средства лексики, выражающие психическое состояние человека. Рассмотренные проблемы направлены на раскрытие языкового видения и природы психического состояния, которые зарождаются от психологических особенностей человека.

Investigating a human in connection with linguistics nowadays became one of the important spheres of the science about language. The notions of 'language' and 'human' come together and are very closely related. The article deals with the lexis expressing psychic state through verbal and non-verbal ways. Issues discussed here are directed to revealing the linguistic vision and nature of psychic state which emerge from the psychic peculiarities of human being and nowadays is of great concern for society.

ӘОЖ 811.512.122'367

Ж.А.Құсайынова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана

Модальді мәнді кодтау, декодтау мәселесі

Мақалада модальділік категориясы (санаты) психолингвистикалық тұрғыдан талданған. Қолданыстағы кейбір жеке морфологиялық тұлғалар мен сөйлемдердің модальділік мәнін ажырату қиындыққа соғады. Автор негізгі деректерге сүйеніп, психолингвистикадағы кодтаушы, декодтаушы контекст көмегімен лингвистикалық талдау қажеттігін көрсетті, сондай-ақ психолингвистикалық тұрғыдан сөйлемнің негізгі қызметін анықтау үшін мәнмәтінаралық салыстырулардың қажеттігін, сыртқы экстралингвистикалық ықпалдың әсерін жан-жақты салыстыру керектігін дәлелдеді.

Кілтті сөздер: модальділік, модальділік санаты, кодтау, декодтау, психолингвистика, психолингвистикалық түсінік (бағыт, заңдылықтар), лингвистикалық талдау, мәтін, мәнмәтін, мәтін лингвистикасы.

Ғылыми еңбектерге сүйеніп, модальділік санатының психолингвистикалық сипатын есепке алып, белгілі жағдаяттарға мән бере қараудан мәнмәтіндегі синтаксистік бірліктердің жұмсалыу мақсатын дәл айқындауға қол жеткіземіз. Бұл жағдайда психолингвистикалық салыстырулар бүткіл шығарма деңгейіндегі жағдаяттық, әлеуметтік, субъектаралық қарым-қатынасты есепке ала отырып сипаттауды қажет етеді. Өйткені сөйлеу, оның құрылымы — күрделі грамматикалық байланыстан, бір-біріне тәуелді мағыналық-құрылымдық байлаулардан тұратын, қозғалмалы функционалды жүйесі бар құбылыс. Сөйлеудің бұл жүйесін В.П.Белянин: «Психолингвистикалық түсініктерге сәйкес, адамның сөйлеуін ұйымдастыруы тіл туралы мәліметтердің пассив қоймасы болып табылмайтынын атай көрсеткен жөн. Бұл — динамикалы (қозғалмалы) функционалды жүйе. Сонымен бірге сөйлеу тәжірибесін қалыптастыру үдерісі мен оның нәтижесі арасында ұдайы әрекеттестік жүріп жатады. Басқаша айтқанда, адам сөйлеу үлгісіндегі жаңа ақпаратты алған кезде оны өңдеп қана қоймайды,

соған қоса, өзінің сөйлеу тәжірибесінің бүкіл жүйесін қайтадан құрады. Осының бәрі адамның сөйлеуін ұйымдастыруды өзін-өзі ұйымдастыратын аса күрделі жүйе деп есептеуге мүмкіндік береді», — деп талдап береді [1; 19].

Модальді мән үстеуші грамматикалық құрылымдарды психолингвистикалық бағыттың ізімен талдасак, сөйлемдер, мәнмәтінаралық мағыналық, құрылымдық, әсіресе жағдаяттық астарға тереңірек мән береміз. Өйткені психолингвистикалық бағытта мәнмәтіннің өзі сөйлеуді қалыптастыратын тілдік бірлік ретінде қаралып, мәтін мен мәтінаралық байланысқа, жағдаятқа сәйкес әрбір тілдік бірліктің жұмсалыу мақсатына барынша тереңірек көңіл бөлінеді. Демек, психолингвистика берілген ақпараттың модальділігін ажыратуды жағдаяттық астармен қабылдауды үйретеді. Яғни, модальді бірліктерді жалқылай талдамай, сөйлеу әрекетінің бағытына, мақсатына сәйкес жұмсалыу, түрлену мүмкіндігін саралайды. Психолингвистикалық бағыт бойынша талдасак, жағдаятты бірінші орынға, ал соған сәйкес грамматикалық бірліктің түрлену қызметін екінші орынға қоямыз. Ал сөйлеу әрекетінде ақпаратты сыртқа шығарып, оның қабылдануы — бірнеше сатылық деңгейде жүзеге асатын, күрделі құбылыс. Бұл тұста сөйлеушінің ақпаратты сыртқа шығаруы, екінші субъекті тарапынан ол ақпараттың қабылдануы, өзіндік көзқарасы, қорытуы қатар ескеріліп отырады.

Егер психолингвистика заңдылықтарына сүйенсек, сөйлеудің астарын, грамматикалық бірліктердің жұмсалыу мақсатын кодтау, декодтау тұрғысынан анықтаймыз. Біз қарастырған модальді құрылымдардың да мәтін аясындағы семантикалық ерекшелігін, көп функциясын нақтылау үшін, осы негізге сүйене отырып талдауға болады. Модальді мағынаны декодтау — өте күрделі құбылыс. Бұл — шығармадағы әлеуметтік жағдай, субъектаралық қарым-қатынасты есепке ала отырып сипатталатын грамматикалық ерекшелік. Декодтауды жүзеге асыру үшін, кодтаудың құрылымын игеретіндей ақпараттық кеңістікпен таныс болу — негізгі шарт.

Декодтауға тірек болатын субъектаралық әлеуметтік қарым-қатынастың қалыптасуы да күрделі. Мұндай қарым-қатынасты тұтас шығарма деңгейінде сипаттап, ал әрекетті мағыналық жақтан бір-біріне тәуелді мәтін деңгейінде ажыратамыз. Коммуникативтік қарым-қатынас, әрекет ішкі байланыста дамиды. Яғни, қарым-қатынас субъектаралық әрекеттен сараланады. Бұлар бірін-бірі толықтыру сипатындағы белгілермен өлшенеді. Субъектаралық байланыстың астарынан сипатталатын коммуникативтік қозғалысқа, қарым-қатынасқа А.Леонтьев мән берген. Автор бұған қатысты төмендегідей ой қорытады: «Сонымен, коммуникативті актілер дегеніміз — тұлғааралық коммуникациялардың әр түрлі нұсқаларының болуына мүмкіндік беретін белгілі бір қоғамдық коммуникативті кеңістікте іске асатын тұлғааралық әрекеттер. Қарым-қатынас пен әрекет мақсаттарының күрделілік деңгейі бойынша ажыратылады. Қарым-қатынас өз бойында ең жақын немесе жекелеген мақсаттарды қамти алатын кешенді мақсатқа бағытталады. Осыған сәйкес, қарым-қатынас жекелеген немесе ең жақын мақсаттарға қол жеткізуге бағдар ұстанған, әрекет субъектісі жете түсінген әрекеттерден жинақталады» [2].

Л.М.Шайкенованың талдауынша, сөйлеу әрекетінде мән беретін қарым-қатынастың теориялық негізін Л.Витгенштейн дамытқан. Бұл туралы автор «Перформативы: виды и способы выражения» деп аталатын еңбегінде Л.Витгенштейн теориясының жетістіктерін төмендегіше сипаттап, субъектаралық қарым-қатынасты айқындау экстралингвистикалық факторлармен толықтыра қарағанда анықталатынын саралайды: «Л.Витгенштейн тәсілінің ерекшелігі оның бұл факторларды өз теориясының орталығы етуінде жатыр. Сөйлеуді ол адам қарым-қатынасының мақсатты және шектеулі бөлшегі ретінде қарастырады... Осылайша, Л.Витгенштейн тілдің ішкі контекстерін ғана емес, адам қарым-қатынасының барлық жүйесінен түзілетін және тіл соның бір элементі ретінде қамтылатын тілден тыс жағдайларды да ескеру қажеттігі туралы ойға келеді» [3].

Талдай келгенде, модальділік санатын (сөйлеуде жанданатынын ескере отырып) осындай ішкі әрекеттен қалыптасатын қарым-қатынас деңгейінде сипаттаймыз. Ал субъектаралық әрекеттің, қарым-қатынастың сырын мәтінаралық байланыстың негізінде түсінеміз. Төмендегі бұйрықты сөйлемдердің жұмсалыу мақсатын жоғарыда айтып өткен субъектаралық қарым-қатынасты ескерген жағдайда ғана дұрыс қабылдаймыз. Яғни, бұйрық берудің өзінде де субъектілердің қарым-қатынасы ескерілген жағдайда астарлы модальді реңктің бояуы бірінде жағымсыз көзқараспен, екіншісінде жағымды көзқараспен астарласып, өзгеше сипат алып түрленеді. Мысалы, бұйрық райдың III-жақ жұрнақтарынан жасалған төмендегі үзінділердің модальді реңкі тең емес. Бірінде Тәкежанға айтқан наразылық, екіншісінде Дәркембай сияқты кедейлерді паналатқан Абай бұйрығының астарында ішкі құптауы сипатталған. Мысалы: *Абай Ерболдан Тәкежанға сәлем айтты: Қумасын! Қазынасын жемейді! Мынаның аз ғана малына жайылыс берсін және Жұмағұлды тыйсын!* — деді (М. Ә.).

...Абай бір жұмысты жайғады да, енді Дәркембайды қасына шақырды.

– Дәркембай, сенің екі жолдасың осы қойдың қасында болсын. Айрылмайды. Ал өзің дереу мынау атқа, мына жер қорығыш Тәкежанның атына мін де, қазір шапқылап отырып осы маңдағы өзіндей ауылдарға хабар айт. Мен жіберді де! Шыңғысқа жете алмай, осы жақын маңда қойлары аштан бұралып, қырылып жатқан ауылдар тегіс жүруге жарайтын қойларын алып, азаматтарын сайлап, дәл осы үш қорыққа, Құнанбай қорығына айдап келсін! (М. Ә.). Екі мәнмәтінде де бұйрықты сөйлемдер бұйыру қызметін атқарған. Бірақ бірінші мысалда бұйырудың астарынан наразылық, қарсылық сезілсе, екіншісінде бұйырудың астарында субъектаралық қолдау, түсінісу, құптау модальді мәндері ашылады. Оның сырын тұтас мәтінде суреттелген жағдаятқа сүйеніп, субъектаралық қарым-қатынас астарымен бірлікте қараудан саралаймыз.

Екінші жағынан, мұндай грамматикалық амалдардың көп функциялы қызметінің астарын сөйлеу актісіндегі субъекті мақсаты, ниеті, яғни интенциясынан, алшақтату мүмкін емес. Сөйлеудің қалыптасуы мен түсінілу сатысын субъекті интенциясымен бірлікте қарау да — сөйлеу актісінің ажырамас бір бөлігі. Сөйлеудің бағытын декодтауға тірек болатын психолингвистикалық фактор.

Коммуникация бар жерде субъект (жеке тұлға) бар. Субъект — белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі, сондықтан сөйлеу әрекетін әр субъекті ішкі мақсат, ниетімен астарластырып отырады. Бұл туралы К.Қ.Садирова: «Интенция іштен сыртқа бағытталады, ол дауыс көмегімен субъективтіліктің объективтенуінен және субъекті мен объектінің, ой мен ойдан өткізілгеннің, сана мен санада игерілгеннің екі жақты өзектіленуінен тұратын болмыс», — деген түсінік берген [4; 85–89].

Интенция коммуникативтік акт үстінде жанданады. Бірақ интенцияның қабылдануы да субъектаралық қарым-қатынасқа бағынады. Интенция коммуникативтік акт бойында тек айтушыға, не тыңдаушыға қатысты болмай, екі жақтың ниетімен толысып, дамып отырады. Бұның өзі интенцияның сөйлеу актісі, коммуникативтік жағдай, сөйлеу актісіне дейінгі кезеңді қамтитын өзіндік құрылымы бар психолингвистикалық ықпал екенін дәлелдейді. Яғни, «тілдік қатысымға түспекші адам мақсатқа жету үшін және ниетін іске асыру үшін адресатқа белгілі жайттан бастап, сол адресаттың бұл айтқанға қалай қарайтыны, өзінің айтатынының желілік мазмұнын қалай түзу керектігіне дейінгі факторларды, сөзінің салмағын ойластырып отырады» [4; 127–129].

К.Садирова «интенция» терминінің мәтінге де, сөз актісіне де, дискурсқа да қатысты талдауларда қолданылатынын айта келе, оның жүйеленуімен байланысты түзілетін құрылымы негізінде пайда болатын түрлерін төмендегідей жіктейді: «креативтік интенция», «рецептивтік интенция», «референттік интенция», «коммуникативтік интенция» [4; 85–89]. Автордың бұл жіктемесі интенцияның күрделі құрылымынан хабардар етеді. Зерттеушінің ойынша, мұндағы креативтік интенция тек дискурсты бастаушыға ғана тән, коммуникацияның туындап сыртқа шығуындағы бастапқы қозғалыс нүктесіне сай келсе, рецептивтік интенция дискурсты қабылдаушыға ғана тән, ол коммуникативтік жағдайды өзі үшін ішкі күйге айналдырады. Референттік интенция сананың сөз құру қойылымынан, яғни қандай да бір мәселені шешуге сай туындаған ой толғақтан тұрады. Ал коммуникативтік интенция дискурсты бастаушыға да, оны қабылдаушыға да тән [4; 85–89].



1-сурет. Модальді мәнге әсер ететін экстралингвистикалық ықпалдар көрінісі

Бұл теориялық мәселелерден интенцияның ішкі даму, қалыптасу сатысы және белсенетін сыртқы сатысының тұтас құрылымдық жүйесін қабылдаймыз. Интенцияның креативтік түрінде коммуникативтік акті бастаушының ішкі мақсаты, ал рецептивтік сатыда қабылдаушының ішкі мақсаты жүйеленсе, референттік сатыны екі жақтың ішкі ойымен астарласқан, интенцияның соңғы сатысына дейінгі аралық кезең деп бағалауға болады. Ал коммуникативтік саты — интенцияның сөйлеудегі көрінісін жарыққа шығаратын соңғы кезеңі. Бұл тұста интенцияның көмескі құрылымы субъектаралық қарым-қатынастың астарымен түсініледі. Сонымен, интенция тек ниет күйінде қалмайды, субъектінің әрекет жасауына қозғау салады. Сөйлеу актісін жандандырады. Субъектаралық қарым-қатынаста интенция бірде ішкі ниеттің сәйкес келуімен, бірде қарама-қайшылықта көрініс береді. Міне, осы тұста интенция модальді мәнді қозғалысқа түсіреді. Модальді мәннің ішкі құрылымын дамытуға тірек болады. Көп функциялы тілдік бірліктердің қызметін ажыратуға тірек болады. Демек, интенция — ақпараттың қате түсінілмеуі үшін сөйлеу тілінде ескеріліп отыратын қажетті бөлік. Сондықтан интенция сөйлеу актісі теориясымен байланыста қаралатын модальді мәннің астарын ажыртуда маңызды орынды иеленеді.

Модальді мәннің құрылымын психолингвистикалық бағытта қабылдағанда интенция, субъектаралық қарым-қатынас, жағдаят, әлеуметтік жағдай, автор-субъектінің көзқарасы бір құрылым бойында түйісіп, бұл құбылыстың көп қабатты семантикалық жіктен дараланатын тілдік табиғатын айқындап, ақпараттың шынайылығын қамтамасыз етеді. Модальді мәнді анықтауда ескерілетін психолингвистикалық ықпалдардың көрінісі 1-суретте берілген.

Егер лингвистикалық тұрғыдан мәнмәтін мағыналық-құрылымдық жақтан тиянақтылықты реттеуші бірлік ретінде сипатталса, психолингвистикада мәнмәтін ақпаратты декодтауға тірек болатын бірлік ретінде қабылданады. Яғни, психолингвистика мәнмәтіннің мағыналық-құрылымдық тиянақтылығын сөйлеудің мән-мағынасын ашуға тірек болу қабілетімен, субъектаралық қарым-қатынастың сырын ашуға сеп болуымен өлшейді. Сондықтан психолингвистикада мәнмәтіннің құрылымдық тиянақтылығынан гөрі, олардың ішкі байланыстағы қозғалысына, мәнмәтінаралық байланысқа ерекше көңіл бөлінеді. Психолингвистикадағы мәнмәтін сипатын В.П.Белянин: «Психолингвистика мәтін лингвистикасымен тығыз байланысты. Егер мәтін лингвистикасы мәтінді негізінен қалыпты күйде — жазудың, яғни сөйлеудің, аяқталған өнімі ретінде қарастыратын болса, психолингвистикада мәтін динамикалы сипатта — сөйлеу әрекетінің өнімі ретінде қарастырылады. Мәтін лингвистикасы шеңберінде анықталған мәліметтерді пайдалана отырып, психолингвистика мәтіннің тұтастығы, ондағы мағыналық саңылаулар саны (яғни түсіп қалған тұстар), эмоциялылығы (оның эмоцияны жеткізу қабілеттілігі) прецеденттілігі (мәтіндегі өзге мәтіндерге сілтемелер саны) сияқты сипаттарына баса назар аударады», — деп ажыратады [1; 17].

Осындай субъектаралық қарым-қатынас деңгейінде сипатталатын модальді мәнді декодтаудың қиыншылығы да бар. Яғни, бұл үрдіс тұтас шығарма бойындағы кодтау мәселесімен қабаттасады. Кодтау — бірнеше қабатты күрделі құрылым. Оның грамматикалық сипаттамасын И.В.Арнольд: «Берілген арна бойынша хабар жіберуге мүмкіндік туғызатын белгілер мен оларды біріктіру ережелерінің жүйесі код деп аталады», — деп саралаған [5; 6].

Ал модальді мәнді декодтау ішкі кодтардың құрылымына ой жүгіртіп, семиотикалық бірліктердің қызметін атқаратын мәнмәтінаралық жікті салыстыру, оларды бір-бірімен байланыстыру сияқты үздіксіз сабақтастыруды қажет ететін талдаулар негізінде жүзеге асырылады. Бұл ойымызға қатысты теориялық бекітулерді де И.В.Арнольд зерттеулерінен кездестірдік. Автор: «Сонымен, тіл — өз кезегінде бірнеше субкодтарға ыдырайтын және қызмет ету үдерісінде өзге кодтармен және хабарлармен әрекеттесетін код типтерінің бірі... Мазмұнның күрделі құрылымы айтылудың күрделі жүйесін қажетсінеді және жекелеген элементтер арқылы емес, олармен хабардың біртұтас құрылымының әрекеттестігі арқылы жеткізіледі», — деп [5; 42], сөйлеудің тұтас мазмұнын ашуға тірек болатын тілдік бірліктердің кодталу құрылымын талдаған.

Субъектілердің өзара қарым-қатынас, әрекетімен байланыстырмасақ, белгілі бір үзіндіде орын алған модальді мағынаны өз мәнінде, өз мақсатында талдай алмас едік (өйткені мәнмәтінде грамматикалық құрылымдар көп функциялы қызметімен ерекшеленеді). Әрине, құрылымдық синтаксис бойынша бұл бірліктердің құрамындағы тірек сөздер көмегімен, мәнмәтіндік семантика шеңберіндегі сөйлемдердің байланысынан модальді мағынаны ажыратқанмен (кейбір жағдайда ғана), оның мотивіне талдау жасай алмаймыз. Мәселен, төмендегі сөйлемдерде орын алған субъекті өкінішінің астары түсініксіз, беймәлім қалыпта қабылданады. Өйткені субъекті арасындағы модальді қатынастың пайда болу сырын декодтау қиыншылық тудырады. Мысалы: *Әңгіме осылай*

аяқталып, жатар мезгіл жетті. Малқар жеке бөлмеде, Балқияның қасында, құс төсектің үстінде, ойдан әлі арыла алмай жатып: — **О, тәңірі, енді Шөгелдің тілеуін тілеттің бе?! — деп, ауыр күрсініп қалды** (Ғ.М.). Бұл мәтінде орын алған модальді мәнді декодтаушы мәтіннен ажырата қолдану тіпті мүмкін емес. (Күн ұзын тулап Малқар жуасып қалған екен, ырышқан жоқ. Ішінен қынжылса да, сыртымен қуанғансып жатыр: — Шөгелім тұрғанда, кімге берем?— деді. Өз басымен әуре болып, бықсып отырса да, **феодал Малқар әлі мығым**. Мығым болатыны — қолынан мөр кеткенмен, әзір ел кетпейді. Сондықтан болашақ кедей болыстың онымен санаспаса амалы жоқ (Ғ.М.).

Психолингвистикада мәтінаралық байланыс, ондағы семантикалық бірліктердің байланысы үздіксіз. Сондықтан мәнмәтінаралық байланыстан дараланатын қарым-қатынас, субъектаралық әрекетке мән беретін психолингвистикалық бағытқа назар аудару барынша қажет етіледі. Осындай жағдайда ғана мәнмәтінаралық байланыс тізбегінен модальді реңкті қалыптастыратын ішкі тіректердің құрылымына еркін бойлап, әрбір синтаксистік құрылымның мақсатқа сай қызметін дәл анықтаймыз. Осы тіректермен толық таныс субъекті ғана белгілі бір модальді мәнді жеткізуге негіз болған семиотикалық белгілердің жұмсалыу мақсатын ажыратып, кодтау, декодтау сатысынан өтеді.

Кодтау, декодтаудың ішкі байланысы туралы Ю.М.Лотман: «Мейлінше күрделі хабар мейлінше дәл қабылдануы үшін, адресант пен адресаттың толықтай сәйкес келетін кодтарды пайдалануы талап етіледі... Тіпті, күрделі жағдайлардың өзінде қабылдаушы әуелі хабардың өзіне таныс кодтардың қайсысымен құпияланғанын әлдебір белгілер бойынша танып алады, ал «оқуға» содан кейін ғана кіріседі», — деп түйіндеген [6].

Айтылған теориялық мәселелерді төмендегі мысалдармен бекітуге болады....*Көзінің тауық соқырлығы бар Абзал түнде нашар көретін....Ол қазір бір аттап, бір тоқтап, қайықты көру тұрсын оның қай маңда екенін де жобалай алмай, шалдан дыбыс күтіп жөткірініп келе жатты. Мұсағұл қыбыр етпеді: «Құлап неге өлмейсің, неге шұңқырға омақасып мойның үзілмейді»* (Ә.С.). Бұл мәнмәтіндегі модальді мәннің декодталуы бірнеше тараудан кейін сипатталған төмендегі кодтармен жалғаса шешіледі.

... *Аман-саулықтан кейін шаруа айтар реті келгенде, абдырап, жаңа ғана таңдайы астына сақтап келген көп сөзін бауы үзілген моншақтап шашып алды.*

— *Абзалжан, баяғыда айтқан жанашырлық сөзің бар еді. Соны арқаланып келдім. Бала оралды,— деді ол төтесінен. Абзал үріккен де, сасқан да жоқ, тек жайбарақат көсілген аяғын жиып алып, шалға жақындай отырды. Басқарманың осы қылығынан ықылас нышанын таныған Мұсағұл қалбаңдап, білген-көргенін алдына түгел жайып салды.*

— *Араласқаным, қолымды қандағаным жоқ, өз көзіммен көргенім рас дей ме?*

— *Нақ солай көріпті, араласпапты* (Ә.С.).

Бұл үзіндіде Абзал мен Мұсағұл арасындағы қарым-қатынастың алғашқы көрінісі беріліп, субъектаралық сенімді көзқарас (Мұсағұл тарапынан) суреттелсе, келесі үзіндідегі екі субъекті арасындағы әрекет «*Құлап неге өлмейсің, неге шұңқырға омақасып мойның үзілмейді*» сөйлемінде кодталған модальді мәннің шешімі немесе декодталудың тірегі болып табылады. Соңғы мәнмәтінді декодтаушы тірек деп атауға болады. Мысалы: «...*Түн ортасында есік қағылғанда, аталы-балалы екеуі бір мәмілеге, келе алмай әлі арбасып отырған.*

— *Бұл қайсың?— деді шал дәліз есігіне тез жетіп.*

— *Мен ғой.*

Абзал дауысын таныған Мұсағұл қаннен-қаперсіз есік ілгегін ағытты. Омыраудан шап берген қуатты қол оны аяғын жерден-көктен бір тигізіп далаға сүйреп алып шықты... Ал иегін пальтосының жағасына тығып, есік көзінде сүмірейіп тұрған Абзалды көргенде, қаны қайнап, тұла бойы дірілдеп қоя берді (Ә.С.). Мәнмәтінаралық байланыс субъекті наразылығын астарлаған «*Құлап неге өлмейсің, неге шұңқырға омақасып мойның үзілмейді*» сөйлем мазмұнын жағдаят астарымен саралауға мүмкіндік берген.

Осындай мәнмәтінаралық байланыстан анықталатын ішкі кодтардың маңызына И.В.Арнольд: «Әрбір кодтың белгілері одан да гөрі ірі масштабты келесі кодтың кодограммасын құруға қажетті бөлшектер сияқты болып табылады және тұтастық ретіндегі барлық хабарға мүмкіндігінше өз үлесін қоса алады», — деп назар аударуға келе, оның грамматикалық мәнін, қажеттілігін анықтап берген [5; 9].

Тілдік деректерді негізге алып талдасақ, модальді мәнді декодтайтын мәнмәтіндер үш орында көрініс береді:

— алдыңғы орында;

- соңғы орында;
- ілеспелі орында.

Модальді мәнді декодтауға негіз болатын тірек мәнмәтіндер алдыңғы орыннан белгілі болса, мәнмәтіндік семантика шеңберіндегі синтаксистік бірліктердің жұмсалыу мақсатын, интонациялық ырғағын ажырату қиындық тудырмайды. Мұнда ақпаратты қабылдаушы алдын ала субъектаралық әрекетті, қарым-қатынасты салыстыра саралап, әр қолданыстың ішкі мазмұнын дәл декодтап отырады. Психолингвистикалық бағытта пайымдасақ, ақпаратты түсіну, мағыналық байланысты жүйелеу кілтіне алдын ала ие болады. Мысалы: *«Айт, ендеше, бұның мендегі сөзін. Жүр былай!» — деді Құнанбай (М.Ә.).* Осы сөйлемде орын алған субъектаралық наразылықты алдыңғы мәнмәтінаралықта орын алған декодтаушы тіректермен бірлікте шешеміз. Бұған Құнанбай бастаған топтың Қодарға қарсы әрекеті, Дәркенбай мен Құнанбай арасындағы қарым-қатынасты суреттеген декодтаушы мәтіндер тірек болады.

Төмендегі мәнмәтінде орын алған күдіктену мәнін декодтайтын мәтіндер де алдыңғы орында орналасқан. Мұндай жағдайда интонация компоненттері: дауыс ырғағы, кідіріс қозғалысқа түсіп, алдыңғы тараудағы сөйлемдердің мазмұнымен іліктестіре, ішкі семантикалық байланысты реттейді. Төмендегі үзіндіде Дүрия жүрегіндегі қорқынышпен жалғаса сипатталған күдіктену реңкі интонация бірліктерінің қызметімен дараланады, ал сөйлем интонациясының құрылымы, сөйлемде қалыптасқан модальді мәннің астары алдыңғы тарауларда қамтылған мәнмәтін (Дүрия мен Ермек арасындағы оқиға ізімен) семантикасымен астарласа қалыптасады. Дүрияның ойындағы күдігі соңғы қорытынды бөліктегі сөйлемдерді қажетті интонациялық жікпен айтқанда дараланады. Мысалы: *Жігіттер кіріп барғанда, екі қолын жүрегіне басып, оң жақта сөйлеп тұрған Дүрия шошынғандай «аһ» деп терең тыныс тартты да, тәлтіректен барып, жүкке сүйеніп қалды. Онсыз да жүдеу жүзінде бір тамшы қан қалмай, шөлмектей болып ағарып кеткен.*

– Не болды, Дүрия?

– Неден қорықтың?– десіп, Естай мен Жолбарыс ұмтылып барып, екі қолтығынан сүйей берген-ді. Дүрия сол орнында көзін тарс жұмған күйі қолымен маңдайын ұстап сәл тұрды да, аздан соң есін жигандай, жігіттерге бір түрлі таңдана, күлімсірей қарады.

– Ештеме емес, қазір-ақ өтіп кетеді,— деді баяу тіл қатып.

– Неге олай? Біз келгенде, шынында да, бірдеңеден шошыдың ғой, не болды? — деді Естай төр алдына жайғасып жатып.

Дүрия айтсам ба, айтпасам ба дегендей төмен қарап сәл бөгелді де, басын көтеріп жауап берді.

– **Менің ауруым қазір көзге көрініп жүретін екі аяқты адам бейнесіне көшті ғой... Жаңа далаға шыққанда, алыстан сақшы формасын киген Жолбарысты біреуге ұқсатып... Сол адам соңымнан қалмай осында тағы келе жатыр екен деп, жүрегім қозғалып кеткені...** (Қ.Ж.).

Мұндағы грамматикалық амалдар субъектінің ішкі күдігін, өз-өзіне сенімсіздігін көрсеткен. Күдіктену модальді мәнін декодтайтын мәнмәтіндерді алдыңғы тарауларда орныққан Естай мен Дүрия өміріндегі, жүрегіндегі мұңды, өкінішті сәттерден іздейміз (шығарманың басқы тарауларында суреттелген Естай мен Дүрия өміріндегі сәт). Яғни, тұтас шығарма мазмұнымен байланыстыра қарағанда ғана, осы үзіндідегі соңғы сөйлемнің модальді мәні жағдаятпен астарласа декодталады.

Модальді мәндер тек белгілі бір күрделі синтаксистік тұтастық аясындағы сөйлемдер байланысынан айқындалмайды, кейбір сөйлемдердің модальді мәні басқы тараулардағы сөйлемдердің семантикасына бағына ажыратылады. Мәселен, төмендегі үзіндіде Әйгерімнің Абайға деген наразылығы, оның семантикасын түсінудің ішкі кілті мәтінаралық байланыста қарастырғанда ғана нақтыланады. Мысалы:

Абай Әйгерімнің жүзіне таңдана, қызығып қарағандай. Келіншегін оқшау әзілмен қарсы алды:

– Ербол, Әйгерімнің жүзіне қарашы, талайдан сағынған әндерін еркін шырқап, құлпырып қалған ба, немене?

Ербол қоса сүйсініп:


– Бәсе, алғашқы ақша қарға аунап жортқан түлкідей, жүні құлпырып қапты ғой, өзінің!– деп, Әйгерімнің өзін де күлдірді...

Үшеуі де бұл сияқты ойда жоқтан айтылған оқшау бір теңеуге күлісіп тұрса да, Әйгерім қысылыңқырап қалды. Қызарған жүзінен сыпайы күлкісін тыймай тұрып, Абай сөздеріне наразылықтай қарсылық айтты.

– *Сізден іріккен әнім бар ма еді! Нені аяп ек?... — деді де, өңі өзгере беріп, қабағына кейіс алған бойынша үйіне кетті* (М.Ә.).

Соңғы сөйлемдердің айтылу ырғағын алдыңғы тараулардағы сөйлемдердің семантикасымен байланысты қараймыз. Бұл ерекшеліктер модальділік санатының семантикалық байланыстан айқындалатын заңдылық екенін тағы бір дәлелдеді.


Сонымен, сөйлеуде орын алатын модальді мағынаны декодтауда сүйенетін мәнмәтіндердің орналасу тәртібін төмендегі 2-суретпен көрсетуге болады. Бұл сурет модальді мағынаны анықтауға тірек болатын мәнмәтіннің алдыңғы орнындағы көрінісіне сәйкес келеді.



2-сурет. Декодтаушы мәнмәтіннің алдыңғы орындағы көрінісі

Болжалды модальді мәнін ажыратқан төмендегі мәнмәтіннің декодталуы соңғы орындағы мәнмәтінмен шектеседі. ...*Сол күні кеіштіп Ыбрайым да жетті. Ұстаған екі-үш итбалығын Әлжанға табыс етіп, Мұсағұлдың ақ балық іздеп Маңғыстау асқанын хабарлады. Адамға қайырымы аз, елден безген тұйық шалдың бұл қылығына жұрт қайран қалғанмен, оның түп сырын Әлжаннан бөтен адам шамалай алмады* (Ә.С.). Егер мәнмәтіндегі әрекетпен салыстыра талдамасақ, бұл үзіндіде суреттелген үміттену, болжау модальді мәндерін ажырату мүмкін емес. Өйткені модальді мән тұтас құрылымдағы тілдік бірліктердің жалпы мазмұнынан, жағдаят астарынан ғана айқындалады. Бұл мәнмәтіндегі модальді мәнің декодталуы тек екі субъекті қатысымен шешіледі. Сол арқылы субъектаралық сенім, бағалау модальді мағыналары ашылады.

Көрсетілген 3-сурет модальді мағынаны анықтауға тірек болатын мәнмәтіннің соңғы орындағы көрінісіне сәйкес келеді.



3-сурет. Декодтаушы мәнмәтіннің соңғы орындағы көрінісі


Келесі мысалда көп функциялы сөйлемдердің модальді мәнін декодтайтын мәнмәтіннің ілеспелі орында тұруын байқаймыз. Осы декодтаушы мәтіннің ықпалымен *Апырай, жарығым-ай, көзіңнің жанары өзгеріп кеткен екен!* лепті сөйлемінің мағынасы, көп функциялы қызметі нақтыланады. Ойымызды төмендегі мысалдар бекітеді: *Соңғы кезде ел арасында «Ақан сері Қисық ағашта жын-шайтандармен бірге тұрады екен, баласы екеуі де қағындыға шалыныпты деген өсек дүр ете қалды. Бірде Баратай ауылының бір ақсақалы серінің отты көзінен көзін алмай, үрейлене ақыл айтқан: — Қарағым, Ақан ренжи көрме, халық айтса, қапы айтпайды, — анау қисық ағашта жападан-жалғыз қалай тұрасың. Жын иектеп алған дейді ғой өзіңді. Ай, атамзаманнан сол арада жын соққанын құлағымызбен естіп ек. Оның үстіне ол жеркепеңді әкең тастап кеткелі не заман? Иесіз үйді содан бері жындар ордасымен басып, иемденіп алған шығар-ау. Қарағым-ау, сол арадан неге қоныс аудармайсың, басыңды шыр айналдырып алғаннан сау ма? Қарағым, жаным ашыған соң айтам, битке өкпелеп тоныңды отқа салма, қайтейін, жалғыз-жарым жүріп қор болмасын деп, бір-екі көйлек бұрын тоздырғаным бар, ақыл ғып айтамын... Апырай, жарығым-ай, көзіңнің жанары өзгеріп кеткен екен...!* (С.Ж.). Бұл мәнмәтінде «Апырай-ай» мүшеленбейтін көп функциялы сөйлемінің модальді мәнін декодтайтын тіректер бір құрылымда, ілеспелі орында жинақталып берілген. Сол арқылы қабылдаушы субъект немесе оқырман модальді мәнің астарын өз мәнінде түсіне алады.

Бір мәнмәтінде модальді мәнді кодтайтын, декодтайтын белгілер жинақталып берілген төмендегі мысалды да ілеспелі мәнмәтіндерге жатқызамыз. Мысалы: *Бұл екеуі Базаралыны да көздеп берді. Өзара ақылдасқанда Майбасар:*

– *Поштаның таланғанын ойлаймысың? Есіңе алыш! Пошта жүргізілетін күні Базаралы келіп, барды біліп кеткені қане! Сол жолы өз еліне бара сала, Әділханды аттандырған сол. Көзбе-көз айтып кеткен қияс сөзі әлі есімнен кеткен жоқ! Осы бәленің тап ортасында жүрген Базаралының дәл өзі! Оның сырты момын, іші қу! — деген.*

Тәкежан өзінің де Базаралыдан әлденеше рет көрген тізесін еске алды. Сөйлетпей, тапап кеткендей боп жүретін омырауы бар. Балағаз айдалып кетсе, ертең артынан жоқшы боп шығып, бүлік шығаратын да сол. Сондықтан Майбасарды құптап: Ақылыңыз көкейіме әбден қонды... Қалағанда нағыз қатты қадайтын сол! — деп Базаралыны бірге көрсетті (М.Ә.). Көрсетілген хабарлы сөйлем модальді мәннің синкретті белгісін меңгерген. Бұл сөйлемде алдыңғы субъектінің іс-әрекетін құптау және жанама субъекті ретінде алынған Базаралының іс-әрекетіне наразы болған модальді мәндерді жинақтап берілген. Бұл құрылымда да кодтаушы тірек соңғы орында, ал декодтаушы тірек мәтін алдыңғы орында көрініс тапқан.

Келесі сурет модальді мағына тірегінің ілеспелі орындағы көрінісіне сәйкес келеді (4-сур.).



4-сурет. Декодтаушы мәнмәтіннің ілеспелі орындағы көрінісі

Декодтаушы, кодтаушы мәнмәтіндер тарауаралық қашықтықта орналасып, модальділіктің тұтас шығарманың, ондағы оқиғалардың ішкі байланысынан талданатын күрделі семантикалық санат қатарындағы белгілерін де толықтырады.

Ойымызды талдауға негіз болған төмендегі мысалдар арқылы бекітеміз: *«Иә, адам баласы қаншалық қан жұтып, қасірет шеккенмен, жүрек сүюден талмайды екен. Жүрек сүюден тоқтаған күні тіршіліктің де ешқандай мәні қалмайтын шығар. Жер бетінде сені сүйетін, сенсіз өмірім қараң деп білетін бір адамның болғаны қандай жақсы? Тіпті, сені жалпақ ел жақсы көрмей-ақ қойсын, бүкіл әлем әлпештеп алақанына салмай-ақ қойсын, сол әлемнің бір бөлшегі саналатын жалғыз әйел заты саған жан тәнімен беріліп, махаббатын сыйласа, сенің де таза-тақыр бақытсыз болмағаның. Бәлкім, әйел махаббатының адамды қанағаттандыратын құдіретінің өзі де осында жатқан шығар. Тәңірім бұл дүниеде ешкімді сүймей не біреуге сүйікті болмай, құр алақан өтуден сақтасын. Тек енді қатал тағдыр Гүлжиһандай асылды мұның тар маңдайына сыйдырсын да...» (Қ.Ж.).* Мәнмәтіндегі Естайдың ішкі күдігі алдыңғы жағдаяттармен байланыстыра қарағанда ғана айқындала түседі.

Қорыта келгенде, модальді мағынаның мәтіндегі көрінісін дәл анықтау үшін, психолингвистикалық бағыттың ізімен салыстыру қажеттілігі әр кезде туындайды. Бұл жағдайда бір-бірімен мағыналық байланыстағы мәнмәтіндердің өзіндік қызметтік жүйесі де анықталады. Яғни, кодтаушы, декодтаушы мәнмәтін деп құрылымдық даралау орын алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Белянин В.П. Психолингвистика. — М.: Флинта, 2005. — 232 с.
- 2 Леонтьев А.А. Психолингвистические проблемы семантики. — М.: Наука, 1983. — С. 223.
- 3 Шайкенова Л.М. Перформативы: виды и способы выражения. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2003. — С. 11.
- 4 Садирова К.Қ. Қазіргі лингвистикадағы «дискурс» терминінің интерпретациясы // ҚазҰУ хабаршысы. — 2007. — № 4 (103).
- 5 Арнольд И.В. Стилистика декодирования. — Л.: ЛГПИ, 1974. — 76 с.
- 6 Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. Человек — текст — семиосфера — история. — М.: Язык рус. культуры, 1996. — С. 13–22.

Ж.А.Құсайынова

Проблемы кодирования модального значения, декодирования

В статье рассматривается психолингвистический аспект категории модальности. Выделение значения модальности у некоторых используемых морфологических форм и предложений приводит к сложностям. Автор доказывает потребность лингвистического анализа при помощи кодирующих и декодирующих контекстов. Модальная закономерность в статье сопоставляется на уровне контекста.

The psycholinguistic category of modality is considered in this article. It's difficult to distinguish the modal meaning of some morphological forms and sentences. The necessity of linguistic analyses by means of coding and decoding contexts was proved by the author. The reflection of the subjective and objective modality has been confirmed by examples.

ӨОЖ 811.512.122'373.62

Ә.Н.Насыритдинова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана

Қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық терминдердің қалыптасу кезеңдері

Мақалада қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық терминдердің қалыптасу тарихы мен даму ерекшеліктері қарастырылды, себебі ғылым мен техниканың дамуы әр сала терминдерінің жасалуын талап етеді. Мақала авторы қазақ тіліндегі техникалық терминдердің қалыптасу тарихын төрт кезеңге бөліп қарастырды. Әр кезеңдегі техникалық терминдердің жасалу жолдары мен тәсілдерін, даму ерекшеліктерін сипаттай келе, олардың терминжасам тәсілдерінің барлық түрлері арқылы қалыптасқанын дәлелдеді.

Кілтті сөздер: ғылым мен техника, кезең (дәуір), терминология, ғылыми-техникалық терминдер, техникалық терминдер, аударма әдебиет, алғашқы баспасөз, терминжасам, терминжасам тәсілдері (амалдары).

Ғылыми әдебиеттерді, терминдерді қазақ тіліне аудару үдерісінің даму кезеңін шартты түрде 4-ке бөлуге болады:

1. XIX ғасыр мен 1920 жылдарға дейінгі кезең. Бұл кезеңде ғылыми мәлімет беретін мәтіндер алғаш рет қазақ тіліне аударыла бастады.

2. 1920–1940 жылдар аралығы. Бұл аралықта қазақ тілінде нақты ғылым салаларына арналған алғашқы аударма еңбектер жарық көрді.

3. 1940–1990 жылдар. Бұл уақытта аударма әдебиеттер тілінде орыс тіліне басымдық берілді, яғни термин аударуда орыс тілінен өзгеріссіз қабылданды.

4. 1990 жылдан бергі кезең. Ғылым мен техниканың дамуына және заман талабына сай ғылыми-техникалық әдебиеттердің қазақ тіліне барынша аударылып жатқан кезеңі.

Сонымен, қазақ тіліндегі ақпараттық аударма жасаудың алғашқы талпыныстары XIX ғасырда жатыр. Ол кезеңде газет-журнал беттерінде жарық көрген аударма мақалалардың көбі халыққа ғылым саласындағы жаңалықтарды жеткізуді мақсат етті. Дегенмен де нақты ғылым саласына қатысты, оның барлық заңдылықтары мен қағидаттарын ашып көрсететін еңбек болмаса да, зерттеу еңбектерінде «жартылай ғылыми мазмұнды әдебиет», «ғылыми-көпшілік әдебиет» атауына ие болып жүрген олардың негізгі құндылығы қазақ тілінде термин қалыптастыруда алғашқы қадам жасағандықтарында.

М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттер тілінің қалыптаса бастауын Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірге жатқызады [1]. М.Балақаевтың айтуынша, ертедегі ғылымға қатысты кейбір кітапша, мақалалар ғылыми стильдің негізгі даму арнасы бола алмайды. Мысалы, Қадырғали Жалайыридың тарихи шығармасы «Жами ат-Тауарих» жылнамалар жинағы мазмұны жағынан ғана емес, тілі жағынан да өте құнды. Дегенмен, біз осы трактат жазылған дәуірде,

яғни XVI ғасырда, ғылыми стиль пайда болды деп айта алмаймыз. Өйткені ғылыми әдебиет стиліне тән тілдік ресурстар ғылымның дамуымен, ғылыми әдебиеттің молаюымен байланысты. Олар қазақ елінің Октябрьден кейінгі ғылым прогресс дәуірінде пайда болды. Сондықтан әдеби тілдің стильдер жүйесінің бұл саласы жаңадан, кейін пайда болды [2; 48]. Р.Сыздық: «Өткен (он тоғызыншы) ғасырдың соңғы онжылдықтарынан бастап қазақ тілінде көпшілікке арналған жартылай ғылыми әдебиет жанры жанданды. Сол кездегі қазақ қауымында жиі кездесетін адам мен малдың ауру-індеттері, қазақ қоғамының экономикасы (кейбір кәсіптер туралы), мәдениеті т.б. жайында жарық көрген кітапшалар — қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиеттің алғашқы көріністері», — дей келіп, бұл стильдің едәуір етек жая бастаған тұсы — үстіміздегі (жиырмамыншы) ғасырдың басы, ал нағыз өркендеген, айқындалған дәуірі — қазіргі кезең деп тұжырымдайды [3]. Әрі бұл ғалымдар көзқарасын бұл кезеңдегі аталған бағыттағы әдебиеттерді «жартылай ғылыми мазмұнды әдебиет», «ғылыми-көпшілік әдебиет» деп атаулары да дәлелдей түседі. Яғни, терминдердің қазақ тіліне аударылуы XIX ғасырда орын алғанымен, ғылыми-техникалық мәтіннің маңызды бөлшегі ретіндегі негізгі аударма жұмыстары 1920 жылдардан басталған. Ал XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында аударма мәселесі алғашқы қазақ баспасөзінде де байқалды. Яғни қазақ тілінде жарық көрген алғашқы газет-журнал беттерінде аударма мақалалар, хабарлар жарияланды.

Бұл туралы академик Ө.Айтбайұлы былай дейді: «Сөздердің терминге айналуы, тілдің терминологиялық жүйесінің пайда болуы белгілі бір объективті себептермен түсіндіріледі. Лексиканың осы қатарына көңіл бөліп, оны жинақтау, насихаттау әрекеті XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырлардың басынан бастау алған екен. Сол кездегі тамтұмдап қазақ тілінде шыға бастаған газет, журналдар материалын қарасақ, термин деген айдар тағып, ауыз толтырып айта алмағанмен, терминдік қызметі айқындала бастаған сөздер тізімдерін беру тәжірибесін кездестіреміз» [4; 58].

Қазақ тілінде ғылыми стильдің, аударма ісінің, термин сөздердің қалыптасуында алғашқы қазақ баспасөзінің алар орны ерекше. Ол туралы алғашқы газет-журналдар тілін зерттеушілер Б.Әбілқасымов, Б.Момынова, С.Исаевтар, қазақ әдеби тілін зерттеуші Р.Сыздық, терминтанушылар Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы, т.б. еңбектерінде айтылған.

Б.Әбілқасымов, Б.Момынова, С.Исаевтың еңбектерінде мерзімді баспасөз тілінің әдеби тілге, көптеген сөздер мен тілдік құбылыстарды қалыптастыруға, оны тілдік нормаға енгізуге әсері сөз болады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы мерзімді баспасөз тілін әңгімелей отырып, Р.Сыздық сол тұстағы газет беттерінен «үш-төрт түрлі стильге жататын материалдарды табуға болады: ең көбі қоғамдық-публицистикалық стиль, ғылыми стиль (тарихи-этнографияға арналған мақалалар), көркем әдебиет стилі және ресми іс-қағаздар стилі» деп жазады [5].

Халық мұрасын жинастырып бастырушы Ү.Субханбердина «Дала уәлаяты газетінің» халықты өнер-білімге, мәдениетке шақырудағы рөлін, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына жасаған ықпалын сипаттай отырып, оның бетінде «қазақ тілінде бұрын болмаған қоғамдық-публицистикалық, ресми іс қағаздары стильдері қалыптасты, ғылыми стильдің негізі қаланды» дегенді айтады [6].

Ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштары «Түркістан уәлаятының газеті» мен «Дала уәлаяты газетінің» тілін зерттеген Б.Әбілқасымов «жалпы газет-журнал тілі дегеніміздің өзі бірнеше стильдік тармақтарды қамтиды» дей келіп, газеттер бетінен көркем әдебиет стиліне жататын туындыларды да, ғылыми әдебиеттер стиліне жататын мақалаларды да, тіпті іс қағаздары үлгілерін де кездестіруге болатынын айтады. «Сондықтан, — дейді ғалым, — қазақ тіліндегі алғашқы газеттердің беттерінде жоғарыда аталған стильдердің алғашқы негіздері қаланғанын көреміз» деп түйіндейді [7; 37].

XIX ғасырдың орта ширегінде қазақ тілінде «Дала уәлаяты газетінен» басқа бірде-бір баспасөз органының болмағанын айта отырып, З.Тұрарбеков төмендегідей пікір айтады: «Газет сол дәуірдегі қазақ халқының өмірінен әр түрлі мәлімет беретін шежіре іспетті болуымен қатар, белгілі дәрежеде ғылыми, әдеби және шаруашылық мәселелерінен нақты мәлімет беретін, ғылым, білімді насихаттайтын журналдың әрі көпшілікке арнап шығарылатын кітаптардың рөлін де атқарды» [8].

Бұл туралы сол газет-журналдар жарық көріп тұрған заманның өзінде Ж.Аймауытов айтып кеткен болатын: «Кітап, құрал жоқтықтан осы күнгі газет, журналдар мектепке кітап орнында қолданылып тұр. Ендеше, газеттеріміз — әрі хабар, әрі кітап болып отыр», дей келе, газет бетінде терминдердің дұрыс берілуіне қатаң талап қояды [9].

Бұл пікірлерден қазақ тіліндегі ғылыми стиль бастауы алғашқы баспасөз беттерінен орын алғанын байқаймыз. Жалпы, өз кезеңіндегі ғылыми жаңалықтарды баяндау арқылы халыққа

ғылымның түрлі саласынан ақпарат беруде баспасөздің орны зор. Ондай мәліметтерді алғашқы қазақ газеттерінен де кездестіруге болады. Әрі бұндай бағыттағы мақалалардың көпшілігі орыс тілінен аударылып басылғандықтан, ғылыми мәтінді қазақ тіліне аудару мәселесінің де бастауы осы кезеңде жатқанын аңғарамыз.

Мәселен, «Түркістан уәлаяты газетінің» «Ғылыми хабарлар» деген бөлімінде түрлі ғылым салаларынан ақпарат беретін мақалалар жарияланып отырған. Олар, негізінен, жер, күн, ай туралы, ай мен күннің тұтылуы туралы түсініктер, жаңбыр, тұман, ауа, найзағай туралы ғылыми түсініктер, дәрі-дәрмек туралы, дәрігерлік көмек жайында, малдың түрлі жұқпалы ауруларының сипаттамалары, оларды емдеу жолдары жөнінде, алғаш аспанға ұшу, пошта-телеграф қатынасы жайында, ақша айналымы, банк туралы мәліметтер, өнер-білімнің, оқудың пайдасы туралы хабар беретін мақалалар. Мысалы, «Күн тұтылғанның хабары», «Жер туралы», «Жердің үлкендігі мен қандай екенін сөйлейік», «Күн, түн, жаз басы, күз, жаз, қыс неліктен болатынын жаңалық», «Шар тақырыпты», «Ғауа тақырыпты», «Безгек дәрісі», «Чечек тақырыпты», «Адам бір жері отқа күйсе...», «Жизак қаласында қара малға чума деген ауру келіп еді, бұл ауруды жайылып кетпеске қылған амалдар осы», «Магеллан сөзінің аяғы», «Почта тақырыпты сөз», «Телеграф турасында бірнеше сөз айталық», «Оқу-жазу тақырыпты», «Білгіңіз келсе қай істі бастасаңыз оқусыз, ғылымсыз болмайды», «Банке қақында», «Шегіртке тақырыпты», «Алыста, күн шығар жақта» (Жапония туралы), «Орыс газетінде жазыпты ағаштан жасалған үй...», «Жібек құрты тақырыпты Россия газетінде осылай деп жазыпты», «Орыс газетінде жазылып келген хабар» (Ауғаныстан туралы), «Түркстан орыс газетіндегі хабар» (жұқпалы аурулармен күресу), «Орыс газетінде жазыпты біздің орыс жұртының өнерман адамдары...» (орыс кемесінің жер шарын айналуы туралы) т.б.

Жалпы «Түркістан уәлаяты газеті» осы секілді мақалаларды орыс тілінен аударып жариялай отырып, қазақ халқына сол кездегі түрлі ғылыми жаңалықтарды жеткізген. Яғни, газет қазақ тілінде ғылыми стиль мен аударма ісінің қалыптасуына өзіндік үлес қосқан. Ендеше бұл газетті «баспасөз бетіндегі ресми аударманы қазақ даласына алғаш әкелген газет» деп атау орынды [10].

«Дала уәлаяты газеті» орыс тілінде жарық көрген «Киргизская степная газетаның» қазақша нұсқасы болып табылады. Сондықтан да бұл газеттің аударма ісіне, ғылыми мәтінді аудару ісіне қосқан үлесі зор. Газеттің «ресми емес» бөлімінде жалпы ғылым-білімге қатысты, ғылым мен техниканың жаңалықтарына арналған, көпшілікке пайдалы мақалалар орыс тілінен аударылып беріліп отырған. Мысалы, «Мәскеу шаһары турасында», «Түрік халықтары», «Алтай тауы турада», «Ташкент қаласы турасынан», «Жапония деген жерде» (жанартау туралы), «Түркістан турасынан», «Сибирь турасынан», «Бұрынғы заманда адамдар қалайша жазуды үйренді», «Тасқа салынған суреттер һәм жазулар», «Біздің қазақ тілі туралы», «Мемлекет тілдері», «Не себептен жерлердің сілкінгені пайда болады», «Күннің күркіреуінің һәм күннің жарқылдағанының һәм жәйді түсірмейтін сайманның баяны», «Жер, күн һәм жұлдыздар турасының баяны», «Жер қимылдау қақында», «Жұғымтас науқас турасында», «Көкірек ауруға қылатын дәрі», «Мерезге қылатын ем дару», «Сибирская язва, яғни жамандату, топалаң, аусыл дертінің белгісі, һәм оның әуелгі уақытта емделуі», «Шешек ектірудің пайдасы», «Дәрігер жәрдемі», «Не себептен шешек ектіру керек», «Дерттің бәрін жазатын дәрі», «Дәрігер һәм дәрілер», «Ғылым хабарлары», «Ауаның жақсы, жаман болудағы белгісі», Құйрықты жұлдыз һәм ағатын жұлдыздар», «Әр түрлі ағаштар турасында», «Телеграф», «Кісілердің аспанға ұшқанының баяны», «Тартатын темекінің шыққаны турасында бұрынғыдан қалған сөз», «Шай һәм оны қалайша пайдаланалулар жиһан дүниенің әр тараптарында» т.б. Осылай ғылымның сан-саласын мейлінше қамтыған мақалалар арқылы тұрғындарға ғылыми жаңалықтардан хабар беріп отырған. Сонымен бірге аталған газет орыс тілінен аударма газет болғандықтан, оның бетінде аударма мәселесі де сөз болған. Онда аударманың тілі мен оның қазақ оқырмандарына түсінікті болу талаптары туралы пікірлер жарияланған. «Газет шығаратындардың мейлінше жәһәт қылатындары орысшадан переуад қылған мезгілде халден келгенше анық қазақ тілімен жазуға, оқитын қазақтарға ұғымды қылып». «Орысшадан переуад қылғанда тұп-тура сөз алдырмай, орысша ретіменен переуад қыламын деп әуре болу жарамайды. Әсіресе ұзақ сөздер келген уақытта наһу қағдасымен қосылған, сондай болғанда ұзақ сөздерді ретіменен бөліп әрқайсысын бөлек переуаддаб ортасын жөніменен қосу керек» деп сөзбе-сөз аударуға қарсы пікір білдіреді. Яғни, «Дала уәлаяты газеті» қазақ тілінде ғылыми стильдің, аударма ісінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан. Сондай-ақ газет бетінде аударма ісіне талап қоятын пікірлердің басылуы да бұл мәселенің бастауы осы кезеңде жатқандығын дәлелдейді.

Қазақ тіліндегі алғашқы журнал «Айқапта» да ғылыми түсінік беретін мақалалар жарияланып отырған. Ол үшін журнал бетінде арнайы «Кітаптар хақында һәм ғылым баптан кеңестер», «Библиография және ғылыми мақалалар» атты бөлімдер жұмыс істеген. Онда медицинаға, агротехникаға, тіл біліміне қатысты мақалалар жарық көрген.

Бұл мақалалар тілі қазақ оқырмандарына сәйкестендіріліп жазылған. Орыс тілінен аудару барысында қазақ ұғымына жат сөздер мен түсініктерге қарапайым тілмен сипаттама беріп отырған. Мәселен, пароход, теплоход, поезд, телефон, электр шамы сияқты сөздерді халыққа түсіндіру үшін «атсыз арба», «майсыз шам», «неше жүз шақырым жерден сөйлесетін құрал» деген секілді жолдармен түсіндіруге тырысқан: «Қаланың баласы білімді, ойлы. Ол таң қаларлық істер істейді. Отты дүние айналған теңізді кезеді. Айшылық жолды алты аттайтын атсыз арба жасайды. Майсыз шам жандырды. Неше жүз шақырым жерден сөйлесетін құрал жасайды, қанатсыз көкке ұшып, бұлтқа араласады» (А. 1912.1). «XIX ғасырда електірік деген жат нәрсе білінді. Бұл електірік күшімен қандай алыс жерден сөйлесуге болады. Сағатына 9–10 шақырым жер жүретін от арбалар шықты. Еуропаның зор қалаларының көшелерінде осы електірік арбалар адамдарды алып жүреді. Мұны трамбай деп атайды» (А. 1913.1).

Газет-журнал беттерінде бұндай мысалдар көптеп табылады. Бұл орыс тілінен ғылыми мақалаларды аударғанда халыққа барынша түсінікті болуды мақсат етіп, еркін баяндау тәсілімен аударғанын аңғартады.

Алғашқы қазақ баспасөз құралдары қазақ тілінде аударманың, ғылыми аударманың негізін қалыптастыруда көп еңбек сіңірді.

Сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары термин қалыптастыруға қомақты үлес қосқан. «Қазақтың мерзімді баспасөзі бұрыннан қолданылып келе жатқан сөздерді сол күйінде ғана пайдаланып немесе оларға жаңа мағыналық реңк беріп, тіркесімділік қабілетін арттырып, қызметін кеңейтіп қана қойған жоқ, сонымен бірге оларды жаңа мағынада қолданып, жаңа сөздер жасап та отырды. Тілде сөз жасаудың осы лексика-семантикалық жолы баспасөзде мықтап өркендеп, әдеби тілді дамытып, байытуға елеулі үлес қосып келеді [11]. Яғни, баспасөз беттерінде тілімізде ертеден қалыптасқан сөздерге жаңа мағына үстеу, мағынасын кеңейту, не тарылту мәселесі алғашқы қазақ газет-журналдарында да кездеседі. Сонымен бірге орыс тілінен аудару арқылы берілген ақпараттар тілінде аударма жолымен жасалған жаңа сөздер, аударылмай сол күйінде алынған сөздер де ұшырасады. Алғашқы қазақ баспасөзінде орын алған бұл үдеріс термин жүйесінің қалыптасуына да ықпал еткен. Жалпы алғашқы баспасөздегі терминдерді Б.Әбілқасымов үшке бөледі:

1) жалпы ғылымға, оқу-ағартуға байланысты терминдер — ғылым, ағач, су ғылымы (ботаника), тау-тас ғылымы (горное дело), жан-жануарлар ғылымы (зоология), ғұлама (профессор), ұстаз (учитель), шәкірд (ученик) т.б.;

2) лингвистикалық терминдер — әліфби (алфавит), қатты әуез (дауыссыз дыбыстар), лұғат (тіл), әуез (дыбыс) т.б.;

3) заңға байланысты терминдер — суд, жаза, абақты, залок, кефіл, жауабкер, адукет, куә, жан алу (присяга), ыхтияр (право) т.б. [7; 120].

Дегенмен де алғашқы қазақ баспасөзінде жарияланған ғылыми тақырыптағы мақалалардың тілін зерделегенде, бұдан басқа табиғаттану саласында қатысты — жер, күн, ай, күннің күркіреуі, найзағай, жер сілкінуі, жұлдыз т.б.; медицина саласына қатысты жара, жаралы, тән, дәркер (врач), макта, ұйқы тамыры (сонная артерия), дерт, дәрі, мерез, көкірек ауру, емдеу, ектіру, шешек т.б.; телеграф, пароход, теплоход, поезд, самолет, телефон, электр шамы, завод-фабрика сияқты техника ғылымдарына қатысты терминдер де кездесетіндігін байқаймыз. Яғни алғашқы қазақ баспасөзінің беттерінде термин сөздер ғылымның тек ғалым айтқан салаларымен шектелмейді екен.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында газет-журнал бетінде жарық көрген термин сөздер кейінірек тілімізде басылып шыққан алғашқы оқулықтардан да орын алды.

Белгілі терминтанушы Ө.Айтбайұлы қазақ тіліндегі ғылыми еңбектер аудармасы XX ғасырдың бас кезінен басталғанын айтады. Ол аталған кезеңде ғылымның медицина, биология салаларынан қазақ тілінде кітапшалар жарық көргенін айтып, оның себебін сол кезде қоғамда көбейген адам мен мал ауруларын емдеу қазақ ішіндегі бақсы-балгерлердің, емші-тәуіптердің қолдарынан келмегендіктен, оқыған азаматтар ауруларды медицина жолымен емдеу қажет деп түсінгендігінен іздейді. Және ол кітаптар қатарына «Афат яки холера әңгімесі» (1905), «Қышыманың турасында» (1906), «Адамның чумасы турасында» (1911), «Чечек еккендегі бірнеше ақыл» (1914) т.б. еңбектерді жатқызады [4; 168,169].

Алғашқы қадамын осылай бастаған аударма ісінде бірте-бірте қоғам дамуы салдарынан ғылымның әр саласында еңбектер жарық көре бастады. Ол еңбектер тілінде орыс тілінен аударғанда сөздердің орын тәртібін түпнұсқа тілдегідей қалдырып, қазақ тілі заңдылығына қайшы келу, орыс, татар, араб, парсы сөздерінің көптеп кездесуі сияқты кемшіліктер тілші-ғалымдар тарапынан аз айтылып жүрген жоқ. Дегенмен де, осындай түрлі кемшіліктерге қарамай, негізінен, оларды ғылым тілін қазақыландыруға әкелген бірінші саты деп түсіну қажет.

Жоғарыда аталған еңбектер XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы онжылдығында жарық көрсе, осы үдеріс одан әрі дами түсіп, XX ғасырдың 20–30-жылдарында қазақ оқығандарының ғылымның өзге де саласындағы аударма еңбектерімен жалғасып жатты. Мәселен, А.Байтұрсыновтың 1912–1928 жылдардағы жарық көрген тіл білімі саласындағы еңбектері, М.Дулатовтың «Есеп құралы» (1918), М.Жұмабаевтың «Педагогикасы (баланы тәрбия қылу жолдары)» (1922), Х.Досмұхамедовтің «Жануарлары» (1922), «Табиғаттануы» (1922), Е.Омаровтың «Пішіндемесі» (1924), Ж.Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі» (1924), «Психологиясы» (1926) Қ.Кемелгерұлының «Химиясы» т.б. көптеген еңбектерді жатқызуға болады. Бұл еңбектерде терминдердің басым көпшілігі орыс тілінен алынған терминдер болса, енді бір бөлігі тым шұбалаңқы құрылған терминдер деп те бағалап жүр. Әрине, бұл еңбектердегі атаулар өз тілімізге бейтаныс болғандықтан, ол атауларға балама табу өте қиын іс болды. Тіпті балама таппақ түгілі кейбір ұғымдарды бірнеше сөздермен әрең түсіндіруге болатын. «Ұғым барлық халықтарға ортақ болған соң ғана, оған балама табылады, ал ұғым бірінде бар, екіншісінде жоқ болса, эквивалент сөз түгіл, түсінік те болмайтыны белгілі нәрсе» [7; 259]. Сондықтан да ондай атауларды сол кездегі тілдік ортаның жағдайы, тіл білімінің даму деңгейі тұрғысынан бағалау қажеттігін айтып жүрген ғалымдар пікірін қолдаймыз.

XX ғасырдың басында жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздік ретінде 1926 жылы А.Өтембаевтың аударуымен жарық көрген «Орысша-қазақша әскер атаулары» сөздігі, 1927 жылы Н.Қаратышқановтың авторлығымен шыққан «Пән сөздері» сөздігі мен 1931 жылы жарық көрген «Атаулар сөздігі» еңбегін жатқызуға болады. Ол сөздіктер тілінде де термин қалыптастырудың жоғарыда айтылған барлық жолдары қамтылған. Мәселен «Пән сөздерінде» *құрал, кемер (борт), жетек (буксир), бұранда (винт), серіппе (пружина), тығырық (гайка), бөгет (дамба), тартар, қозғаушы (двигатель), ұршық (катушка), қорландырғыш (конденсатор), шүлдік (ось), бұранда кілт, бетін ашқыш (отвертка), іскек (поршень), бұрау, бастырық (рычаг), ілініс (сцепление), тасу құралы, көлік (транспорт)* сияқты көптеген төл сөздердің қатысуымен жасалған техникалық терминдермен қатар, «*аптамабл*», «*арматыр*», «*әспалт*», «*бәк*», «*бөренке*», «*бемпел*», «*енженер*», «*мәшине*», «*тірес*» сияқты өзге тілді сөздерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы арқылы қалыптасқан терминдер де көптеп табылады. «Пән сөздері» ғылымның барлық саласының терминдер жүйесін толық қамтыды деп айта алмаймыз. Қазақ қоғамы үшін ғылым мен техниканың көптеген салалары әлі жетік таныс емес тұста жарық көрген еңбек екенін ескерсек, бұл орынды да.

Ал «Атаулар сөздігінде» *кемер (борт), бұранда (винт), тығырық (гайка), бөгет (дамба)* сияқты терминдер жоғарыдағы еңбектегідей өзгеріссіз алынса, оған қоса *қозғаушы (двигатель), тәптіш (деталь), табақша (диск), сайман (инструмент), шапқыш (косилка), көпсіткіш (луцильный), піспек (поршень), бұрау (рычаг), сепкіш (сеялка), сүзгі (фильтр), шынжыр (цепь)* секілді жаңа терминдер қамтылған. Және *аптабоз, аптамабел, аптатыртранспорт, күлтібатыр (культуратор), трактор, матор, матасекіл, ыстанок, панар* тәрізді тіл заңына бағындырылып алынған терминдерді де кездестіруге болады. Бұл сөздіктердегі терминдердің де Д.С.Лотте көрсеткен тәсілдермен жасалғаны байқалады. Екі сөздік тілінде кездесетін терминдер арасында *сайман, бөгет, серіппе, көлік, сүзгі* сияқты көптеген терминдер қазақ тілінің термин жүйесінде тұрақтанып қалса, *тәптіш* секілді тіл мамандарымен мойындалмаған атаулар да бар. Алайда кейбір мамандардың осы *тәптіш* сөзін «деталь» терминінің қазақша баламасы ретінде қолдану мәселесін көтеріп жүргенін де айту керек. Аталған сөздің *әр нәрсенің байыбына жеткізіп, анық-қанығын ашып, тәптіштеп түсіндіру* деген мағынаны білдіретін тәптіштеу деген етістік туатынын ескерсек, бұл тұста мамандардың сөздің түпкі семантикалық мағынасына назар аударатынын аңғару қиын емес. Шынында да, тәптіштеп түсіндіру (детально объяснить) сөзінің мағынасы бүге-шүгесіне дейін жеткізіп, түсіндіру болса, техника құралының бүге-шүгесі сол деталь екені анық. Сондықтан да бұл мамандар пікірінің негізі жоқ емес. Дегенмен қазіргі кезде бұл терминнің *бәлік* деп бекітілгенін атап өту керек.

Жоғарыда аталған сөздіктер арасында аз зерттелгені «Орысша-қазақша әскер атаулары» еңбегі. Бұл еңбек туралы Е.Әбдірәсілов «Құрылымы мен құрылысы, терминдерді беру тәсілдері, аударып беру жолдары, кірме терминдерді қазақ тіліндегі нұсқасында жазу ұстанымы жағынан өз кезеңінде

шығарылған терминологиялық сөздіктерге, термин шығармашылығындағы ұстанымдарға ұқсас, сәйкес келеді» деп баға береді [12]. Аталған сөздік 2005 жылы Ш.Құрманбайұлының редакторлығымен қазіргі жазу емлесіне түсіріліп, қайта жарық көрді.

Ғылым мен техника саласында бұдан кейін жарыққа шыға бастаған оқулықтар мен оқу құралдарында осы сөздіктердегі терминдер толықтай қолданылды десе болады. Атап айтар болсақ, М.Әуезов аударған «Құрылыс материалдары» еңбегінде *ағаш, тас, құм, балшық, көпір, ірге, діңгек, көше, шатыр, еден* сияқты сөздерге терминдік мағына үстесе, *техникалық қасиет, шөкпелі заттар, табиғи зат, жасама зат, қалау тастары, жабу жұмысы* т.б. жаңа қолданыстар ұсынды. Еңбекте *кірпіш, пеш, жәшік, ізбес секілді өзгертіліп алынған және керамика, плита, минерал, бетон, шлак, битум* тәрізді өзгеріссіз қабылданған атаулар да орын алған.

Сонымен бірге 1930 жылдары баспа бетін көрген «Политехникелік мектепте электір жұмысы» (1931), «Отсыз жарық» (1932), «Техникалық насихат және оны ұйымдастыру» (1933), «Электрді шала білетіндерге көмекші» (1934), «Орта Азия Республикелерінің энергетика және ауыр өнерлі кәсібі» (1934), «Қимиа шабуылы» (1934), «Ғажайып сай» (1935), «Ауыл шаруашылық мәшинелері мен құралдары» (1936) сияқты еңбектерді де ғылыми-техникалық әдебиеттердің бастауы деп қарастырған жөн. Бұл еңбектерді жеке алып қарастырып отырған себебіміз жоғарыда айтылған 20-жылдардағы еңбектердің тілі, оларда қолданылған терминдер туралы бұған дейін де сөз болып жүр. Ал техникалық терминдерді қалыптастырудың алғышарты болып табылар бұл еңбектердің тілін зерттеп, ондағы термин қолданысы ерекшеліктері және олардың бүгінгі терминқорымызға қосқан үлесі туралы сөз ету міндетіміз деп санаймыз.

Жалпы, 1930–1940 жылдар аралығындағы ғылыми-техникалық аударма мәселесін сөз еткенде, алдымен бұл кезеңдегі еңбектердің дені аталған сала жаңалықтарын елге таныстыру мақсатында жазылғандығын айта кету керек. Ол туралы осы аралықта жарық көрген еңбектердің алғы сөздерінде де айтылады: «Бұл кітапта технике жағынан үгіт-насихат жазуға керек болған соң, түпкі темадан тысқары шығуға қажет болды. Бұның себебі құрғақ үгіт-насихат кітабынан әдеби тіл мен жазып, ғылым туралы жабайы оқушыны таныстырмақ. Атом және басқа түрлі ғылым мәселелерін соның үшін айтып кеттік» [13]. *«Ең алдымен кітапта қимиялық құбылыс бойынша электір күші пайда болу жағын айтып, іс жүзінде таныстыру үшін гірене лағыланыс, кәло (галло) сықылды элементтерін қолдан дайындау жағын көрсеттік. Екінші электірдің сым бойынша жүріп қыздыратын, жарық беретін күш барлығын білдіру үшін қысқа түрде электір төгі заңын (Ом заңын) жаздық. Үшінші электір құралдарына, электір мәшинелеріне сым орау туралы қысқаша мағлұмат беріп, электір магнетизм мәселесін енгіздік. Төртінші электір құралдарының қалайша жүруі туралы түсінік беріп, ол құралдармен іс жүзінде таныстыру үшін мәделдерін жасау жайын қостық»* [14].

Тағы бір дәлел ретінде еңбектердің аталуының өзін жатқызуға болады. Мәселен, «Электрді шала білетіндерге көмекші». Қазақ тілінде ғылыми-техникалық аударманың қалыптасуына негіз болған аталған еңбектердегі терминдердің жасалу жолдарын, олардың жазылу емлесін талдау жөн деп есептейміз.

Алдымен, 1931 жылы Қызылордада жарық көрген 47 беттік «Политехникелік мектепте электір жұмысы» еңбегін, 1932 жылы Қызылордада басылып шыққан 28 беттен тұратын «Отсыз жарық» еңбегі мен 1934 жылы осы қалада жарық көрген 88 беттен тұратын «Электрді шала білетіндерге көмекші» еңбегін, сондай-ақ 1934 жылы Ташкент қаласында жарияланған 64 беттен тұратын «Орта Азия Республикелерінің энергетика және ауыр өнерлі кәсібі» кітаптарын қарастыруды жөн көрдік. Ондағы себеп бұл еңбектердің барлығы бір ғылым саласына арналып жазылғандығы, әрі бұл сала — техникалық ғылымдардың бір бөлшегі екендігі.

Алғашқы «Политехникелік мектепте электір жұмысы» атты еңбектің авторы Айманұлы Жақып деп көрсетілген. Кітап негізінен қимиялық құбылыс бойынша электр күшінің пайда болуы, Ом заңы, электр құралдары, электр машиналары, электрмагнетизм мәселелері мен құралдардың қалай жұмыс істейтіндігін түсіндіру үшін модельдерінің жасалуы мәселесіне арналған.

Еңбекте *күш, аспап, тұз, күкірт, сым, күміс, мыс, өткізгіш, от тегі, су тегі, қышқылтым, қуат, салмақ, білік, мүсәтір, бөлшек* сияқты төл сөздерімізден жасалған және *элемент, электір, электролет, метал, электірод, радио, телепон, телегірап, матор, батари, бөлт, лампа, мәгінет, компас, сәнтіметір, мелліметір, мекірапон, істанок, піробке, кәллекір, подсебнек* тәрізді шет тілінен орыс тілі арқылы енген терминдер кездеседі. Соңғыларының бұлай жазылуын сол кездегі тілші ғалымдардың, жалпы бейлингвистикалық орта жағдайымен түсіндіруге болады.

Аталған еңбектердің екіншісінде, яғни «Отсыз жарықта» төл тіліміздің де, өзге тілдің де сөздері термин ретінде қолданылғанын байқауға болады. Төл тілімізден термин жасауға қатысқан сөздер қатарына *шыны сауыттар, сым, жарық, өткізгіш, білік, қызғыш, қоңырау, тарату тақтасы* сияқты көптеген сөздерді жатқызуға болады. Ал өзге тіл қорынан алынған термин сөздерге — *електір, мәнтөр, лампы, панар, ыстанса, мәгінет, телегірап, төк, электірлену, батарейе, пуржыйна, рубилник, реостат* т.б. терминдер жатады. Байқап отырғанымыздай, өзге тіл сөздері қазақ тілі заңдылықтарына бағындырылып жазылған. Сонымен бірге атау сөздермен қатар бұл жерде *електірлену, мәгінеттену, жалғастыру, қосу, орнату, тарату, өткізу* сияқты етістік тұлғалы терминдердің де қолданылғанын айту керек. «Егерде *електір төгін (қоңырау батарейесінен делік) кеспелтек темірдің маңындағы (жан-жағындағы) сымдарға жіберген болсақ, жаңағы кеспелтек мәгінеттенеді. Мұны электір мәгінеті дейді. Өне бойы тұратын сымға өткізгіш орнату керек болды* [14]. Жалпы «Отсыз жарық» кітабы халыққа электр жарығының қалай, қайдан, шығатынын түсіндіру үшін жазылғандықтан, тілі жеңіл, жатық.

Келесі «Электрді шала білетіндерге көмекші» атты еңбек 88 беттен тұрады. Авторы Д.И.Сахаров, аударған Талжанова деп көрсетілген. Бұл еңбек тілінде де төл тіліміздің термин жасау мүмкіндігімен қатар орыс тіліндегі сөздер пайдаланылған. Еңбек соңында аталған салаға байланысты шағын орысша-қазақша 2 беттік сөздік берілген. Кітап бетіндегі терминдерді шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады:

1) төл сөздерімізбен жасалған дара терминдер — *күш (сила), қуат (напряжение), тегеурін (мощность), шүмек (кран), кескіш (зубила), желі (система, цепь), екпін (напор), оңашалау (изоляция), үлгі (формула), нұр (луч), үйкелу (трение), тұтқырлық (сопротивление), шошала (будка), жаншу (давление), сиқы (модель), тиек (движок), жағу, тоғыстыру (включение), бақылағыш (контролер), ықпал (индукция), жұмырша (катушка), жинауыш (коллектор), бет (шкала), мырыш (алюминий), сілті (щелочь)* т.б. сөздер;

2) орыс тілінен өзгеріссіз алынған дара терминдер — *насос, тендір (тендер), уат (ват) килобат, бөлпірем, кілемм (клемм), мәлекүл, электірон, тыраныспорматыр, кәбіл, пәліс, әккүмүләтір, газ, іскіп (шквив), шунт, генератыр, барабан, потишпнік, статыр, ротыр, кәписент (коэффициент), асинқырон (асинхронно), электроскоп* т.б. сөздер. Бұл сөздер аударма тіл заңдылығына байланысты дыбыстық өзгеріске ұшыраған;

3) қазақ тілінің қосымшасын қабылдаған орыс тілді тұлғалы дара терминдер — *техникеші, бөлттік (вольтаж), синқырондас (синхронно)* т.б. терминдер;

4) қос тілдегі сөздердің тіркесуінен жасалған күрделі терминдер — *електір ағыны (ток), электір өткізгіш, электір саймандары, электір өріс басы (источник тока), жіберу (аттандыру) станциясы (отправительная станция), электір ағын қуаты (напряжение тока), алу стансасы (приемная станция), бөлт өлшеуіш (вольтметр), қызыл імпір нұры (инфракрасный луч), ауыспалы электір ағыны (переменный ток), тұрлаулы электір ағыны (постоянный ток), кәбіл желісі (кабельная сеть), беліс дөңселегіне ұқсас ротыр (ротор в виде беличьего колеса), мәгніттік сыпат (магнетизм), мәгніт алаңы (магнитное поле), Гәлбан өлшеуіші (гальванометр), телепон ықпалшысы (телефонный индуктор), жіберме реастат (пусковой реостат)* т.б;

5) қазақ тіліндегі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі терминдер — *өткізгіш сым (провод), қайтып оралу (циркуляция), жаншу өлшеуіш (манометр), нобай бейнесі (схема), бесеке тұтқырлық (удельное сопротивление), еріме қоруыштар (плавкие предохранители), шорт жалғастыру (короткое замыкание), жөңші кітап (справочник), жарыспа тоғыстыру (параллельное включение), кезекпен тоғыстыру (последовательное вклячение), табан шойын жолдары (рельсы), бейтарап сызық (нейтральная линия), су екпін серіппесі (гидравлический удар), ішкі (өзіндік) ықпал (самоиндукция), қозғалу қуаты (кинетическая энергия), кіндіктес шығыршық (контактные кольца), ағызылып тазартылған (дистиллированный)* т.б;

6) орыс тілі сөздерінің тіркесіп келуінен жасалған күрделі терминдер — *електір техникесі, кәспіресір мәшинесі, телегірам аппараты, электір мотор, турбин мәшинесі, электір техник* т.б.

1933 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Техникалық насихат және оны ұйымдастыру» атты 50 беттен тұратын еңбекте *индустриаландыру, электірлендіру, механикелендіру, қимиландыру* сияқты етістік тұлғалы терминдермен қатар *траныспорт, дібілгәтіл, кәмплекіс, кинорадио, киноматогірап, қуат, жылылық, өндіріс* тәрізді көптеген есім тұлғалы терминдер де кездеседі.

Техникалық терминдердің қалыптасуына көмек берген тағы бір оқулық 1936 жылы Қызылордада басылып шыққан «Ауыл шаруашылық мәшинелері мен құралдары» атты 495 беттен

тұратын еңбек. Бұл еңбекте ауыл шаруашылығына қажетті құралдар мен көліктер арнайы топқа бөлініп, барынша жетік сипатталады. Ауыл шаруашылық машиналары жалпы «*жер құйқасын өңдейтін машина-құралдар*», «*себу және отырғызу машинелері*», «*шөп жинайтын машинелер*», «*егін оратын жабайы машинелер*», «*молотилкелер, дән тазалайтын машинелер*», «*астық оратын комбайндар*», «*айрықша өсімдіктерді орып өңдейтін машинелер*», «*милирасия машинелері*», «*мал азығын өңдейтін машинелер*» деп бөледі де, әрқайсысын іштен тағы бірнеше топшаға жіктейді. Жалпы кітапта *күрек, кетпен, соқа, белдік, сым, білік, төлке, топса, тіркеу, тіреу, тақтай, тетік, тырма, көпсіткіш (қопсытқыш), шынжыр, сүйреткі, тырнауыш, тазалағыш, жырту, тілу, пышақ* сияқты төл сөздерімізбен қатар *трактор, селендр, корпус, рама, конструкция, марклер (марки), диск, култибатор, абтомат* секілді орыс тілінен алынған терминдер де қолданылады. Сонымен бірге ауыл шаруашылығына тән *шөп, тұқым, картоп, капуста, мая, пішен, егін, бау, зығыр, жүгері, қызылша, сабан, күнжара* т.б. атаулар мен *турағыш, ұсатқыш, ұндағыш, қазғыш, ұшырғыш, сорттағыш, байлағыш, қопсытушы, артқыш, сепкіш, салғыш* сияқты түрлі машина атаулары кездеседі. Оқулықта жалпы машинелерді тірі күшпен жүргізілетін машинелер және машина күшімен жүргізілетін машинелер деп бөледі.

Жалпы 1930 жылдары терминдерді қазақ тіліне аудару жұмысында термин жасауда тілші-ғалымдар жіктеп берген тәсілдердің барлығы да қолданылған.

Бұл кезеңде ғылыми-техникалық аударма әдебиеттер тілінде ғылымды қазақыландыру ұстанымы басым болғандықтан, төл сөздеріміз арқылы жасалған терминдер көптеп кездеседі. Олардың арасында сәтті-сәтсіз шыққандары да бар, алайда аталған уақыттың аударма ғылымы үшін маңыздылығы — ғылыми-техникалық мәтінді оның ішінде нақты бір салаға арналған әдебиетті қазақ тіліне аудару ісіне бастау болғандығы. Ал кез келген жаңа бастамада кемшіліктер орын алары заңдылық. Дегенмен де 1920–1930-жылдары қазақ тілінде жасалған көптеген терминдерді қазіргі тілші ғалымдар да, сала мамандары да мойындап отыр.

Одан кейінгі кезеңдерде, яғни 1940–1990 жылдар аралығында, қоғамда орын алған тіл мәселесіне, тілдік ортаға байланысты ғылыми-техникалық аударма әдебиет тілінде, әсіресе терминдер аудармасында орыс тілі үстемдік жасады.

1940 жылдары халықаралық терминдерді аудармай қабылдау туралы Н.Сауранбаев былай дейді: «Ескі сөздік қор өз заманында жеткілікті, толық болғанмен, қазіргі жаңа ұғымды атауға сапа жағынан да, сан жағынан да жеткіліксіз болды, шахта, театр, актер, режиссер, депутат, инженер, роман, пьеса, кафедра, мотор, диалектика, логика, эстетика, проекция, оптика, хлор, академия т.б. сөздерге қазақ тілінің сөздік қорында сай келетін сөз жоқ, сондықтан оларды сол қалпымен алу керек». Одан әрі ойын нақтылай келе, 30-жылдардың соңына дейін *жоспар, пішіндеме* деп қолданылған *план, геометрия* деген сөздерді 40-жылдардан бастап өзгеріссіз алынғанын айтып, бұның себебін *пішіндеме* мен *жоспар* геометрия және план деген терминдердің мағынасын толық бере алмайды. Мұндай терминдерді аудармау керек», — деп түсіндіреді.

Н.Сауранбаевтың бұл пікіріне үн қосқан Қ.Шәріпов өзінің «Терминдеріміз тұрақты болсын» деген мақаласында: «...терминдеріміз көпке дейін өзгермейтіндей етіп, қолдан келсе ешуақытта өзгермейтіндей етіп, қайта қарап шығуымыз керек... Агитация мен пропаганда деген терминдерді бір кезде «үгіт», «насихат» деп келдік те, кейін насихатты «пропаганда» дейтін болдық... екеуі де шетелдік термин. Осыны ескеріп, бұларды агитация мен пропаганда күйінде қалдырып отырмыз. Демек, пропагандист, агитатор, агитколлектив, агитпункт деген терминдер сол қалпында қабылданады», — дейді [15].

1930-жылдары қазақ терминологиясында орыс тілінен өзгеріссіз қабылданған терминдер қазақ дыбыстарына сәйкестендіріліп жазылса, одан әрі, яғни, 30-жылдардың аяғында, тілімізге орыс алфавитіне тән дыбыстар енгізілгеннен соң, олар жаңа әліпби бойынша жазылды. Оның себебін М.Балақаев былай түсіндіреді: «Солай жазудағы мақсаттың бірі — термин сөздердің тұрқын бұзбай болса, екіншіден, бір сөзді әркім әр түрлі жазбай, бір түрлі жазып, олардың емлесін оңайлату еді... бұрыннан өзгертіліп айтылып, өзгертіліп жазылып жүрген *станса, Ресей, фабрика, тауар, жағрапия* деген сөздер де *станция, Россия, география, товар, фабрика* деп орысшасындағыдай дұрыс жазылатын болды» [2; 104].

Сонымен, 1930-жылдардағы ұстанған жоғарыдағы қағидадан бері қазақ тіліне шет тілдік терминдер аударылмай алынды. Бұл үдеріс арқылы сөздік қорымызда шет тілдік сөздер үлесі көбейе түсті. Және бұл жағдай 1990 жылдарға дейін сақталып келді. Яғни, қазақ тілі терминологиясын

қазақыландыру үдерісі алаш зиялылары кезеңінде мықтап қолға алынған болса, кейінірек ол үдеріс мүлдем басқа бағытты ұстанды.

Мәселен, 1958 жылы жарық көрген 2 бөлімнен тұратын «Машинатану жөнінен жетекші құрал» атты оқулықта *күш, дөңгелек, жүріс бөлігі, жетектеуіш, серіппе, оталдыру, қоспа, қуат, үйкеліс, майлау, жұдырықша, өзекше, сырга* сияқты санаулы ғана терминдер қазақ тіліне аударылған. Сонымен бірге еңбекте кей терминдердің екі тілдегі нұсқалары қатар беріліп отырған. Мәселен, *үрлегіш, айдағыш (компрессор), бобышкі (күшейтілген ойықтар), қалқандар (перегородки), төсем (прокладка), шплинт (мұрындық), жақтар (щеки), ілініс қабы (кожух), жағар май (смазка), қалыптар (колодки)*. Бұл терминдердің кітап бетінде мұндай жолмен берілуі терминдердің тіл білімінде осы нұсқасында бұған дейін көп қолданылмағандығынан не мүлдем қолданылмағандығынан деп есептейміз. Сөзімізге дәлел ретінде аталған терминдер ішінде тек *колодка* сөзі «Атаулар сөздігі» мен «Пән сөздерінде» және *компрессор* сөзі «Атаулар сөздігінде» берілгенін, оның үстіне *компрессор* сөзі *кәсіпкерлер* (ауа жиғыш мәшине) деп аударылғанын алға тартамыз. Сонымен қатар *прокладка* сөзі бұдан кейінгі машина құрылысына қатысты еңбектерде бірден *төсем* деп аударма нұсқасымен алынған (1966 жылғы «Машинатану» еңбегі). Бұның өзі қоғам дамуының әр кезеңінде тілімізде төл сөздеріміз арқылы мүмкіндігінше жаңа терминдер қалыптасып отырғанының белгісі.

1966 жылы жарық көрген «Машинатану» оқулығында 1958 жылғы жоғарыда аталған еңбектің тілінде орыс тіліндегі нұсқасымен берілген кейбір терминдер де қазақ тіліндегі нұсқасымен қатар берілген. Олар: *топса (шарнир), төлке (втулка), тірек (подшипник)* секілді санаулы терминдер. Мұндағы *топса* сөзі «Атаулар сөздігінде», ал *төлке* «Пән сөздерінде» дәл осы нұсқасында келтірілген. Аудармашылардың бұл жерде терминдердің қазақша нұсқасын аталған сөздіктерден алғаны байқалады. Сонымен бірге қарастырылып отырған екі еңбекте де *сүргілеу, бұрғылау, сору, оталдыру* тәрізді төл сөздерімізден жасалған етістік тұлғалы терминдер кездеседі.

Негізінен, аталған еңбектердің екеуінде де жоғарыда біз мысал еткен сөздерден басқа терминдер толықтай орыс тіліндегі нұсқасымен берілген. Бұдан соңғы жылдары шыққан аударма еңбектердің тіліндегі терминдерді аударуда ерекшеліктер болған жоқ. Сол 1940 жылдары басталған ғылым тілін халықаралықтандыру үдерісі 1990 жылдарға дейін жалғасты. Сондықтан да бұл кезеңдегі ғылыми-техникалық мәтіннің, терминдердің аударылу жағдайын анықтауға осы екі әдебиеттің аударма тілін талдау жеткілікті деп санаймыз.

Қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық аударма үдерісінің даму кезеңдерінің соңғысы туралы, яғни 1990 жылдардан басталатын қазіргі кезеңді сөз еткенде кей ғалымдардың терминдерді қазақ тіліне аудару мәселесінде бұл кезеңнің 1920–1930-жылдармен ұқсастығы барлығын атап жүргендерін айтып кету керек. Біз қазір 1920–1930-жылдары басталған терминдерді қазақ тіліне аудару үдерісін арада ұзақ жылдық орыстану саясатынан болған үзілістен соң қайта жалғастырып отырғандаймыз. Бұл кезеңдегі ғылыми-техникалық терминдердің берілуінде терминжасамның барлық тәсілдері толығымен қатыстырылып жүр десек те, болады. Әрине, техникалық терминдер қатары ұлт тілінде жасалған атаулармен толығуда. Тек зерттеуші Н.Уәлидің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты докторлық жұмысында халықаралық терминдерді пайдалану үрдісі Еуропада бастау алғанын айтып, оның себептерін де атап көрсететіндігін, ал Кеңес дәуірінде қазақ тіліне орыс тілінен тікелей қабылдау үрдісін қалыптастырған саясатты әсіре интертерминшілдік деп, қазіргі кезде орын алып отырған ғылым тілін қазақыландыру барысында артық кетіп жатқан тұстарды әсіре аудармашылдық деп атайтындығын айта кету керек [16].

Сонымен, қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық аударма ісінің қалыптасуы, даму кезеңдері шартты түрде 4-ке бөлінеді. Бұл кезеңдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Ғылыми мәтінді қазақ тіліне аударудың алғашқы нұсқалары қазақтың мерзімді басылымдарында беріліп отырды. Одан кейінгі 1920–1930-жылдары қазақ тілінде алғашқы нақты ғылым салаларына, оның ішінде техникалық ғылым салаларына арналған еңбектер жарық көрді. 1940–1990-жылдар аралығында ғылым тілін халықаралықтандыру үдерісі орын алса, тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде бұл жұмыс бірте-бірте жолға қойылып келеді. Дегенмен де әр кезеңде терминдер мүмкіндігінше қазақ тіліне аударылып отырғандығы белгілі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. — Алматы: Мектеп, 1961. — 25-б.
- 2 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. — Алматы: Ғылым, 1984. — 184 б.
- 3 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV–XIX ғасырлар). — Алматы: Ана тілі, 1993. — 26-б.
- 4 Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (қазақ терминологиясының негіздері). — Алматы: Рауан, 1997. — 240 б.
- 5 Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Мектеп, 1968. — 78-б.
- 6 Субханбердина У. Дала уәлаятының газеті. — 5-кіт. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. — Алматы: Ғылым, 1996. — 17-б.
- 7 XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі / Жауап. ред. Б.Әбілқасымов. — Астана: Елорда, 2000. — 344 б.
- 8 Тұрарбеков З. Әдебиеттер достастығының дәнекері (қазақ аударма өнері жайлы ойлар). — Алматы: Қазақстан, 1977. — 82-б.
- 9 Жүсіпбек мұралары // Қазақ әдебиеті газеті. — 1989. — 6 қаңт. — 113-б.
- 10 Момынова Б. Газет лексикасы жүйесі мен құрылымы. — Алматы: Арыс, 2003. — 29-б.
- 11 Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. — Алматы: Қазақстан, 1983. — 90, 91-б.
- 12 Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері: Филол. ғыл. д-ры ... дис. — Алматы, 2007. — 22-б.
- 13 Ентон Н. Ғажайып сай / Ауд. Уәлиханұлы. — Ташкент: ӨзбекКСР мемл. баспасы, 1935. — 4-б.
- 14 Айманұлы Ж. Политехникелік мектепте электір жұмысы. — Қызылорда: Қазақстан, 1931. — 4-б.
- 15 Сауранбаев Н. Қазақ әдеби тілі және оның терминологиясын жасау туралы // Социалистік Қазақстан. — 1941. — 30 мамыр.
- 16 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Филол. ғыл. д-ры ... дис. — Алматы, 2007. — 258-б.

А.Н.Насыритдинова

Этапы формирования научно-технических терминов в казахском языке

С развитием науки и техники происходит образование новых терминов разных сфер деятельности. Автор рассматривает современное состояние технических терминов, не обходя вниманием проблему их становления и развития. В статье выделено 4 этапа формирования технических терминов в казахском языке. На основании научно-технических переводов каждого из них определено состояние формирования и развития технических терминов в казахском языке.

The development of science and technology involves the formation of terms from different fields. As a matter of fact about the state-of-the-art of technical terms, we can not avoid the problem of their formation and development. For this purpose, the stages of formation of technical terms in the Kazakh language were identified in the article, which were divided into 4 stages. On the basis of scientific and technical translations of each stage were determined the state of formation and development of technical terms in the Kazakh language. And was noticed that at the each stage of technical term development all methods of term formation are used.

С.Ә.Рахымберлина

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Бейресми есімдердің тарихи негіздері**

Мақалада бейресми есімдердің, нақтырақ айтқанда, бүркеншек және лақап есімдердің тарихи негіздері қарастырылды. Тарихи даму барысында адам есімдері де өзгерістерге ұшырап отырады. Зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, мақала авторы қазақ тіліндегі бейресми есімдердің қалыптасу тарихын барлауға талпыныс жасады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен алынған тілдік материал негізінде қазақша бүркеншек және лақап есімдерді талдау барысында кісі есімдерінің ұлттық болмыс пен ұлттық сананың маңызды бөлігі болып табылатынын дәлелдеді.

Кілтті сөздер: есім, кісі есімі, төл есім, бейресми есім, бүркеншек есім, лақап ат (есім), антропонимика, есімдер тарихы, тарихи кезең (дәуір), ұлттық болмыс, ұлттық сана.

Жалпы ономастика сияқты, антропонимиканың да бірінші заңдылығы — оның тарихилығы. Зерттеушілердің атап көрсеткеніндей, тарихтан тыс ешқандай құбылыстың болуы мүмкін емес. Себебі бүгінгі жаңалық — ертеңгі тарих. Тарихтың қозғаушы күші адам болғандықтан да, адам өмір сүрген кеңістік пен уақыт адамзат тарихының бір беті. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына себепші факторлардың негізгісі — тіл десек, тілдің ауқымды бөлігін құрап отырған есімдер ұлттық ерекшеліктің негізін құраушы фактордың бірі. Халықтың тарихымен біте қайнасып келе жатқан есімдер тарихы түрлі қоғамдық-саяси, шаруашылық-экономикалық, мәдени-тұрмыстық жағдайларға байланысты өзгерістерге ұшырап, сонда да болса, өзінің табиғатын бар болмысымен сақтап отырады. «Әр тарихи кезеңдегі қоғамдық формацияның сол кездегі тілдік, мәдени ортаның өзіне тән ономастикалық бірліктер репертуары болғандығы белгілі. Кез келген онимдік атаудың артында үлкен фондық білім жасырын тұр, алуан түрлі энциклопедиялық ақпараттар желісімен байланысты болып келеді. Мәселен, көне түркі жұртына ортақ Білге бабаның, берідегі Абай, Сүйінбай, Махамбет т.б. есімдері немесе Ордабасы, Аңырақай сияқты топонимдер төңірегінде қаншама аялық білім бар десеңші!» — деп атап көрсетеді ономаст-ғалымдар [1].

Есімдердің тарихына байланысты ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне жасалған талдау нәтижесі және халықтың бай ауыз әдебиетінің мысалдары алғаш лақап есімдердің пайда болғанын дәлелдейді. Бірақ ол қазіргі біздің түсінігіміздегі лақап есімнен сәл басқа. Ұқсастығы — оның да қазіргі лақап есімдердей түр-тұлға мен мінез ерекшеліктерін көрсететін есім екендігі болса, айырмашылығы — қазіргідей кісінің төл есіміне қосымша есім емес, негізгі есім болғандығы. Аңыз-ертегілердегі Дәу, Қаңбақ шал, Жезтырнақ, Көлтаусар, Желаяқ, Таусоғар, Шық бермес Шығайбай, Жиренше, Төстік, Жалмауыз сияқты «сөйлеуші есімдер» бұған куә. Белгілі антропонимист-ғалым Т.Жанұзақов халық ертегілеріндегі Тоңқылдақ, Шіңкілдек т.б. халық ойынан, шексіз қиялынан туған қойылған лақап аттар екенін айтады [2; 77].

Адамдар ұжымдық одаққа біріккенге дейін де бір-бірін ажырату, айыру үшін бойындағы көзге алғаш іліккен ерекшеліктері негізінде лақап есімдер қолданылуы мүмкін. Ұлттық тарихтың алғашқы деректері — шежірелерден аталған құбылыстың нышандарын байқауға болады: «Қазақ құрамына енген қыпшақтар шежіре бойынша негізінен Қарақыпшақтың ірі-ірі бес атасынан (*Ұзын, Бұлтың, Көлденең, Қарабалық, Торы*) бөлінеді («Қазақ шежіресі»).

Тарихтың қай кезеңінде де тілімізге екі құрылымды есімдер жүйесі тән болғаны белгілі. Бірі — кісінің өз есімі болса, екіншісі — не әкесінің аты, не ру, ата-тегі, не шыққан жері, не қызмет-мансабы, титулы, не қандай да бір қасиеті негіз болған лақап есімі. Ел басқарған хан мен сұлтан, ел мен жерді қорғаған батыр, ел тағдырын шешкен би мен шешен есімдері бұған дәлел: Мөде қаған, Білге қаған, Өз Тәуке, Абылай хан, Еңсегей бойлы Ер Есім, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Мәшһүр Жүсіп, Бауыржан Момышұлы т.б.

Кеңес дәуірінде жалпыға міндетті саналған үш есімді жүйенің тілімізде толық мәнінде қолданыс таппағаны белгілі. Өйткені қандай да болмасын есімдер жүйесінің күрделенуі — есімдердің ажырату, айыру қызметтерінің әлсіреуінен туатын қажеттілік. Катал канонизация ұсынған шектеулі есімдер тізімі мұндай қажеттілікке көптеген тілдерді, оның ішінде орыс тілін де алып келді. Орыс ғалымдарының есімдердің ең басты қызметі — айыру қызметін үш есімді жүйенің өзі атқара алмауға

айналғанын, тек Мәскеудің бір өзінде ғана мың Иван Иванович Ивановтардың бар екенін, бұл мәселені шешудің жолдарын ұсынған пікірлері — осыған куә [3]. Мұсылман дінінің келуімен тілімізге араб есімдері көптеп енгенімен, арнайы шектеу қойылмағандықтан, төл есімдеріміз де кең қолданыс тауып отырды. Қандай да бір шағын ортада күнделікті қарым-қатынас барысында адамның не өз есімінің, не лақап атының қолданылуы жеткілікті болды. Себебі тіліміздегі есімдердің бай қоры бұл қажеттілікті толығымен орындай алды деуімізге болады. Абай, Жамбыл, Махамбет, Исатай т.б. есімдер ұлттың когнитивтік санасынан берік орын алып, қосымша есімді қажет етпей-ақ қолданыла береді. Есімдердің жеке қолданылуы есім бойындағы энциклопедиялық ақпараттың молдығы, көпшілікке танымалдығы сияқты факторларға тікелей байланысты (қазіргі кезде атақты өнер иелерінің халыққа кейде өз есімімен, кейде бүркеншік есіммен танылуы осының айғағы. Мысалы, *Роза, Мақпал, Бүркіт* т.б.).

Кез келген есімнің тарихы белгілі бір кезеңнен бастау алып, өз дамуында түрлі сатылардан өтеді. Қоғамдық формация, түрлі әлеуметтік жағдай, ұлттық ерекшелік, мәдениет жаңалықтары есімдердің барлық түріне өз әсерін тигізбей қоймайды. Тіліміздегі есімдердің тарихы арқылы бейресми есімдердің өз дамуында қандай сатылардан өткенін байқауға болады. Көпшілікке мәлім, Т.Жанұзақов қазақ есімдерінің тарихын төрт дәуірге бөліп қарастырады. Бұл көне түркі дәуірінен кеңес дәуіріне дейінгі мерзімді қамтыса, зерттеуші Ү.А.Мұсабекова еліміздің егемендік алып, қоғамның өзгеруімен қоса өзгерген сана жемісі — 90-жылдардан бергі есімдерді бір дәуір, яғни қазақ есімінің V дәуірі деп атайды [4]. Аталған бес дәуір кісінің тек өз есімдері ғана емес, бейресми есімдерге де қатысты.

I-дәуір көне түркі заманын, яғни, V–VIII ғасырлардағы антропонимдерді қамтиды. Түркі антропонимиясы сөз болғанда айналып өте алмайтын бір мәселе — түркі халықтарындағы есімнің ауысып отыруы туралы деректер. «Тюрки не носили одного и того же имени от рождения до смерти, как европейцы. Имя тюрка всегда указывало на его положение в обществе. Мальчиком он имел кличку, юношей — чин, мужем — титул, а если это было хан — то титул менялся согласно удельно-лестничной системе» [5; 89]. Осы орайда жазушы Қ.Салғараұлы Түрік қағанатының атақты Мухән қағанының төл аты — Құшу, жігіт кезіндегі аты — Сыдоу (Сыжин), елге танылған аты — Иәнду (жеңімпаз), мансапқа ие болғандағы аты — Кигін Муюй-хан, ел билеушісі болғандағы аты — Мухән қаған болғандығын айтады [6]. Қазақ есімдерінің тарихын жан-жақты зерттеп-зерделеген ғалым Т.Жанұзақов мұның негізінің көне түріктердің қоғамдық мемлекеттік құрылысы мен ішкі тарихи жағдаяттарында жатқанын айтады [2; 35].

Ғалымдардың зерттеулеріне назар аударсақ, есімнің ауысып отыруы тек түркі халықтарында ғана кездеспейтінін, бір-бірінен қашық орналасқан, бір-бірімен алыс-берісі, яғни қатысы жоқ елдерде де осы дәстүрдің белең алғанын байқауға болады. Батыс Африкадағы моси негрлер тайпасында жасөспірімдер үлкен өмірге дайындалу үшін бөлек өмір сүреді. Осы кезде олар жаңа ат алып, оны өздерінен басқа ұстаздары ғана білетін болады. Ересек болған кезде де басқалар жоқта ғана бірін-бірі осы есімдерімен атайтын болған. Тәжіктер бала кәмелетке толғанша өз есімін атамай, шартты атпен жүрген. Қытайда, Жапонияда, Кореяда жас ерекшеліктеріне қарай есімдер де ауысып отырған [3; 21].

Есімнің өзгеріске ұшырауына әсерін тигізуші бірнеше факторды атауға болады. Ең негізгі себебі — есімнің құдіреттілігіне деген сенім. Адам (жан) мен оның есімінің арасындағы байланыс тән мен жанның байланысынан да күшті, адамның тағдырына жауапты бірден-бір күш деген ой саналарын билеген бабаларымыз есімнің құпия сақталуына бар күштерін салған. Осы құбылыстың монғол тіліндегі көріністері туралы Н.Л.Жуковская: «Есімді ауыстырудың тамыры өте ескі дәуірлерден басталады. Есім иесін зұлым күштерден аулақ ұстау үшін есімді атамайтын шамандық дәстүрге байланысты болған. Монғол қоғамының таптарға жіктелуі кезінде аристократия мен халық арасында түрліше көрініс тапты. Қатты аурудан жазылғаннан кейін үстем тап өкілдерінде титул бойынша атауға, халық арасында есімін өзгертуге, баланың өлімі жиі кездескен отбасыларында сүйкімсіз, нашар есімдермен атауға әкелді», — дейді [7; 10]. Сол сияқты қалыптасқан дәстүрге байланысты есімдерге табу салу, атамау. Ол қазақ қоғамында әйел адамның күйеуінің туған-туыстарының есімдерімен байланысты. Есімнің ауысуына қандай жағдай әсер етпесін, ең басты ұстаным — есім бойындағы ақпараттың молдығы, сол арқылы аталушының кім екендігінің тез де дәл анықталуы. Яғни есімнің ажыратушылық қызметінің мүлтіксіз атқарылу кепілдігі.

Көне түркі ономастикасын зерттеуші В.У.Махпиров адамның өз атының бұл ескерткіштерде мүлдем аз кездесетінін айта келіп, аталмыш қоғамдағы басты антропонимикалық категориялар ретінде ер аты, ру аты, династиялық есім, титул сияқты түрлерін көрсетеді: «Типичными персонифицированными титулами в древнетюркском обществе являются компоненты антропонимов

тюркских каганов: *Иль-каган* — титул Бумин кагана, *Эльтериш каган* — персонифицированный титул Кутлука, основателя тюркского каганата, *Капаган-каган* — тронный титул Мочжо, брата Эльтериша, *Богю-каган* — уйгурский правитель, принявший манихейство и проч. Персонифицированные титулы правителей были известны многим историко-культурным типам общества (ср.: имена русских правителей — Ярослав Мудрый, Иван Калита, Иван Грозный и проч.) [8]. Н.В.Подольская соңғы есімдерді «прозвище возвеличивающее», яғни адамның ерекше қасиеті мен қызметін көрсететін мелиоратив лақап есім, деп қарастырады [9]. Біз де осы пікірді қолдаймыз.

Түркі халықтарының өмірі мен тарихын, этнографиясын көп зерттеген ғалым Л.Н.Гумилев басқа ел тарихшыларының түркі тарихына қатысы бар мәліметтерінде түркі есімдері танымастай болып өзгеретінін, көбіне титул кісі есімі орнына қолданылатынын баса көрсетеді [5; 89].

Есімнің қоғамдық қызметі қоғам мүшелерін атау және бір-бірінен ажырату болса, көне түркі ономастикасында осы міндетті орындау «басқа есімдерге» жүктелді. Ол — адамның (азаматтың) алғашқы ерлік қадамын көрсететін «ер аты», шен-дәреже, лауазымының көрсеткіші — «титул», бойындағы ерекше қадір-қасиет не кемшілік — «лақап», руы, ата тегі, туған, шыққан жері, айналысатын ісі, қызметі. Есімнің неғұрлым көп болуы — есімінің ұрпақтан ұрпаққа тарауының, жетуінің негізі деген түсінік болған.

Лақап араб тіліндегі «титул, атақ-шен» емес, орыс тіліндегі «прозвище» қызметін атқарады, көне түркі жазба ескерткіштеріне зерттеу жүргізген ғалымдардың деректері осыған саяды. Түрлі титулдарды білдіретін есімдерді лақап есімдерге жатқызуға бола ма, әлде өздері ерекше бір топты құрай ма, осы арасын ажырату үшін көне деректерге, ғалымдардың ой-пікірлеріне назар аударайық.

Көне түркі жазба ескерткіштері деректері жоғарыдағы аталған есімдердің алғашқы үшеуінің жиі кездесетінін көрсетеді. Бала 10–12 жасқа жетіп, алғашқы ерлік қадамынан өткеннен соң «ер атына» ие болады. «Ер аты» — көне түркі антропонимиясындағы жиі әрі кең қолданыста болған есімнің түрі. «...оно выходило за рамки не только семейно-родовой общности, но и за рамки племени и распространялось на все войско и, следовательно, на все государство» [10; 32]. «Ер аты» туралы мәліметті ауыз әдебиеті нұсқаларынан да, ғалымдардың зерттеу еңбектерінен де жиі кездестіруге болады. Осындай бір дерек Орхон өзені бойынан табылған Күлтегінге арналған ескерткіштің үлкен жазбасында беріледі: «Он йашта, Умаі тағ егім қатун кутыңа інім Күлтігін әр ат болты» (Он жаста, шешем Құдайдай қатынның бағына, інім Күлтегін ер атанды) [11; 177].

Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» еңбегінде Манас есіміне қатысты «Ұлан бірінші ерлік қадамын өткенше (бас кесіп, қан төккенше) оған ат қойылмайды. Оғыз бен қыпшақтарда, тағы басқа түркі тайпаларында ұлан қаһармандық көрсетпейінше — оған ат қоймаған. Манас та 12–14 жасқа дейін шартты атпен жүрген (Бокмұрын, Итбай т.б.)» дейді [12]. Яғни «ер аты» — жас баланың азамат, жігіт болуының көрсеткіші. Қиын-қыстау, жаугершілік заманда сапқа қосылған әрбір жауынгер-сарбаздың орнының қандай екені түсінікті. «Можно предположить, что в отмеченных случаях сохранились отголоски древних обрядов посвящения» [10; 22].

Титул мен лақап ат және кісінің шын атының әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, араларындағы байланысты анықтау — көне түркі антропонимикасындағы күрделі мәселе. Көне түркі тарихы мен мәдениетін зерттеуші В.В.Радлов, С.Е.Малов, Н.А.Баскаков, И.А.Батманов, тағы басқа ғалымдар еңбектерінде Орхон-Енисей, Талас т.б. ескерткіштер жазбаларында кездесетін антропонимика материалдарына қатысты өз көзқарастарын білдіріп отырған. Көпшілік жағдайда есімдердің этимологиясы сөз болғандықтан, ғалымдардың этимология туралы ойларына тоқталмай-ақ, Т.Жанұзақовтың пікіріне сүйенгенді жөн көріп отырмыз.

Т.Жанұзақов жазба ескерткіштердегі есімдерді құрылымдық типіне қарай төрт топқа жіктейді: дара тұлғалы, туынды тұлғалы, екі құрамды және көп құрамды. Есімдердің соңғы екі түрінің компоненттері *улығ, тутук, алп, тіріг, кулуг, куч, тегин, ынамчы, каган, кан, баг, билге, бори, барс* т.б. болып келетініне, бұл сөздердің көне түріктер қоғамында әлеуметтік-саяси терминдер ретінде қолданылып, сол кездегі адамдардың қоғамдағы орнын, титул, атақ-дәрежесін көрсеткенін, ал күрделі есімдермен қатар тұрғанда ол адамның ерлік, батырлық қасиетін т.б. ерекшелігін білдіретін эпитет ретінде де жұмсалғанына тоқталады [2; 32]. Ғалымның бұл пікірін 1897 жылы Селенга өзені бойында табылған Тоныкөкке арналған ескерткіштегі жазулар айғақтай түседі: «*Bilqa Tонуquq ban ozum...*» [11; 61–64].

Титул, атақ-шенді адамның белгілі бір қоғамдағы дәрежесі, қызметтік лауазымы деп қарастырсақ, ал эпитет оның бойындағы адами қасиеті, ерекшелігі. Екі арасын айыруда И.А.Батмановтың пікірі көңілге қонымды. Шен, дәреже, титул, атаққа тән деп: *кам, баг, бай, тегин,*

чур (ең жоғарғы титулдардың бірі), *тутук* (ру басы), *саңун* (қолбасы), *ыначы*, *катун* (ханзада, бикеш) тәрізді сөздерді жатқызса, эпитеттерге *бори*, *барс*, *билге* сөздерін жатқызады [13].

Осы орайда түсініктеме бере кететін бір жайт бар. Араб тіліндегі «лақап» сөзі атақ, шен-дәреже, титулдың көрсеткіші екендігі мәлім. Екеуінің де негізінде адам бойындағы ерекшелік, басқаға ұқсамайтын даралық қасиеттер жатқанына қарамастан, түркі руникалық ескерткіштерін зерттеушілер титулды бөлек, ал лақап есімді бөлек қарастырады. Десек те, осы екі арадағы шекараның өзінің анық болмауы, бір есімнің бірде титул, бірде лақап деп көрсетілуі жиі кездесіп қалады. Деректерде Білге ханның батылдығы мен ержүректігі үшін «*Богю*» (батыр) лақап есімін алғандығы айтылады. Ал, «*Білге*»-нің өзі жоғарыда көрсетілгендей, «ақылды», «дана» эпитетінен жасалған лақап есім. Бұдан атақты ханның бойындағы ерекшелігіне, іс-әрекетіне сай бірінен соң бір лақап есімдермен аталып отырғанын байқаймыз.

«Жазба ескерткіштерде және басқа деректерде негізінен мемлекет қайраткерлерінің титулдары мен лақап аттары көрсетілген. Олар: Тоныкөк, Білге хан, Күлтегін, Қапаған хан т.б. Бұлар шын аттар емес — лақап аттар. Бұған ескерткіштердегі материалдар толық дәлел. Онда лақап есім, болмаса титулдар қандай жағдайда, не себептен берілгені анық айтылған». Т.Жанұзақовтың пікірінше, *Тоньюкук* (Тоныкөк) есімі «тон», «тоң» — «ұлы», «күшті», «зор», ал «юкук>кук>кок>көк» мағынасында, сонда Тоньюкук «ұлы көк», «көк тәңірі» деген мағынада қолданылған лақап ат болуы мүмкін» [7; 35].

Қорыта келгенде, лақап есімдер тарихының алғашқы дәуірі өзінің тарихи фактілерінің байлығымен, құнарлылығымен, жемістілігімен ерекшеленеді. Сөз болған есімдер топтарының (ер аты, титул, лақап) бәріне ортақ белгі — жас ұланның алғашқы ерлік қадамынан бастап өмірінің соңына дейін серік еткен даналық, алғырлық, батылдық, өткірлік, қайсарлық, ақылдылық, тапқырлық т.б. қасиеттері екендігін көреміз. Ер атының да, титулдың да, эпитеттің де лақап есім шенберіндегі есімдер екендігі, бойларында осы есімге қатысты белгілердің барлығы байқалады. Өмірдің әр сатысына лайық қадір-қасиетімен ерекшеленген ата-бабаларымыздың соған сай атақ-дәрежені иемденіп, сол атақ-дәреже ұрпақтан-ұрпаққа есім түрінде жеткені анық.

II-дәуір орта ғасыр дәуірін, яғни X–XVII ғасырларды, қамтиды. Бұл дәуір мұсылман дінінің кіруімен, соған байланысты ұлттық антропонимияға араб, парсы есімдерінің көптеп енуімен ерекшеленеді. Осы кезеңде төл есімдерімізбен бірге араб тілінің есімдер жүйесі де кең қолданыс тапты. Есім тек қоғамдық емес, әлеуметтік те белгі. Сондықтан да есімдер жүйесіндегі өзгеріс (күрделенуі, толығуы) алдымен үстем тап өкілдерінің, бай-манаптардың есімдерінен көрініс табады. Осыған байланысты В.А.Никонов орыс бай-феодалдарының фамилиясын екі не көп құрамды етіп күрделендіру, сол арқылы өздерін жоғары сословие өкілі етіп көрсету үшін неге болса да дайын болғандықтарын айтады. Т.Жанұзақов бұл қоғамдағы үстем тап өкілдерінің есімдерінің құрылысы мен лексикалық номинациясынан екі түрлі ерекшелік аңғарылатындығына назар аударады. Біріншісі — хан, сұлтандардың есімдерінің басым көпшілігі араб-парсы сөздерінен қойылса, екіншісі — олардың компонентінде сословиелік титулдардың болуы. Бұған басты себеп, XV–XVIII ғасырдағы қазақ қоғамында феодалдық және шаруалар табының болуы еді [2; 50].

Осы дәуірде мұсылман дінінің кіруімен алғашында үстем тап өкілдерінің ортасында араб тілінің есімдері қолданыс таба бастады. Арғы ата-бабаларымыздың араб есімдер жүйесі негізінде аталғандықтары туралы деректер көп. Көп құрылымды деп саналатын араб тіліндегі есімдер жүйесіндегі сегіз түрінің бесеуі міндетті түрде айтылуға тиіс болса, үшеуі ерекше жағдайларда ғана қолданылған. Осы сегіз атаудың өз есімінен (*ism`alam*) басқасының бәрі адамды әр қырынан көрсетеді. Олар: *kunyah* — туыстық қатынасты білдіретін есім; *nasab* — ата-тегіне байланысты генеалогиялық есім; *lakab* — титул, дәріптеуші эпитет, атақ-дәрежені білдіретін есім; *nisbah* — этникалық және географиялық қатынастарды білдіретін есім; *ism mansab* — мамандығына (қызметіне) байланысты болса, *takhallus* — поэтикалық есім, ал соңғысы — *антономасия*.

Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, топжарғаны, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұламаны кейінгі ұрпақ Әбу Нәсір әл-Фараби есімімен таниды. Ұлы бабамыздың толық аты-жөні *Әбу Нәсір Мұхаммад бин Мұхаммад бин Тархан бин Узлаг әл-Фараби*. Ғалым Ә.Дербісәлиевтің көрсетуі бойынша, араб елдерінде құрметті кісіні әдетте үлкен ұлының (қызының) атына қарап «Әбу Нәсір» (Нәсірдің әкесі), «Әбу Халил» (Халилдың әкесі), «Умм Зайнаб» (Зейнептің шешесі), «Умм Халида» (Халиданың шешесі) деп атайды. Одан кейін ғана өз есімі, сонан соң әкесінің аты, соңынан туған жерінің аты беріледі. Яғни, Әбу Нәсір Мұхаммад — өз аты, әкесінің ныспысы да Мұхаммад, бабасының есімі Тархан, арғы атасы Узлаг

(Ә.Дербісәлиев). Анықтай кететін бір жайт, жоғарыдағы пікірге сүйенсек, онда өз аты тек Мұхаммад қана болуы керек те, ал «Әбу Нәсірді» Нәсірдің әкесі деп түсінуіміз қажет. Ғалым бұл жайлы: «Біз әзірше қазақ жерінен шыққан Әбу Нәсір әл-Фараби сияқты ұлы ғұламаның ұрпағы жайлы біле бермейміз. Қолымызда ондай жазба дерек жоқ», — деп түсінік бере кетеді [14].

Осы дәуірде Махмұд Қашқари, Жүсіп Хас Хажыб Баласұғын, Қожа Ахмет Йассауи, Майқы секілді ұлы тұлғалар өмір сүріп, қызмет етті. Аталған есімдер құрамындағы Қашқари — нисба, Хас хажыб — лакаб (атақ), Қожа — дін таратып, уағыздаушылық қасиетіне орай берілген атау болып табылады.

Сол сияқты Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабырдың (1483–1530) тарихи-мемуарлық «Бабырнама» атты шығармасында кісі есімдері, оның өзгеріске түскен басқа түрлері жиі кездеседі. Мысал келтірсек: «Қыздың тұңғышы — Рабиға Сұлтан бике, оны Қаракөз бике деп атайтын....Сұлтан Ахмет мырзаның екінші қызы — Салиха Сұлтан бике, Ақбике атанған» <...> «Қожа Маулана-и Қазидің шын есімі Абдолла, бірақ ол жалған есіммен танымал еді» < > «...Салах деген атпен мәлім болған Қамбар Әли» <...> «Шәһ Гариб мырза Ғариби деген лақап есіммен диуан құрастырған» <...> «...Қапақ мырза оның шын аты Мұхаммед Мұхсин» < > «Әбу Саид хан Дармиан деген болды. Ол айқас үстінде мырзаға ат тартты ма, әлде мырзаға қатер туғызған жауды қуып жетті ме, ол жағын білмеймін, әйтеуір осындай лақап аты бар еді» [15] т.б. Алғашқы есімдерді табу қойылған есімдер десек, соңғылардың түрлі уәжге негізделген лақап есімдер екені айқын.

Есімдердің *III дәуірі* XVII–XIX ғасырларды қамтиды. Бұл кезең қазақтың алғашында жоңғар басқыншыларына қарсы, кейін Қоқан хандығына қарсы күрес жылдарымен сипатталады. Халық арасынан шыққан атақты хандар, қолбасшылар мен батырлар есімдері ауыздан ауызға тарап, ерлік істері жыр-дастандарға өзек болды. Олардың батырлық, ерлік, әулиелік қасиеттерін дәріптеуде аңызға бергісіз әңгімелер айтылып, халық қойған есімдерімен аттары шықты: Абылай, Қабанбай, Дарабоз, Әулие, Мүйізді Өтеген, Он сан орта жүзге ұран болған Ер Олжабай, Қанжығалы Қарт Бөгенбай, Балуан Нияз т.б. *Абылай хан* /Әбілмансұр/ туралы: «1733 жылы Ерейменде болған шайқаста жауға «Абылайлап» ат қойып, «кірген жерін тесік қып, шыққан жерін есік қып, үш кіріп, үш шыққанда, қалмақ іріген ірімшіктей тозады». Ерлікпен көзге түскен жігіттің Шыңғысхан тұқымы екені белгілі болып, өзіне лайық құрметке бөленеді. 1734 барыс жылы Абылай деген есіммен хан сайланады. Әбілмансұрдың Абылай деген есіміне заңдылық берген Әбілмәмбет хан. Ол осы соғыста ғаламат ерлік танытқан жігітті шақырып алып, «Абылайлап» шабуының мәнісін сұрайды. Бұл әңгіме жайында Көкбай ақынның Абайдың тапсырмасымен жазылған дастанында айтылған:

*Шырағым, неге шаптың «Абылайлап»,
Босады жүйкем қатты ағамды ойлап.
Әкең кім, ел-жұртың кім, туғаның кім?
Жөніңді бастан-аяқ айтышы жайлап,
Бала айтты: «Қазақ-қалмақ ерегесі,
Мұндайда ердің қозар делебесі
Қысылған соң аузыма түсіп кетті
Атам — Абылай, мен болам немересі», —*

делінген тарихи деректер мен дастандарда («Бөгенбай дәуірінің қаһармандары»).

Ғалым-антропонимист Т.Жанұзақ осы дәуірде әке аты мен фамилияның пайда болып, көп салалы антропонимдік типтің негізінің қаланғанын айтады [2].

Есімдердің *IV дәуірінде* Кеңес өкіметінің орнауымен қоғамдық-саяси өмір де, әлеуметтік өмір де жаңалықтарға толы болды. Қазақ есімдер жүйесінде орыс тілінің әсері көрініс бере бастады. Осы дәуірде баспасөздің дамуымен қазақ бүркеншік есімдері пайда болып, қолданысқа түсе бастады. Қоғам қайраткерлерінің, жазушы-журналистердің ішінде бүркеншік есімді пайдаланбағаны кемде-кем болды және осы кезең бүркеншік есімдердің жемісті қолданылуымен сипатталады. Ақын-жазушылар Ш.Құдайбердиев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов, Алаш қайраткерлері Ө.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, тағы басқалар бір емес, бірнеше бүркеншік есімдерден пайдаланды. Бұл есімдерді пайдалану түрлі қоғамдық-әлеуметтік және саяси-мәдени жағдайлардан басқа, автордың жеке өміріне қатысты да болды.

Кісінің төл есімі секілді лақап есімдердің ұлттық сипаты солғындап, орыс тілінің әсерімен пайда болған қосалқы есімдер кең қолданыс тапты.

V дәуір XX ғасырдың 90-жылдарынан бергі қазақ елінің тәуелсіздік алған кезеңімен сәйкес келеді. Ұлттық рух қайта өрлеп, санадағы, қоғамдағы өзгерістер есімдер жүйесіне де әсер етпей

қоймады. Қазақтың төл есімдері ұлттық антропонимиядан берік орын алып, қоғам қайраткерлерінің есімдері белсенді түрде қойыла бастады. Зерттеуші Д.К.Боранбаеваның Алматы қаласындағы 1998 жылы туылған балалардың есімдеріне жасаған сараптамасының нәтижесі осының дәлелі: барлығы 5416 баланың 2829 ер бала, 2587 қыз бала болса, ер балаларға ең жиі қойылған есім — Темірлан (76), Әлішер (68), Санжар (52) Шыңғыс (49), ал қыз балаларға Аружан (107), Әйгерім (93), Айдана (71) екен. Зерттеуші атақты тарихи, қоғам қайраткерлері есімдерімен (Абай, Әбілқайыр, Абылай/Абылайхан, Әл-Фараби, Амангелді, Жәңгірхан, Заманбек, Қасымжомарт т.б.) қатар ер балаларда Мұхамед және Ар-, Ел- антропотүбірлерінен жасалған есімдердің жиі қойылатынына назар аударады [16]. Осы кезеңде бейресми есімдердің қолданылуында өзіндік ерекшеліктер байқалады. Мемлекеттің саяси өміріндегі демократия, жариялылық бүркеншік есімдердің қолданылуының азаюына әсер етсе, ұлттық сипаты айқын лақап есімдердің кең қолданысқа түсуіне жағдай туғызды. Бүркеншік есімдер саяси не әлеуметтік себептерге қатыссыз, көбіне автордың өз өміріне оқырманның назарын аудару мақсатынан туып, қолданысқа түсіп отырады.

Есімдердің тарихи, қоғамдық-әлеуметтік негізін қарастыру есімдердің пайда болуы, қолданылу сипаты сияқты ең алғашқы мәселелерден басталатынын көреміз. Адамзат тарихы өз дамуының әр сатысында есімнің жаңа түрлерін ойлап тапты және қолданысқа түсірді. Оның негізгі себебі — қарым-қатынасқа деген қажеттілік. Адамдар арасындағы қатынастардың күрделенуі — ортақ шаруашылықтың болуы, тайпа, одақтарға бірігу, сыртқы жауларға қарсы тұру тілдің, сол арқылы атау, ат қоюдың қажеттігін сездірді. Атау беру айнала қоршаған ортаны танып-білудің әліппесі, бастауы болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасының зерттелуі, болашағы мен жетістігі // Ономастикалық хабаршы. — 2005. — № 2 (4). — 4-б.
- 2 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы (лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау). — Алматы: Ғылым, 1971. — 218 б.
- 3 Никонов В.А. Имя и общество. — М.: Наука, 1974. — 276 с.
- 4 Мусабекова У.А. Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. — Алматы, 1996. — 27 с.
- 5 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. — М.: Наука, 1967. — 513 с.
- 6 Салғараұлы Қ. Түрік әлемі. Тарихты қайта пайымдау. — Астана: Елорда, 2000. — 240-б.
- 7 Жуковская Н.Л. Заметки о монгольской антропонимии // Ономастика Востока. — М.: Наука, 1980. — 285 с.
- 8 Махпиров В.У. Особенности функционирования древнетюркских антропонимов // Вопросы антропонимики. — Вып. 1: Сб. ст. — Алматы, 2003. — С. 84.
- 9 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. — М.: АН СССР, 1988. — С. 115.
- 10 Урманчеев Ф. Имя эпического героя // Советская тюркология. — 1986. — № 4. — С. 22–33.
- 11 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. — М.: Изд-во АН СССР, 1951. — 451 с.
- 12 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. — Алматы: Жазушы, 1985. — 367 б.
- 13 Батманов И.А. и др. Современная и древняя Енисейка. — Фрунзе, 1952. — С. 93.
- 14 Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. — Алматы: Рауан, 1995. — 237 б.
- 15 Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабыр. Бабырнама. — Алматы: Жалын, 1990. — 327 б.
- 16 Боранбаева Д.К. Статические сведения об именнике детей из казахских семей. (На материале данных архивов ЗАГС г.Алматы за 1998 г.) // Вопросы антропонимики. — Вып. 1. — Алматы, 2003. — С. 7–18.

С.А.Рахымберлина

История развития неофициальных собственных имен

В статье рассматривается история развития неофициальных собственных имен, а именно псевдонимов и прозвищ в казахском языке. История развития собственных имен, тесно связанная с историей народа, под влиянием различных общественно-политических, экономических, культурно-бытовых условий может подвергаться изменениям. На основе исследований ученых по проблемам развития официальных собственных имен автор статьи пытается определить этапы развития неофициальных имен в казахском языке. Анализируя конкретные примеры из произведений устного народного творчества, представляет богатый языковой материал, содержащий казахские псевдонимы и прозвища, а также доказывает место собственных имен, составляющих значительную часть языка и основу национального бытия и сознания.

In this article will told opinions of scientist-researchers and examples of rich spoken public creative activity about development of unofficial names of persons in Kazakh language which very involved with history of Kazakh nation. The main factor to shaping the nation — it is language, for language it is name — the main nation differences We saw how influenced different acts to appearance new names like development of histories mankind in each stage as public structure, different political positions, national particularity, news of the culture and etc. And the main reason is — necessity to contact. Analysing concrete examples from product spoken public creative activity, author presents the rich language material, containing Kazakh pen names and nickname, as well as proves the place of the proper names, forming much of the language and base national life and consciousnesses.

ӘОЖ 821. 512. 161. 122

Ә.Т.Қожақметова

Қарағанды «Болашақ» университеті

Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзіндегі білім мәселесі

Мақалада әйгілі ғалым, әдебиеттанушы, тілтанушы «Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзіндегі білім мәселесі» қарастырылды. Ұлт ұстазының қазақ көсемсөзін қалыптастырудағы ерен еңбегі зерттеушілік тұрғыда зерделенді. «Қазақ» газетінде редактор бола жүріп Ахмет басылым бетінде халықты ағарту саласындағы мәселелерді жан-жақты талқылады. Өткен ғасырдың басында білім беру ісі қазақ оқығандарын қатты толғандырған мәселе болса, оған қатты шырылдап, қараңғыдан шығар жол іздеген Ахмет Байтұрсыновтың ұлт болашағы жолында жасаған қызметі сараланды.

Кілтті сөздер: XIX ғасырдың соңы, XX ғасыр басы, қазақ баспасөзі, қазақ халқы, қазақ публицистикасы, жанр түрлері, публицистика, ұлттық мемлекет, ұлттық тәуелсіздік, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікір, ағартушылық көсемсөз, теңдік идеясы, қазақ баспасөзі, проблемалық мәселе.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзі қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық жағдайлары туралы мақалалар жариялай бастады. «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналы арқылы қазақ публицистикасы дүниеге келді. Әдебиетте де жаңа жанр түрлері өркендей бастады. Соның ішінде өркендеген, кең құлаш жайып, күрес құралына айналған публицистика болды. Күнделікті баспасөз беттерінде заманымыздың озық ойлы адамдарының отарлық езгідегі халқымыздың ғасырлардан бері жиналып келген, әбден пісіп-жетілген сыртқа шығарған толғанысқа толы мақалалары жарияланып отырды. Олар алдымен отарлық езгі жағдайында аяқ асты болған мүддені қорғай алатын, сол арқылы қазақ елінің прогресшіл ел қатарына енгізетін негізгі басты фактор — ұлттық мемлекет құру деп білді.

Қазақ халқының тарихында ұлы өзгерістер мен қиын-қыстаулар алып келген XX ғасырдың басында Ресейдегі қоғамдық-саяси оқиғалар ұлттық сананың өсуіне, қоғамдық ой-пікірінің әлеуметтік мәселелерге батыл араласа бастауына ықпал жасады. Ол отырықшылық пен көшпелілік, ел басқару ісіне араласу, жер және заң, ұлттық тәуелсіздік, дін, оқу-ағарту секілді заман алға тартқан күрделі мәселелерді жан-жақты көтеріп, халық мүддесі тұрғысынан шешуге талпынды. Осының

барлығы жинақтала келіп, ғасыр басындағы қазақ баспасөзін туғызды, олар осы қоғамдық-әлеуметтік ой-пікір орталығына айналды, ұлттық публицистиканы дамытты.

Ақанның аты аталған жерде «Қазақ» газеті қоса аталады. Ахмет Байтұрсыновтың тыныс тіршілігіндей болып, қазағына әсерлі, зерделі ой салған «Қазақ» газеті халқына үлкен қызмет жасады. «Қазақ» газеті — Ақаң көсемсөзінің айнасы іспеттес. «Қазақ» газеті Ахаң көтерген идеяны публицистика тілімен халыққа тікелей жеткізуге қолайлы жағдай туғызды. Сол бір аласапыран тұста әрбір мәселеге, қазақ халқының тағдырына қатысты оқиғаларға өз көзқарасын білдіріп отырды.

Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзін, шығармашылығын шола отырып көп уақытын, күш-жігерін оқу-ағарту ісіне, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиеттану, тілтану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген ғалымдық қызметіне арнағанын байқаймыз. Ахмет Байтұрсынов өз қоғамындағы барлық маңызды мәселелерді сөз еткен. Көсемсөзінде бірқатар орын алатын оқу, білім, өнер тақырыбы. 1911 жылы жазған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында: «Ата жолдасы — надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі де надандықтың кесапаты», — деп күйіне жазған Ақаң халқын оқу-білімге, мәдениетке тартуға көп еңбек етті. «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек» [1; 252], — деп оқытушы, мұғалімдерге талаптар қояды да, ары қарай осы талаптарды орындағанда қазақ оқытушыларының да, оқушыларының да ұтатын тұстарын көрсетеді: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі — бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс».

Ахмет Байтұрсынов өзінің көсемсөздерінде оқу-ағарту мәселесіне көп көңіл бөлді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді: тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимин жоқ», — деп қазақ мектептерінің заман талабынан тысқары қалып отырған жай-күйін күйзеле жазады [1; 255].

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен де ерекшеленеді. Ол отаршылдық пен езгіге қарсы шыға отырып, қазақ көсемсөзінде тұңғыш рет отаншылдық, патриоттық ой-пікірлерді таратушы болды. Ахмет идеясы елді оятты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды [2; 18]. Дәуірдің негізгі оқиғаларына өзі куә болып, ой елегінен өткізген елі мен жерінің тағдыры қатты толғантқан жас дарындар отаршылдық идеяға қарсы болып, қазақтың еркін өмір сүруін қалады [3]. Ахаң армандаған азаттық рухтың биіктігі, гуманизм, демократтық көзқарас отансүйшілік, туысқандық идеясын ту етті.

Мұхтар Әуезов «Ақанның елу жылдық тойы /юбилей/» деген мақаласында «сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұңдалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын» деген сөздері «Қазақ» газетінің, оның редакторы Ахмет Байтұрсыновтың болашақ қазақ оқығандарының адастырмас ақ жолға жөн көрсетушісі, бағыт сілтеушісі болғанын байқаймыз [4].

XX ғасыр басындағы ұлт тағдырын жырлаған қазақтың рухани көсемдерінің бірі М.Дулатов — А.Байтұрсыновтың ұлт қызметі жолындағы серігі. Бүкіл өзінің саяси-қоғамдық, ағартушылық және әдеби-публицистік қызметінде Ахметтің қасында болған идеялас жолдасы, сенімді досы және інісі Міржақып Дулатов екеуінің өмірінде ұқсас жайлар көп. 1913 жылдан бастап Орынборға тұрақтап, Ахметпен бірге «Қазақ» газетін шығарысты. Міржақып шығармалары, Ахмет еңбектері тәрізді, XX ғасыр басындағы демократтық, ағартушылық көсемсөзге азаттық, теңдік идеясын ала келді. Ақын халықтың ақылы мен сезіміне әсер ете отырып, оларды ел тағдыры, қоғам алдындағы міндет жайлы

ойлануға бастайды. Міржақып Дулатов өзінің «3-июнь законы һәм қазақ» деген мақаласында: «Қазақ халқы қанша надан болса да, патшалық істерін тексеруге Думада қазақ істері қаралмай болмайды. Қазақстан өкіл болмағанда, басқа депутаттар қанша шешен жүйрік болса да, қазақ жайын білмеген соң, сырттан тон піше алмайды. Қазақты үкімет «надан» деп сылтау қылса да, әуелгі екі Думадағы депутаттардың көбі надан емес еді. Оқыған, шешен, қазақ жайын жақсы білетін адамдар еді. Енді Думада жер, дін, земство, билік, оқу һәм басқа қиын мәселелер қаралмақшы. Қазақтың өзінен депутат болмаса, әлгі мәселелер жайынан қазақты жек көретін Пуришкевичтер не айтпақшы, жаны ашыйтын Милюковтар не демекші» [5; 243], — деп жазғандарымен Ахмет Байтұрсыновтың 1913 жылы жазған «Орынбор. 13-октябрь» деген мақаласында көтерген мәселелері бір: «Қазақтың дүниеде болған-болмағанымен жұмысы жоқ депутаттар, хүкімет кіргізген проект қандай болса да, жарайды деп қабыл ете салады. Қазақ үшін басын ауыртпайтындардан, я тегі басқа жұртқа күн тумасын дейтіндерден. Олар көп болған соң, олардың дегені болмақшы. Думада көп жағының дегені закон болып шықпақшы. Олардың дегені болып шыққан закон қазақты не ондырмақшы?!» — деп жазды [1; 250]. Міржақып Дулатов «Тіл-құрал» деген мақаласында: «Шын қазақша жазылып, тіл мәселесін қолына ала туған осы «Қазақ» екенін ешкім бекер дей алмас, бұл неден? Әрине, шығарушыдан дейміз», — деп жазған [6].

Міржақып Дулатов өзінің «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов» деген мақаласында: «Благодаря А.Байтұрсунову, хотя бессознательно, но на самом деле поддававшаяся обрусению и отатариванию часть киргизской интеллигенции живо опомнилась и стала осознать и исправлять свои ошибки. Даже бывали такие курьезные случаи: учащаяся молодежь в некоторых русских учебных заведениях, в целях сохранения чистоты киргизского языка, обуславливалась разговаривать между собой обязательно по-киргизски, в случае нарушения кем-либо этого правила виновный за каждое случайно вылетевшее не киргизское слово платил 3–5 коп. штрафа в пользу ученических кружков», — деп жазды [5; 300].

Ал, қазақ баспасөзі бетінде тіл тазалығын сақтау үлкен проблемалық мәселе ретінде жан-жақты талқыға түсуі, орыс классиктерінің шығармалары мен Абай, Ыбырай өлеңдерінің жариялануы сыншылдық, әдеби-теориялық ой-пікірдің өріс алуына әсер етіп қана қоймай, қазақ поэзиясы туралы ғылыми мәндегі жаңа әдеби-теориялық көзқарасты туғызды. Қазақ баспасөзі бетіндегі бұлар тәріздес және тікелей әдебиет мәселесіне арналған сыни мақалалар ұлт әдебиетін тануға деген ұмтылыстың ілгерілей түскенін дәлелдейді. Сөзімізді түйіндей айтсақ, әдеби-теориялық ұғым-түсініктер қазақтың жазба әдебиетінің дамуымен тығыз байланыста көрініп, қазақ баспасөзі бетіндегі мақалалар арқылы өркен жая бастады. Олардың ішінде А.Байтұрсыновтың мақалаларының маңызы ерекше екені, айтпаса да түсінікті. Қорыта келгенде, әдеби-тарихи және әдеби-теориялық ой-пікір А.Байтұрсынов ғылыми жұмыстарға араласқанға дейін-ақ ұлт әдебиеті тарихы мен теориясының мәселелерін танымдық тұрғыда батыл көтере алғанын көреміз.

Ахмет Байтұрсынұлы — қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, орфографиялық құрылымын зерттеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Осының негізінде ғалым тіл мен әдебиетті, әлеуметтік мәселелерді, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жаңартуға атсалысты.

Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері А.Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа тарихшы, тілші-лингвист, журналист, заңгер, педагог (педагогика саласы бойынша), ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп жатыр. Ғалым ресми түрде ақталғаннан кейін Ө.Айтбаев «Қазақ терминологиясының атасы» атты ғылыми мақаласында: «А.Байтұрсынов «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады....қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» деп баға берді [7].

Ахмет Байтұрсынов орыс миссионерлерінің қазақ халқын орыстандыру үшін жасап отырған айла-әрекеттерін жақсы түсінген. Ол кісі Ресей сияқты үлкен мемлекеттің жоспарлап отырған ірі саясатының құрбанына айналып кетпеу үшін күресті. Қазақ өзінің халықтығын, ұлттығын жоймас қамын жасау керек. Ол үшін ана тілінде әліппе жасап, сабақты ана тілінде жүргізіп, мектептерді

заман талабына сай жабдықтап, педагогикалық білімі бар білімдар ұстаздар дайындау қазақ оқығандарының алдында тұрған маңызды міндет болды.

«Хүкіметке жағымдысы — қол астындағы жұрттың жазу-сызу, діні бір болу. Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хукіметке одан артық іс болмас», — деп патшалық Россияның ұсақ ұлттарға ұстанған саясатын ашық, батыл көрсетеді [1; 267].

Ахмет Байтұрсыновтың тіл, оқыту мәселелеріне білім беруге байланысты айтқан пікірлері қазіргі уақытқа да қызмет ететінін көреміз. Мысалы, «-ов» туралы» деген мақаласын оқи отырып, осыдан 80 жылдай бұрын жазылған емес, күні кеше ғана баспасөз бетінен көргендей боласың. «Газет-журналдарымызда көбінесе «ұғлы, баласы, қызы» дегеннің орнына «-ов, -ова» жазылады. Бұл қазақ тілінде болмаған себепті құлаққа тіпті ерсі естіледі «-ов, -ев, -ин, -овалар» жалғыз-ақ орыс халқында бар деп айтуға болады, басқа Еуропа халықтарында жоқ, бізден өзге патшалы мұсылмандарда да жоқ. Бұларды орыстан көріп еліктеуіміз орынсыз, басқа жұрттың сөздерінің құйрығын әкеліп өз сөзімізге тағудың қанша қажеті бар? «-овтарды» орысша жазғанда қолдансақ та, қазақша «ұғлы, баласы, қызы» деп жазуымыз келіспей ме? Мұнан былай жұртқа өнеге беретін газета-журналдарымыз мұны ескерсе, қандай жақсы болар еді, қиындығы да болмас еді» [1; 315].

Ахаң қазаққа оқу-білімнің тым қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс-жағдайымен байланыстыра дәлелдейді: «Қазақ биыл 5 теңгеге сатқан нәрсесін келер жылы өзі 10 теңгеге қайта сатып алады. 10–11 сомға алып отырған былғары — былтырғы 4–5 сомға өзі сатқан терісі. Кезі 5–6 сомдық шұғалар, торқалар — қазақтың бір пұтына 3–4 сом алып сатқан малының жүні...

Басқа жұрттарда өздерінің істеген нәрселерінің өз ішінде сатылып, жұмсалған ақша өз елдерінде қалып, шетке кетпейтін болса, оны жұртқа шығын деп есептемейді, тек бірінен-бірі ауысқанға санайды. Қазақ малының басқаларға кетпейтін орны жоқ» деген сөздері бүгінгі күні еліміздің шешімін табуға тырысып отырған мәселелерімен үндес. Қазақстан байлығының сыртқы тасылуы қазіргі кезде халқымыздың зиялыларын ойландырып отыр. Бұл жайлы Ахмет Байтұрсынов ғасырымыздың басында-ақ ескерткен екен [1; 254].

Сол кезде Ақаң қазақ халқының «олжалы жерде үлестен қағылып отырған» себебін не деген еді? «Қазақтың шаруасына, бір жатқан, надандығынан кемшілік келгенде, екінші жақтан — білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді», — деп қазақтың намысын қамшылай түседі де осы тығырықтан шығар жолды көрсетеді: «Бұл заманда қолы жетпегенді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер, білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» [1; 254].

Қазақтың сол кездегі көңіл-күйіне оқуға, жастарын оқытуға деген ұмтылыс байқалды. Білімнің бірінші сатысы, негізі — бастауыш мектептер. Сондықтан да бастауыш мектептер ісін жөнге қою күн тәртібінде тұрған бірінші мәселе. Бірақ бастауыш мектептерде оқытуды үкімет орыстандыру саясатының құралына айналдырмақшы мақсатты көздеді. Мектеп ісін ұйымдастыру осы мақсатқа қызмет етті. Сондықтан да қазақша оқытатын қазақ мектептері «халық оқуды керек қылғандықтан, жаман да болса, жоғынан бар артық» дегенмен істеліп отырған іс деп, Ақаң айтқандай, күйде болды. Ал қазақтарды орысша оқытатын орыс мектептері үкімет тарапынан қамқорлық көріп отырды. «Бірақ сонысына қарай пайдасы аз. Бұлардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе — қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб харпін тастатып, орыс харпін алдырамыз дейді. Сол үшін, әуелі, балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс харпімен оқысын дейді. Соның ішінде біреулер ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс харпімен басталған кітаптардан бастап оқып, әрірек барған соң, кілең орысшаға түспек керек. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы», — дейді [1; 267].

А.Байтұрсынов есімі «Алаш» партиясымен тығыз байланысты. Мықты ғалым, ақын, көсемсөздің шебері А.Байтұрсынов еңбектерінің жарты ғасырдан астам қараңғы қапаста жатып, жарық көрмеуі тіпті атын атауға қорқатындай жағдайға ұшырауы Алашорда өкіметімен байланысты болды. Алаш партиясы отарлық езгіге қарсы күрес жағдайында дүниеге келіп, жалпы ұлттық мүддеге қызмет етті. Ол кезде уақытша өкімет ұлттық мәселелерді шеше алмаған тұрақсыз, әлсіз саяси билік болды. Қазақ халқының сауатсыздығы, жер мәселесінің шешілмеуі атты қазақ әскерлерінің, қоныстанушылардың панасыз жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығы шегіне жетті. Елдегі осындай шиеленіскен жағдайлардан «Алаш» партиясы дүниеге келді. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашада шыққан

санында «Алаш» партиясының іс жоспары жарияланған болатын, бұл жоспарды негізінен жасаған әрі қол қойған алты кісінің бірі — Ахмет Байтұрсынов болды. Онда ең әуелі Ресей өзінше демократиялық-федерациялық республика болуға тиіс деп жазылды, сол федерацияның бірі — өз билігі өзінде болатын Қазақ автономиясы болып белгіленген. Осы кездегі егеменді ел боламыз деп декларация қабылдап жатқанымыз — дәл осы өз билігі өзінде болатын қазақ автономиясы еді. Іс жоспардың мұнан кейінгі баптарында халыққа білім беру, мемлекеттен дінді бөлу, сот істерінің тәртібі, жер заңы, жұмысшы заңы, шаруа заңы, салық салу, келімсектерге тыйым салу және олардың қоныстануын жүйеге келтіру. Қазіргі кезде шеше алмай дал болып жүрген нәрселердің шешуін Алашорда өкіметінің көсемі Ахмет Байтұрсыновтың осыдан 75 жыл бұрын шешіп қойғанына таң қалмасқа болмайды. Барлығы да қазіргі заманғы мемлекеттік тілге қойылған талаптарымен үндес.

Осы кезге дейін қазақ қоғамында орын алып келген ана тілін менсінбеушілік, жете бағаламаушылықтың түптамасы әріде жатқанын аңғарамыз. Ахмет Байтұрсынов осы ұлы тамырдың тереңге жайылмауын, жас буынды шырмауының алдын алмақшы болып күресті. Уытты сөздерімен құрбандыққа айналып бара жатқан халқының санасына әсер етпекші болды. Бұл мақсатынан қашанда бас тартқан емес.

1920-жылдардың ортасына қарай бұрынғы «Алаш» партиясы өкілдеріне қысымшылық жасау күшейді. Елдің алдыңғы қатарлы адамдарына сталиндік зұлматтың бұлты үйіріле бастады. Осы жылдары Ахмет Байтұрсынов тек ғылыммен ғана айналысты.

А.Байтұрсыновтың әлеуметтік істеріне, шығармашылығына, дүниетанымын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі — Сәкен Сейфуллин. XX ғасыр басындағы халықтың ауыр күйі мен отаршылдық езгіге наразылықты ашына жыр еткен Ахмет болса, өзінің қызылшылдығына карамай, кеңестік бұрмалаушылықтар мен ұлт тағдырын аяққа басуға ашық қарсылық айтқан, «жан ашуын» білдірген жалғыз Сәкен болды. Бұл оның күрескерлігінің бір саласы 20-жылдардың басында Орынбордағы қазақ коммунистері қол қойып, орталық партия Комитетінің хатшысы Е.Ярославскийдің атына жазылған «Оңтөрттің хаты» осының алғашқы мысалы. Сәкен ол кезде Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы еді. Сәкен бастаған 14 коммунист Қазақстан автономия алғанымен, онда ұлт жағдайын көтерер ештеңе істелмей жатқанын, қазақ тілінде басылымдардың, кітаптардың жеткіліксіздігін, істің қазақша жүрмейтінін, қазақ мектептерін ашу қажеттігін, әкімшілік жүйеде орысшылдықтың басым екенін айтқан. Е.Ярославский ашуланып, оларға ұрысып мұның негізінде ұлтшылдық жатыр деп қорқытқанмен, іс жүзінде осы шараларға қозғау салды. 1924 жылы қазақ тілінің орыс тілімен бірге мемлекеттік тіл болып бекітілуі осының салдары болатын. Сәкен қазақша іс жүргізу туралы нұсқалар беріп, бұл тақырыпқа бірнеше мақала жазды. Қазақша газет-журналдар көбейіп, қазақша кітаптар шыға бастады. Қазақ мектептері ашылды. 1923 жылы Байтұрсыновтың 50 жылдығы тұсында Сәкен «Еңбекші қазақ» газетіне «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды» [2; 5]. Бұл Ақаңа берілген әділ де шыншыл баға еді.

Ахмет Байтұрсынов көсемсөзін зерттегенде «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласына тоқталмай кету мүмкін емес. Бұл ғалымның әдебиеттану саласындағы алғашқы зерттеу еңбегі еді. Осы мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында басылған. Мақалада автор Абайдың қазақ халқының өмірінде алатын орнына тоқталып, шығармаларының мазмұн тереңдігі мен ақындық шеберлігі, орыс әдебиетімен байланысы туралы ойлар айтып, ақын өлеңдерінің эстетикалық, тәлім-тәрбиелік маңызы ашылған.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына ойдың шеберлігі керек: мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі болған», — деп жоғары бағалайды [1; 219].

Ахмет Байтұрсыновтың өзі Абай өлеңдерін түсініп, сүйіп оқыған. Сондықтан да Абай мұрасының өзгеге ұқсамайтын ерекше қасиеттерін дәл көрсеткен. «Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік

артықтығы, әр нәрсенің бергі жағынан алмай, арғы асылына қарап сөйлейтіндігінде. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі кем болмаса да білімі кем болғаны даусыз», — деген Ақаң сөздерінде әр нәрсенің кілті терең білімде деген ой жатыр [1; 220].

Қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді сөз еткен мақалаларында Ахмет Байтұрсынов өз заманының өзекті деген тақырыптарына қалам тартып, халқына қамқор болу, елге қызмет жасау идеясын насихаттады. Мұның бәрі азаттық туын қазақ көсемсөзінде желбіретіп, «Ұятың, арың оянсын» деген Абай дәстүрін тарихи сабақтастықпен дамытқан. XX ғасыр басындағы көсемсөз өзіндік ерекшелігімен жаңа бір қырынан танылды. Сол шоқтығы асқақ тұлғалар қатарында Ахмет Байтұрсынов жұлдызы биік болып қала бермек.

Қазақ баспасөзі бетінде тіл тазалығын сақтау үлкен проблемалық мәселе ретінде жан-жақты талқыға түсуі, орыс классиктерінің шығармалары мен Абай, Ыбырай өлеңдерінің жариялануы сыншылдық ой-пікірдің өріс алуына әсер етіп қана қоймай, білім беру туралы ғылыми мәндегі жаңа теориялық көзқарасты туғызды. Қазақша оқытудың «ескі» және «жаңа» үлгісі туралы салыстырмалы пікірлердің айтылуы, ұлттық әдістемелік-теориялық ой-пікірдің ғылыми сипатта көрінуінің алғашқы белгісі болды.

Бағалаушылық мәндегі ой-пікірлердің айтылуы, ұлт өкілдерінің шығармаларының жариялануы мен жарық көруі, қазақты оқытудың әдістемелік сипаты жағынан сөз бола бастауы дайындық кезеңі үшін маңызы зор болды. Себебі олар ұлттық педагогикалық-тарихи, әдістемелік-теориялық бағыттағы ойлау жүйесінің нақты көрінуін, жаңаша теориялық ұғымдар мен көзқарастың жинақтала бастауын, ғылыми-зерттеушілік, таным филологиялық білімдер бағытында өзіндік ерекшелікпен дами бастағанын дәлелдейді. Сондықтан ұлттық педагогиканың туу дәуіріне қадам басуға дейінгі ғылыми ізденістер мен барлаулардың өсу дәрежесін байқататын мәнді бір бастаулары бола білді деп бағалау керек. Олай болса бұл ізденістердің барлығы да Ахаңның «Қазақ» газетін шығаруына өз жәрдемің тигізбеді дей алмаймыз.

Сонымен қатар баспасөз халықтық эстетикадан бастау алып, XIX ғасырда жаңаша сипат алуға ұмтылған оқыту қажеттігін тудырды, ол педагогиканың дамуы мен оны зерттеу мәселелерін нақты және жан-жақты сөз етуде сәтті қадамдар жасады. Білім беру ісі өркен жайып, әдістемелік түрлері дамыды, жаңа көркемдік ізденістерге ұмтылды. Баспасөзде фольклорлық және классикалық мұраның таңдаулы үлгілері жарияланды, әдеби жинақтарға енді, жеке кітап болып басылып шықты. Осыған сай оқыту саласы да әр дәрежедегі эстетикалық биіктерге қол соза бастады. Кітап шығару ісі қызу қолға алынды. XX ғасырдың алғашқы 20 жылы ішінде 500-ге тарта кітап жарық көрді. Олардың ішінде халық ауыз әдебиетінің үлгілері, киссалар, әдеби жинақтар, әліппелер мен оқу құралдары, сол кезеңдегі ақын-жазушылар шығармалары т.б. бар. Классикалық мұрадан Әбу Әли Ибн Сина, Қожа Ахмет Йассауи, Шортанбай, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Д.Бабатайұлы, М.Мөңкеұлы шығармалары кітап болып жарық көрді.

«Қазақ» газеті оқулықтар, өлең кітаптар, қазақ тілінің тазалығы, басылып шыққан халық ауыз әдебиеті жинақтары туралы рецензия мен сыни мақалаларды көп жариялау арқылы ой-пікірді толықтыра түсті. Бұл тұрғыда айрықша көңіл аударатын бір мәселе — қазақ тіліндегі оқулықтарға деген талап-тілектің күшеюі. А.В.Луначарскийдің «Таза әдеби шығармалардан құралған хрестоматия ғана емес, тіл біліміне арналған оқулықтардың өзі сыншылдық-ғылымдық ой-пікірмен сабақтасып жатады» деген пікіріне сүйенсек, М.Нұрбаевтың «Қазақша әліппе», «Ғалия» медресесі шәкірттері шығарған «Әліппе яки төте оқу», Қ.Қожықовтың «Әліппе», М.Кәшімовтің «Ақыл кітабы» (1903), «Әдеп», «Үгіт» (1907), М.Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппе» (1910), А.Байтұрсыновтың «Тіл құралы» (1915), «Оқу құралы» (1912, 1914, 1915), М.Дибердиевтің «Қазақ балаларына қирает кітабы» (1910), А.Андамасовтың «Қазақша оқу кітабы» (1912), Т.Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» (1912), С.Көбеевтің «Үлгілі бала» (1912) атты оқу құралдарының шығуы мен қазақтарға арналған орыс тілін үйрену үшін букварьлар, оқулықтар, сөздіктердің шығуы құптарлық құбылыс болды. Сыни мақалалар оқулықтардың педагогикалық сипаты мен таза қазақ тілінде болып балаларға түсінікті жазылуын талап еткенде Ы.Алтынсариннің «Хрестоматиясын» әрқашан үлгіге ұсынып отырды.

Біз тарихтан тағылым ала отырып, осы мақала барысында А.Байтұрсынұлының көсемсөзін бүгінгі тәуелсіздік кезең тұрғысынан жан-жақты қарастыруға тырыстық. Ғалым дүниежүзілік және орыс әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтардың бәрін жетік біліп, оны өз тәжірибесінде қолданып, насихаттады. Сонымен қатар ол ғылыми-теориялық ой-пікірлерін шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жүйелей отырып, дамытты.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуда. XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ашып, ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең мақалаларын қалдырды.

Ақаң — қазақ көсемсөзінің атасы. Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы еді. Ақаң ел есінде өзінің өнеге болар өмірімен, шығармаларымен қалды. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады. Ұлттық тәуелсіздік, ұлттық армия, ұлттың өзін-өзі басқару туралы концепцияларды Ақаң және Ақаң мүше болған «Алаш» партиясы іске асыра алмай арманда кетсе, бүгінгі ұрпақтары сол идеяларды жүзеге асыру үшін күресуде. Сондықтан да халқының Ақаңдай адамдары сол халқы барда мәңгі жасайды, тарих көшінде ұмытылып қалмайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
- 2 Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
- 3 Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. — Алматы: Мектеп, 1976. — 136-б.
- 4 Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 17-б.
- 5 Дулатов М. Шығармалар. — Т. 1. — Алматы: Жазушы, 1991. — 384 б.
- 6 Дулатов М. Тіл-құрал. — Алматы: Жазушы, 1991. — 267-б.
- 7 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері. — 1989. — № 4. — 8-б.

А.Т.Кожаметова

Проблема знаний в публицистике Ахмета Байтурсынова

В статье рассматривается труд известного ученого, литературоведа, языковеда «Проблема знаний в публицистике Ахмета Байтурсынова». Его значительный вклад в формирование казахской публицистики был фундаментально исследован и изучен. На страницах газеты «Қазақ», редактором которой был А.Байтұрсынов, всесторонне обсуждались вопросы народного просвещения. Остро волновавшая в начале прошлого века казахскую интеллигенцию проблема народного образования не оставила безучастным и Ахмета Байтурсынова. В статье также отражены пути поиска великого ученого в преодолении трудностей освобождения народа, его борьба за светлое будущее нации.

In this scientific article the author considers «the Problem of knowledge in Ahmet Bajtursynova's publicism», the work of the well-known scientist, the literary critic, *linguist*. His considerable contribution to formation of the Kazakh publicism have been fundamentally researched and studied. Being the editor of the newspaper «Қазақ», he comprehensively discussed the problems in the field of *public education*. In the beginning of the last century, the Kazakh intelligency and the problems of the national education didn't left indifferent Ahmet Bajtursynova. In the article the ways of search of the great scientist to overcoming of difficulties to eradicate *illiteracy* of people, his struggle for the bright future of the nation are reflected.

А.З.Қазанбаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***М.Мақатаев лирикасындағы фразеологизмдердің қолданысы**

Мақалада қазақ тіліндегі этнофразеологизмдердің көркем мәтіндегі қызметі, этнос табиғатымен тікелей байланыстылығы, фразеологиялық бірліктердің ерекше қолданыста болатындығы қарастырылған. Мұндай фразеологизмдерде ұлттық таным, психология, менталитет, халықтың дәстүрі көрініс береді. Этнофразеологизмдер тілдің мәдениетпен байланыстылығы айқын көрінетін тіліміздегі лексиканың бай қайнар көзі болып табылады. Автор жиі қолданылатын этнофразеологизмдердің сипатын көркем мәтіннен алынған нақты мысалдар арқылы көрсеткен.

Кілтті сөздер: этнофразеологизм, ұлттық таным, этнос болмысы, семантика-грамматикалық, етістік, мағына, ұлттық сипат, этнолингвистикалық арналар.

М.Мақатаев лирикасы тіліндегі фразеологизмдердің лексика-семантикалық мәнін, стильдік қызметін, сөз табына қатыстылығын, мәтін ішіндегі қолданылу сипатын қарастыра отырып, ақын қолданған тұрақты тіркестердің табиғаты ерекше көрінетінін байқауымызға болады.

Сөзді сұлуландырып, ойды әсемдеп, тілді мәнерлеп жеткізетін әрі стильдік мәні ерекше сөздердің бірі — фразеологизмдер ауызекі сөйлеу тілінде де, көркем шығарма тілінде де көп қолданылады. Көп сөзбен бір ғана мағына беретін, тілдің стильдік сапасын арттыратын тұрақты тіркестер прозалық, поэзиялық шығармаларда айқын көрінеді.

Соңғы жылдары дамып, қалыптаса бастаған тұрақты сөз тіркестерін зерттеу лингвистиканың өзекті мәселелерінің біріне айналды. Фразеологизмдерді отандық лингвистикада, қазақ тілі білімінде зерттеген ғалымдарымыз өте көп.

Өзінің бейнелілігімен, айшықты мәнерлігімен тілімізде үнемі қолданыста жүретін фразеологизмдер әрбір ұлт тілінің көрінісі болып табылады. Фразеологизмдерді көркем туындыда мейлінше мол қолдану біздің ұлттық сипатымызды ашатын бейнелердің бірі.

Жалпы, суреткер тіліндегі фразеологизмдерді талдағанда, оны жалпыхалықтық тілмен байланыстыра қарастыруымыз керек. Өйткені тұрақты тіркестердің дені халықтық сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Олар мазмұны жағынан да, мағынасы жағынан да өте бай келеді. Фразеологизмдер адамның өмірді түсініп-тануын, көзқарасын, қарым-қатынасын, ақыл-парасатын, ой-санасын, жан күйзелісін білдіреді. Олардың тұлғасын, құрамын, мағыналық ерекшеліктерін топтастырып, жасалу жолдарын, даму заңдылықтарын білуіміз қажет. Фразеологизмдер тіл мәдениетін арттырып, сөз құдіретін жасайтын, өлең тілін өрнектейтін асыл байлығымыз.

«Определение стилистических функций фразеологии дает возможность глубже раскрывать специфику творческого метода автора, познавать его искусство в привлечении и использовании красочных средств языка для создания ярких образов и картин» [1]. Олай болса, фразеологизмдерді өзгертіп қолдану, халық тіліндегі тұлғаларды жұмсау не болмаса жаңа фразеологиялық тіркес жасау суреткердің шеберлігін, даралығын танытады. Фразеологизмдер — бейнелегіш-көркемдегіш ойнақы сөздер. Екі немесе одан да көп сөз тіркесіп мағына бірлігін сақтап, тұлғасын өзгертпей жұмсауы кез келген суреткер тілінің шырайы десек те болады.

Поэзиялық шығармада ақынның қалам тартысын, сөз қолданыс өрнегін байқататын ерекше сөз тіркестері, сөйлем құрылыстары фразеологизмдер өте көп кездеседі. Поэзияда қолданылатын фразеологизмдердің өзінің лексика-семантикалық мәні, морфологиялық құрылымы, стильдік қызметі мәтін ішінде айқын көрінеді. Мұқағали Мақатаев лирикалық шығармаларында фразеологизмдерді ұтымды пайдаланды. Ақын қолданған фразеологизмдер бейнелі әрі мәнерлі болумен қатар, өлеңнің эмоционалды-экспрессивті бояуын арттырып тұр. Тұрақты сөз тіркестеріне тән негізгі қасиет — бейнелілік, олай болса ақын бейнелі сөз орамдарын орнын тауып, нақтылы дәл қолданған. Тағы бір айтып кететін жай, олардың дыбыс үйлесіміне, ырғаққа және ұйқасқа да тікелей қатыстылығында. Өлеңді сөйлем болғандықтан, үйлесімділіктің мәні ерекше көрініп тұрады. Мұқағали лирикасында жалпыхалықтық фразеологизмдерді ұшқырлықпен жұмсаған және авторлық өңдеумен фразеологизмдерді өзгертіп те қолданғанын байқаймыз.

Мұқағали тіліндегі фразеологизмдер белгілі бір бейнені суреттеп берудегі экспрессиясы күшті поэтикалық құрал. Демек, «Поэзия тіліндегі фразеологизмдердің басты белгісі — олардың образды /бейнелі/ болатындығы. Жеке суреткер тіліндегі образды фразеологизмдердің типтерін, олардың көп-аздығын, ескі-жаңаларын түгендеу үстінде ақынның не жазушының фразеологизмдер саласындағы байырғы қазынаны қаншалықты игеріп, кәдеге асырғанын, қаншалықты жаңаларын ұсынғанын көруге болады. Ал бұлар шығармашылық контекст немесе авторлық даралық дегенді танытады, тіпті кеңірек қарасақ, суреткер тіліндегі фразеологизмдер әлемі оның поэтикалық тіл арқылы көрінетін дүниетанымын көрсетеді» [2; 96].

Поэзия тіліндегі фразеологизмдердің дені бейнелі болып келеді, бірақ экспрессивтік бояуы жағынан бірі күштілеу, бірі солғындау болып бөлектеніп тұрады. Ақын өзіне қажеттісін таңдап қолданады, болмаса күштірек ойлы фразаны өзі жасайды. Ақында: *мұз шайнау, шабыттың ақ бас-тауы, кірпігіңе үміт ілдіру, шомылып ақиқаттың өзенінде, ақиқаттың сұңгісі қадалғанда, жүрегімнің жағалауын тебеді, арзанқол жұбаныш, ақ жаулық самал, тойдың шоғын үрлемей, көңілдің кептері, тозақ дәмін тату, қара нөсер мұң салады, көңілден үзіп көрімдік, жыртығын жаман көңілдің, бықсып жатыр өсектің қоламтасы, қоғамның қолқанаты, жырдың да жүнжігені, өлі сәуле, жәдігөй сөз, жүректің шыңырауы, көрікті ой, жастықтың оты* және бұдан басқа да фразеологизмдерді тізбектеп келтіруімізге болады. Бұл тіркестер өздерінің сонылығымен, әсерлілігімен көзге түсетін, көңілге қонатын, бейнелі сөздер болып келген. Жоғарыда келтірілген мысалдарда ақын өзі ұсынған авторлық фразеологизмдер де баршылық.

Жер жүзіндегі барлық тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан фразеологиялық қазынасы болады десек, бейнелі тіркестер поэзиядағы эстетикалық талғамды танытатын ең бір күшті құрал екенін біз ақын өлеңдерін оқығанда танимыз. Мұқағали өзінен бұрынғы халық қазынасын жете меңгергендіктен ғана, осындай бейнелі, әсерлі, әуезді тіркестер жасады.

Бейнелі сөздің негізі тілдік метафорада жатады. Сондықтан метафоралы фразеологизмдердің ұшырасып отыруы Мұқағалида өте көп. Метафоралы сөз — мағынаның ауыстырылып жұмсалуды болса, сөз мағынасын құбылтудың көзі — фразеологизмдер.

Ақын қолданған фразеологизмдердің көбі әдеби тіл қазынасынан алынып, жалпытілдік топ құрайды.

*Кегі кеткен жандайын әлдекімге,
Жан өртеніп, қайнайды қан бойдағы.*

*Қайсыбіреу қарайды айдаһарша,
Тұрнайы әзіл, түрпі сөз — қайда барсам,
Қайтер еді, ажардың шарығына
Ашуымды қайтадан қайрап алсам?!*

*Қарға адым жерде тұр еді менің бақытым,
ұстай алмадым,
Өткізіп қойып уақытын.*

*Биік бол, мендегінің бәрін меңгер,
Жабырқаған жанымды жаныңмен көр.*

*Сен қайтесің жаныңды мұң басқанда?
Өз-өзіңмен оңаша сырласқанда.*

*Мұрша бермей ойлауға, сарқырама,
Қысыр ойды сарқып ада.*

*Ойыма ойран салып осы бір үн,
Бауырымды ұстарамен кескілеуде.*

*Мұңын басып, гарыптың көңілін ашып,
Әңгіме айтып берсеңдер өздерің біл.
Қысқа өмірдің сапары сөз бе құрғыр,
Асықпай-ақ, ас ішіп, көздеріңді іл.*

*Жалт бұрылып, жанарымнан шапқанда от,
Жатыр екен жүрген ізім дастан боп.*

Мұқағали жұмсаған кегі кеткен /біреуде есесі кету/, түрпі сөз /қаңқу, өсек сөз/, қарға адым жер немесе қол созым жер /жақын жер/, жаны жабырқау /күйзелу/, мұң басу /қайғыру/, қысыр ой /жетесіз ой/, ойға ойран салу /мазалау/, көңілін ашу /жадырау/, көздеріңді іл /ұйықтау/ жанардан от шашу /жалындау/ сияқты фразеологизмдер тек тілдік единицалар ғана емес, бұлар бейнелеп, мәнерлеп әрі көркемдеп сөйлеу тілінде де, өлең сөз бен қара сөздерде жиі қолданылатын, белгілі бір стильдік мақсатта жұмсала беретін тіркестер.

Фразеологиялық тіркестердің құрылымына назар аударылатын болса, олардың өзіндік ерекшелігі байқалады және құрылысы жағынан түрліше болып келетінін аңғартуға болады. Фразеологизмдер құрылымы жағынан есім мағыналы, етістік мағыналы, үстеу мағыналы болып бөлінеді. Қазақ тілінде етістік мағыналы фразеологизмдер өте көп қолданыста жүреді. Олар адамның қимылын, әрекетін астарлап, бейнелеп суреттейді.

Есім мен етістіктен тіркесіп құралған етістік тобындағы мағыналы фразеологизмдер Мұқағалида жиі ұшырасады. Олар семантикасы жағынан да алуан түрлі болып келеді. Жоғарыдағы мысалдардан атау тұлғалы зат есім, тәуелденген зат есім, табыс септігінде зат есім мен етістік тіркесіп келген фразеологизмдерді кездестірдік. Жалпы, ақын лирикасында етістік мағыналы фразеологизмдер басымдау жұмсалады.

*Мың құбылған қуаныштан, дерттерден
Қиын не бар, адам жанын зерттеуден, —*

деп ақын өзі жырлағандай, оның тіліндегі фразеологизмдер мағынасы жағынан, лексика-семантикалық тұрғыдан адамды танытатын, оның ішкі дүниесін ашатын, адамның іс-әрекетін, қимылын суреттейтін, оның психологиялық жан-күйін, моральдік-этикалық дәрежесін бейнелейтін мағыналы, мазмұнды, ойлы сөз тіркестері.

Ақында: «Жүзің неге сынық тым? Ішімізді аш таза жалағанда, Өкпемізді қолға алып жетуші едік, Әкеміз тірілгендей қуанышы-ек, Жүрегінің түбіне кір жасырмай, Бақытты бол, жұлдызың жанған шығар» осындай тұтас сөйлемшелер мағына бірлігін сақтап, тұтас бір ойды беріп, құрылысы жағынан ерекшеленіп тұратын тіркестер. Жалпы халық тіліндегі осы фразеологизмдерді бір-бірінен бөліп алуға болмайды. Орнын ауыстырсақ не болмаса басқа сөздермен тіркестірсек, олар мүлдем өзгеріп кеткен болар еді. Сондықтан да олардың суретті, бейнелі жұмсалуды тұтастығында, бірнеше сөзбен бір мағынаға иеленіп тұруында. Осылай тұрғанда ғана олардың стильдік бояуы айқын көрінеді. Мұқағалида осылар тәрізді экспрессивтік күші бар фразеологизмдердің әрқайсысы бір-бір бейне. Экспрессиясы күшті өте бейнелі фразеологизмдер ақынды өзгелерден ерекшелеп, талантының тағы бір қырын танытады.

*Шығып ал да арманыңның шыңына,
Сосын, мейлі, ұшып өл де, сырғана.*

*Қуаныштың самалы соқпай қалды,
Жанарың неге айнаға тоқтай қалды?*

*Ажал қанатын жайғанда,
Жастығым өткен майданда.*

*Бықсып жатыр өсектің қоламтасы
Еркінірек наздансаң еліңе кеп.*

*Аққуым-ау, тамаша таң алдында,
Қырсықтың қытығына қол салмайық.*

*Бар болса егер, сүреді қайтпін өмір,
Ақиқаттың сүңгісі қадалғанда.*

*Сен нетесің сондай бір сәттеріңде?
Мұңның шаңы іліксе пәк көңілге?*

Ақында арманның шыңы, қуаныштың самалы, ажал қанаты, өсектің қоламтасы, қырсықтың қытығы, ақиқаттың сүңгісі, мұңның шаңы секілді логикалық сәйкессіздікті танытатын соны фразеологиялық тіркестер бар. Бұлар синкреттік тәсілмен жасалған фразеологизмдер. Бұл фразеологизмдердің әрқайсысы өте әсерлі образ жасап тұр, ақынның айтпақ ойын, идеясын дәл көрсетіп тұр.

«Синкреттік амалмен жасалған фразеологизмдердің дені белгілі бір стильдік жүгі бар «таңбалы» /маркированный/, «меншікті» /авторлы/ дүние болып келеді. Оларды контекстік фразеологизмдер деуге де болады» [2; 11], — дейді ғалым Р.Сыздықова.

Осындай фразеологизмдер бүгінгі қазақ поэзиясында ұшырасып отырады. Бұлар тың көрініп, көзге бірден түсетін, оқырманына әсері күшті экспрессив /эсерсөз/ сөздер болып табылады. Мұқағалида осындай фразеологизмдер мол. Бұл ақынның авторлық даралығын, өзіндік идиостилін танытады.

Сөйтіп, Мұқағалидың фразеология саласындағы үлкен еңбегі — оның соны, жаңа тіркестер ұсынуы деп білеміз. Бұлар тіл жүйесіне енетін тұрақты тіркестер емес, авторлық, контекстік қолданыстар болып табылады. Бұлардың өмірі бір шумақ, бір жол не болмаса бір өлең ішінде ғана болады. Мұқағалидан басқа ақында мүлдем кездеспеуі де мүмкін. Кезіге қалғанда өңі өзгеріп жұмсалады. Жоғарыда айтқанымыздай, жалпытілдік, авторлық фразеологизмдердің көбісі метафораланған сөз тіркестері негізінде дүниеге келеді. Жалпыхалықтық тілдегі фразеологизмдер жалпы жұрттың меншігіндегі тұрақты тіркестер, ал көркем сөздегі фразеологизмдер жеке суреткердің ерен еңбегі өзіндік қолтаңбасы және да олардың беретін мағынасы контексте айрықшаланады. Сондықтан да Мұқағали тілінің сонылығын танытатын бірден-бір ұғымды қолданған сөздің жанданып кететін сәтін көрсететін тілдің көрікті көрсеткіші — фразеологизмдер. Ақын қолданған тұрақты тіркестер көркем сөздің сиқырын танытатын негізгі өзегі болып табылады: «именно в лирике становится возможным привлечение самых разнообразных слоев лексики» [3].

Сөз зергерлерінің қай-қайсысында болса да фразеологиялық тіркестер мағыналы, жеке-жеке сөздердің тіркесуінен туындаған жаңа мағынаға ие болған сөздер.

Демек, белгілі бір суреткердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып, талдап зердемізге салып жинақтау ерекше орын алады. Астарлы, бейнелі фразеологизмдердің табиғаты, тілдік қызметі және стильдік жүгі тек мәтін ішінде ғана көрініс береді. Қорыта айтқанда, ақын лирикасында фразеологизмдерді жан-жақты қолданған.

Біріншіден, Мұқағали жалпыхалықтық фразеологизмдердің тұлғасын өзгертпей еркін, орынды және молынан қолданады.

Екіншіден, бейнелі, соны, жаңа фразеологизмдер жасап, өзінің лексикалық қорын молайтқан және оларды мәтін ішінде жандандырып жүйелі түрде жұмсаған әрі экспрессив сөздердің қатарына айналдырды.

Үшіншіден, соны, контекстік фразеологизмдер жасауда семантикасы әр түрлі, логикалық сәйкессіздік тудыратын сөздерді тіркестіріп, дерексіз ұғымдармен байланыстырып, тосын бейне сөздер тудырды.

Төртіншіден, Мұқағали қолданған, жасаған мағыналы тұрақты сөз тіркестері белгілі бір стильдік мақсатта жұмсалып, өлеңді көркемдеп тұратын тілдік құралдар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Эфимов А.И. О языке художественных произведений. — М., 1954. — С. 181.
- 2 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. — Алматы, 1995. — 225 б.
- 3 Синкевич Н.П. Синтаксисо-стилистическое средство языка. — М., 1968. — С. 85.

А.З.Казанбаева

Особенности употребления фразеологизмов и устойчивых оборотов в лирике Мукагали Макатаева

В статье характеризуются особенности употребления фразеологизмов и устойчивых оборотов в лирике Мукагали Макатаева. Автор определяет лексико-семантическое значение фразеологизмов, их стилистическую функцию, а также особенности употребления в определенном художественном тексте. На основе конкретных языковых примеров показана не только выразительность фразеологизмов в языке поэта, а также их эмоционально-экспрессивная окраска. Автор статьи доказывает, что устойчивые сочетания в лирике Мукагали Макатаева являются языковыми средствами, выполняющими определенную стилистическую функцию в раскрытии художественности и выразительности произведения.

Author of the article characterizes the usage of phraseological units in the language of M.Makatayev's lyrics. Phraseological units that are popular in usage owing to its expressiveness and vividness considered to depict a portrait of the nation's language. The article deals with the semantic meaning, stylistic function of phraseological units occurring in Mukagali Makatayev's lyrics, points regarding their usage in the text are discussed as well. Phraseological units used by a poet are vivid and expressive, moreover examples made by M.Makatayev clearly reveal the emotional-expressive colouring of his poems. Author concludes that set phrases occurring in M.Makatayev's lyrics and are believed to be linguistic means that serve certain stylistic function showing the literary character of poem.

ӨЖ 811.512.122:378.096

Б.Қ.Сәдуақас¹, М.Р.Ысқақов²¹ Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;² № 101 мектеп-лицей, Қарағанды

Тіл білімі теориясына «грамматикалық конверсия» терминін енгізу жайы

Мақалада қазақ тіліндегі конверсиялық құбылыстың орнын анықтау мақсатында грамматикалық омониммен қатар грамматикалық конверсияның бар екендігіне ғылыми тұрғыдан теориялық тұжырым жасалды. Авторлар полисемия мен омонимдерді жеке қарастыру арқылы конверсиялық құбылыстың өзіндік өзгешеліктеріне арнайы тоқталып, оларды нақты масылдармен дәлелдеуге талпыныс жасаған. Қазақ тілінде конверсиялық құбылыстың бар екендігін, оның ішінде грамматикалық конверсияның жеке қалыптасқанын дәлелдеп, оның өзіндік терминологиясының даму ерекшеліктерін көрсетті.

Кілтті сөздер: конверсия, грамматикалық конверсия, конверсиялық құбылыс, омоним, полисемия, актив лексика, пассив лексика, мағына тарылуы, мағына кеңеюі, мағына өзгеруі.

Тіл — қарым-қатынас құралы. Бір тілдің сөздік қорының толысып, байып отыруы ішкі және сыртқы факторларға да байланысты. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамына қарап отырсақ, сөздердің синонимдік қатары, омонимдік қатарлары, диалект, кірме сөздер, ғылыми терминдер, жаңа сөздер қатары жылдар өткен сайын көбейіп, тіпті, мағыналары да өзгеріске түсіп, сөйлесу тілі қолданысында сан алуан құбылатынына көзіміз жетіп келеді.

Тіл білімінің лексика саласы, яғни, сөз мағыналарының өзгеруін тарихи тұрғыдан өткенге үніліп зерттейтін лексикология ілімінің семасиология тармағы сөз мағыналарының құбылыстарын әр қырынан қарастырып келеді. Бір сөздің мағынасын ашу тек лексикология ілімінен шектеліп қалмай, тіл білімінің фонология, грамматика бөлімдерімен бірлесе отырып зерттейді. Өйткені кез келген сөздің өзгеруі, құбылуы грамматикалық формаға, категорияға, мағынаға тікелей тиесілі.

Қазақ тіліндегі конверсиялық құбылыс көп мағыналы сөздер /полисемия/ мен омонимдердің көлеңкесінде қалып келеді. Сөздерді мағыналық жағынан топтастырғанда, оларға ғылыми тұрғыдан берілген анықтамаларына сүйене отырып, өздеріне тиесілі сөздерді бөліп беретін уақыт жетті.

Қазіргі қазақ тілінде түбір күйінде, негіз қалпында ғана сөздер табылып қоймай, туынды түбір қалпында да /формасында/ сөздердің конверсиялық құбылысқа түскенін байқаймыз. Мысалы: түбір, негіз қалпында: **көш** — етістік, **көш** — зат есім. Екі түрлі сөз табынан болса да, арғы түпкі мағынасы қимыл-қозғалысқа тіреліп, көп мағыналы секілді ауыспалы мағынасы зат есімдік көрсеткішке ие болуда. Әмеди Хасеновтың «Тіл білімі» еңбегінде **көш** сөзін жартылай омонимдерге жатқызып, «...осы формада, атау тұлғада, бұл екеуі бір-бірімен омоним», — деп айтады да: «Қаратаудың басынан **көш** келеді./ **Көшкен** сайын бір тайлақ бос келеді» [1; 25], — деген мысалдағы «көш» пен «көшкен» сөздері бір-біріне омоним болудан қалады», — деп өз пікіріне өзі қарсы шығып, сөздердің мағыналық жағын ұмытып, сыртқы түрленген қалпына /формасына/ қарап, жартылай омоним деп қарап, орыс тіліндегі оқулықтар авторы В.Н.Петрухин дәл осындай омонимдерді омоформалар деп, Б.Н.Головин омонимдердің осы түрін — омоформаларды омоформы, оморморфемы деп атағанын, ал А.А.Реформатский дәл осындай құбылысты конверсия (лат. *қарату*, *қаратпа*) деп атағандарын айта келіп: «... олар белгілі бір формада ғана бірдей дыбысталады, ал әр сөз табынан жасалғандықтан, түрленгенде бір-бірімен омоним бола алмайды», — деп айтқанымен, сөздің арғы мағынасына, шығу тегіне қарамай, жаңсақ сыдырып өткен.

Сөздің сыртқы формасы түрленгенімен, ішкі мағынасы түрленбесе, ол сөздер омонимдігін жоғалта қоймайды. Сол себептен де полисемия, омонимдер (олардың түрлері), конверсиялық құбылыстарын салыстырмалы түрде қарастыралық.

*Сөз мағыналарының сан алуан түрге бөлінуі. Сөз — лингвистикалық, ұғым — логикалық категория. Сөз бен ұғым арасында белгілі бір қарым-қатынас болады. Бірақ ұғым мен сөз екеуі — бір нәрсе емес. Ұғым сөз негізінде туып, өмір сүреді. Сөз белгілі бір ұғымды білдіреді. Сөйтсе де бұндай тұжырым сөз атаулының бәріне бірдей тән емес. Мәселен, шылау сөздер мен одағайларда белгілі бір мағына болады, бірақ олар ұғымды білдірмейді. Сөз алуан түрлі эмоциялық реңге ие бола алады. Ал ұғымда эмоциялық бояу болмайды. Ұғым зат пен құбылыстың ең жалпы, ең қажетті жақтарын білдіреді. Ұғым — жалпы адамзатқа тән категория. Ал сөз мағынасы — нақты бір тілге тән категория. Осыған орай, әр тілде бір ұғымды білдіретін сөздер түрлі-түрлі атала береді. Мысалы: қазақша **жер**, ал орысша — **земля**; ағылшынша — **land**, ал французша — **terre** т.б. Көп мағыналы бұл сөздің семантикасы (мағынасы) да түрлі-түрлі болып келеді екен. Мәселен, *земля* өзінің номинативті мағынасынан басқа — *твердая поверхность*; ағылшынша **land** — *әрі мемлекет, әрі ұлт*; французша **terre** — *әрі меншік, әрі бір елдің, мемлекеттің халқы* деген мағыналарды береді [2].*

Тіл-тілге сөз атаулары, яғни, сөз негізін қалаған алғашқы бір бейнелер бірте-бірте ұмытылып, сол сөз келе-келе тілдегі нақты бір таңба ретінде ғана сақталып қалуы мүмкін. Тілдегі сөздер жалпы бола отырып, өмірдегі, айналадағы сан алуан құбылысты белгілейді, солардың атауы ретінде қызмет етеді, затты, сапаны, белгіні, іс-әрекетті т.б. білдіреді. Осындай ірі-ірі белгілеріне қарай тілдегі сөздерді, әдетте, 3 топқа (немесе типке) бөледі: атауыш сөздер, көмекші сөздер, аралық сөздер. *Атауыш сөздерге* зат есім, сын есім, етістік, үстеу сияқты топтарға қатыстылар жатқызылады да, бұлар әрі дербес, әрі толық мағыналы сөздер деп те аталады. *Екінші тобы* — тілде жеке тұрғанда дербес мағынасы жоқ, атауыш сөздердің жетегінде жүріп, грамматикалық мағына білдіретін көмекші сөздер. Бұлар сөз бен сөзді, сөз тіркестерін, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, дәнекерлеушілер: жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер, көмекші есімдер, көмекші етістіктер. *Үшінші* — аралық, немесе орынбасар, сөздер. Бұл топқа, әдетте, есімдіктер, сан есімдер, одағайлар жатқызылады [3]. Бұлар заттың я құбылыстың тікелей атауы емес, олардың орынбасарлары ғана. Тілдің лексикасы үнемі даму, баю процесінде болады. Тіл өз дамуының заңдылықтары мен ішкі мүмкіндіктері арқылы лексикасын сан жағынан да, сапа жағынан да қорландырып, жаңа сөздермен толығып отырады. Тілдің сөздік құрамы, негізінен, 3 түрлі амал-тәсіл арқылы молаяды: лексикалық-семантикалық тәсілі арқылы қорлануы; лексиканың морфологиялық тәсіл арқылы қорлануы; лексиканың синтаксистік тәсіл арқылы қорлануы.

Лексикалық-семантикалық жақтан баюы. Тіл лексикасы ең алдымен сапа жағынан байып, дамиды. Байырғы бір сөз уақыт өте бірнеше мағынаға ие болуы, кейде жеке-жеке дербес сөзге айналып кетуі мүмкін. Мысалы: араб сөзі *илм* — **ғылым-білім-ілім** болып үш мағынаға ие болса; *өкімет* — **үкімет**; *мәлімет* — **мағлұмат**; *уақиға* — **оқиға** секілді вариациясынан да мағына пайда болған [4], бұрын тар мағынада қолданылса, кейін тіркесу арқылы кең мағынаға ауысуы мүмкін. Сөз мағынасын алмастыру амал-тәсілдері арқылы /метонимия, метафора, синекдоха, эвфемизм т.б./ бір сөз әлденеше экспрессивті-эмоционалды, стилистикалық реңктерге ие болуы мүмкін.

Тіл лексикасының сан жағынан да, сапасы жағынан да байытушы арнасы — синонимдер, антонимдер, фразеологиялық оралымдар болса, екінші бір арнасы — полисемия мен омонимдер, конверсиялық құбылыстар [5].

Мысалға *қор* сөзін алайық. Түбір күйінде: I. қор — зат есім: жинақ, байлық. *Қымыздың қоры; шұбаттың қоры*; II. қор — сын есім: әуре болу, зардап шегу. *Қор болу*. III. қор — еліктеу сөз: дыбыстың қатты шығуы. Осылар бір-біріне омоним болып тұр. Зат есімдегі *қор* сөзі тұйық етістіктің -у жұрнағын тіркестіріп, *қору* сөзін әкеледі. Енді осы *қору* сөзі әрі зат есім болып (не?) деген сұраққа жауап берсе, әрі етістік болып /қайту? не істеу?/ деген сұраққа жауап береді. Бұл сөз екі бөлінгенімен, түбірі, түпкі мағынасы, тегі бір. Және бір-біріне полисемия мен омоним бола алмайды. Омоним болайын десе түбірі, түпкі мағынасы бір сөзден өрбіп тұр, ал басқа сөз табына өтіп, сұрақтары да бөлек болуы жағынан ғана омоним секілді. Полисемия болайын десе, әр түрлі сұрақтарға жауап беріп, жеке-жеке сөз табының иелігіне ауысқан. Мінеки, бұл құбылысты **конверсиялық құбылыс** дейміз.

Б.Сағындықұлының «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты еңбегінде: «Конверсияда ешқандай қосымшаның көмегінсіз-ақ түбірдің не негіздің басқа сөз табына алмасуы арқылы жаңа сөз жасалады. Конверсия қосымшасыз сөзжасам әдісі ретінде аффиксацияға қарсы қойылады...» делінген [6]. Осылай дей тұрса да, қазақ тілінің жалғамалы тілдер тобына жататынын ескеріп, осы тұжырымға қарсы уәж айтуға тура келетін секілді. Қазақ тілінің табиғаты мүлде бөлек. Қопарылмалы, түбір, құранды тілдерден ерекшелігі осында жатыр. Сондықтан да туынды сөздер арқылы жасалынған, бір түбірден өрбіп, басқа сөз таптарына ауысқан сөздерге, ат қойып, айдар тағып, **грамматикалық конверсия** деген терминді қиятын кез кеген сияқты. Дәлелін тауып, басқа атау берілсе де қарсы емеспіз, бірақ **конверсия** деген ұғымға сай аумағын кеңейту мәселесі жайында сөз қозғалмақ.

Осы туынды түбірлерден ары қарай сөздер қатарының молаюын қарастыратын болсақ:

	Қосымшасы	Сұрағы	Мысалы
I. қор /не?/ зат есім	-у	қайту?	Қорғау / не? /
	-у	не?	Қорғау / қайту? не істеу? /
	-ға		Қор-ға -у-шы /кім?/ /қандай?/
	-ға	неге?	Қорға
	-ша	қайт?	Қор- ша- у Мен қорийын
	-ы	қайт?	Сен қоры, сіз қорыңыз Ол қорысын
	-лан	қайт?	Қорлан /байы, молай/ Қорлану /баю/ Қор қылды Қор жасады, қор құрды, қор жию. Қор етті
II. қор сын есім	-ла-н	Қор-ла-н-у: қайту? /етістік/ /зәбір шегу, азап шегу/	
	-лық	Қорлық: не? /зат есім/ /азап, құқай көру, зардап шегу/ Қор /қандай?/ болды, қор /қандай?/ қылды	
	-ла	Қор- ла –ды : қайтті? /қинады/	
III. қор еліктеу сөз	- ыл	Қорыл: не? зат есім қор- ыл- да-у Қор-қор етті /қайтті?/	

Осы **қор** сөзінің ең түпкі үш мағынасы бір-біріне омоним болатынын дәлелдедік. Морфологиялық және синтаксистік тәсілдер арқылы қандай туынды сөз бен сөз тіркестерінің қай түбірінен өрбіп шыққанын да байқадық. Зат есім болып тұрған **қор** сөзінен туындаған сөздер мен сөз тіркестері басқа **қор** сөздерінен өрбіп шыққан сөздерге, сөз тіркестеріне қарағанда әлдеқайда көп екендігін байқатты.

Екінші бір байқалатын жайт: омонимдес сөздер мен сөз тіркестері бірден көзге түседі. Ә.Хасеновтың «Тіл білімі» еңбегінде **қоршау** сөзі бірінші зат есім, екінші етістік болады деп дұрыс

айтқанымен, осы сөздерді мағыналық жағынан жақындастырғанда: «... зат есім *қоршау* сөзі мен етістіктің тұйық формасы *қоршау* — бір-бірімен грамматикалық омоним. Етістік *қоршау* сөзі де — полисемия...» депті. Екі бірдей *қоршау* сөзінің өз алдына көп мағыналы екенін айтқан [7].

I. қоршау: /не? зат есім/ — ағаштан, кірпіштен, темірден, қамыстан т.б. заттардан жасалған бекініс, бөгет, қорғау, жау әскерлерінің айнала қоршауында, ортасында қалып қою, қоршаушы айнала, саяси құрылыс жүйесі /капиталистік қоршау/, орта, қамау /қоршауды бұзып өту/ т.б. зат есімді *қоршаудың* көп мағыналылығы осындай.

II. қоршау: /қайту? етістік/ жауды, қаланы немесе басқа бірдемелерді айнала қоршау; тасалау, бүркемелеу, көзге көрсетпеу, айнала алқа-қотан отыру, ортаға алу, затты денемен жабу, тосқауылдау; ауысп. қаптау, айнала төну, шырмау, шеңгелге алу, қыспаққа алу т.б.

Тұйық етістіктің -у жұрнағы арқылы жасалған сөздер екі түрлі бөлініп, өз алдына сан алуан мағынада жұмсалғанымен, бәрібір түбірі бір сөзге сайып келеді. Ендеше, *қоршау* сөздері /зат есім, етістік/ бір-біріне *грамматикалық омоним емес, грамматикалық конверсия болмақ*. Сонымен қоса «қазақ тілінің жалғамалы тілдер тобына» жататындығын ескеріп, басқа ағылшын, орыс т.б. «үнді-еуропа тілдер тобымен» салыстырып, қажеті жоқ. Қазақ тіліндегі сөзжасамда қосымшалар тек түбірден кейін ғана жалғанатындығын ескіру керек сияқты. Сол себептен де, «конверсиялық құбылыс тек түбір күйінде тұрып қана пайда болады» дейтін қағидаға қоса жалғамалы тілдер тобындағы қазақ тілінің лексикасы түрленіп барып, грамматикалық формада да бір-біріне *конверсия* болатынына зерттеу барысында көзімізді жеткіздік.

Лексикалық-морфологиялық тәсіл мен синтаксистік тәсіл арқылы баюы. Қазақ тілі көбінесе морфологиялық және синтаксистік тәсіл арқылы қатар көбейіп, толысып, қорланып отырады. Яғни, синтетикалық аналитикалық жолмен жасалған сөздер өте көп. Жалғамалы тілдерге тән бұл қасиет түбірден кейін қосымшалардың бірінен соң бірі тіркесе беруі — морфологиялық (синтетикалық), ал сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, кейде қысқару арқылы да жаңа мағынаға ие болуы — синтаксистік (аналитикалық) жолмен дамып отыруы. Бір сөздің өзінен сөзжасамдық тәсілмен өрбітіп мыңға тарта, тіпті, одан да көп грамматикалық форма жасауға болады. Өкінішке орай, әрбір сөзге жеке зерттеу жүргізіп тілдік құбылу жағынан сандық әрі сапалық мүмкіндіктерінің көрсеткішін білдіретін еңбектерді көп кездестіре қойған жоқпыз. Жоғарыдағы мысалға келтірілген *қоршау* сөздері бір-біріне конверсия болса, енді омонимдік қатарын басқа *қор* сөзінен туындаған сөздермен байқастап көрелік. Олар грамматикалық омоним болады.

I	Қор (не? зат есім)	Қор қылды	Күбінің түбіндегі қалған қымызды қор қылды.
II	Қор (қандай? сын есім)	Қор қылды	Алтынды дұрыс еріте алмай, ірітіп, оны қор қылды.

I	Қор (не? зат есім)	Қор етті	Қалған қымызды қор етті.
II	Қор (еліктеуіш сөз)	Қор етті	Асан басы жастыққа тигенде, қор етті.

Осындағы **қор қылды** тіркесі сөйлем ішінде, сұрақ қою арқылы сөйлем мүшелеріне талдағанда, қызметтеріне қарай зат есім *қор* — *бастауыш*, сын есім *қор анықтауыш* болып тұр. Демек, тіркескен күйде грамматикалық омоним екендіктерін айқындап тұр.

Сол секілді, қарап отырсақ, көбінесе зат есімді *қор* сөзінен өрбіген сөздер мен сөз тіркестері және сын есімді *қор* сөзінен өрбіген сөздер ешбір дау-дамайсыз грамматикалық формасы да, мағынасы да, категориясы да болып сөз байлығына өз үлестерін қосып тұр.

Конверсиялық жолмен жасалған сөздер. Полисемия /көп мағыналы сөз/, омонимдер, конверсия сөздерге сырттай шолу жасап, атүсті қараған адамдар бір-бірінен әрең ажыратуы мүмкін. Сондықтан да олардың анықтамаларына үңілетік:

Полисемия сөздің көп мағыналығын айтады. Бір сөздің әр түрлі контексте әр түрлі мағынаға ие болуын *полисемия* деп атайды. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» [1; 15] *бас* деген зат есімнің бірнеше мағынаға ие болатынын келтірген:

1. Адам мен жануар дүниесінің көз, мұрын, құлақ, ауыз т.б. орналасқан тұсын.

2. Шөптің, ағаштың, түрлі өсімдіктің ең жоғарғы жағы, төбесі, ұшы, ең үсті.
3. Таудың, қырдың, мұнараның т.б. төбесі, биік жері, ұшы, ең үсті.
4. Өзеннің, бұлақтың басталатын жері, жоғарғы жағы.
5. Таяқтың, тағы басқа сондай нәрселердің жуандау, жұмырлау жағы /*таяқтың басы*/.
6. Балтаның, шоттың т.б. саймандардың жүзі бар жағы /*айбалтаның басы*/.
7. Бір нәрсенің айналасы, қасы /*от басы, ток басы*/.
8. Кісінің жеке дара өзі, адам /*Басы аманның — малы түгел*/.
9. Сан мөлшерін өсейту амалы, дана /*Қой саны — бір мың бас*/.
10. Қызметі жоғары адам, басқару ісін жүргізуші.
11. Негізгі, үлкен /*Азаттық қозғалысының бас жауы — буржуазия*/.
12. Бір нәрсенің бастамасы, алғашқы көзі /*істің басы, қыстың басы*/.
13. Басқарушы, жетекші /*Бұл іске Мейрам бас болып келді*/.

Полисемиядағы басты шарт — мағыналық жақындық және бір сөз табынан ғана болып, бір-ақ сұраққа жауап беру, басқа сөздердің синонимдік қатарларын байытып, дамытады. Ауыспалы мағынада қолданады.

Омонимдер. Бір сөздің түрлі мағынаға ие болуы тек көп мағыналы сөздер ғана болмайды. Тілімізде дыбысталуы да, жазылуы да бірдей бола тұра бір-бірімен мағыналық қатынасы жоқ сөздер кездеседі. Оларды *омоним сөздер* деп қабылдаймыз. Мысалы: I. бас /не? зат есім/ — бұл өз алдына көп мағыналы болады. II. бас /қайт? етістік/ Осы екі сөз бір-біріне толық омоним бола алады. Зат есімді *бас* сөзінің көп мағыналы бола алатынына «Түсіндірме сөздіктен» мысалдар келтірілді. Енді етістік *бас* сөзі қаншалықты деңгейде лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық түрленуге түсе алатынына қарайық.

бас (қайт? етістік)	-на	баспа /не? зат есім/; <i>Кітап баспасы</i>
	-на	баспа /етістік/; <i>Аяқпен баспа!</i>
	-на-с	баспас /болжалды келер шак/
	-у	басу /зат есім/; <i>Басу айту</i>
	-у	басу /етістік/; <i>Қолмен басу</i> .
	-ыңқыра	
	-нақ	/мақсатты келер шак/
	-а-ды	/ауыспалы келер шак/
	-ып	/бұрынғы өткен шак, көсемше/
	-ар	/болжалды келер шак/
	-нақ	/мақсатты келер шак/
	-шы – басшы	/қалау,өгініш/; <i>Аяғыңмен басшы!</i>
	-ты-қ	бас-ты-қ /жедел өткен шак, I-жақ жеке, көпше түрі жалғауы;
	-ыс	бас-ыс / ортақ етіс/
	-ыл	басыл /ырықсыз етіс/
	-қан	/нәтижелі өткен шак/
	-қалы	/келер шак/ /кейде өткен шақта/
	-қыз-дыр-т	/өзгелік етіс/
	-тыр-т-қыз-дыр	/өзгелік етіс/
	-са	шартты рай/ -са екен, -са игі еді /қалау рай/
	-қы-м	келеді /қалау рай/
	-айын, -ыңыз, -сын	/бұйрық рай/

Бас сөздері омоним екендері белгілі. Енді олардың түрленгендегі грамматикалық формада омоним бола алатынына көңіл аударсақ: зат есім: *бас-тық* /кім?/ етістік: *бас-ты-қ* /қайттік?/ бұлар бір-біріне грамматикалық омоним. Ал зат есім: *бас-шы* /кім?/ мен етістік: *бас-шы* /не істеші? қайтші?/ және де етістік: *бас-на-қ* /ж.ж. III жақ көпше түрі/ пен зат есім: *бас-нақ* (сиырдың төлі, жас тайынша) — ол да грамматикалық омоним. Осы зат есім *баспақ* сөзінің қай *бас* сөзінен өрбігені белгісіз, мүмкін, түбір күйінде солай *баспақ* болып айтылатын шығар. Әлі де зерттеуді қажет етеді. Ал *баспа* сөздері екіге бөлініп: бірі — зат есім, екіншісі сол етістік болып қалып тұр. Бұлар бір-біріне омоним емес, көп мағыналы да емес, грамматикалық конверсия. Өйткені етістік *бас* сөзінен туындап тұр және

омоним аффикстерінің арқасында сөз мағынасы пайда болды десек те, бұл жерде туынды сөздер омонимдес бола алмайды, дегенмен өте ұқсас.

Омонимдерді өз ішінде толық омонимдер, жартылай омонимдер, көп компонентті немесе аралас омонимдер деп бөлгендерін К.Ахановтың «Тіл біліміне кіріспе» еңбегінде, Ә.Хасеновтің «Тіл білімі» еңбектерінен оқи аламыз. Омонимдерге ұқсас *омофон* және *омографтар* да бар. Ә.Хасеновтің еңбегінде фонетикалық омонимдер — омофон, орфографиялық омонимдер омографтар делініпті. *Омофон* — біркелкі айтылып, бірақ түрліше жазылатын, мағынасы мен сыртқы тұлғасы /формасы/ басқа-басқа болып келетін сөздер. Мысалы: *қарала* /етістік/ — *қара ала* /сын есім/; *қара ат* /сын есім/ — *қарат* /етістік/. *Омограф* — біркелкі жазылып, екпіннің әр түрлі түсуіне байланысты түрліше айтылатын сөздер. Ә.Хасеновтің «Тіл білімі» еңбегінде *алма* (зат есім), *алма* (болымсыз етістік) айтылғанда екпін түсу арқылы байқалады делініпті [8]. Ал қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі және екпін тұрақты десек, онда бұл екі сөз омографқа жатпайды. Тек қана болымсыз етістікті айтқанда, дауыс ырғағы көтеріңкі болып, сөйлемнің ішіндегі мазмұн-мақсатын білдірерде, жеке тұлғаның сөйлеуіне байланысты болып барып омограф болмаса, басқа шет тілдердегідей екпін түсіру арқылы қолма-қол мән-мағынасын бере қою — қиын-ақ. Орыс тілінде айқын білінеді. Мысалы, *атлас- атлас* /карталар жинағы — жібек мата түрі/, *зámок- замók* /бекініс — құлып, *му́ка- мука́* /ұн — азап/. Басқа тілмен салыстырар болсақ, қазақ тілінде омографтың бары да білінбейді. Мағынасына қарап түсінбесек, айтылу жағынан ажырату өте қиын. Бір түбірден болмай және әр түрлі мағына көрсеткіші болса, жартылай омонимге немесе грамматикалық омонимдерге жатқызуға болады. *Алма* (зат есім) — бұл тұтас түбір, ал *ал-ма* (етістік) — түбірі *ал-ма* — болымсыз етістік жұрнағы, туынды сөзге ұласып, басқа сөздің омонимдік қатарын тудырып тұр. Бағанағы *баспақ* /не?/, *бас-пақ* /қайтпек?/ сөздері сияқты. Осы «Тіл білімі» еңбегінде *алмадан* басқа болымсыз етістік, әрі зат есім болатын сөздерді мысалға келтіріпті. Олар: *тарт-на, кес-не, бөл-ме, сал-ма*. Бұл сөздердің бәрі — конверсия, бір түбірден шыққан сөздер. Бұлардың ішінде тұтас негізгі түбір зат есім жоқ. *-ма, -ме, -ба, -бе, -на, -не* жұрнақтарының қасиеті тура тұйық етістіктің *-у* жұрнағы арқылы сияқты. Және де ортақ етістіктің *-ыс, -іс* жұрнағы да осыларға ұқсас. I. *кес-не* /не? зат есім/ *Кесне көже істеді*; II. *кес-не* /қайтпе? етістік/ *Жіптерді кеспе!* /қима/. I. *оқ-у* /не? зат есім/ *Оқу — білім бұлағы*. II. *оқ-у* /қайту? етістік/ *Кітап оқу керек*. I. *айт-ыс* /не? зат есім/ *Жақында айтыс болады*. II. *айт-ыс* /қайт? етістік/ *Екі ақын айтысты*. Осы грамматикалық конверсия жасауға себеп болған жұрнақтарды да бөліп қарастырып *-ма, -ме, -ба, -бе, -на, -не, -ыс, -іс* жұрнақтарын етістіктен зат есім тудырушы және етістіктен етістік тудырушы жұрнақ деп қарастырып жүрміз. Әрі бұларды *омонимдес қосымшалар*, немесе *омоморфемалар* деп те атау беріп жүрміз. Оның өзінде де омонимдес қосымша болуы үшін әр түрлі тұлғада болуы шарт сияқты. Мысалы: *-ды, -ді, -ты, -ті* қосымшасын алайық: жедел өткен шақты білдіреді. Мысалы: *мен бардым, көрдім, айттым, кеттім* т.б. Зат есімнен қатыстық сын есім тудырушы жұрнақ болады. Мысалы: *малды ауыл, кенді өлке, атты кісі, етті сиыр* т.б. Жіктік жалғауының III-жағы. Мысалы: *ол барады, келеді*. Мұнда *-ды, -ді* ғана, өйткені көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнағынан кейін келеді. Табыс септігінің жалғауы. Мысалы: *адамды көрді, жерді жырты, атты ерттеді, етті турады*. Демеулік шылау. Өткен шақ формасынан кейін келіп, істің болған-болмағанына күдікпен қаратады. Мысалы: *барып-ты, келіп-ті, барған-ды, келген-ді* т.б. Мінеки, толығымен бір-біріне омонимдес қосымшалар бола алтынына көз жеткізгендей болдық. Түбір күйінде омоним болып тұрған сөздер осы омонимдес қосымшаларды бірдей қабылдап тұрса, ары қарай грамматикалық омоним бола береді. Мысалы: I. *Ат-ты адам* /сын есім/. II. *Мылтықпен ат-ты* /етістік/. Осы екі *ат* сөзінің мағыналары да екі түрлі, қосымшалары да екі түрлі, толығымен омоним бола алады. Енді үшінші *атты* сөзін тіркесімен алайық, осы екі сөздің қайсысына омоним бола алмайды? Мысалы: *ат-ты* ерттеді /табыс септігінде тұр, **-ты** жалғау/. Алғашқы сын есім *аттыға* омоним бола алмайды, себебі бір түбірден болып тұр. Ал екінші жедел өткен шақ жіктік жалғауының III жақ тұлғасындағы *атты* сөзімен септік жалғаулы *атты* сөзі омоним бола алады. Өйткені екі түрлі мағынада болып тұр. Бір ескеретін жайт, *-ды, -ді, -ты, -ті* демеулік шылаулары арқылы болған сөздер тек естілу жағынан ғана омоним болады. Оның қатарына *ма?, ме?, ба?, бе?, на?, не?* сұрау шылауларын да жатқызуға болады. Мысалы: I. *Ол бізге көп рет келген-ді* /шылау/. II. *Кешігіп келгенді қашан қоясың, ә?! /-ді — септік жалғауы/*; I. *Мына жатқан бас па?* /қай жәндіктікі? II. *Мынау тұрған баспа*. Түнімен газет басады. III. *Біздің жаққа аяғыңды аттап баспа*! Бостан-босқа арам таяқ жейсің! Алғашқы мысалдардағы *келген-ді, келгенді* сөздері бір-біріне омофондар. Екінші кезектегі мысалдардың бірінші сөйлеміндегі сұраулы *бас па?* Қалған екі сөйлемдегі *баспа* сөздеріне *омофон*. Ал соңғы екі *баспа* сөздері бір-біріне грамматикалық конверсия болып тұр.

Конверсиялық құбылыс омонимдерден гөрі көп мағыналы сөздерге өте жақын. Олай дейтін себебіміз бір түбірден пайда болуы. Мағыналық жағынан конверсия екендігі көмескілеу, бірақ бір жерден шыққандығы байқалып тұратын сөздер де жетерлік. Ондай сөздердің қатарына: I. той /зат есім/: Той *жасады*. II. той /етістік/: Тойда *жақсылап той*.

Осы екі сөз де бір-бірінен аса алшақ кетпей бір нысананың маңайында тұр. Салт-дәстүр бойынша тойда тамақ, ас көп болып, әркім қалағанынша ішіп-жейді. Осы екі бірдей *той* сөзінің қолданысқа бірінші қайсысы түскені белгісіз, дегенмен де болжау жасап көрсек, етістік *той* өмірге келген сияқты. Ас мәзірі, оны әзірлеу, жасау, жеу — барлығы қимылға құрылады емес пе? Қуаныш, сүйінші, пайда, ырзық, байлық барлығы «ас та төк» болып жағдай оңдалмай ма? Міне, осының бәрінде қимыл-әрекет жатыр. Сол сияқты «тамақ» сөзі: I. *тамақ* /не? зат есім/ *Адам мүшесі. Әрі астың асқазанға өтетін тұсы*. II. *тамақ* (не? зат есім) *Ішетін ас. Ол өңеш, яғни, ауыз қуысы, жұтқыншақ, тамақ арқылы ішке барады*. Осы екі сөз де бір-бірінен онша алыс кетпей, шыққан тегінде бір байланыстың, жақындықтың бар екенін байқатады. Етістік *іш* сөзі мен зат есім *іш* сөзі де бір бағытқа қарай бұрылып тұр. Сын есім мен зат есімді алар болсақ, сөз мағынасының қай сөз табынан болғандығы айқындау көрініп тұрады. Мысалы: I. *көк* /қандай? сын есім/ *көк тұс*. II. *көк* /не? зат есім/ *көкке өрледі /аспанға ұшты/*. III. *көк* /не? зат есім / *Көк шықты /Шөп шықты/*. Ол баста *көк* сөзі түске байланысты ұқсатудан келіп, ауыспалы мағынаға ие болғаннан кейін, көп мағыналы қалыптан конверсияға ауысып кеткендігін аңғартады. Бір ғана *көк* түс аспанның, шөптің екіншісі бір атауына, яғни, синонимдік қатарына еніп тұр. *Көк* сөзі адамға да қолданылып, оның мінез-құлқынан хабардар етеді. Мысалы: *көк долы, көк қатын* деген тіркестер пайда болған. Өз дегені, айтқаны болмаса көнбейтін, ашушаң, бірбеткей адам мінезін айтса керек. Осы секілді *ақ, қара, қоңыр, сары* сөздері әрі көп мағыналы, әрі конверсиялы сөздердің тууына себепші болған. Кейбір сөздердің мағынасы тарылса, пассив лексикаға айналса, ал кейбір сөздердің мағынасы ұлғайып, актив лексикаға айналғандарын лингвист-ғалымдардың барлығы да тілге тиек еткен. Ендеше, уақыт өте келе талай сөздердің өзгеріске ұшырап мағыналарының тарылуы мен кеңеюін байқай аламыз. Салыстырмалы түрде зерттеудің нәтижесінде полисемия, омонимдер және конверсия құбылысы айрықша өзіндік ерекшеліктерін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — 1-т. — Алматы: Ғылым, 1974.
- 2 *Бесбаева М.* Омонимдер сөздігі. — Алматы: Мектеп, 1988. — 40-б.
- 3 *Аханов К.* Тіл біліміне кіріспе. — Алматы: Қазмемоқупедбас, 1962. — 60-б.
- 4 *Бизақов С.* Синонимдер сөздігі. — Алматы: Арыс, 2007. — 43-б.
- 5 *Смағұлова Г.* Фразеологиялық сөздік. — Алматы: Ғылыми әдебиеті, 2001. — 27-б.
- 6 *Сағындықұлы Б.* Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. — Алматы: Рауан, 2004. — 37-б.
- 7 *Хасенов Ә.* Тіл білімі. — Алматы: Рауан, 1990. — 75-б.
- 8 *Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. — Алматы: Өлке, 2010. — 113-б.

Б.К.Садуақас, М.Р.Ыскаков

О вводе термина грамматической конверсии в теорию языкознания

В статье рассматривается явление конверсии в казахском языке. С целью определения места конверсии автор пытается доказать наряду с грамматическими омонимиями и научно обосновать наличие грамматических конверсий. Рассматривая явления полисемии и омонимии, характеризует особенности конверсии на основе конкретных языковых примеров. При этом автор выделяет актуальные проблемы данного вопроса и выдвигает свои научные гипотезы, доказывает, что явление конверсии, в том числе грамматической, имеет место в казахском языке.

The article considers occurrence of conversion in Kazakh language. In order to define the place of conversion in language author tries to prove grammatical or omonymia. Examining occurrence the events of polymian and omonymia characterises special conversion on the basis of language examples. Author touches upon actual problems of questions and put forward his scientific hypothesis. Proves that appearance of conversion with grammar, takes place in Kazakh language.

ӘОЖ 894.342

Н.Б.Ақжүнісова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі

Мақалада С.Сматаевтың «Елім-ай» және «Жарылғап батыр» романдары көркемдік эстетикалық ізденістер жүйесі тарапынан зерделенген. Басты кейіпкерлердің бейнесін сомдауда жазушының қолданған тәсілдері қарастырылды. Қаламгер қолданған көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі арқылы автордың жетекші идеясы алдыңғы кезекке шыққан. Суреткердің қарапайым баяндау тәсілінен гөрі, шешендік сипаты басым баяндауды жиі қолданатыны анықталды. Қаламгер шеберлігі адамның өзі дүниетанымымен, эстетикалық идеясымен сұлулықты қабылдау, қорыту ерекшеліктерімен тығыз байланыстылығы айқындалды.

Кілтті сөздер: өнер туындысы, көркемдік құндылықтар, қаламгер, көркемдік-эстетикалық деңгей, жазушы еңбегі, эстетикалық ұғым, өнер туындысы, көркемөнер туындысы, көркемдік-эстетикалық ізденістер, қаламгер шеберлігі, суреткердің дүниетанымы, эстетикалық идеясы, стильдік ерекшелік.

Қандай өнер туындысы болсын, оның көркемдік құндылықтары, бәрінен бұрын, көркемдік-эстетикалық өзге деңгеймен өлшенбек. Бұрын ешкім бара қоймаған, тың жатқан, сүрлеу-соқпау түрде қоймаған тақырыптар болуы мүмкін, қаламгердің өз оқырманына айтар ауқымды да салмақты ал-идеясы болуы мүмкін, алайда ондай туындының көркемдік-эстетикалық деңгейі төмен болса, жазушы еңбегінің еш болғаны. Демек, осынау эстетикалық ұғымның өнер туындысындағы орны жайлы ертелі-кеш жазылған ірілі-ұсақты еңбектерді атүсті шолып өткеннің өзінде де көп мәселеге көз жеткізуге болады. Әрине, әр зерттеуші көркемөнер туындысының көркемдік-эстетикалық өзге деңгейіне әр түрлі қырынан келгені де мәлім. Тіпті белгілі бір зерттеу нысанының ауқымында болса да, кез келген автордың шығармадағы көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесіне атбасын бұрмай өтпейтіні де аян.

Әлем әдебиетіндегі ең үздік деген туындылардың өзін көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі тарапынан зерделегенде бір нәрсеге көз жеткізу қиын емес. Ол — қандай өнерпаз болсын, ол міндетті түрде мынадай тәсілдер қолданысын деген қағиданың жоқтығы. «Кейіпкер кескіні қалайша сомдалды?», «Жазушы оқырманын қалайша баурап алды?» деген сауалдарға жауап іздегенде қаламгер шеберлігіне көбірек назар аударамыз. Демек, шеберлік — тым кең ұғым. Ол, бәрінен бұрын, суреткердің дүниетанымымен, эстетикалық идеясымен, сұлулықты қабылдау, қорыту ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Осыдан келіп, стильдік ерекшелік туындайды [1; 28]. Ал, стиль — адам (Бюффон). Әдебиеттану ғалымдары кеңінен танып, мақұлдаған бір көркемдік тәсілді екінші қаламгерде неге жау деуге болмайды. «Толстойдағы диалогизмді Достоевскийде неге аз?», сондай-ақ, керісінше, «Достоевский монологизмін неге Толстойда аз?» деп сауал қоюға болмайтыны сияқты, Есенберлиндегі хронологиялық талдау неге өзгелерде кездеспейді деу әбестік.

Әр талантты қаламгер — жеке әлем. Жеке тағдыр. Сыршылдық, сұлулық әлемі. Эстетикалық идеал.

Романшы С.Сматаевтың «Елім-айы» мен «Жарылғап батырындағы» бірден көзге түсетін жайт — шешендік өнерді, шешендік тілді, поэтикалық келісті, қуатты тілді шебер меңгеруі дер едік. Роман-трилогияның үш кітабында да, өлеңмен жазылған «Жарылғап батыр» романында да асқан шабытты шешендік сөз көркемдік-эстетикалық тұрғыдан алғашқыдағы жазушы шеберлігінің өзегіне

айналғанын баса айтуымыз қажет. Қол бастаған батыр да, сөз бастаған шешен де, күй күмбірлеткен күйші де, ән асқақтатқан әнші де — бәрі де шешен сөйлейді. Шешендіктің ғажайып үлгісін шертеді. Сылдыр сөз, атүсті пікір ғана емес, философиялық салмағы басым сөздер. Автордың өзі де көп реттерде шешендік өнердің құдіретінен шыға алмай қалады да, қарапайым баяндау тәсілдерінің орнына, шешендік сипаты басым баяндауды көбірек қолданып жібереді. Соның нәтижесінде кей тұстарда кейіпкер сөзі мен автор сөзін (баяндауын) айыру қиындыққа түспесе де, бірсарындылық элементтерінен ада емес екенін де айта кеткен парыз.

Қалай дегенде де, сайын даласында қайыршысы жоқ, сорлы, пақыры жоқ, өзгеге өмір сырын, өмір сүрудегі адам ғұмырының мәні мен маңызын, мазмұнын, паркы мен нарқын, барша адамзат алдындағы парызы мен қарызын сөз өнерімен философтарша түйіндеп кеткен, қауымдаса өмір кешуді мұрат еткен, табиғатты таптау, өзімізге бағындырамыз деп емес, керісінше, өзіміз де сол ұлы табиғаттың бөлшегіміз деп, онымен тіл табысқан, ғажайып үйлесімділік тапқан, бүкіл адам баласы өнерінің ішінде шешендік өнері жалпыадамзаттық құндылықтар қатарынан табылатын, рухы биік, санасы сара, ақсүйектік, аристократтықты армандаған, табиғаттай тұла, мына жарық дүниені қонаққа келу деп қабылдаған өрісі түркі жұртын, берісі қазақ ұлтын шешендік сұңғылалықтан бөліп алып, қарау мүмкін еместігін баса айтуымыз келеді. Софы Сматаев шешендік сөзімен қара судан қаймақ сүзген кәнігі прозашы ғана емес, әрі даңғайыр ақын. Проза болсын, мейлі өлеңмен жазылған болсын, жазушы шеберлігі осы келісті сөзден, айшықты образдар сомдаудан көрінеді деген абзал. Романшы қос романдағы әр кейіпкерге мінездеме беруден немесе ұзақ-сонар баяндау арқылы құбылыс, оқиға сырына үңілуден бойын аулақ салған. Тарихи романдардың бүкіл құрылымында авторлық баяндаудың өзі шешендік сөзбен өрілген [1, 32]. Тарихи тұлғалар ғана емес, қарапайым кейіпкерлер де шешен тілмен келісті сөйлейді. Ал, найзаны емес, домбыраны, садақты емес, кобызды пір тұтқан әскер ұстамаған, кетісуді емес, бітісуді үлгі тұтқан қазақтың тарихындағы рухани шүйгіндікті баяндағанда жазушының алмас қылыштай жарқылдап, ақындық талантпен көл-көсір төгілгенін байқау қиын емес.

Құбылыға қарап күн өткізгенге әбден дағдыланып кеткенбіз. Бұл жерде де күн өзі үшін атар, өзі үшін батар дейтін жайбырақаттылығымыз қалмады. Асату тілеген жалтақ көздің қолға қараған тілемсек әдеті жаудың ығына жыға бермей қайтушы еді. Аузымыз бір, амалымыз ортақ болсында мына Қазыбекжан айтты. Өреміздің алынбай, өрісіміздің тарылғанын өзіміз білмейді екенбіз. Әлі тауы шағылмаған жалындаған жас емес пе, соны танып қап, табандап айтты Бабаназар.

Елі үшін көрмеген ерді көрмеппең әлде. Төбеден жоңғар ұрғаннан да, құдайдың ұрғаны жаман екенін білмеймісің? Халқың үшін қаныңды құйып, жаныңды шүберекке түйіп келгеніңді ұмытып қалғансың ба? Қайыспай қасарысайық десе, қаракетке баста дегені зой. Күмілжіп күлтілдетпей, қасқайып айтайық десе, еліңнің ертеңін ойлағаны да. Оған неге қитығасың. Жалбарынған елшіні, жалтақтаған жаушыны қайдан көріп ең? Жарқыным, көлден шөл боп, нудан қу боп туыппең әлде? Әнеттай әкеден сендей бала туғанына қарным аша бастады.

Өзге тілдің өзек тырнар бөтендігін бұрын ескермеппін-ау. Құлаққа қазан түбін қырнаған пышақ тықырындай тосын естілгенде ызыңын ғана бағып қап, маңызына жетпей, мәнін ұқпай мәңгіріп қалатының-ақ жаман. Әу баста Адам Ата, Хауа Анадан жаралған адамзатты жалпақ жердің бетіндегі жарық жалғанның түпкір-түпкіріне тарыдай шашып жіберген Жаратқанның соларды бірінен бірін ашақтатқаны қалай? Бірін-біріне түсіністірмей, тілдерін бөлектеп, түрлерін өзгертіп, әлгі әу бастағы кіндіктес, ұрықтас ағайынды бір-біріне жауықтырып қойғаны қалай? Адам пендені естілілігінен айырып, ерегесін молайтып, бір-біріне құбыжық қып қойғаны тәңір хақтың қай әділеттілігі? Күшік асырап қабаған ит қып өсіріп, бөтен ауылдың бөрібасарымен таластырып, ырылдаған, арылдаған төбеттердің бірінің бірі алқымын езіп, желкесінен алып, бұрап соққандарынан дүниенің бүкіл қызығын көргендей сілекейі шұбыра, көзі қызара есі шығатын бәдік жандарды талай көріп ем [2; 97]. Пендесін де дәл сондай арылдатқызып қойған Жасаған хақтың кей ісіне қайтіп қана бас шайқамассың. Әр ұлысқа бірін шүлдірлетіп, бірін маңқалатып, бірін қылғынтып әр түрлі тіл бермесе, анау сылаң келіншек пен шойнақ отыншының не деп қылғынып тұрғанын түсінбес пе едім. Түсінсем, көңіліме күдік оралмас еді. Қаланы қиратып шаңы ойнаған, даланы құлазытып құйыны құтырған мынау қатыгез заманда әр кеудеге алабүлік боп енетін күңгірт күдіктен өтер әзәзіл жоқ-ау. Самбырлаған тілі жоқ. Әй, бірақ сыбырлайды-ау кеп сол құрғыр күдік құлағыңның түбінен. Сарнайды-ау кеп түн ұйқыңды төрт бөліп төсегіңнің басынан. Сарнайды-ау кеп тұс-тұстан жау қаптатап. Сенбей көр, ермей көр сол әзізіл күдіктің санасыз

күбір-сыбырына. Аттан-айқайына. Ал сендің екен, ердің екен, не тұрыс бар, дереу көтер қақ сойылды! Қос қолдап қысып ұстап құлашта гүрзі-шоқпарды! Азуыңды айға білеп екілене ұмтыл! Қақ сойылың аямай сақ еткенде, қақыраған шекенің қасыңның басынікі ме, досыңның басынікі ме — онда енді мүлде шаруаң жоқ. Безілдеп шықтың, берекені де, бірлікті де бездіріп құдың. Соны өзін сезесің бе, сезіктеніп іштей ғана қуыстанасың ба, енді саған бәрібір тоқтау жоқ. Өйткені оң-солың толған қас дұшпан. Солқылдаған сойыл сынғанша, соққылаған шоқпар қолдан ұшқанша, қарсы келгенді, көзіңе іліккенді қан қақсат. Ал сонсың көп соққыдан қансырап өзін құла. Қаңсырап құлап жатып іштей күйзеліп, іштей күңіреніп ал жыла. Бірақ одан не өнер? Құбыжық күдік сен жылады екен, сен құлады екен деп, талайды сен жылатып, талайды сен қан қаптырып құлатып еді деп қарасын өшіріп, зым-зия жоғалып кете қойды ма? Қайдағы жоғалу? Сол күшіктеген күдік немен одан сайын өреки өрішіп, енді бүкіл өксіген ішінді кернеп, кептіріп ала жөнелсін!

Бәрі түсініспестіктен... Адамды адам түсінсінші. Солқылдаған сойыл немен — жылқы ұстар, мал айдар кәдімгі құрыққа ғана айналсын. Қарғыс атқыр қара шоқпар қазық қағар әшейін бір тоқпаққа ғана айналсын. Қатулы қабағыңа мұз қатып, қар жаумай, жадыраған жанарыңнан нұр төгілсін, шуақ шашылсын! Айналаң тегіс жайдары күлкіге бөксін! Қуанған жүздің әсем көркіне жетер не бар? Елжіреген жанның жүрегінен жылытып төгілетін мейірім жарық жалғанның жебеушісі болмас па. Содан жаңыла беретініміз қалай?

Автор шешендікті пір тұтқан, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен бітірген қазақ болмысын ашу үшін ғана емес, асқан келісті сөзді, тау суындай арындаған қуатты сөзді басқа ұлт өкілдерінің де аузына сала білген [2; 104].

— Уай, қазақ! Артың қуыс, алдың тар екенін білдің. Із өкшең ылди, маңдай тұсың өр екенін білдің. Тардан қысыларыңды, қысылсаң өте алмасыңды сездің. Өрдің биіктігінен шошынып, аса алмасыңды сездің. Созбағаның — құлағаның. Жарыспағаның — жығылғаның. Қарыспағаның — қайысқаның. Ендеше мен де ұзатпайын. Жауабымды кешке дейін бір қайтарармын. Қайтармасам... — Хонтайшы сөзінің салмағын сезгісі келді ме, сәл бөгеліп, көзін ғана елшілерге түгел қыдыртып өтті. Үнсіз телмірген қазақтар өзіне жылан арбаған торғайдай қадалып қалды. Соған қатты мағұрланды. Дауысы да екпіндеп естілді. — Қайтармасам, ат-тоңыңның амандығында еліңді тапқаның жаман болмас, қазақ!

— Мен саған ат мінгізем демеймін, Қазыбек. Аттан кенде болмайтының қазірден-ақ белгілі. Тон кигізем де демеймін. Торқа тон, алтын жаға иініңнен онсыз да түспейтінін шамалаймын. Сенің кеудеңнен ел көшіп, жұрт қонып жататын, көкірегіңнен селдей ағып, бұлттай көшіп жататын көркем ойың мен құдіретті тілің барына көзім жетті. Сенің үлкен болашағыңа менің айтар өтінішім де үлкен. Екеуміз төс қағысып дос болайық. Ертеңгі ойрат-қазақ татулығының басы да болсын!

Профессор С.Негимов: «Шешендік өнер тарихы — адамзат мәдениеті тарихының бір бөлігі. Көне Грекияда риториканы «өнердің патшасы» деп есептеді. Б.ж.с.д. 594 ж., Афина басқарушысы Солонның шығарған заңы бойынша, Афина азаматы сотта өзін-өзі қорғау үшін қызыл тілге жүйрік болуға тиісті болған. Шешендік өнердің биік дәрежеде болуы үшін әрбір азамат Отанының саяси-мәдени өміріне мықтап араласуы қажет. Сайып келгенде, «Демократия — шешендік өнердің анасы», — деп жазады да, «Шешендік өнері — толқынды топтың еркін өзіне қаратып, жәмиғатты ұршықтай иіріп, сүттей ұйыта білу қабілетін тілейді. Кесек-кесек ой өрбітіп, алғыр-тапқыр сөздер өріп, саралап биік айтудың үстіне айқын, күшті, тегеурінді дауыс, әсіресе тазалығы мен мөлдірлігі ерекше дауыс, сонан соң асқақ, мықты рух ауадай қажет. Даналықтан нәр алған, тәжірибеден туған өрнекті һәм көрнекті ойлар жан дүниенің толғаныс-тербелістерімен тұтастық тауып, өлшеусіз асқан шабытпен, құлшыныспен айтылған сәтте ғана иландырады, табындырады» деп тұжырым жасайды [2; 164].

Қаламгер Сматаевтың романдарындағы пейзажды бейнелеу тұтастай дерлік бір мақсатқа бағынған, ол — мейлі, бұрқанған ашу-ыза, ішкі сұрапыл болсын, тіпті, кең ауқымда алсақ, беймезгіл уақыттағы аласапыран, қанды оқиғалар болсын, қалай болғанда да, көркемдік-эстетикалық қызметін мінсіз атқару арқылы шығарманың бүкіл негізгі арқауындағы сюжеттік желілермен шебер киюласа алатындығы.

Жазушы сонау XVIII ғасырдағы алапат оқиғаларға бүгінгі күн тұрғысынан үңіле алған. Жаны сұлу, мінезі мәрт көшпенділер ғұмыр кешкен кеңестік пен Сматаев өмір сүріп жатқан кеңестік біреу. Тек уақыт қана әр түрлі. Осы тұста қаламгер қолданған көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі арқылы автордың жетекші идеясы алдыңғы кезекке шыққан. Бүкіл сюжеттік желілердегі кейіпкерлер іс-әрекеті, сөйлеген сөзі, дүниетаным, көзқарасы — бәрі де осы жетекші идеяға бағындырылған.

Соғысты емес, бейбітшілікті, мамыржай тіршілікті, «қонып бір өтер сай үшін, арам өлер тай үшін» (Бұқар жырау) бет жыртысудың не қажеті барын философиялық оймен оқырманына жеткізе алған. Адам характерін ашар көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі де сол жетекші идея ауқымынан табылып тұр. Ғалым Т.Жұртбайша айтсақ, «бұл гәптің түйіні — Заман деп жалпылама айтыла салатын Көркем уақыттың тарихи сәттерінің қақтығысында жатыр. «Аспандағы Ай мен Күннің шағылатын», «Тәңірінің берген өнері, көк бұлттан ашылатын» (Абай). Сондай айшықты мезетте суреткер дүниенің тұтқасын ұстайды және бар ащы запыранын төгеді. Құдіретін көрсетеді, ақыры құмарынан шығып, солықтап тынады. Көркем коллизия делінетін мұндай шақты дүниенің быт-шыты шығып, ой ұйытқысы ыдырап, рухани жүйкенің жіктері үзіледі. Суреткердің өзіне берілген шексіз мүмкіндік пен үмітті ақтайтын, руханият тарихына не ұлт, не даурықпа талант иесі атанатын сын сағаты. Кірпияз да нәзік, қайырымды да қатал, әдепті де әділетті тарихи қауымның көңілі көншіп, не құлазып тынатын қадір түні ол. Сол қас-қағым мезет әр ұлт өзінің бүкіл руханиятының тағдырын суреткердің еркіне еніп тапсырады» [3].

Яғни өзіне берілген осынау мүмкіндікті шебер пайдаланған жазушы өз романындағы жетекші идеяны бірінші кезекке шығарып, сол жетекші идеяның ауқымы да көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесін құра алған.

Монолог: Бөгенбай ұзақ отырды. Төмендегі ән-жыры шарықтап, домбыра мен қобызы безектеген думанды ауылды үнсіз барлайды. Қазіргі көріп тұрған шадыманы кенет батырға соңғы қоштасу қызығындай сезілді. Осы қиянатшыл ойдан селк ете тіксініп, енді көз алдындағы көл-көсір тамашаға әлден-ақ өзегін өртеп ала жөнелген сағынышты мұңмен елжірей қарады.

«Қайран қазақ! Көңілденсең — баладай пәк, анадай мейірімдісің-ау! Барыңды түбінен қотара салып, бүгін-ертеңді ойламай, бар ықыласыңмен берілесің-ау. Неткен албырт халықпыз! Неткен таза халықпыз! Түгел қуанып, түгел қайғыра аламыз. Әлде бұл қасиет жау келсе — үркіп қашып, жау қусақ — дүркіретіп айдап, көшсек — тайлы-таяғымыз қалмай бір-ақ жөңкіліп, қонсақ-қауым-қарындасымызбен шоғырлана жүріп, сонау ықылым заманнан қанымызға, сүйегімізге сіңдіріп алған әдетімізден бе екен? Бізді бөлетін де, ыдырататын да, әлсірететін де хан сұлтандар-ау. Сенгіштігімізді, адалдығымызды пайдаланып, бірімізді бірімізге айдап салып, шетімізден қырғындаумен келеді» [4].

Пейзаж: Жер бетін самал баяу желпіп тұр. Бетегесі жаңадан көтеріп, көгере бастаған күнгей беткей ерте көктемге ентелеп ене бастапты. Даланың жасасылы аз да, өткен күздің өлі шөбінен сарғыш тартқан құбақан алаңқайы көп. Бірнеше күннен бері бұл өңірдің кәнігі суық желі азынай соғып, қыстың ақтық ызғарымен қоштасып тұрған еді, бүгін сап тыйылыпты. Майда самалда бетке лықси соққан жып-жылы леп бар.

Күн ұлы сәскеге тырмысты. Дәл төбеге көтерілді. Көтерілді де, қос қанатын кезек қайшылап, кесек тастай бір орында қалықтап тұрып, құс қанатымен құлпырып оралған көктемді жырлады. Жел қанатымен жасарып оянған жаңа тіршілікті мадақтады. Жер қойнынан жарық сәуле талпынып көз ашқан, қол созған мың жас өркін жас ғұмырдың сәлем-назын жолдады.

Портрет: Дәл ортадағы қапсағай кеуделі, кең жауырынды жетпісті алқымдаған адамның тұлғасы өзгелерден ерекше көрінеді. Еңкек тартпаған еңсегей денесін әлі де тіп-тік ұстап, қос тізесін қомақтандыра бүгіп, шанышылып апты. Кең маңдайының терең әжімдерімен қатарласа қалған қалың қабақтың астынан қадала қараған қара көздер манадан кірпігін әлі де бір қаққан жоқ. Жылбысқыға жапыр-жұпыр жапатармағай ұмтылатын күшігеннің жемтік аңдығанындай емес, қиядағы қылт еткенді қапысыз бағып қалатын қыранның тастүйін бейнесін мәнзелдес осы отырысында жырындылық пен сезімталдық басым. Көк беренмен тысталған күзен ішігін желбегей жамыла салыпты, етегі шұбатылып от орнындай жерді алып жатыр. Ашылып қалған ішкі өңірдің бір қар басқан ата күзендердің кілең жсон арқасынан құрастырған күрең қылышты жүні күнмен шағылысып жылт-жылт етеді. Ішіктің түсіне сәйкестендіре көк мауытыдан кең балақ шалбар киіпті. Мәлескен беішпетін ышқырланып алып, күміс қақтаған былғары кісе-белдігін қынай буыныпты. Көзді күміс бұдырлармен сәнделіп, күміс шегелермен өрнектелген белдіктің күн сәулесімен шағылысып жарқ-жұрқ етуі де манадан қыбырсыз, үнсіз отырған қарияны одан сайын айдындандырып, айбаттандыра түседі. Биік өкше, үшкір тұмсық шоңқаймасы да әдемі. Өкшелігі мен оймасын кестелеп, өрнектеп тігіпті, қара санға қаусырмалай сұғынған көмкерме байпақ тырсылдап тұр. Жасы ұлайып, жемсауы қайтып, орта құрсақ тартқан қарияның еті қашпапты әлі. Сонау бұлыш еттері білемденіп буылтық атып тұрған қары мен санынан бастап атан жілік,

қаптал төс, еңселі тұлға одағайлап көз тартады. Бұл қария — Найманның Садырының атақты батыры, тоғыз «көкжал бөрісі» бар тоғыз көк перен ұлы бар Жомарт ақсақал [5].

Символ: Аршагүл сәлден кейін атқып далаға шықты. Шеткі үйлердің қып-қызыл жалынын бүркеп қап-қара түтін тұтасып алыпты, бері қарай жалаңдап, жалақтап таянып келеді. Енді сәл кешиксе, осы тілсіз опат үстінен аунап өтіп, таптап кететін екен. Аршагүл тіпті жан ұшырды. Кең етегіне сүріне-қабына ентелей жүгірді. Сонда да бет алды лақпай, үй-үйді тасаланып келеді. Бір кезде әлденеге сүрініп жығылды. Батыр атасының үйінің тайқазаны екен. Тұрған жоқ. Қазанның тасасында ұзақ жатты. Жүрегі дүрс-дүрс соғады. Қасқыр қуған қояндай дір-дір етіп, ентіге демалады.

Құшағындағы Тасболат шар ете қалды. Зәре-зап болған Аршагүл селк етіп, басын көтерді. Оқ бойы жерде құйғытып келе жатқан екі-үш аттыны көрді. Дәл мұны аңдып үстінен түскендей. Аршагүл сол сәт жеңсізін тез шешіп алып, Тасболатты орады. Содан кейін ақ маңдайынан иіскеді де, ұлын жерге жатқызды. Еңкейіп отырған күйі тайқазанды төңкеріп әкеп, баласының үстіне жапты. Қазанның құлағының астына кесек тас төсеп, саңылау қалдырды. Осының бәріне қас қағымдай уақыт кетсе де, өзіне қимылы өнбейтіндей көрінді. Әлгінде ғана құшағындағы торсық шеке ұлы үн-түнсіз қара қазанның астында қала бергенде, тірідей көмілгендей көрініп, ана жүрегін шымылай шымырлатып жіберді [6].

Төрт кітапта да автордың қайта-қайта оралып, жиі-жиі қайырылып отыратын тәсілі — символ. Жауласудан гөрі, дауласуды мақсат тұтқан, кетісуден гөрі, бітісуді мақсат тұтқан, арда табиғатты бағындырам дегеннен гөрі, өзін сол табиғаттың бір бөлшегімін деп есептеген, дүние-қонаққа келу, келген екенсің сол жарық дүниені ойын-сауықпен өткіз, бір-біріңмен жауласам деп өмірдің мән-мағынасы мен мазмұнына философиялық сипатпен үңілген қазақы болмысты, найадан гөрі домбыраны, қанжардан гөрі қобызды киелі деп есептеген қазақы болмысты кескіндеуде автордың қайта-қайта оралып көсіле суреттейтіні қазақтың әні мен күмбірлеген күйі болса, бұл тұста жазушының айрықша қолданған тәсілі — символ деп атаған жөн. Өн — символ. Күй — символ. Қазақы болмысты паш етіп тұрған символ. Күй күңіренуі, тына қалуы, әннің құйқылжуы, күрсінуі, қыран шығар биікке талпынып, төмен қарай сорғалауы — бәрі де символдық сипатқа ие және жаныңызға жан бітіретін образдылықтың қызметін атқарып тұр.

Осы үзіндіден әрі символдық, әрі деталдық мәнге ие болып тұрған сипатты байқаймыз. Дау батырдың қалмақтың кішкентай баласын жығылған жерінен көтеріп алып, маңдайынан емірене сүйуі жат жерде, жау ортасында жүріп, отбасы, ошақ қасын, әсіресе кішкентай перзенті Түйтені сағынуы ғана емес. Автор Қазыбектің ағасына айтқан әзілін сюжет желісіне ұтымды қалжың ретінде кіргізіп жіберсе де, Дау әрекетінің аса салмақты жүк көтеріп тұрғанын байқаймыз. Әрі деталь, әрі символ әлемдік деңгейдегі аса ауыр философиялық мәнге ие болып тұр. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» трагедиясында жау нояндары жүкті әйелдің ішін жарып жіберіп, құрсақтағы сәбиін найзасымен шаншып ап, жерге лақтырса, қазақ батыры дұшпанның жас баласын жығылып жатқан жерінен тұрғызып, көтеріп ап, маңдайынан мейірлене сүйіп, көкірегіне басуы өте сәтті шыққан. Демек, өмірге келген қонақсың. Мұратың не, мақсатың не? Өмір сүрудегі асқақ арманың не? Не үшін өмір сүресің? Өмірдің мән-мағынасы мен мазмұны неде? Адамда тән бар, жан бар. Тәннің қалыпты өмір сүруі үшін материалдық игіліктер қажет. Тамағыңның тоқ болуы, бай-қуатты болуың материалдық қажеттіліктерді қажет етеді. Тарихи, саяси сұрапылдар тұсында тарыдай шашырап кеткен көп манғұлдың басын қосу, іргелі ел, мықты мемлекет ету де тарихи қайраткерлердің көрегендік саясатынан туындаған жайт. Алайда мемлекеттің іргесін бекемдеп, өрсін ұлғайту ісі зымиян саясатпен ұштасса, онда да бейбіт жатқан қазақтай көрші елдің халқын қынаша қырып, байтақ даласына ие болуды мақсат еткен саясат белең алса, не болғаны? Автор бірінші кезекке осынау шағын детальмен-ақ жалпыадамзаттық проблема — Соғыс пен Бейбітшілікті шығарған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде. — Алматы: Атамұра, 2005. — 192 б.
- 2 Құратаев С. Кеңестік қазақ әдебиетінің соңғы дәуірі (1968–1990). — 1-т.: Көне томдық шығармалар жинағы. — Алматы: Қазығұрт, 2007. — 456 б.
- 3 Жұртбай Т. Көркем кеңістік пен уақыт және тарихи дәлел // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Акад. С.Қирабаевтың 75 жылдығына арнал. жин. — Алматы: «Комплекс» баспасы, 2002. — 117-б.
- 4 Сматеев С. Елім-ай. Роман. — Алматы: Жазушы, 1978. — 68-б.

- 5 Сматаев С. Елім-ай. — Алматы: Жазушы, 1980. — 74-б.
 6 Сматаев С. Елім-ай. Роман-трилогия. — 3-кіт. — Астана: Фолиант, 2003. — 79-б.

Н.Б.Акжунисова

Система художественно-эстетических поисков

В статье рассматривается система художественно-эстетических приемов, использованная С.Сматаевым в романах «Елім-ай» и «Жарылғап батыр». Их ведущая идея, позиция писателя выражены различными вербальными средствами — символами, описанием пейзажа и портретов героев, внутренним монологом; использованием приема сказа. Индивидуальная манера письма С.Сматаева связана с особенностями его внутреннего мира и познавательными свойствами.

The article comprehensively studied art and aesthetic searches S.Smataeva in the novels «Elim-ai» and «Zharylgap Batyr». We consider techniques that I used to create an image of the protagonist. Thanks to re-search the author's artistic and aesthetic exploration, the basic idea came to the fore. To transmit the main ideas of works the artist uses the expressive means of language. Author of poetry establishes a close link between self-knowledge character, aesthetic ideeи work and the perception of beauty.

УДК 398

Бралина С.Ж., Демьянова Ю.В.

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Жанровая природа современного устного рассказа

В статье рассматривается жанровая природа современного устного рассказа как феномена, возникшего на стыке жанров традиционной народной сказочной прозы и речевых жанров современности. С этой целью характеризуются различные концептуальные подходы осмысления традиционных жанров сказочной прозы и их классификации, выявляются причины актуализации одних жанров и забвения других. Особое внимание уделяется исследованию современного состояния фольклора, появлению инновационных жанров и новейших областей фольклорной культуры. Важным аспектом статьи является рассмотрение речевых жанров как феноменов вербальной коммуникации и устной культуры. Критически осмысливается необоснованно широкое понимание жанра современного устного рассказа. Предлагаются пути определения жанрообразующих признаков современного устного рассказа, отражающих фольклорную и постфольклорную традицию сегодняшнего дня.

Ключевые слова: устный рассказ, жанровая природа, концептуальные подходы, фольклор, классификация.

Проблема происхождения и развития жанров в фольклоре является одной из основополагающих проблем теоретической фольклористики. От ее решения зависит, по существу, верность или ошибочность вектора, под которым в дальнейшем будут рассмотрены такие важные аспекты фольклорного жанра, как его поэтика, функциональность, прагматика, трансформация, трансмиссия, особенности бытования жанра, т.е. обширный круг вопросов, в совокупности своей создающих так называемую «жизнь жанра».

Актуальность проблемы жанра в фольклоре носит специфический характер. Фольклор как живое, постоянно обновляющееся явление по определению не может обладать раз и навсегда устоявшейся системой жанров. В ней наблюдаются процессы, создающие и обеспечивающие жизнедеятельность этой системы — генетическая связь жанров, появление новых жанров, их контаминация и трансформация, «угасание», «умирание» одних жанров (их деградация) и актуализация или реактуализация других. При этом жанры в фольклоре испытывают воздействие как внешних, так и внутренних факторов: конкретно-исторической обстановки, общей духовной жизни народа, уровня роста на-

ционального сознания, общенародных эстетических приоритетов, национального менталитета, а также локальных особенностей бытования жанра, мастерства исполнителя, его популярности и т.д.

Показательным в этом плане является жанр современного устного рассказа. Существовая номинативно, он в то же время вызывает различные толкования и дефинитивные интерпретации как в среде собирателей, так и исследователей фольклора. Чтобы разобраться в причинах, породивших столь разноречивые мнения, необходимо прежде всего обратиться к самому понятию жанра в фольклоре.

Как известно, одним из первых исследовал проблему жанра в фольклоре В.Я.Пропп в его ставшей ныне классической работе «Жанровый состав русского фольклора». Определив фольклорный жанр как «совокупность произведений, объединенных общностью поэтической системы, бытового назначения, форм исполнения и музыкального строя» [1; 46], В.Я.Пропп тут же замечает, что не всегда обозначенные им аспекты окажутся необходимыми для определения жанра. Так, музыкальный строй (напевность) важен для определения и изучения народных лирических жанров, а бытовое назначение необходимо учитывать прежде всего в обрядовом фольклоре. В целом же ученый заключает, что он не ставит перед собой цели «дать полный каталог всех жанров». Его поиски в области теории фольклорного жанра — это всего лишь «предварительные наброски», которые в будущем могут быть видоизменены, дополнены и усовершенствованы.

Безусловно, В.Я.Пропп не столько в силу известной всем скромности, сколько в силу глубины научного предвидения, безошибочно определил, что проблеме дефиниции фольклорного жанра, самой системы жанров, ее внутренних процессов суждено на долгие годы стать ключевой в науке о фольклоре. Тем не менее определение жанра по Проппу позволило в дальнейшем просто и ясно классифицировать жанры фольклора, выделив в них обрядовые и необрядовые, эпические, лирические и драматические, стихотворные и прозаические. До настоящего времени подобный принцип классификации жанров фольклора активно используется в собирательской и учебной практике. Другое дело, что сам В.Я.Пропп воспринимал проблему жанрового состава русского фольклора намного сложнее, предлагая свои принципы классификации фольклорных жанров, а на их основе научную (более подробную, точную) классификацию фольклорных жанров, которая, к сожалению, до сих пор не нашла адекватной оценки в современной фольклористике [1; 34–45].

Вместе с понятием фольклорного жанра труды В.Я.Проппа 60-х годов XX столетия ввели в научный обиход фольклористики такие понятия, как: область народного творчества, род, вид, жанр фольклора, повествовательная поэзия, народная проза, рассказ. Сегодня эти номинации воспринимаются как общеизвестные, не вызывающие каких-либо спорных толкований, однако они важны для понимания природы современных повествовательных жанров. Поэтому еще раз выстроим иерархическую цепочку прозаических жанров фольклора.

Вслед за В.Я.Проппом в традиционной фольклористике принято выделять специфическую область фольклора — народную прозу, включающую прозаические произведения фольклора. Синонимичными обозначениями народной прозы принято считать повествовательную поэзию (т.е. повествовательное художественное творчество) и прозаический эпос (по родовой принадлежности к эпосу).

Обширную область народной прозы составляют устные рассказы, многообразно представленные в фольклоре многих народов. Объединяет все рассказы устная форма бытования, в отличие от одноименного литературного письменного рассказа, составляющего область малой прозы в литературе.

В свою очередь народная проза делится на сказочную и несказочную, состоящую из различных жанров и жанровых разновидностей. Основным отличием устных рассказов, относящихся к сказочной и несказочной прозе, является их различное отношение к действительности.

Сказка — это устный рассказ с установкой на вымысел. Иначе говоря, и сам рассказчик сказки, и ее слушатель заведомо настроены на то, что все, о чем повествует сказка, чистый вымысел, которого никогда не было в реальной жизни, неправда, «сказка — ложь!». Однако рассказчик сказки с удовольствием ее рассказывает, а слушатель с не меньшим удовольствием ее слушает, потому что сказки рассказывались для развлечения, забавы, эстетического наслаждения. Причем рассказывание сказок требовало специального настроя, соответствующей обстановки и мастерства исполнителя.

К устным рассказам несказочной прозы принято относить предания, легенды, былички, бывальщины, сказы. Основная функция устных рассказов несказочной прозы информативная — передача знаний, опыта, поверий, впечатлений, памяти и т.д. Поэтому они объединены общей установкой на достоверность содержания, правдоподобность, «не сказку». При этом сам рассказчик выступает участником или свидетелем событий, о которых он повествует, или ссылается на достоверный источник,

как правило, известный слушателю. Рассказывались устные рассказы не специально, а по случаю, по поводу, к месту, «кстати». Они не требовали особой обстановки и мастерства. Рассказать подобную историю мог каждый, лишь бы этот рассказ был интересен для слушателя и уместен в конкретной обстановке.

Сказки изучаются давно и многосторонне, что подтверждается достаточно развитой наукой — сказковедением, насчитывающим только в русской фольклористике более чем двухвековую историю. Несказочной прозе повезло в этом смысле меньше. Это объясняется тем, что сами жанры несказочной прозы в своей традиционной трактовке и в современной интерпретации представляют собой сложное явление.

С одной стороны, существовали предания (исторические и топонимические), легенды (космогонические, этиологические, апокрифические, социально-утопические и др.), былички (о леших, водяных, ведьмах, домовых, русалках, чертях и другой нечисти). Они были традиционно популярны в народе, поскольку в них рассказывалось о том, что вызывало интерес у всего народа, носило общенародный характер, например: «Иван Грозный в Пскове и Печорах», «Стенька Разин и государь», «Как Петр Великий ездил в Соловки на богомолье», «Пугач и Салтычиха», «Волга и Кама», «Егорий Храбрый», «В няньках у лешего», «Домовой», «Водяной и его дочь» и др. [2].

С другой стороны, в народе были широко распространены так называемые бывальщины, или устные сказы, охватывающие различные стороны жизни и быта не всего народа, а отдельной личности, семьи, рода или другой общности людей, например: «Пуговка», «Как я в колхоз вступал», «Мы строили Магнитогорск», «Как тетка Авдотья фашиста поймала» [3]. Локальный, частный характер подобных рассказов резко контрастировал с международной распространенностью сказочных сюжетов, с общенациональным звучанием преданий, легенд и демонологических рассказов.

Действительно, первоначально устные рассказы бытового содержания (бывальщины, сказы в русской традиции, фабулаты и мемораты — в европейской) не привлекали внимания собирателей и исследователей фольклора в силу своей частности, локальности, ограниченной вариативности, а иногда и ее полного отсутствия (например, рассказ бытует только в устах одного повествователя). В результате этого общепринятой стала точка зрения, что обычный рассказ из жизни рядового человека, его воспоминания о пережитом, о событиях и встречах, происшедших с ним или его близкими, не могут быть определены в качестве фольклорного жанра. Подобного рода устные рассказы несут определенную информацию, более того, они могут быть воспроизведены другим рассказчиком в вариативной форме, однако, этого недостаточно, чтобы считать такой рассказ фольклорным повествовательным жанром.

В связи с этим В.Я.Пропп в свое время писал: «Строго говоря, сказы не обладают некоторыми признаками фольклора: они не создают общенародных, широко распространенных вариантов. Они рассказываются очевидцами, иногда пересказываются слушателями с отступлением деталей, но широкого народного хождения не получают. Дореволюционные фольклористы почти полностью игнорировали подобные рассказы. Но пренебрегать сказами никак нельзя. Не говоря уже о том, что многие из них обладают ценностью фактического материала (устные мемуары), многие из них обладают признаком художественности. <...> Принадлежат ли такие рассказы к фольклору в собственном смысле слова или нет, фольклорист обязан их изучать» [1; 52].

Несмотря на перспективное замечание В.Я.Проппа, инерция «игнорирования» устных сказов продолжительное время влияла на собирательскую работу (особенно в национальных республиках бывшего СССР, где наука о фольклоре находилась на стадии формирования), а также на исследовательскую фольклористику, где приоритетное внимание уделялось «классическим» фольклорным жанрам (обрядовой поэзии, сказкам, эпосу, лирическим песням и т.д.). Как следствие этого — невозполнимые потери фактического материала и научной практики.

В качестве оправдания необходимо отметить, что наука о фольклоре, вплоть до настоящего времени, не может определиться с окончательным «списком» даже традиционных жанров несказочной прозы. Одни исследователи признают статус жанров несказочной прозы только за преданиями, легендами, быличками; другие присоединяют к ним бывальщины и сказы; третьи доказывают, что многие названные выше понятия синонимичны, четвертые пытаются разграничить жанры на основе строгого описания их жанровых признаков и т.д. В качестве характерных примеров приведем две точки зрения.

Обращаясь к сказам, В.Н.Морохин справедливо замечает, что «в современной науке о народном творчестве нет другого жанра, о котором бы так много спорили ученые» [3; 231]. Далее автор дает

определение сказа и его тематическую классификацию, включающую 4 вида сказов: исторические; о труде и быте в прошлом, героико-революционные; о событиях советской эпохи. Обращает на себя внимание факт, что В.Н.Морохин, формулируя жанровые признаки сказа, в качестве некой первичной «заготовки» к традиционному сказу выделяет «еще очень слабо выраженный в художественном отношении» устный рассказ, который при определенных условиях может стать сказом [3; 243].

Диссонансом названной выше концепции выступает категорическое заключение С.Н.Азбелева: «Некоторые исследователи давно уже утверждали, что новый жанр прозаического фольклора не только возник, но и процветает — это жанр «сказов». Выяснилось, что эти исследователи по существу выдавали желаемое за действительное. «Сказы» оказались преданиями, легендами, сказками, воспоминаниями, т.е. жанрами, которые существуют уже много лет. Современные исследователи рабочего фольклора пока не привели данных, которые действительно бы свидетельствовали о возникновении новых жанров» [4; 126].

Ситуация кардинально изменилась примерно с 80–90-х годов XX в. Так называемая «перестройка» реально принесла в жизнь и быт народов бывшего СССР ряд свобод (демократию, гласность, свободу слова, печати и т.д.) и сняла идеологический и политический диктат с явлений культуры, в том числе с фольклора.

XX в. стал веком высоких коммуникаций, глобализации человеческих знаний, активного внедрения в гуманитарные науки методов точных наук, веком ярко выраженных интеграционных тенденций и появления целого ряда смежных наук. Особых успехов достигают лингвистические науки преимущественно в их структуралистском и семиотическом направлениях.

В фольклористике активизируются дискуссии о сущности и специфике фольклора, его системе жанров и функциональности. В результате этого в состав фольклора на равных правах с традиционными жанрами стали включаться такие инновационные жанры, как: граффити (надписи на партах, стенах, заборах и т.д.), армейские и девичьи альбомы, анкеты, вопросники, ребусы, надписи к фотографиям, открыткам, конвертам, словники, псевдообъяснения аббревиатур, компьютерный смайлик, «SMS-ки» и т.п.

В то же время восприятие фольклора как феномена устной вербальной культуры способствовало тому, что в состав фольклора вошли все формы народной речевой стихии: приветствия, божба, окликания, слухи, толки, выкрики торговцев, спортивные кричалки, юмористические прозвища, ругательства, лагерная и блатная «феня». В свою очередь в научный обиход были введены такие понятия, как: городской, дворовый, школьный, студенческий, солдатский, туристический, тюремный фольклор, фольклор парашютистов, археологов, больничных палат и т.д.

Иначе говоря, сегодняшнее представление о фольклоре — это (без преувеличения) грандиозная картина разнообразных по масштабам явлений, относящихся как к области культуры, так и вне ее пределов. И номинативно, и семантически эта картина обусловлена различными факторами этнического, исторического, научно-образовательного характера, позволяющими говорить о наличии письменного фольклора, постфольклора, антифольклора, фольклорной повседневности, о вербальной и невербальной, речевой и устной культурах, фольклорных субкультурах, художественной коммуникации в рамках folk-групп, Netlore (Интернет-фольклоре) и т.д.

На фоне современной фольклорной картины мира устный рассказ предстает качественно иным образованием. Условно в науке продолжает сохраняться широкое видовое значение устного рассказа как прозаического произведения фольклора. Однако с точки зрения жанровой определенности современный устный рассказ воспринимается собирателями и исследователями фольклора несколько в другом виде.

Прежде всего номинация «устный рассказ» практически вытеснила из научного обихода традиционные номинации жанра — бывальщина или устный сказ. Строго говоря, номинации жанра в фольклоре — понятие совершенно условное, поэтому рассказчик (исполнитель, информант) никогда не предложит собирателю фольклора послушать бывальщину, устный сказ или даже устный рассказ. Привычнее будет услышать от него: «А вот я расскажу историю, случай...» или «Со мной тоже было дело...» и т.д.

Между тем исчезновение «старинных» бывальщин и устных сказов симптоматично. Современный устный рассказ не несет присущих бывальщинам и устным сказам многозначительного эпического модуса (звучания), отстраненного и обобщенного взгляда на события, которые когда-то «бывали» и должны быть торжественно «сказаны».

Современный устный рассказ в большей степени повествование (нарратив), который должен быть рассказан, сообщен, передан в процессе речи, поэтому приоритетными становятся его информативная и коммуникативная функции. В этом случае разговорная речь приобретает иные функции — из способа передачи мысли речь становится способом ее существования, бытия — речевой повседневностью, устной вербальной культурой.

Иначе говоря, современный устный рассказ — это преимущественно речевой жанр, отражающий многообразие речевой культуры современного общества.

Степень многообразия жанров речевой культуры в свое время отмечал уже М.М.Бахтин, который писал: «В самом деле, к речевым жанрам мы должны отнести и короткие реплики бытового диалога ..., и бытовой рассказ, и письмо ..., и короткую стандартную военную команду, и развернутый и детализированный приказ, и довольно пестрый репертуар деловых документов ..., и разнообразный мир публицистических выступлений ...; но сюда же мы должны отнести и многообразные формы научных выступлений, и все литературные жанры (от поговорки до многотомного романа)» [5, 237–238].

Как известно, мировоззренческой основой теории речевых жанров М.М.Бахтина стали разнообразные формы высказывания, диалог как языковой, культурологический и философский феномен. Однако даже в таком широком понимании речевых жанров ученым был назван «бытовой рассказ», воспринимаемый нами в контексте высказывания однозначно в качестве «устного рассказа».

Сегодня, по мнению исследовательницы И.С.Веселовой, к современному устному рассказу можно отнести «случаи, смешные истории, семейные предания, байки о знакомых, рассказы о необъяснимых происшествиях, пересказы и толкования снов, чудеса, слухи, толки и даже сплетни» [6; 534]. Понятно, что обозначенный перечень (не классификация!) может быть продолжен бесконечно, поскольку рассказывать (говорить) человек может много и о многом. Важнее, на наш взгляд, хотя бы первоначально осмыслить те жанрообразующие признаки, которые формируют жанр современного устного рассказа. Поэтому вновь обратимся к источнику устного рассказа — речи.

Речь как самый естественный канал связи порождает прежде всего разовые тексты, которые, прозвучав единожды, больше не повторяются, например: телефонный разговор, беседа, ответ на вопрос, выступление и т.д.

Фольклор как традиционное искусство оперирует традиционными текстами, функционирующими по законам фольклорной традиции. В самом общем смысле слова фольклорная традиция — это процесс передачи, преемственности творческого опыта, коллективная память народа, его поэтическое знание и фонд художественных средств, реализующиеся при определенных условиях в различных текстах устного творчества. Поэтому исполнитель фольклорного текста не свободен в выборе способов его передачи.

Другими словами, современный устный рассказ — это прежде всего традиционный рассказ, в котором повествование выстраивается в соответствии с законами жанра.

Рассказы — самая распространенная форма вербальной межличностной коммуникации. Рассказчику, желающему разделить благоприобретенный или заимствованный опыт с собеседником через высказывание, даны механизмы коммуникации в языке и традиции. Без владения навыками создания и понимания текста в рамках этих систем коммуникация обречена на неудачу. Навыки коммуникации формируются под влиянием бытующих в обществе стереотипных моделей — в первую очередь языковых и культурных. Таким образом, устный рассказ является концентратом общего знания традиции в разнообразных сферах — стереотипных ситуаций, тем, матриц коммуникации и повествования, решения социальных, психологических и коммуникативных задач.

Список литературы

- 1 *Пропп В.Я.* Фольклор и действительность. — М.: Наука, 1976. — 326 с.
- 2 *Народная проза.* — М.: Русская книга, 1992. — 608 с. — Б-ка русского фольклора. — Т. 12).
- 3 *Морохин В.Н.* Прозаические жанры русского фольклора: Хрестоматия — М.: Высш. шк., 1983. — 303 с.
- 4 *Азбелев С.Н.* О жанровом составе прозаического фольклора русских рабочих // Устная поэзия рабочих России: Сб. ст. — М.-Л.: Наука, 1965. — С. 124–128.
- 5 *Бахтин М.М.* Эстетика словесного творчества. — М.: Искусство, 1979. — 424 с.
- 6 *Современный городской фольклор.* — М.: Рос. гос. гуманит. ун-т, 2003. — 736 с.

С.Ж.Бралина, Ю.В.Демьянова

Қазіргі ауызша әңгіменің жанрлық табиғаты

Мақалада дәстүрлі халық проза мен қазіргі сөйлеу жанры ортасында феномен ретінде пайда болған қазіргі ауызша әңгіменің жанрлық табиғаты қарастырылды. Осы мақсатта дәстүрлі халық прозаның жанрлары, олардың жүйелерін бағалайтын әр түрлі концепция тәсілдері сипатталды, бір кезде бір жанрлардың актуалды, ол басқалардың ұмытылып қалғанының себептері айқындалды. Қазіргі фольклордың күйі, инновациялық жанрлардың және жаңа фольклор өкілдері пайда болуының зерттелуіне ерекше назар аударылды. Сөйлеу жанрларын вербалды коммуникацияның және ауыз мәдениетінің феномені ретінде қарастыру — мақаланың маңызды аспекті. Қазіргі ауызша әңгіменің аса кең түсіну көзқарастары сыни тұрғыдан талданды. Бүгінгі фольклорлық және постфольклорлық дәстүрлерді қамтыған қазіргі ауызша әңгіменің жанрлық белгілерін табу жолдары ұсынылады.

In the article the genre's nature of the modern oral narrative as the phenomenon, which were being between traditional genres of the folklore prose and modern speech's genres. For this purpose textologic, semiotic, functional peculiarities of the folklore text are revealed. Investigation concerning the problem of traditional and modern folklore, its identification features, types and peculiarities of existence is the matter of conceptual importance for this article. Special attention is paid to contemporary conceptions of folklore text.

ӘОЖ 398.22:82.091(574)

Б.С.Рақымов, Ш.С.Дәулетбаева

*Қарағанды «Болашақ» университеті***«Қабанбай батыр» жырының көркемдік мәселелері**

Мақалада елі мен жері үшін күрескен Қабанбай батырдың эпикалық жырға айналуы, жырдың тарихқа қарым-қатынасы сөз болады. Эпикалық шығарма Қабанбай өмірінің дәуірлік жағынан батырлық бейнесін жасап, келер ұрпаққа үлгі-өнеге етеді. Бізге белгілісі Қабанбай батыр жырының 17 нұсқасы болса, сол нұсқаның бәрінде де өткен тарихтың ізі, сәулесі бар екендігін батырға қатысты жыр түсіндіріп береді. Жырда Қабанбаймен қатар сол кезеңдегі қазақтың айтулы тұлғалары суреттеледі. Бұдан жырдың дәуір шындығынан шалғай кетпегендігін аңғарамыз.

Кілтті сөздер: XVIII ғасыр, қазақ халқы, Қабанбай, Дарабоз, Хан батыры, ірі қолбасшы, жасақтың бас сардары, тарихи тұлға, Қаракерей Қабанбай батыр, ерлік шежіресі, аңыз-әңгіме арқауы, қарасөз үлгілері, эпикалық жыр, эпикалық мұра, поэтикалық болмыс-бітім.

XVIII ғасырдағы қазақ халқының елі мен жерін қорғауда өшпес ерліктің өнегесін қалдырып, халқы құрметтеп Қабанбай, Дарабоз, Хан батыры атандырған ірі қолбасшы, жасақтың бас сардары, тарихи тұлға Қаракерей Қабанбай батыр еді. Халқымыздың ерлік шежіресіне байланысты немесе «ақтабан шұбырынды...» кезіндегі зұлмат пен нәубет қатар келген тұстағы тарихқа үңілген қаламгерлер мен тарихшылар назарынан Қабанбай батыр тысқары қалмаған. «Айтуларға қарағанда, Қабанбай жоңғарларға қарсы соғысқа 103 рет кірген. Бұл ұрыстардың көбінде батыр жеңіспен оралып, елдің алқауына бөленген. Ел алдындағы ерлігін еске алып, Абылай хан өзінің айтқан серті бойынша оған «Дарабоз», «Хан батыры Қабанбай» деген құрметті атақтар берген» [1; 38], — дейді Шыңжаң өлкесінің тарихшылары батырға қатысты шығарылған еңбектерінде. Академик М.Қозыбаев: «Абылай ханның даналығы мен көрегендігі осы бір дала демократиясы мен хандық диктатураны бір жүйеге сая білді. Бөгенбай батыр бастаған, Қабанбай қостаған жаужүрек батырлар Абылайдың семсер ұстаған қолы болса, Бұқар мен Төле би бастаған шешендер мен көрегендер тобы Абылайдың сезімтал жүрегі болды» [2; 31], — деп жазады.

Әйгілі батыр Қабанбай батыр туралы Құрманғали Халидидан бастап, сандаған тарихшы ғалымдар пікірлері баршылық. Сол ғалымдардың көбінесе басшылыққа алатыны, деректер мен дәйектер іздейтіні Қабанбай туралы ел айтқан аңыз, өлең, жырлар болатын. Батырдың көзін көрген Бұқар жырау, Ақтанберді, Тәттіқара, Үмбетей жыраулар толғауларында да Қабанбай есімі елдің жоқтаушысы, ерліктің ерен тұлғасы ретінде сипатталады. Сондай-ақ ел аузында аңыз әңгіме

арқауына айналған батырдың ерліктері, жекпе-жектері, астындағы тұлпары Кубас аты жайындағы карасөз үлгілері бірте-бірте көлемді эпикалық жырларға ұласқаны зерделенген [3]. Қазіргі зерттеулердің нәтижесінде «Қабанбай батыр» жырының 17 нұсқасы белгілі екендігі нақтыланып, эпикалық мұраның поэтикалық болмыс-бітімі сараланған [4; 84]. Батырдың ерлік ісін көрсетуге қатысты жырдың көптеген нұсқасының оқиғалары бір арнаға тоғысып, кейбір кісі есімдеріне байланысты айырмашылықтары болмаса, Қабанбайдың ерлігіне қойылған ескерткіш деуге тұрарлық екендігі ғалымдар тарапынан өз дәлелін тапқан.

Жырдағы оқиғалар үш ірі қақтығыс төңірегіне топтасады:

- 1) Қабанбай мен жау батыры;
- 2) Қабанбай мен Дәулетбай;
- 3) Қайта айналып шапқан жау.

Бұл нұсқалардың құрылысына өзек болған. Жырдың басталуы әр түрлі болып келеді. Мысалы:

*Қазақта бұдан бұрын болып өткен,
Сөйлейтін Қаракерей Қабанбайдан.
(Сағымбаев М. нұсқасы. Қаракерей Қабанбай. 1933 ж. Көлемі 620 жол).*

*... Халыққа батыр едің тиген пайдан,
Абырой бірдей болған ақыл айлаң.
Үш жүзде ұран болып, даңқың шығып
Аруағың естілетін анадайдан.
(Әлібеков Қ. Қабанбай батыр. 1974 ж. жазылған нұсқасы. Көлемі 580 жол).*

*Базардан бақша-бақша бөз келеді,
Атқан оқ ажалдыға кез болады.
Жамағат құлақ салып сөз тыңдасаң,
Азырақ Қабанбайдан сөз келеді.*

(Мергенбаев Б. Қабанбай туралы жыр. Қолжазбада Бұқардың жыры деген сөз де бар. Көлемі 694 жол. Қара сөзбен басталатын нұсқа).

*Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным,
Басынан Арқаұлының күн шалғаным,
Жиылса Арғын, Найман, өңкей қазақ
Сөз еді ер Қабанбай ұйғарғаным.
(Ахметов Е. Қабанбай батыр. Көлемі 1120 жол).*

Бұл нұсқаның басталуы Ш.Кәрібаев, Е.Қайырбеков нұсқаларымен үндеседі.

*Бір қисса сөз бастайын Қабанбайдан,
Шын батыр болмаса да сөз шығар қайдан.
Соғысқан қазақ-қалмақ заманында
Ерлігі жұртқа мәлім жарық айдан.
(Мағзиев Т. Қабанбай батыр. 1977 ж. тапсырған. Көлемі 1150 жол).*

Жырды айтушылардың алғашқы шабыт шақырып, тыдаушыны өзіне бейімдеуі осылай басталған [3; 94].

*Қабекең сан соғыста ерлік еткен,
Өтседе талай заман бізге жеткен.
Қабекең бір жорықта жүргенде
Қалмақ кеп бір руын шауып кеткен.
Қос аттап күндіз-түні тынбай шауып,
Тездетіп Қабекеңе хабар еткен.
Орта жүз, арғын-найман алысыңды,
Қалайша жауға берсін арысыңды.
Батырдың Қабанбайдай заманында,
Дұшпанға беріп пе еді намысыңды.
Естіп бұл хабарды Ер Қабанбай
Қайғырды қалам ба деп кек алалмай.*

*Қайғылы ер Қабанбай дегенді естін,
Мұрыннан іздеп кепті ер Боранбай.
Ер жақтап келіп жатыр батыр қалмай,
Ұлы күш бола алама жұрт жиылмай.
Бас қосты тамам батыр дегенді естін,
Келінті Қанжығалы қарт Бөгембай... [5; 183], —*

деп жалғаса береді. Бұл баяндаулардан байқағанымыз, қалмақтың қарсы келіп, қазаққа шабуыл жасағанына Қабанбай батырдың тосылмағаны, оның жанына рулас батырлардың — ер Боранбай, қарт Бөгембай, батыр Барақ, ер Баймұрат, Еркінқожа, Бердіқожа, ер Дәулетбай, ер Жәнібектердің жиналуы сөз болады. Яғни, оқырмандарды «батырлық өлшемі — ерлік, елдіктің өлшемі — бірлік» екендігін дәлелдеу болатын [4; 48].

Қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс Алакөл маңында болғаны белгілі. Жырдың көп нұсқаларында Қабанбайдың жекпе-жекке шығатыны қырғыз болса, кей нұсқаларында қалмақ делініп отырғанын байқаймыз. Бұның себеп-салдарын фольклортанушы-ғалымдар Б.Әбілқасымов [6], З.Сәнік [1], Б.Рақымовтар [3–5] түсіндірген еді. Жырда:

*... Батырлар асығуда тез жетуге
Кейінгі елден шыққан күнін санап.
Жүрісі ұлы дүбір той секілді,
Ән салған екі-екіден өңшең манап.
Жол жүріп бір ай болды деген кезде,
Жақындап Алакөлге келді таяп.
Қалың қол жолда жүрді бір ай қатты,
Қамшылап астарында мінген атты.
Жетті де Алакөлге қосын тігіп,
Табжылмай ат семіртіп бір ай жатты.
Ап жүрген азық-түлік қор таусылып
Бескүндей тамақ таппай қарап қатты [5; 184], —*

деп бейнеленеді.

«Жекпе-жекке» шыққан қазақ пен қалмақ күресінде:

*... Тигізбей Әтеке де қағып қалды,
Дұшпанға бұ да батыр жол бермеген.
Қылса да қандай қайрат болар емес,
Қайраты артық екен өзге ерден.
Әтеке қайта оралып шоқпар ұрды,
Көрмейді ер Барақты адам ғұрлы.
Шоқпардың зардабынан басы айналып,
Шыдамай батыр Барақ атын бұрды [5; 186].*

Қалмақтың Әтеке батырына әлі келмеген Барақ батырдың беті қайтады. Енді бұл Әтеке батырға қарсы шайқасқа Дәулетбай батыр шығады.

*Дәулетбай орай тауып найза салды,
Әтеке тигізбестен қағып қалды.
Неғылсақапы кетпеу жан таласып,
Істеп жүр соғыстағы барша амалды.
Қабекең қарап тұр ет артын байқап,
Әтеке Дәулетбайды қалды шайқап.
Сауытты жыртып етке найза батып,
Шыдамай Дәулетбай ер шықты тайқып [5; 187], —*

деп келеді өлең жолдары. Бұдан аңғарғанымыз, қалмақтың дес бермес Әтеке батырына тең келер батырдың қарсы тұра білуі еді. Бұл тартысқа түскен «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» Қабанбай батырдың жекпе-жекке шығуы болатын.

*... Салған найза сынып жатыр бытырлай,
Қояр емес бірін-бірі жапырмай,
Қан талап екі көзін жұлысып жүр
Арты қалай болар екен, япырмай.
... Екеуі де тайсалатын ер емес,*

Біріне өлмей бермес намысты.
 Шашақты қолда найза сабы тулы,
 Қубас ат шапқан сайын дамытулы.
 Көз қыры Қабекеңнің түсіп кетсе,
 Сауыттың бас түймесі ағытулы.
 Найзаны әдетінше оңдап алды
 Дәл көздеп бұғанадан ұрып қалды.
 Өкіріп аттан қалмақ құлап түсіп,
 Құшақтап қара жерді жатып қалды.
 Қансырап аттан қалмақ құлаған соң,
 Жібермей астындағы атын алды.
 Қабекең әлі мықты боз баладан,
 Кәпірді неге қойған бағанадан.
 Сүйсініп жауға қылған ерлігіне
 Көргендер Қабекеңе болыпты таң [5; 187].

Бұл көріністер батырдың шын мәніндегі күрестегі жеңісінің айғағы! Батыл, ержүрек, қайсар, қарсы келген дұшпанға төтеп бере алатын қазақ батырларына тән мінез, тән қасиет. Осы ерліктің еркіндікке апарар бірден бір жолы екенін, сол арқылы аңсаған арманға — егеменділікке, тәуелсіздікке қол жеткізу екендігін батыр саналы ұққан. Жыр оқиғасы тек осы бір жекпе-жектің желеуімен кетпеген. Батырдың ерліктері, астындағы тұлпары, өмірінің соңғы кезеңі, ақырғы айқастары арқылы жырдың оқиғалары дамытыла түскен. Эпикалық шығармада қазақ халқының мекен еткен кеңістік атаулары, батырдың майдандас серіктері, ұрпақтары мен азаттық жолындағы күрестің үзік-үзік елестері жыр сюжетінде енгізіліп отырған.

Ең бастысы, тарихи кезеңнің сыр-сипатын, дәуірдің елесін тап басуымен жыр құнды қазынамыз бола бермек.

«Қаракерей Қабанбайдың есімі әрқашан қазақ елінің есінде. Әрі ұрпақ оны ұмытпауға, қадірлеуге міндетті. Елі бардың ері бар. Сонау Тарбағатайда тау мен тастың қиырында ата жауын қасқая қарсы алып, кеудесін оққа төсеп айқасып, еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алды. Түн қатып, толарсақтан қан кешті. Жұртымен бірге қабырғасы қайысты. Ұрпақ үшін дұшпанымен сайысты. Қазақтың рухын биік ұстап, намысын жерге таптатпады. Халқы оны құрметтеп Қабанбай, Дарабоз, Хан батыры деп атады. Бұл қазақ әскерінің қолбасшысы, бас сардары Қабанбай еді. Дүниеден өткен Еділдің, қыпшақ Байбарыстың, ұзын найза Тәуекелдің, еңсегей бойлы ер Есімнің ерлік істерін жалғастырушы Ұлы Даланың тағы бір ірі тұлғасы, ерен батыры еді» [7].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сәнік З., Садықанұлы Б. Қаракерей Қабанбай: Аңыз, зерттеу, қиссалар. — Алматы: Жазушы, 1991.
- 2 Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 31-б.
- 3 Рақымов Б.С. Тарихи жырлар тағылымы. — Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 1997.
- 4 Рақымов Б.С. Тарихи эпос табиғаты. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1999.
- 5 Рақымов Б.С. Қазақ тарихи жырлары: Хрестоматия. — Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2009.
- 6 Әбілқасымов Б. Қаракерей Қабанбай батыр // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1979. — 91–114-б.
- 7 Күмісбайұлы Ш. Қаракерей Қабанбай. — Алматы: Аруна, 2006. — 89-б.

Б.С.Рахимов, Ш.С. Даулетбаева

Художественные проблемы эпоса «Қабанбай батыр»

Статья посвящена образованию эпического сказания о Кабанбай батыре, защищавшем свой народ, землю, а также влиянию сказания на историю казахского народа. Эпическое сказание, описывающее вековой героический образ Кабанбай батыра, дает воспитательный пример будущему поколению. Нам известно 17 вариантов сказаний Кабанбай батыра. В сказаниях даются образы Кабанбай батыра, а также известных в то время казахских личностей.

The article is devoted to the formation of epic folk legend about Kabanbay batyr, who defended his people and lands, about influence of this epic folk legend on the history. The Epic folk legend described ancient heroic image Kabanbay batyr gives education example to future generation. We known only 17 variants of the folk legends Kabanbay batyr. In folk legend is given image Kabanbay batyr, as well as future in that time of the known kazakh personalities.

УДК: 808.03
С 28

Н.В.Заикина, А.Ш.Сейдалиева

Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Яссауи, Туркестан

К проблеме перевода реалий в романе М.Ауэзова «Абай Жолы» на русский и английский языки

При переводе произведений М. Ауэзова возникает проблема перевода казахских реалий. Реалии обозначают понятия, чуждые для других культур, всегда представляют в процессе перевода особую сложность. В данном случае изучены и проанализированы реалии в романе «Абай Жолы», отражающие действительность казахского народа, его быт, культуру, историю. Переданы особенности методов перевода этих реалий с языка подлинника на русский и английский языки и сравнены методы перевода, раскрыты трудности перевода реалий. Даны понятие о реалии, структура ее значения и классификации, а также основные концепции переводимости и непереводимости реалии в теории перевода.

Ключевые слова: анализ и сравнение методов перевода, способы перевода, выдающийся представитель казахской классической литературы, изображение пути поэта, душевный настрой, специфика жизни, жители степи, национальный характер, судьба народа.

Целью данного исследования являются анализ и сравнение методов перевода реалий в эпическом романе Мухтара Ауэзова «Абай Жолы» с казахского языка на русский и английский языки. Из многочисленных способов перевода мы рассмотрели наиболее употребимые, такие как транслитерация, транскрипция, калькирование, описательный перевод, при помощи «аналога» раскрыли преимущества и недостатки.

Мухтар Омарханович Ауэзов — выдающийся представитель казахской классической литературы, поднявший казахскую прозу до уровня европейской. Венец его творческого пути — роман «Путь Абая». Центральная тема романа — путь казахского народа из средневековья к более прогрессивному общественному устройству. Раскрывается она новаторски, своеобразно, через изображение пути поэта к народу, через становление художника как властителя дум трудовых масс, борца за их свободу и счастье.

М.Ауэзов известен как один из создателей современного казахского литературного языка. «М.Ауэзов... с блеском владел родным языком.» [1;52]. И в своих произведениях писатель широко и мастерски использовал богатство устного народного творчества. Казахский язык, который веками впитывал душевный настрой, специфику жизни и быта жителей степи, их историю, обогащенный гением писателя, широко и многообразно воспроизвел в богатейших красках и с огромной силой национальный характер и судьбу народа.

Литературоведы и мастера художественного перевода отмечают, что национальная окраска литературного произведения часто выражается через национальные реалии. И чем ближе произведение по своей тематике к народной жизни, а по статистике — к фольклору, тем ярче проявляется его национальный колорит [2; 28].

Известный голландский языковед Э.М.Уленбек утверждал: «...знания языка — источника и переводящего языка не достаточно. Переводчику необходимо также знать культуру народов, говорящих на данных языках» [3; 21]. Необходимым условием правильной интерпретации реалий является наличие у получателей текста или у переводчика как посредника коммуникации экстралингвистических знаний.

Сегодня одним из основных принципов перевода художественных произведений является страноведческий подход наряду с коммуникативным. Это лишний раз свидетельствует в пользу того, что осуществление перевода реалии в принципе немисливо без участия экстралингвистических факторов.

При переводе художественных произведений особую сложность представляет перевод реалий — элементов языка и культуры, нередко хранящих в себе имплицитные смыслы.

Авторы в данной работе не ставили своей задачей исследование понятия реалии, структуры ее значения. Мы проанализировали подходы к определению сущности реалии некоторых видных исследователей (О.С.Ахманова, Г.Д.Томахин, А.А.Реформатский). И в результате анализа установили, что рассмотренные точки зрения исследователей свидетельствуют о том, что не существует глобального, обобщенного определения реалии.

В общем смысле реалии — это «предметы материальной культуры». В лингвистике реалиями называют слова и выражения, обозначающие эти предметы, а также устойчивые выражения, содержащие в себе такие слова. Но к реалиям, помимо явлений, которые носят национальный характер и материализуются в безэквивалентной лексике, также относятся явления, специфичные для определенной культуры, которые «закрепились» в словах самых «обычных», однако связанные с ними ассоциации носят культурно-специфичный характер [2; 88].

В своем исследовании мы также не приводим анализ и сопоставление различных принципов классификаций реалий. В плане систематизации реалий нами была взята за основу классификация, выдвинутая учеными С.Влаховым и С.Флориным, которые подразделяют реалии на пять групп [4; 27]. Мы систематизировали казахские реалии в романе М.Ауэзова «Абай жолы» согласно приведенной ниже классификации:

Группа А-1 — топонимы, например:

жайлау, Сарыарқа, Қаратау, Ертіс, Көкше, Ресей, Арал, Бақанас, Байқошқар и т.д.

Группа А-2 — флора и фауна, например:

сексеуіл, баялыш, архар, арғымақ, құралай, атан, мая, бота, нар и т.д.

Группа А-3 — этнографические понятия: наименования и прозвища членов национальных групп, название родов и племен, например:

бәйбіше, тоқал, абысын, кума, тобықты, керей, уақ, найман, Ырғызбай, Сыбан и т.д.

Группа Б — фольклорные и мифологические персонажи, например:

Қыдыр Ата, Алдар Көсе, құж, албасты, мыстан, Зенгі-баба, диуана, құж, шайтан. Группа В — (с пятью подгруппами) бытовые реалии — пища, напитки, утварь, одежда, уборы, украшения, названия жилья, например:

кымыз, саба, торсық, қобыз, домбыра, камзол, шолпы, көкпар, асық, тоғыз и т.д.

Группа Г1 — Г2 — общественные, исторические реалии, административно-территориальные единицы и населенные пункты, а также должности и ответственные лица, например:

атқамінер, бай, аға сұлтан, төре, ояз, ауыл, тайпа, болыс, жұт, Ақтабан шұбырынды

Группа Д — реалии афористического уровня, цитаты, крылатые слова, пословицы, поговорки, например:

«Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» — «Ложка дегтя в бочке меда», «Ақ түйенің қарны жарылды» — «Наступила благодать, изобилие», «Жігіт көркі — ат» — «Джигита красит конь» и др.

Для всестороннего изучения особенностей перевода реалий нами был проделан сопоставительный анализ, была предпринята попытка исследовать проблему перевода реалий на материале двух вариантов перевода романа «Абай жолы» — на русский и английский языки. Мы рассмотрели некоторые из наиболее используемых способов перевода реалий казахской действительности, взятых из романа.

В теории перевода описано несколько способов передачи механизма национальной специфики в языках разных лингвокультурных общностей. Возможные способы передачи реалий были предложены многими теоретиками перевода такими как С.Влахов и С.Флорин, Л.С.Бархударов, Е.В.Бреус, А.В.Федоров, А.Кунин, Г.Д.Томахин, В.Н.Комиссаров. Мы будем опираться на способы передачи реалий, предложенные А.В.Федоровым. Перевод реалий, встречающихся в романе, был осуществлен при помощи четырех основных приемов.

Транскрипция (передача на уровне фонем) и транслитерация (передача на уровне графем) — эти способы применялись при передаче имен собственных, географических названий, а также при

передаче бытовой реалии. Переводчики используют эти приемы как удобный способ назвать, подчеркнуть и представить реалию, специфическую для быта данного народа.

В русских и английских вариантах оригинала встречались такие переводческие транскрипции и транслитерации: домбра — *dombra*, джайляу — *jailau*, юрта — *yurta*, байбише — *baibishe*, аул — *aul*, саукеле — *saukele*, кумыс — *kumiss*, шашу — *shashu* и т.д.

На конкретном примере рассмотрим, как эти способы передачи реалий были использованы переводчиками.

– «Өмір-жасың ұзақ болсын! Алдыңнан жарылғасын, қарағым», — деп үлкен бәйбіше шашуын шашты [5; 182].

– «Да будет жизнь твоя долголетней! Пусть сбудутся все твои мечты, свет мой!» — сказала старшая байбише и бросила шашу [6; 205].

– I wish you longevity! May all your dreams come true!» — said the Elder baibishe and threw the shashoo [7; 202].

Из примера видно, что при передаче реалии «бәйбіше» переводчики использовали транслитерацию и также представили в примечании объяснение значения этой реалии: «байбіше — первая жена» — «*baibishe — the first wife*».

При передаче этнознака «шашу» на русский язык переводчики использовали транслитерацию, а при передаче на английский язык — транскрипцию и дали пояснение в примечании: «Шашу — конфеты и другие сладости» — «*Shashoo — sweetmeats*». Но переводчики не пояснили значения реалии «шашу» — для чего существует у казахов этот обряд, поэтому специфическая особенность этнознака потеряна. Можно было добавить, что акт «шашу» является сигналом к началу праздника, свадьбы и символизирует «богатство, достаток» — «*Shashoo — a wedding rite. Usually shashoo is performed by the authoritative, elderly woman who is happy in marriage life. Throwing sweetmeats and coins has always been usual at weddings, shildekhana (a feast given by the birth of a child), any festive occasions and it signifies wealth, fertility*».

Часто встречаются случаи перевода реалий из романа, когда переводчики использовали сочетание двух приемов — транскрипции (или транслитерации) и описательного перевода, давая последний в сноске или в комментарии.

– Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдені Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға кит деп Алшынбай аулы күміс тартқан. Ол күмістің аты — тайтұяқ, мына бесік жамбыдан кіші еді [5; 241].

– Десять лет назад, когда Кунанбай приезжал сватать Дильду для Абая, он получил в подарок от родных невесты тяжелый «тай- туяк». Привезенный Улжан бесик-жамба превосходил его величиной — Кунанбай одаривал свата более ценным подарком [6; 194].

– Ten years before, when Kunanbai had come to obtain the promise of Dilda's hand, the bride's parents had presented him with a heavy tai-tuyak. And now, Ulzhan had brought nothing less than a besik-zhamba of even more astonishing proportions [7; 199].

Тай-тұяқ — копыто жеребенка — название слитка серебра, определяющее его величину; *tai-tuyak (foal's hoof) — silver ingot of specified size*;

бесік-жамба — слиток-колыбель;

besik-zhamba — cradle — ingot.

Данный пример показывает, насколько целесообразным является использование переводчиками сочетания двух приемов — транскрипции (транслитерации) и описательного перевода, давая последний в сноске или в комментарии. Такое сочетание имеет следующие преимущества:

- возможность соблюдать краткость и экономность средств выражения, свойственные упомянутым выше способам перевода;

- возможность раскрыть семантику данной реалии, достигаемой через описательный перевод: разъяснив однажды значение данной реалии, переводчик в дальнейшем может использовать транскрипцию или транслитерацию, смысл которой будет уже понятен читателю.

Переводчики прибегают к приемам транскрипции и транслитерации, как к способу назвать и подчеркнуть реалию, специфичную для быта данного народа, передающую его национальную особенность, и своеобразный колорит. Прием транслитерации является наиболее продуктивным при переводе данного романа.

Следующий прием — калькирование — заключается в передаче реалий иностранного языка (ИЯ) при помощи замены составных частей (морфем или слов) их прямыми лексическими соответствиями в языке перевода (ПЯ). При передаче казахских реалий переводчики использовали три основных вида калькирования:

1) полукалька — когда переводится только часть слова (каз. «Орта жүз» — Средний жуз — Central Zhuse и др.);

2) фразеологические кальки — пословный перевод фразеологизма (каз. «Ішін ауырса, ауызыңды тый» — Заболел живот — держи рот пустым — If your belly hurts then your mouth should be empty и др.);

3) ложная калька — возникает вследствие ошибочного понимания морфолого-семантической структуры иноязычного слова или словосочетания («бес қасқа» — пять лысых — five bald men и др.). Это видно из следующего примера:

- «Кел», — деп шақырып ап, — пісімідә, — деп, өзі аттандырды [5; 432].

- «Пройди сюда», — подозвала она его сына. — «Писмильда», — сказала она, и с этим благословением сама посадила его на коня [6; 506].

«Come to me», she called her son. «Bless you», she said and helped him into the saddle [7; 499].

При переводе реалии «пісімідә» на русский язык был использован транслитерационный способ, но с объяснением значения этой реалии. «писмильда» — искаженное «бисмиля» — буквально: «во имя бога» — напутственное благословение». На английский язык эта реалия была переведена при помощи ложной кальки — «Bless you» и без предоставления необходимого пояснительного комментария. Ввиду этого в английском варианте утрачена национальная окраска реалии. Отсюда следует, что калькирование, как и транскрипция, и транслитерация, не всегда раскрывает читателю, не знакомому с ИЯ, значение реалии. Например, вряд ли без развернутых пояснений о чем-нибудь скажут неподготовленному читателю слова «khazret», «yurta», «zhus» и т.д. Эти способы применимы только в тех случаях, когда важно сохранить национальную окраску реалии.

Мы разделяем точку зрения Ш.К Сатпаевой в том, что как бы мы ни считали кальку одним из основных способов передачи безэквивалентной лексики, все же чрезмерное увлечение кальками нежелательно, ибо они могут привести к потере информационной функции реалии или нанести ущерб содержанию информации [8; 76].

В тех случаях, когда калькирование или дословный перевод приводят к буквализму, искажающему смысл казахской реалии, переводчики используют способ описательного перевода. По определению А.В.Федорова, этот способ называется перифрастическим [9; 97]. Этот прием заключается в раскрытии значения реалии ИЯ при помощи развернутых словосочетаний, раскрывающих существенные признаки обозначаемого данной реалией явления (предмета, понятия). Он имеет то преимущество, что исключает недопонимание, которое часто происходит, когда новое слово заимствуется с новым понятием.

– Құнанбай — өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі.

Калың дәулет пен әмір, билік иесі [5; 49].

- Кунанбай — единственный сын своей матери Зере, старшей жены его отца. Большая юрта рода осталась за ним; он владеет огромными богатствами, пользуется неограниченной властью [6; 73].

– The only son of Zereh, his father's eldest wife, Kunanbai had inherited the Great Yurta, was the possessor of enormous wealth and wielded unchanged power [7; 77].

«Бәйбіше» — старшая, первая жена. Она главная хозяйка у мужа и пользуется большими правами против второй жены — «тоқал», так что даже ее дети получают наследство больше детей второй жены и, по обычаю, наследуют родительский дом — «кара шаңырақ».

Как видно из приведенного примера, переводчики при передаче этой реалии на русский и английский языки использовали перифрастический способ.

Но далеко не во всех случаях одна и та же казахская реалия может передаваться перифрастическим способом на оба языка. Проиллюстрируем это:

– Баланың да, жігіт-желеңнің де, егде-москал үлкеннің де барлығының аузында бір жаңалық,

бір хабар. Ол — осы жақында болатын ас туралы, Бөжейдің асы туралы [5; 254].

– И детей, и молодежь, и пожилых людей, и старых аксакалов занимало только одно событие, ожидавшееся в ближайшие дни: все говорили о предстоящем асе в память Божее [6; 205].

– The children, the young people, the elderly folk and even the old aksakals were preoccupied with one thing, and one thing only: the grand funeral feast to be held in memory of Bozhei within the next few days [7; 208].

Ас — 1. пища; 2. поминки;

ас — 1. food; 2. funeral banquet.

Как видно из этого примера, в русском варианте при переводе казахской реалии «ас» переводчики использовали транслитерационный способ «ас», представив объяснение этого слова в сноске: «ас» — 1. пища; 2. поминки. При передаче же этой реалии на английский язык переводчиком был применен перифрастический способ: «the grand funeral feast», а также были даны значения этого слова в комментарии. Сопоставив оба метода, мы находим более удачным перифрастический способ перевода в английском варианте, так как он раскрыл семантику данной казахской реалии.

Но описательный перевод, хотя и раскрывает значение исходной реалии, имеет недостаток, он оказывается весьма громоздким и неэкономичным, из-за чего теряется национальная специфика понятия. Мы считаем, что в таких случаях лучше использовать (как было описано выше) сочетание двух приемов — транслитерации и описательного перевода, давая последний в сноске или в комментарии. Тем не менее описательный перевод является самым распространенным способом передачи реалий.

Мы рассмотрим четвертый способ перевода, который был использован в обоих вариантах романа — гипонимический. Мы также раскроем особенности передачи реалий при помощи этого метода. Гипонимический (от английского слова «hiponymy») — при котором слово ИЯ, обозначающее видовое понятие, передается словом ПЯ, называющим понятие родовое. Другими словами, это перевод при помощи «аналога». Этот прием заключается в подыскании ближайшего по значению соответствия в ПЯ для лексической единицы ИЯ, не имеющей в ПЯ точных соответствий. Такой способ перевода был использован переводчиками при описании быта: названий еды, музыкальных инструментов, народных игр, национальных костюмов.

Приведем несколько примеров этого способа:

– «Иығына бота ішігін жамылып, шалқия сөйлеген Құнанбай, осы үйде әркімге карамайды» [5; 15].

– «На плече Кунанбая накинута шуба из мягкого, пушистого меха верблюжонка, он говорит веско, убедительно и смотрит не на всех» [6; 36].

– «Over Kunanbai's shoulders lay a coat of fluffy young camel-skin» [7; 36].

Переводчики передали реалию «ішік» на русский и английский языки как «шуба» и «coat», используя гипонимический способ. При этом реалия «ішік», обозначающая видовое понятие, передана словом ПЯ, называющим понятие родовое. Русское «шуба» и английское слово «coat», обозначают «верхнюю зимнюю одежду на меху (на вате)» и лишь приблизительно передают значение казахского слова «ішік», которое, действительно, означает вид верхней зимней одежды у казахов. Лучше перевести слово «ішік» описательным способом:

«Draped over Kunanbai's shoulders was a coat lined with soft, fluffy hide of a young camel».

Раскроем данный метод еще на одном отрывке романа:

– Қоңыр жүзі қызарып, төмен қарап қысыла күле беріп, бөркін айналдыра бастады [6; 9]

– Смуглое лицо подростка покраснелось от сдерживаемого смеха и он, опустив голову, начал вывертывать свою шапку [6; 5].

– Like a real bandit he had turned his hat and cape inside out [7; 23].

Бөрік — шапка;

бөрік — hat.

Как видим, в этом предложении при передаче реалии «бөрік» на русский и английский языки переводчики использовали гипонимический способ перевода. Конечно, русское «шапка» и английский «hat» лишь приблизительно передают значение казахского слова «бөрік», которое

действительно означает вид национального зимнего головного убора, которые одевали как мужчины, так и женщины. Мы предлагаем перевести слово «бөрік» транслитерационным способом, предоставив объяснение значения в сноске:

– Like a real bandit he had turned his boric inside out.

Boric — Kazakh national fur cap worn both by men and women.

Из примеров видно, что «аналоги» лишь приближенно передают значение исходного слова, а в некоторых случаях могут создать не вполне правильное представление о характере обозначаемого ими предмета или явления. Поэтому переводчикам при использовании «аналогов» также необходимо предоставлять требуемые объяснения в комментариях и в сносках. Гипонимический способ перевода имеет особенность обобщать представление, связанное с названием реалии в ИЯ. При этом название обобщающего понятия в ПЯ неизбежно приводит к утрате конкретности — то в большей, то в меньшей степени, ослабляя тем самым национально-специфическую особенность реалии. Мы полагаем, что серьезным недостатком этого способа перевода является то, что затушевывается национальная специфика понятия, заключенная в реалии.

Итак, в нашей работе нами были проанализированы следующие способы передачи казахских реалий:

1) «материальное заимствование» (транскрипция и транслитерация), при котором принимаются не только значение слова, но и его материальный экспонент;

2) калькирование, т.е. копирование иноязычной единицы с помощью своего, незаимствованного материала;

3) полукальки — своего рода частичные заимствования, состоящие частью из своего собственного материала, а частью из материала иноязычного языка;

4) описательный перевод — наиболее распространенный способ передачи современных реалий;

5) комбинированный способ — чаще всего сочетает калькирование и описательный перевод.

Рассмотренные нами способы передачи реалий в практике переводческой работы обычно не функционируют изолированно друг от друга, а применяются в сочетании. Исключительное использование только одного из них привело бы либо к перегрузке переводного текста иноязычным словесным материалом, или «экзотизмами» (при транскрипции, транслитерации и калькировании), либо к непомерному расширению текста (при перифрастическом способе), либо к объединению вещественного смысла или полной утрате национальной специфичности (при гипонимическом способе).

Решение вопроса о выборе определенного приема при переводе реалии напрямую зависит от задачи, которая стоит перед переводчиком: сохранить национальный колорит языковой единицы с возможным ущербом для семантики или передать значение реалии (если оно не известно), утратив при этом колорит. Приведенные выше примеры выявляют некоторые недостатки и преимущества тех или иных приемов перевода реалий, а также предложенных нами вариантов перевода. Как известно, язык оригинала несет в себе черты национального и социального своеобразия народа. Такую функцию несут и реалии, обозначающие черты культуры, общественной жизни, материального быта и особенности общения людей. Они играют значительную роль в создании определенного национального фона [9; 64]. Предпосылкой для их верной передачи должно быть знание переводчиком действительности, правильное представление о самих вещах.

В нашем исследовании мы раскрыли, насколько сложной проблемой является воспроизведение реалий, отражающих казахскую действительность, национальное своеобразие в русском и английском переводах. Сохранение реалий, так же как и их перевод, составляет особую трудность при переводе с одного языка на другой. Реалии, отражая специфику национальной культуры, создают яркий образ, не всегда доступный представителю иноязычной культуры. И благополучное разрешение подобных моментов на практике требует немалых усилий от переводчиков. При межъязыковом преобразовании неизбежны потери, т.е. имеет место неполная передача значений, выражаемых текстами подлинника, стало быть, текст перевода никогда не может быть полным и абсолютным эквивалентом текста подлинника. Задача переводчика заключается в том, чтобы сделать эту эквивалентность как можно полнее, т.е. добиваться доведения потерь до минимума [10; 93].

К переводу иноязычных реалий, в данном случае казахских, переводчики должны относиться с высокой ответственностью, поскольку они в языке перевода осуществляют этнокультурную и этнокоммуникативную функции, способствуют передаче образного мышления и мироощущения

казахского народа. В связи с этим назрела необходимость изучения переводчиками культурного наследия казахского народа, так как им принадлежит миссия по приобщению народов других стран к сокровищам казахской культуры.

Список литературы

- 1 М.Ауэзов — классик советской литературы. — Алма-Ата: Наука, 1980. — С. 23–52.
- 2 *Верецагин Е.М., Костомаров В.Г.* Язык и культура. — М., 1976. — С. 20–28, 60–88.
- 3 *Реформатский А.А.* Введение в языкознание. — М., 1967. — С. 2–21.
- 4 *Влахос С., Флорин С.* Непереводимое в переводе. — М., 1980. — С. 3–27.
- 5 *Әуезов М.* Абай жолы. I-, II-т. — Алматы: Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасы, 1961. — 3–432-б.
- 6 *Ауезов М.* Путь Абая. Роман-эпопея: В 2 т. — Алматы: Жазушы, 2007. — С. 184–506.
- 7 *Auezov M. Abai.* Progress Publishers: Moscow, 1975. — С. 199–499.
- 8 *Сатпаева Ш.К., Абдибаев Х.А.* Национальные формы в казахской литературе. — Алма-Ата: Мектеп, 1979. — С. 65–76.
- 9 *Федоров А.В.* Основы общей теории перевода. — М.: Высш. шк., 1984. — С. 60–97.
- 10 *Чанышева З.З.* Сознание, языковое сознание и культурное сознание. — Уфа: РИО БашГУ, 2003. — С. 45–93.

Н.В.Заикина, А.Ш.Сейдалиева

М.Әуезовтың «Абай жолы» романындағы болмыстардың орыс және ағылшын тілдеріне аударылу мәселесі

Мақалада М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, тарихы көрсетілген, олардың басқа тілге аударылуы сараланған. Қазақ тілінен орыс, ағылшын тіліне құндылықтардың аударылуының әдістері салыстырылып-талқыланған, тәржімалау қиындықтары қарастырылған. Құндылықтардың классификациясы туралы түсінік берілген, сонымен бірге аударма теориясындағы аударылатын және аударылмайтын құндылықтардың негіздері талданған.

In the process of translation of M.Auezov's novel «Abay zholy» the problematic issues concerned with nature of translation of realias, namely: exploration of realias available in the language of the original work and the methods of conveying them from Kazakh into Russian and English. Circumstantial research of realias in the original text is made, studied main methods of translation of realias and commented them in detail. Translation of realias in the Russian and English variants is given and presented a large number of examples of their translation.

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***«Сорғалаған нөсердей жырын тыңда Дулаттың...»**

Мақала XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы көрнекті ақын Дулат Бабатайұлының өмірі мен шығармашылық қызметіне арналған. Философ-ақынның шығармаларында өзі өмір сүрген кезеңнің маңызды мәселелерін қалай жырлағаны көрсетілген. Ақынның адамзат өміріндегі және табиғаттағы болып жататын өзгерістерге өз пайымдық сипаттамасын беруге ұмтылысы баяндалған. Парыз, ар-ождан, мораль және адамгершілік мәселелері бойынша ақынның ой-толғамдарына көңіл бөлінген. Дулат Бабатайұлының көптеген қанатты сөздердің, шұрайлы өрнексөздердің, шешендік шиырларының, философиялық түюлердің-толғаулардың авторы екендігі айрықша дәріптелген. Отандық поэзия тарихындағы ақын мұрасын айшықтандыратын оның өз туындыларына ғана тән ерекше қасиет - өлең өлшеулерін түрлендіруі екендігі дәлелденген. Дулат жырау өз заманының үлкен ойшыл болғандығы пайымдалған.

Кілтті сөздер: ақын, жалпы поэтикалық үрдістер, поэтикалық әлем, жеке есімдер, айшықты ойлар, теңеулер, табиғат лирикасы, қазақ поэзиясы, ұлылық нәрі, ұлттық қайнар көзі, ескіше оқыған, сауатты ақын, саяси-әлеуметтік мәселелер, қоғамдық мәселелер.

Kіpіcne

Дулат Бабатайұлы — туған елінің тарихи бір кезеңін жырлап өткен қайталанбас ақын, хакім Абай өнеге алған ұстаздарының бірі де бірегейі.

Ақын Несіпбек Айтұлы «Ұлттың ұлы жыршысы» атты мақаласында: «Талантты сыншы Тұрсынжан Шапай: «...Абайдан бастап жалпы поэтикалық үрдістермен қатар ақынға ерекше ықпал еткен оның поэтикалық әлемінде үзілмей желі тартып жататын жеке есімдер пайда болды. Абай үшін қазақ топырағындағы ең алғаш тұлға даусыз — Дулат» десе [1], халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов: «Өз кезінде Дулаттың ұлы Абайға ұстаз, үлгі болғанын, кейін Абай, Мағжандар дамытқан айшықты ойлар мен теңеулердің бастау кезі Дулатта жатқанын көзі қарақты оқырман жақсы біледі», — дейді... Академик Қ.Жұмалиев «Абайға дейінгі XIX ғасырда өмір сүрген ақындардың ішінде поэзиямызға жаңа бір түр кіргізген ақын — Дулат» — деп, Дулаттың ақындық талантына аса жоғары баға берген еді. Дулаттың қазақ поэзиясына алып келген жаңалығы туралы халық жазушысы М.Мағауин де: «Ақынның көңіл-күйі, табиғат лирикасы да сол дәуірдегі қазақ поэзиясы үшін жаңашыл сипатта болды» деп, Қ.Жұмалиевтің ойын нақтылай түседі. Осындай ойды М.Жармұхамедұлы да айтқан болатын. Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Рабиға Сыздықова Дулат жырының табиғатына одан әрі ішкерілей кіріп: «Қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінен көрінеді. Іргетасын қалаған Абай болса, соны қалау кезеңі туғандығын, қалайша қалаудың алғашқы үлгілерін көрсеткен Дулат» деп, Дулат ақынның ұлы Абайға өнеге болар ой қалдырып, оның әлемдік биікке көтерілуіне алтын баспалдақ, рухани іргетас, сондай-ақ ұлылық нәрінің ұлттық қайнар көзі болғандығын дәл басып айтады. Дулат жөнінде әдебиеттің білгір мамандары осындай ойға тоқтайды», — деп ерекше толғанады.

«Дулат жырау кім?» деген сауалға ақынның өз дәуірі, яғни, оны жалғанның жарығына шығарған қоғамдық, тарихтық ерекше жағдайлар жауап береді.

Бабатайұлы Дулат қазаққа «қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, қайырусыз жылқы бақтырған» Абылай дәурені өткен, отаршылардың ортамызды ойып орын алып, төрімізге жетіп, төбемізден қарай бастаған аса бір ауыр кезеңінде дүниеге келді. Дулатты тудырған дәуір оған ел басына төнген отаршылдық ауырлықтың салмағы мен одан келер қауіпті, сондай-ақ оның соңғы нәтижесін жете танытты. Сондықтан да Дулат — өзі жасаған заманға, отаршыл зорлығына, ол қауымға қызмет еткен әкімдерге, аға сұлтандық билікке түбегейлі қарсы шыққан, халқының тәуелсіздігін көксеген әрі күрескер, әрі реалист ақын.

Зерттеушілер Дулат Бабатайұлының туған жылы 1802 жыл деп бірауыздан көрсетсе, қайтыс болған жылы 1871 жыл [2,3] немесе 1874 жыл [4,5] деп жазып келеді.

«Найман» атты еңбекте [6] мынадай деректер келтірілген: «Біздің ойымызша, 1802 жылы туылып, 1871 жылы қайтыс болды деген пікір шындыққа көбірек жанасатын тәрізді. Дулаттың

өмірбаянына қатысты деректерде осы дата көбірек айтылады. Ата-тек таралымы Найман тайпасы құрамындағы төрт Төлегетай тобына жататын Қаракерей ішіндегі Сыбан руынан шығады. Туып-өскен жері қазіргі Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының түйіскен жері Балқаш көлі мен Аякөз маңы. Дулаттың өмірбаянына қатысты деректер осымен шектеледі».

Бізге жеткен өлеңдерінде кездесетін кейбір деректерге қарағанда, Дулат ескіше оқыған, сауатты ақын болған. Ол өз өлеңдерін кейініректе қолжазба кітап етіп тізіп жүрген. Шығармаларына қарағанда, ол молдалар арқылы сол кездегі қазақ даласына тараған діни көзқарастардың шеңберінде дін туралы біршама түсінігі болған. Әсіресе кең тараған Қожа Ахмет Йассауи хикметтерін құрмет тұтып, одан үлгі алған. Өзінің ішкі жан дүниесіне терең үңілуі арқылы көпшілік байқай бермейтін адамның жаман қасиеттерінің сырын ашқан. Сауық-сайран өмірден бас тартып өмір сүргенде ғана халықтың ішкі бірлігін күшейтіп, мықты тұлғалар шығады деп тұжырымдаған.

Жырау өзі туған өлкеде ғана тұрып қоймай, Шығыс, Оңтүстік Қазақстан жерлерін және Арканы түгел аралаған. Ертедегі ақындар үлгісінде тәрбиеленіп өскен. Әуелі ақын айтыс, әзіл-оспақ ретіндегі өлеңдер шығарып айтып жүрген. Бірақ кейін ол ел арасы, ауыл іші, жергілікті тақырыпты жырлаудан гөрі саяси-әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді жырлауға ойысқан [7;444].

Дулат Бабатайұлының өлеңдерін жазып алып, сақтап келген Шыңғыстау ақындары. Әсіресе ғылыми жұршылыққа табыс еткен халық ақыны Шәкір Әбенұлының еңбегі ерекше.

Ескі шежіре, халық әдебиетінің білгірі Шәкір Әбенұлы Дулат, Жанақ, Сабырбай, Түбек, Байкөкше секілді ақындардың мұрасын тұңғыш рет қағазға түсіріп, бүгінгі ұрпаққа жеткізген [8]. Оның күәлігі бойынша, Дулаттың өлеңдерін Ғаббас Бәйділдаұлынан жазып алған. Ал Ғаббас кезінде бұл өлең-толғауларды әкесі Бәйділданың қолжазбасынан көшірген. Бәйділда ақсақал (1839–1919) Дулатты жақсы білетін, өкшелес адам болған. Ол Дулат өлеңдерін жазып алып, қолжазба күйінде сақтап келген. Қазақстан Ғылым академиясының Әдебиет пен өнер институты қолжазба қорындағы Дулат өлеңдерінің біразы (1500 жолдай) соның сақтауы арқылы жеткен.

Қолжазбада Дулат Бабатайұлы жөнінде мынадай қызық мәлімет бар: «Дулат Жантуғановтың қысқа өмірбаяны. Дулаттың руы Сыбан, одан бері келген Жарасқұл деген таптан шыққан. Бір ат, бір қамшыдан басқа мал бітпеген кедей болған. Кедей болса да, атқа мінгендер қасына ертіп, атын «Барақтың жаршысы» қойған. Дулаттан туған Қайрамбай деген кедей адам болды, кәсібі ағаштан қасық жасап, ел аралап балаларға ұстататын. Қайрамбайдың баласы Сейітқазы деген болды, 1921–1923 жылдар «Қосшы» ұйымына болыс болып тұрды, оқымаған қараңғы адам еді, одан 28–29 жылдары байларды кәмпескелегенде белсенділердің бірі болып жүрді, 1932 жылы қыста қайтыс болды. Одан Ұмытқұл, Рахменқұл деген екі бала қалып еді, олар 33–34 жылдары өлді, немере ағасы Еспол дегеннен бір бала бар, одан басқа тұқым жоқ» [9].

Өкінішке орай, кешегі Кеңес заманы от тілді өр ақынның асқақ рухынан қаймығып, оның отты жырларын неғұрлым алыс лақтырып, терең көмуге тырысты. Халқын бодандықта ұстағысы келген сол замандағы билік халықшыл ақынын ұмыттыруға күш салды.

Әдебиетті зерттеудегі сыңаржақ сынға түрен салған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің әдебиет және өнер жөніндегі 1947 жылғы қаулысы Дулат мұрасына жағылған қара бояулардың, таңылған теріс пікірлердің көсеушісі болды. Арада он екі жыл өткенде әдебиет мәселелеріне арналған ғылыми конференцияда (1959 жылы өткен) ұсыныс жасалып, Дулат және Мұрат шығармаларын «мектептерде оқыту қажетсіз деп саналсын» деген қорытынды шығарылды («Қазақстан» энциклопедиясы, 3-т., 295-б.). Бұл ақиық ақын шығармаларына берілген саяси үкім болды.

Отар елдің негізгі саяси-экономикалық шешуші тұтқаларын өз қолына жинақтаған империялық жүйе, патша миссионерлері, коммунистік билеушілер ұзақ уақыт бойы оның мәдениеті мен әдебиетін сүзгіден өткізіп, реттеп отырғанын біз енді біліп жатырмыз. Сол себептен ойшыл, парасатты, суреткерлік үні өзгелерден ерекше ақын Дулат Бабатайұлы бір ғасырдан аса уақыт рухани тұтқында болып келді [10].

Дулат шығармалары беріге дейін (өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін) дүрбіден, одан қалса құрықтан құтылған жоқ. Мұның бәрі — тарихтың яки тағдырдың тәлкегі демеске лажың жоқ. Бірақ саф алтынды ешқашан тот баспайтыны анық.

90-шы жылдардың басынан тәуелсіз қазақ елі тәуелсіз ақын-жыраулығын іздеуге кірісті. Көп жылдардағы қысталаңнан соң Дулат шығармалары да күзеусіз, түзеусіз шыға бастады. Ақын поэзиясын енді еркін талдап, тексеруге мүмкіндік туды.

Бұл арада әдебиет зерттеушісі Құлмат Өмірәлиевтің Дулатты қайта тірілтудегі жанқиярлық еңбегін ұмытуға болмайды. Ғалым ақын шығармаларына толық текстологиялық зерттеу жүргізу арқылы бөгде дүниелерден арылтып, сұрыпталған Дулат Бабатайұлының «Замана сазы» жинағын даярлап, баспаға ұсынды. Бұл кітап автор дүниеден өткеннен кейін (1991 ж.) жарық көрді.

Соңғы жылдары жаңа таным аясында дулаттанушы Қайрат Раевтың құрастыруымен «Өсиетнама» («Ғылым» баспасы, 2001) және «Тұнық тұма» («Раритет» баспасы, 2002) жинақтары дүниеге келді. Әсіресе, ақын мұрасының жай-жапсарын білгісі келгендер Қ.Раев құрастырған «Дулат Бабатайұлы: шығармалары мен тағылымы» деген кітапты («Раритет» баспасы, 2003) парақтауы тиіс. Кітаптың бірінші бөліміндегі Дулат жырау туындыларын, екінші бөліміндегі арнайы ғылыми зерттеулерді сүзіп өткенде, халқымыздың көл-дария мұрасының тағы да бір шалқар өлкесін тамашалап, көп-көп тағылымға кенеліп, мақтаныш сезімге бөленесің [11].

«Дулаттану» дейтін үлкен арнаның қалыптасуында басын бәйгеге тіге жүріп, еңбек жазған ғалымдардың арасында филология ғылымдарының кандидаты Э.Пертаеваның «Дулат Бабатайұлының ақындығы» атты кітабын [12] атаған жөн. Білімді ғалымның жырау шығармашылығына ерекше көңіл бөлуінің өзі Дулаттың қайталанбас ақындығына бас игендігін дәлелдейді. Әсіресе 1880 жылы Мәулекей Сейітұлының алғы сөзімен Қазанда шыққан «Өсиетнаманың» Дулаттың өлеңдері екендігін көрсеткен зерттеушінің дәйектері нақты әрі дәлелді [12; 29,30].

Сонымен, қазіргі уақытта Дулат туралы ғылыми жаңа түсініктер орнығып келеді. Сөйте тұрса да кейбір тілші-ғалымдар тарихи шындықты бұрмалап, ақынға басқаша баға беру талабын сөз қылып жүр [7;445].

Біздің ойымызша, Дулат Бабатайұлының шығармашылығына қиянат жасаудың да шегі болуға тиіс. XIX ғасырдың екінші жартысында, яғни 1880 жылы, «Өсиетнама» деген атпен жарияланған кітапта кейбір полиграфиялық кемістіктердің, жеке сөздің бұрмалануы, бөгде сөздің араласуы орын алған. Бірақ жинақтың Дулаттың өз атымен шыққаны, оның өз стиліндегі туынды екені еш күмән тудырмайды.

Біріншіден, «Өсиетнамаға» енген Дулат өлеңдерінің бірқатары ақынның көзі тірісінде Санкт-Петербургте қазақ мәдениетінің жанашыры В.Радловтың өзі жинастырып құрастырған «Образцы народной литературы тюркских племен» (СПб., 1880) атты жинақта жарияланған.

Екіншіден, «Өсиетнамадағы» өлеңдердің барлығы кезінде ақын аузынан ауызша да, жазбаша да жазылып, хатқа түскен.

Үшіншіден, Дулат өлеңдері Ш.Әбеневтың жазып алған нұсқалары бойынша латын жазуына, одан кейін орыс әліпбиіне көшірілген. Қазір жыраудың көптеген өлеңдері ҚР Ұлттық ғылым академиясының Орталық кітапханасында сақтаулы.

Біз бұл жағдайларды ақиқат үшін ескертіп отырмыз және Дулат шығармаларын жоққа шығарушылардың қайсысы үшін де айғақ жауап деп санаймыз.

Қорыта айтқанда, Дулат Бабатайұлы соңғы жылдары туған халқымен табысты. Ол халық және әдебиет тарихындағы өз орнын алды. Бұл қазақ халқының мақтанышы.

Ақынның өзі туралы өлеңдері

Дулат Бабатайұлы — қазақ жырын мазмұн мен тақырып, түр мен көркемдік тәсілдер тұрғысынан жаңа сатыға көтерген кемеңгер ақын.

Хас жырау «Тегімді менің сұрасаң...» деп басталатын өлеңінде [13; 62–65] сан қырлы алмастай ажарлы жырларының қасиетін ашу үшін:

*Тегімді менің сұрасаң,
Қалың Найман нуынан.
Жырымды менің сұрасаң,
Сары алтынның буынан.
Сырымды менің сұрасаң,
Тұманың тұнық суынан.
Кеудеме қайғы толған соң,
Тұнық жырмен жуынам.
Сорғалаған нәсердей
Жырын тыңда Дулаттың.*

*Тасқын судай ағызып,
Шербет балдай тамызып,
Торқалы топыр тойында,
Топ бас қосар ойында,
Қасқа, жайсаң алдында
Топ жиынды Дулаттым.*

*Айдасаң алыс жерім-ді,
Алсаң ащы терімді,
Өзіне-өзі сенімді,
Тоят төс, салпы ерінді,
Топтан торай бермейтін
Тұлпар аттай қунақпын.
Қайырсыз сараң малыңды,
Еріншек есек жарыңды,
Халыққа емес сыйымды
Парақор баспақ биіңді,
Ел бүлдіргіш бегіңді
Улы тілмен ұлаттым.*

*Сана беріп ойына,
Қуат беріп бойына,
Аққан жасы сел болған,
Етегі толы көл болған,
Беріш боп шері байланған,
Ұйқы беріп қайғы алған
Қайғылыны уаттым.*

*Жырымды менің тыңдаған
Сөз ұғатын соңғы адам
Тыңдаудан әсте тынбаған.
Гауһардай дүрге бұлдаған,
Сарқырап аққан жылғадан
Жыр арнасы суатпын.*

*Шашудай болып шашылар
Меруерттей асыл сөз деген,
Жыршылардың шайыры
Асыл сөзді езбеген.
Нысананы дәл басып,
Қалаған жерден көздеген.
Қамқа бірдей бола ма
Қалам мата бөзбенен.*

*Қосылып алтын қорымас
Мырыш пен мыс, жезбенен,
Меруерттей сөзбен шашайын
Бойыма біткен асылым
Ақындық әсер қуатын, —*

деп түйдек-түйдек ой ағымдарын төгілдіреді. Асыл мен жасықтың, арзан мен қымбаттың қадіріне жетіндер дегендей ойды мегзейді. Ақын өз өлеңін нөсерге, екпінді дауылдай тұлпарға теңейді.

Өзін таныстырған тағы бір өлеңінде («Айтпасымды айтқыздың...» [13;148–155]) жырау өзіне-өзі мынадай мінездеме береді:

*Менің атым — Байғыз қарт
Көзге түсер сиқым жоқ,
Орынсыз күлер күлкім жоқ,
Есепсіз ұйықтар ұйқым жоқ.*

*Көзге қораш бойым бар,
Теңізден терең ойым бар,
Шынардан биік санам бар,
Атан өгіз ағызған
Ақылдан алтыс салам бар,*

*Қорған құрыш сөзім бар,
Бұлттан өтіп мұнарды
Болжайтұғын көзім бар,
Қаралдымнан атым зор,
Белгілі атым әлемге.*

Бұл шығармадағы «теңізден терең ойы, шынардан биік санасы, атан өгіз сыйғызған, ақылдан алтыс сабасы, қорытқан құрыш сөз, бұлттан өтіп, мұнарды болжар көз», т.б. салыстыру, эпитеттер шеберлік куәсі бола алады. Ақынның шынайы тұлғасы танылады.

Дулат Бабатайұлы өзі туралы өлеңдерінде ақындық өнерді жоғары бағалайды. Бұрын жас кезінде адасып, кез келгенге еріп, кейде өлеңге өнер ретінде жете маңыз бермей, жеңіл қараған кездері болғанын айтып қынжылады. Ал ер жетіп, ел қадірін, сөзін түсінгеннен бастап, өмірінің соңғы кездеріне дейін ел жайын, заман сырын жырлап, жағымсыз мінездерді сынап, терең сыр шерткенін ескертеді.

Дулат шығармаларының ішінде ұзақ арнау өлеңдер, нақыл-өсиет ретінде айтылатын дидактикалық термелер, ертегі-аңыз сюжетінде жазылған толғаулар, бірнеше мысал сөздер бар. Шығармаларының идеялық мазмұны да әр алуан. Олар негізінен қазақ қоғамындағы белгілі кезеңнің тарихи шындығын қамтиды.

Ақиық ақыннан қалған осы бай әдеби мұраға әділ баға беру үшін оның өлең-толғаулары мен мысал-нақылдарын негізінде төрт салаға бөлген дұрыс сияқты.

Бірінші топқа жататын толғауларында ақын өз заманының әлеуметтік мәселелерін; ел басқарудағы әкімдікте аға сұлтан-төрелер мен би-болыстардың озбырлық әрекеттерін; қазақ елінің патша үкіметіне бағынуын; атамекені, жер-суынан айырылғанын қозғайды. Екіншіден, адамның жас кезеңдері жөнінде толғаған өлеңі және кәсіп туралы шығарған туындылары. Үшіншіден, жеке адамдарға арналған өлең-толғаулары. Төртіншіден, поэмалары және нақыл, мысал ретінде айтқан шығармалары.

*Жыраудың қоғам өміріне, әлеуметтік өзгерістерге,
патша үкіметінің отарлау саясатына арналған шығармалары*

Әлеуметтік тақырыпты сөз еткенде, елдің азаттығын жырлағанда Дулат ақынның басты-басты идеясы бірінші салаға кірген шығармаларынан айқын көрінеді. Жыраудың қазақ қоғамын алға дамыту мақсатында атқарған қызметіне байланысты төмендегідей қорытындыға келуге болады.

Біріншіден, ол халық бойынан батырлық рухты мақсат етіп, ата-баба дәстүрін, өлкенің сұлу табиғатын, бай рухани мұраны жеткізуші шежіреші қарт. Қазақ халқының шетел басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігін, соған басшылық еткен хандары мен батырларын мадақтайды. Бұл саладағы шығармаларының көрнектісі — «Ата қоныс Арқадан» атты толғауы [13; 88–91]. Шығармада жоңғарлардың қазақты Арқадан қуып, Сыр бойына бастырып жібергенін, сол қиындықтан қазақ халқы өзінің ерлік күресі нәтижесінде ғана құтылғанын суреттейді. Халықтың алып күшін, өз жерін, туған елін қандай жаудан да қорғай алатынын еске салады:

*Ата қоныс Арқадан
Қалмақтың таймай іргесі,
Сөлі кетіп қазақтың,
Қалған кезде сіркесі
Әбділмансұр хан болды:*

*Хан болмады қазаққа,
Ағарып атқан таң болды.*

*[Қосылып басы қазақтың,
Алатаудан асырды
Арқадан айдап калмақты.
Бозбалаға мінгізді
Сайгүлік пен саңлақты.
Шабаны тұлпар жүйрік боп,
Сайыңға шауып шаңдатты.
Шалағайы берік боп,
Шала мерген жамбы атты.
Сарыарқа мүлде бейіш боп,
Елі еркін, кейіс жоқ,
Мыңнан бірді таңдатты.
Төрт түлікке толтырды,
Толағай тұлдыр қыратты.
Тандыр болған жылгадан
Сарқырап тұрып су ақты.
Өзен қып өрге ағызды,
Жылжыған жылым бұлақты.
Қураған шынар көгеріп,
Қу тұқыл алды қуатты.
Ақ маңдайлы арудың
Жұпармен шашын сылатты.
Оңы — күн, солы — ай болды,
Қара суы — май болды.
Бесіктен белі шықпаған
Жасы өсіп бас болды.
Жетім өсіп теңелді,
Жетісіп жесір кенелді.
Шалшық суы көл болды,
Құрамалар ел болды.*

Дулаттың «Ата қоныс Арқаға» мазмұндас, үндес келетін үш өлеңдері бар. Олар мыналар: «Ақжайлау мен Сандықтас» [13; 81,82], «О, Сарыарқа, Сарыарқа!» [13; 82,83], «Тауды екіге жарасың» [13; 83,86].

Ақын жырларының жаһұты — «Ақжайлау мен Сандықтас» толғауы. Бұл өлеңде ата қоныстың сұлу табиғаты әсем суреттеледі:

*Ақжайлау мен Сандықтас —
Атамның қонған қонысы:
Түн асса тұтам түгі өскен
Басылмайтын сонысы!*

*Аққан бұлақ сай-салаң,
Шытырман тоғай айналаң,
Жоның жайлау кең алаң,
Атам қонған қең далам!
Мендей сені қызғанар
Бауырыңда өскен қай балаң!
Көл қорыған қызғыштай
Сен десе салам байбалам.
Жайлауыңды көргенде—
Жадыраймын, жайланам.*

*Өксігіңді ойласам —
Ұйқы беріп, қайғы алам.*

Өзінің кіндік қаны тамған Сандықтас жерін ақын өзінше қастерлейді. Бие байлап, жаз жайлап, ырысы шайқалмай жатқан елдің құтты қонысы еді деп ардақтайды. Халқының тұрмыс тіршілігіне қолайлы болғанын айта келіп, сол мекенінен айырылып қалғанына қайғырады. Туған жер үшін дал болған адал перзенттің жан айқайы таңғажайып теңеулермен беріледі:

*Ой, Сандықтас, Сандықтас
Атамның қонған жайлауы!
Қайнардан суың қайнауы
Шалғынға жонын көмілтіп,
Құлынды қазақ байлауы,
Бал татыған бағланның
Езілтіп етін шайнауы
Сенің арқаң емес пе
Лықсытып малды айдауы.*

*Мынау азған заманда
Сөзінің кетіп байлауы,
Келелі биде кезек жоқ,
Қоритын болыс сайлауы.
Қаларсың бір күн, Сандықтас,
Құлан жортпас бел болып,
Самалың салқын соғатын
Сары ызғырық жел болып.*

Қазақ табиғатын, жерін жырлағанда Дулат түлеп, тебіреніп кетеді. Әсіресе оны «О, Сарыарқа, Сарыарқа!» атты толғауын оқығанда байқаймыз:

*О, Сарыарқа, Сарыарқа!
Самалың салқын жон едің,
Сырдан ауып келгенде,
Жапырылмай шалғының,
Балауса балдыр балғының
Тимеген ірге соны едің;
Ойың балау шайырлы
Толықсып толып лықсыған
Олқы емес едің, толы едің,
Өрісің бейбіт дер едің,
Қонысың кең кер едің,
Тебініңді теуіп тел өскен
Төрт түлікті жер едің,
Ойың көкпен ойылған,
Қом жасап түйең тойынған,
Жылқыңның шабы бусаған,
Ыңыранып қой жусаған,
Шөбіңді сенің татқан мал
Құламасы сусаған,
Масаты кілем жайғандай
Қоныстың шұрай жері едің!*

Иә, туған жерге деген сезімді соншама нақты, айқын жеткізу ақындықтың үстіне, ой саралығын, сезім даналығын қажет етсе керек-ті.

«Тауды екіге жарасың» деп басталатын өлеңде жырау Сарыарқаның төсінен құлай аққан Аягөздей сұлу өзенге тіл қатып сырласады. Тілсіз табиғатқа арнап сөз тастайды:

*Аягөз, сенің бойыңда
Несібе, ырыс тегіс кой,
Сай-салаң — толған жеміс қой.*

*Қырың — малдың кіндігі,
Ойың — өнім егіс қой.*

*Айтуға ауыз келе ме,
Аягөз кімнің жері еді?
«Жер сауырын жайлауды
Ел сауыры» дер еді.
«Жер кімдікі?» — дегенде,
Аға сұлтан, қазылар
Не деп жауап береді?*

*Сауыр жерден айырылып,
Қазақ елі жұқарды,
Сауыр емес, шап болды,
Заманға сай адамы —
Қу заманға сұм басшы
Сорымызға тап болды.*

*Жағаңа дуан түскен соң,
Суыңды орыс ішкен соң,
Аягөз, суың қағынды.*

Бұл жерде ұлы ақын Дулат, «адам — қоғам — табиғат» арасындағы ажырамас бірлікті бір-бірімен шендестіре отырып, ойды шебер жеткізудің жолын орайлы келтірген.

Екіншіден, Дулат Бабатайұлы заманның тынысын жақсы сезіне білген әрі әділ бағасын берген. Ол халықтың бірлігін сақтап қалудың жолы рухани тұтастықта, дәстүр тазалығында екендігін ұғынып, халықтың рухани көсемі болған. Өз жырларында, өлеңдерінде осыны қатты насихаттайды.

Мысалы, «Тырнақтай меңі болған соң» деген толғауында [13; 98–103] ақын ел тәуелсіздігі үшін күресте қазақ халқының алауыз болмай, бірлігі мығым болуы шарт екенін айтады. Бұл мәселеде ол құмырсқаның тірлігін үлгі етеді:

*Сендер түгіл құмырсқа
Ісін қойып дұрысқа,
Илеуін сап жабылып,
Жемін тасып сабылып,
Бір орыннан табылып,
Біріне бірі бағынып,
Береке-бірлік шақырды.*

.....
*Жорғалап тозған бөдене —
Бас қоспайсың үмеге,
Бәтуа кетті аузыңнан,
Сөзіңе адам сене ме?
Бытырап азып-тозған ел
Бөдене емей немене?*

Жәндіктің ең кішкенесі — құмырсқа да бірлесе илеуін салады, тірлік үшін күресіп, дамыл таппайды. Біз сол құмырсқа құрлы бірлік-тірлік жасауға тиіспіз деп, халық намысына тиеді [7; 447]. Кемеңгер жырау «азған елдің ішінде Дулат сынды сорлыда ұйқы, тыныштық бола ма?» деп ашына қойған сұрақпен сөзін аяқтайды.

Үшіншіден, Дулат Бабатайұлы — мемлекетшіл адам. Халықтың бойында — мемлекетті сүю, ұлтты сүю сезімдерін қалыптастыруға ұмтылған саяси күрескер тұлға.

Өз заманында халықтың ниеті бұзылып, беті бері қарамастай болып өзгергенін анық сезінген жырау өзінің уытты жырларымен халықты ойлантуға ұмтылады. Бұл жерде Дулаттың ел басқарған рухани көсемдерінің бірі болғандығы көрінеді. Төмендегі жыр жолдары («Асқар таудың сәні жоқ» атты өлеңі [13; 103,104]) біздің пікірімізді дәлелдей түседі:

*Шешендіктің сәні жоқ —
Сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса;*

*Қайырсыз байдан пайда жоқ —
Нашарға жәрдем бермесе,
Кем-кетігін көрмесе,
Көн болып қатса сіреуі,
Екіге сатса, біреуі
Несиенің өсімі
Мөлшерлі жоқ кесімі
Үзбей құйса толмаса;*

*Сұлулықтың сәні жоқ
Көрсеқызар күлкі гой,
Шаруа істемей сылап бой,
Жол саудаға жолдаса;*

*Би мен бектің сәні жоқ —
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса;*

*Батырлықтың сәні жоқ —
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Елерген тұлпар ерттеліп
Толғаулы найза қолға алып,
Тұйғын құстай толғанып,
Сары садақ асынып,
Егескен жауды қашырып,
Ұлын қорып жауынан,
Ерулеген егер дауынан
Тұтамдап оқ жонбаса.*

Ақынның осы көлемді шығармасы мазмұны байлығымен бірге, қазақ өлеңінде өзіне дейін кездесе бермеген бітімімен дара.

Төртіншіден, Дулат Бабатайұлы — қазақ халқының болашағына төнген ұлттық қауіптерді анықтап, содан сақ болудың жолын ұсынған стратег.

Дулаттың кезінде халықты екі жақты қанау үстемдік алды: бір жағынан, патшалық үкімет өктемдігі, екінші жағынан — елін сатқан шонжарлардың езгісі еді. Мұндай жағдайда халықта қандай береке, күй-жай болсын! Жұрт тарыққан, аш-жалаңаш, екіжақты езгі, екіжақты қорлау, екіжақты талау! Осының бәрі ұлы ақынды қатты ойландырды. Ол:

*Балаусалы, балғынды
Баяғыдай салаң жоқ;
Кең қоныс, еркін өрісті
Баяғыдай далаң жоқ;*

*Қорғалап өскен қояндай —
Еркімен өскен ерленіп
Ер жүректі балаң жоқ;
Боран соққан қой болдың,
Жел жағыңда панаң жоқ, —*

деп еңіреді («Ал қарағай сұлу сындардай» [13; 112–114]).

Өзі айтқандай, елді алауыздық жайлап кеткен. Жұрт бір-біріне сенуден қалған. Неге? Өйткені ел басқарушыларда әділдік жоқ. Олар ұры мен қарыны, сұм мен сұмырайды, алдамшы мен арамды жақтайды.

Мысалы, жырау «Атаны бала алдады» деп басталатын өлеңінде [13; 108–109] бұрынғы заман өтіп кетті дей келе, өз заманының қайшылықтарын былай суреттейді:

*Қой зор болып түйеден,
Құлын зор боп биеден,
Сөз оралмай жүйеден,
Бұзақы би боп тізілді.*

*Лашын өрлеп ұша алмай,
Ер майданға түсе алмай,
Үлкеннің тілін кіші алмай,
Елдегі жақсы бұзылды.*

*Мәстек озып бәйге алды,
Тайынша бұл боп, тай қалды,
Бағасыз қыран жай қалды,
Достықтың қылы үзілді.*

*Ителгі туып сұңқардан,
Жабы туып тұлпардан,
Топтан торай бермейтін,
Түн асқан сайын өрлейтін
Төрт аяқтан ақсады
Томаға көзді боз тарлан.*

Бұл шығармасында ақын қайырымсыз билер мен катал аға сұлтандардың қаһарынан қаймыққан бұқара көпшілікті көлді қорып шырылдаған қызғышқа теңейді. Осылардың барлығынан:

*Елім дер ер қалмады,
Артына қарар бұрылып;
Тырнадан би сайладың
Ашпассың, елім, көзіңді, —*

деген ащы қорытынды шығарады.

Сонымен, Дулат өмірде болып жатқан өзгерістерге сескене қарайды. Заман азды деп түйеді. Азғындық белгілерін өмірдің барлық саласынан көреді. Әкім, молда, ишан, бай-мырза бәрі азды, тозды, бұзылды, зұлымдық үстем болды дейді ол «Ал қарағай сұлу сындардай» деген толғауында:

*Осындай заман кез болды
Ер дегенің ез болды,
Қамқа, торғын бөз болды,
Саф алтының жез болды,
Арындаған тұлпарың
Азғындап шабан, шалаң боп.*

Мұндай бұзылған дүниені өзгертпей болмайды деген қорытынды жасайды. Бірақ сол қиындықтан құтқарар жолды таба алмайды. Анық нысана көздеп пайдалы ойлар ұсына алмайды.

Ақын XIX ғасырдың 40–50-жылдарында өндіре жазды. Бұл — Ресей патшалығының қазақ жерін отарлау саясатының барлық салада бел алған кез еді. Осы уақытта Дулаттың өзі ашық айтқандай, «Сөзім бар да, көзім жоқ!» деп, ащы шындықтың уын ұрттаған ұлағатты тұлғалар легі пайда болды [14].

Жырау халықтың жүрекжарды ақиқат сырын айту үшін туған даралардың ғұмырын жалғастырды. «Сөзім бар да, көзім жоқ» атты тамаша толғауында [13;104–105]:

*Мөңіреп жұртқа ой қайтты
Бұзауы өлген сиырдай.
Ләпсі — төбет қабаған:
Жемтік көрсе тұра ма
Ырылдап танау жиырмай,
Өзімнен өзім қызғанып,
Азын-аулақ жиганым
Өзіме де бұйырмай.*

*Күнәм — жойқын, тәубем — аз,
Тіршіліктен не таптым?
Дүние — жемтік, мен — төбет,
Соны бақпай, не бақтым?
Ырылдасып әркіммен,
Не қапқыздым, не қаптым..., —*

деп күңіренді. Қандай жанға жақын, жүрекке жылы шумақтар! Сом алтын, сарапталған сара ой. Қазақтың төл тағдыры, төл сөзі.

Біздің қорыта келе айтармыз, Дулат Бабатайұлы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетіне ірі үлес қосқан, аса көрнекті тұлғалардың бірі болды. Өз заманасының келелі мәселелерін көтеріп, олардың шешімін іздеді. Жаңа жағдайдағы қазақ қоғамында бой көрсете бастаған көлеңкелі көріністерді дәл танып, қатты сынға алды. Сөйтіп, «Дулат шығармаларының күшті жақтары неде?» деген сұраққа жауап издесек, ең алдымен, қарт жыраудың замана өзгерісін жіті танып, сол кездегі ел басына түскен ауыртпалықты қатты сезінгенін, халқына қабырғасы қайысып, егіле мұң шерткенін, шығар жол таба алмай торыққанын; екіншіден, ақынның асқан шеберлігін, оның өлең-жырларында көркем теңеулер, әсем тіркестер, айшықты сөздер көп ұшырасатынын баса айтқан болар едік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Айтұлы Н.* Ұлттың ұлы жыршысы // Егемен Қазақстан. — 2003. — 3 қырк. — 3-б.
- 2 *Екімыңжылдық дала жыры* / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қаз. энцикл. Бас ред., 2000. — 752-б.
- 3 *Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық. 1-т.* — Алматы: Жазушы, 2004. — 400-б.
- 4 *Зар заман: Жыр-толғаулар* / Құраст. С.Дәуітов. — Алматы: Жалын, 1993. — 176-б.
- 5 *Абай.* Энциклопедия / Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред.; Атамұра, 1995. — 720-б.
- 6 *Қазақ ру-тайпаларының тарихы.* Найман. X-т. 2-кіт. — Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. — 92-б.
- 7 *Сүйіншіғалиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 928-б.
- 8 *Әбенев Ш.* Дастандар. — Алматы: Жазушы, 1991. — 5-б.
- 9 *Дүйсенбаев Ы.* Ғасырлар сыры. (Қазақ әдебиеті тарихынан очерктер). — Алматы: Жазушы, 1970. — 30-б.
- 10 *Жалалова Ә., Табей К.* Дүбірлеп қайта туды Дулат ақын // Қазақ әдебиеті. — 1993. — 1 қаңт. — 7-б.
- 11 *Елеукенов Ш.* Дулат пен Махамбет // Егемен Қазақстан. — 2003. — 28 тамыз. — 4-б.
- 12 *Пертаева Э.* Дулат Бабатайұлының ақындығы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2000. — 131-б.
- 13 *Бабатайұлы Д.* Замана сазы: Өлеңдер мен дастандар / Құраст., басп. әзірл. Қ.Өмірәлиев. — Алматы: Жазушы, 1991. — 160-б.
- 14 *Егеубай А.* Ақылдың ақсарайы // Қазақ әдебиеті. — 2003. — 5 қырк. — 4, 5-б.

Р.С.Каренов

«Слушайте ритмы эпохи от Дулата Бабатайұлы»

Статья посвящается жизни и творческой деятельности выдающегося поэта первой половины XIX столетия Дулата Бабатайұлы. Показывается, как философ-поэт в своих произведениях затрагивал важные общественные проблемы своего времени. Освещается стремление поэта дать объяснение изменениям, происходящим в жизни и природе. Уделяется внимание его выступлениям по вопросам долга, чести, морали и нравственности. Подчеркивается особо, что Дулат Бабатайұлы — автор множества крылатых слов и метких изречений, афористичных, философских размышлений — толғау. Доказывается, что самобытность стихосложения, присущая творениям поэта, выделяет его наследие в истории отечественной поэзии. Утверждается, что Дулат жырау был большим мыслителем своего времени.

Dulat Babatajuly is devoted to life and creative activity of the outstanding poet of first half XIX century. It is shown, how the philosopher-poet in the products mentioned important public problems of time. The aspiration of the poet to offer an explanation to the changes occurring in life and the nature is shined. The attention to its performances on questions of a debt, honor, morals and morals is paid. It is underlined especially, what by Dulat Babatajuly. The author of set of catchwords and well-aimed sayings, aphoristic, philosophical reflections? толғау. It is proved that originality, inherent in creations of the poet, allocates its heritage in the history of domestic poetry. Affirms that Dulat was the big thinker of time.

ӨЖ 82:396(574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университет

Алаштың озық ойлы жырауларының бірі

Дулат жырау Бабатайұлының 210 жылдығына орай

Мақала XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы көрнекті ақын Дулат Бабатайұлының өмірі мен шығармашылық қызметіне арналған. Философ-ақынның шығармаларында өзі өмір сүрген кезеңінің маңызды мәселелерін қалай жырлағаны көрсетілген. Ақынның адамзат өміріндегі және табиғаттағы болып жататын өзгерістерге өз пайымдық сипаттамасын беруге ұмтылысы баяндалған. Парыз, ар-ождан, мораль және адамгершілік мәселелері бойынша ақынның ой-толғамдарына көңіл бөлінген. Дулат Бабатайұлының көптеген қанатты сөздердің, шұрайлы өрнексөздердің, шешендік шиырларының, философиялық түюлердің-толғаулардың авторы екендігі айрықша дәріптелген. Отандық поэзия тарихындағы ақын мұрасын айшықтандыратын оның өз туындыларына ғана тән ерекше қасиет — өлең өлшеулерін түрлендіруі екендігі дәлелденген. Дулат жырау өз заманының үлкен ойшыл болғандығы пайымдалған.

Кілтті сөздер: қазақ идеясы, Қазақ хандығы, қазақ жыраулары, жыраулардың даналығы, жыраулар философиясы, жағымсыз мінез, халық ауыз әдебиеті үлгісі, теңеу сөздер, адамгершілік көзқарас, әлеуметтік портрет, жыраудың дастандары.

Kіpіcne

Қазақ идеясының қалыптасуын Қазақ хандығы құрылған дәуірмен ұштастырсақ, алдымен ұлттың қалыптасып, оның мүддесінің дамуына негіз болған қазақ жырауларының ой толғамдарына тоқталу қажет. Жыраулар руханиятындағы идеялар, елдің болашағына сын көзбен қарап және ұлт қажеттіктерін саралау негізінде туындап отырған көзқарастар, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымдық негіздерін анықтай түсетін тұлғалар феноменінің мәдени жүйесінің жарыққа шығуына негіз болмақ. Атамекен болмысын жан-жақты зерделеп, әлеумет тұрмысын жақсарту мақсатында, тарихтағы ел өмірінің дәстүрлі тәжірибесіне сай шаруашылық түрлерін дамыту қазақ хандарының міндетіне жүктелген елдіктің бірі болып саналса, бұл идеяның келер ұрпақ буыннан одан әрі жалғасын табуына негіз болып отыратын жыраулардың даналығы [1].

Қазақ жырауларының философиясы, олардың ұлттық идея тұрғысындағы даналығы, ұлттық мүдде тұрғысындағы қызметтерінің тарихи кеңістігі негізінде әлі толықтай зерттеліп болған жоқ.

Жыраулардың философиясының феноменін ашу — бұл қазақ идеясының тарихи қалыптасу негіздерін жарыққа шығарумен тең. Себебі, жырау даналығы — тарихи із.

XIX ғасырдың озық ойлы жырауларының бірі — Дулаттың өзіне ғана тән ерекшелігі — поэзияда бірінші рет, қазақ жұртын тұтас алып қарай отырып, оны езушіге және езілушіге жіктеп, ел басшысынан бұқара халықты айыра бөліп алып сөз етуі.

Осы айыра қарауы Дулатты, екіншіден, патша үкіметінің отаршылдық езгісін қоса сынау дәрежесіне дейін көтере алды.

Дулат Бабатайұлына тән үшінші ерекшелік, ол «жатып ішер жалмауыз, борсық тұмсық қанды ауыз» деп ұлықтарды, «шен-шекпенге құмартқан» деп билерді,

*Патшаның заңын қуаттап,
Жол ашып елді суаттап,
Баладай алдап уатпақ,
Би дегенің би емес,
Ел алдағыш мекері.
Шен-шекпенге құмартқан,
Қанталап көзі мұнартқан,
Саудалап елін тиынға,
Құмартып патша сыйына.
Бек дегенің бек емес,
Хан жалшысы, нөкері, —*

деп бекті сыпыра сынайды («Әуелгі қазақ деген жұрт» атты өлеңі [2; 91–96]). Дулатқа тән бұл ерекшелік өзіне дейінгі ақындарда болмаған ерекшелік.

Дулат өзі өмір сүрген уақыттың ахуал-жайын қаз-қалпында көрсетіп, сол кезеңдегі заман шындығына үңіле қарап, көп мәселелерді ел тілегімен қабыстыра жырлаған, оған өзінің азаматтық ой-пікірін батыл білдірген күрескер ақын болды. Өз кезінде ел ішіндегі жан ауыртқан іс-әрекет, оқиғаларды өлеңге айналдырған жыр дүлдүлі ғана емес, сол жайлардан үлкен әлеуметтік ойлар түйген ойшыл дәрежесіне көтерілді.

«Қылжың, қылжақ туысқан» атты керемет толғауында [2; 106,107]:

*Келемеж кылып атасын,
Алмай ақыл батасын,
Мойнына алмай қатасын,
Шаруа десе жиреңдеп,
Өсек десе сүйреңдеп,
Қымыз аңдып қыдырып,
Бейпіл сөзге сыдырып,
Жалаңдасып ұл кетті.*

*Ағайын араз мал үшін,
Аңдысып алды абысын,
Жаттай болып танысың,
Қазақтан мүлде түңіліп,
Артына қарап үңіліп,
Қайран талай жыл кетті.*

*Аңдығаны жілік боп.
Тілегені бүлік боп.
Момынды сорып сүлік боп,
Адам дауға келгенде,
Жел жетпейтін күлік боп,
Қонақасы бермесе.
Ат-шапанға ілік боп
Параны көздеп би кетті.*

*Сөзден кетіп бәтуа,
Базынаң жүрмей татұға,
Аңдысып құда сүйекпен,
Көтеріп тастап иекпен,
Қадір, қасиет, сый кетті.*

*Ескіден қалған бұрынғы,
Бәтуалы ырымды,
Адаспастай даңғыл сол —
Қасым салған қасқа жол
Шиырға салып із кетті.*

*Жақының берсең жау болып,
Бермесең құрған ау болып,
Аяғы пәле дау болып,
Ұлғайып пәле қау болып,
Татқан дәм мен тұз кетті.
Күзеке байтал кекілді,
Жетекшіл түйе секілді,
Шеше айтса, кейін деп,
Жеңгесі айтса бейімдеп,
Дамбалын тастап қыз кетті.*

*Қонысына қона алмай,
Шаруалары оңалмай,
Бай мен кедей аңдысып,
Арасынан жем тауып,
Араласқан сан пысық.
Дөң асқан мал табылмай,
Ашылған етек жабылмай,
Біріне бірі сеніспей,
Бет-бетімен ел кетті, -*

деп жырлаған Дулат ақынның қайғысы — отар ел ретінде басына зіл-батпан ауыртпалық түсе бастаған қазақ елінің қайғысы еді. Сол қайғыны «тұнық жырмен» жуа отырып, Дулат ұлт бойына сыналап кіріп, дендей бастаған жағымсыз мінез, көріністерді сынайды, ұнамсыз кейіптегі бейнесін жасайды.

Өкінішке орай, Дулат жырау шығармалары күні бүгінге дейін оқырман назарынан қағаберіс калып келді.

*Өзіңе өзің тұсау сап,
Кедергі жасап бағыңа,
Бар болса қолда айраның,
Ірімшік, құрт, қаймағың,
Қанағат қылсаң болмай ма?
Көксемей-ақ қымыз, ет.*

*Ар сатып қымыз ішкенше,
Келсең келге түскенше,
Үлгісіз тымақ пішкенше,
Адам деген атақтан
Садаға болып аулақ кет.*

Ақылменен теңгеріп,

*Қайратыңа дем беріп,
Өзіңді өзің меңгеріп,
Қайырудағы сұңқардай
Мезгілімен жем беріп,
Қымтап ұста тізгінді:
Анадан да сақ болып,
Тарпаң атқа мінгендей
Алдыңа бесік өңгеріп,
Мақсатыңа сүйітіп жет.*

*Тындамасаң сөзімді,
Келеке қылма өзімді, —*

деген («Өзіңе өзің тұсау сап» деген өлеңі [2; 110]), өз заманының «байғыз қарты» аталған дүлдүл жыраудың «ақыл сарайына» — ой әлеміне бүгінгі ұрпақ тек соңғы жылдары ғана кіре алды.

Ақынның тақырыбы жағынан екі қызықты шығармасы

Дулат жыраудың тақырыбы жағынан қызықты өлеңдерінің бірі — «Ұста соққан темірден» деп аталатын толғау [2; 116,117].

Бұл туындысында ақын темірдің адам өміріндегі зор орнын айтумен бірге одан жасалатын құралдарды санап өтеді. Қан төгуге жұмсалатын қылыш қана болмаса, басқалары тіршілік үшін өте қажет бұйымдар екенін баян етеді. Ұста соққан әр заттың міндетіне бөлек-бөлек талдау жасағанда, қылышты өктемдіктің құралы деп санайды. Бұл қаруды қанішер жанға теңейді. Зорлық жасап қылыш сілтеген адам оңбайды деп кесіп айтса да, сол сайманның ел қорғаудағы мәнін жоғары бағалайды:

*Қылыш алсаң қолыңа,
Біреуге зорлық істеуге,
Біреудікін тартып ап,
Өзіңдікін күштеуге.*

*Қайда барсаң оңбайсың,
Ұшырарсың қарғысқа.
Алдың бар да, артың жоқ,
Шырақ жанбас жарғышқа.*

*Қылыш алсаң қолыңа,
Қорғау үшін еліңді —
Міндетіңді әліңе арт,
Тәңіріңнен күт өлімді.*

*Тәуекел деп тасқа түс,
Бекем буып беліңді.
Жүрсең жолың болады,
Істесең ісің оңады,
Жолдасың — алғыс сенімді.*

Толғау бастан аяқ адамгершілік тұрғысынан айтылған жақсы шығарма.

Тақырыбы жағынан қызықты өлеңдерінің тағы біреуі — ол «Жас кезеңі» деген толғауы [2; 119,120]. Бұл өлеңде жырау адам өмірін, жастық шағы мен кәрілікті шебер бейнелейді. Халық ауыз әдебиеті үлгісінде төгілте жыр толғап, төселте сөз шертеді:

*Он бес деген жас қайда
Жарға ойнаған лақтай?*

*Қайда кеттің жиырма жас
Тастан шыққан бұлақтай?*

*Жиырма бес бар ма маңайда
Жайқалған жасыл құрақтай?*

*Отыз кеттің алыстап,
Толықсыған сынаптай.*

*Отыз бес неге келмейсің.
Көп іздетіп жылатпай?*

*Қырық астың кезеңнен
Суырған қыннан қынаптай.*

*Қырық бес шықтың кезеңге
Маң-маң басқан бұла аттай.
Елу қондың ауыл үй
Тізгіндеп ұстап құлақты-ай.*

*Алтыс келдің арсаңдап
Нөсер жауған ылаттай.
Жетпіс қараң көрінді,
Тұрсам дағы ұнатпай.*

*Сексеннен алған хабардың
Ызғары тұр шыдатпай.*

*Көргім келмес тоқсанды,
Келіндерге сынатпай.*

*Жүз, сірә, мені қоймассың
Қараңғы көрге құлатпай.*

Ақын тілі бейнелі, өткір. Философиялық мағынасы терең толғауында теңеу сөздер әрі ұйқасым жағынан, әрі мәнді мазмұн тұрғысынан түйдектеле әсерлі қолданысқа енген. Жырау қолданған теңеулер (*лақтай, бұлақтай, құрақтай, сынаптай, қынаптай, бұла аттай, ылаттай*) тек белгілі нәрсені, белгісіз нәрсемен салыстыру үшін емес, ең бастысы, поэтикалық тәсілге бағынып, бейнелілік сипаты бар көркем теңеу дәрежесіне жеткен.

Ақынның жеке адамдардың басына арнаған өлең-толғаулары

Кезінде жер тағдырын тарихи сабақтастықпен толғаған жырау сол заман адамдарының бірқатар бейнелерін әдеби шығармаға арқау етті. Жеке адамдардың басына арналған өлеңдер қатарына «Сүлейменге», «Баракқа», «Кенесбайға», «Ешенге», «Ақтанға», «Баласына айтқаны» деп аталатын толғауларды жатқызуға болады.

«Сүлейменге» деген өлеңінде [2; 71–74] ақынның айтпағы: жаңа заманның жаңа әкімдерін шенеу, өткендегі ел билеген «жақсыларды» тағы да бір еске түсіру:

*Сүлеймен төре, құлақ сал
Дулаттың төккен жырына,
Үңілсек көзің жетер ме
Теңізден терең сырыма?
Төрдегі өңшең отырған
Топырыш, топас, күшіген,
Жау айбынбас күшінен,
Ел түңілген ісінен.
Дулат келсе бермейді*

Төрден орын сырыла.
 Толғанып, төрем, көз жібер
 Ойың менен қырыңа.
 Барақ сынды төреміз,
 Кеңесбайдай кереңіз,
 Ақтайлақ пен Аққожа
 Әділ бекзат кеткен соң,
 Жан жіп байлап жанына
 Құрық берді ұрыға.
 Аруақтың артқы сарқыны
 Алал беззат туысым,
 Айбарыңды байқасам,
 Алтын зерлі туымсың,
 Алтынның айшық буысың;
 Әділдігің қазақтың
 Аңғазардай биісің;
 Адалдығың аңқылдақ
 Сыбызғының күйісің;
 Қас дұшпанға қасарсаң,
 Қан шықпас тастай түйінсің;
 Ел қамын жеген ер болса,
 Сабазым сендей күйінсін.

Өзінің замандастарына арнап шығарған арнауларының ішіндегі ең атақтылары «Бараққа», «Кеңесбайға» деп аталады.

«Бараққа» атты көлемді туындысы [2; 67–69] Барақ төренің болмысын ашып берген өлең:

Құрық бердің ұрыға,
 Момынды алдың қырыңа.
 Малсыздарды таптадың.
 Малдыларды жақтадың,
 Тентекті жасқап қақпадың,
 Арамдарды ақтадың,
 Өсекиіні мақтадың,
 Арамдық болды баққаның,
 Майыр болды жаққаның.

Қашан сенің ашылар
 Мұндарларға құрылған
 Қанды қара қақпаның?

Қарағысыз ел мен жұрт
 Төрелік түскен шағыңа.
 Ие болмай айрылдың
 Атаңның алтын тағына.
 Қара толқын жау толды
 Шығыс, батыс жағыңа.
 Тұлпардан туған тұқым ең,
 Ере алмадың жабыға.
 Етегін ашып кім күлмес,
 Азғындаған шағыңа.
 Алдыңа келсе жүгініс,
 Қарамай қара, ағына,
 Адалды сатып параға,
 Болыстың арам жағына.

*Рухына нәлет келтірдің,
Қабың менен сабыңа.
Бұзықты құрап, ел етіп,
Қондырдың оң жағыңа.*

Сонымен, бұл толғауында Дулат сұм заманның сұрқия билеушісінің ниетін мінейді. «Алтын еді бір кезде, ағаш болды тұғырың», — дейді жырау Барақ төренің намысын қамшылап.

Осыған үндес «Кеңесбайға» жолдаған толғауында [2; 69–71] ақиық ақын әуелі оның арғы аталарының тарихын шертеді. Ел ішінде би-болыс атанып отырған Кеңесбайдың өз басына тоқтағанда ащы сөзін аямай өлтіре шенейді:

*Тұқымың дегдар болғанмен,
Кеңесбай, азғын туғансың.
Тістеуік айғыр секілді
Үйіріңді сұйылтып.
Тай-құнанды куғансың.
Ел білерлік ісің жоқ,
Дегдар емес, будансың.
Будан дейтін себебім:
Айналаңды торисың,
Түзден тоят тілемей,
Өлексені қорисың,
Алдыңа келсе жүгініс,
Терісті оң деп жорисың.*

*Қол бала құс секілді
Биялайға қарайсың.
Не тұлғама тұтқа боп,
Не керекке жарайсың.
Ішің — аяз ақ қырау,
Сыртың — сұлу сарайсың.*

*Ыдысысың параның
Қотара құйса толмайтын.
Ашылған әбден араның —
Түйені жұтсаң түгімен,
Биені жұтсаң бүгімен,
Қақалмай-ақ толғайтын.*

Жырау Кеңесбайға мін тағып шенегенде тіліне тиек, сөзіне тірек ететіні: текті жерден шыққан Кеңесбай орыстардың жетегіндегі қол балаға айналдың, елді аздырдың деп қатты сынауында. Кеңесбайға аталарың салған жолдан ғибрат ал, сонда ғана ел түзеледі дегенді айтқысы келген болуы керек ақынның.

Дулат жыраудың адамгершілік көзқарасын «Ақтанға» арнаған өлеңінен [2; 76,77] айқын көреміз.

*О, Ақтан жас, Ақтан жас!
Сен де жетер ме екенсің?
Жетімдіктің белінен
Асып өтер ме екенсің?—
.....
Босағасын борлатқан,
Керегесін торлатқан,
Тегеріші манаттан,
Жібектен ызып бау таққан
Үйге де кірер ме екенсің?*

*Тең құрбыңмен теңеліп,
Шаруа жиып кенеліп,
Бала сүйіп, мал жиып,
Керсеніңе бал құйып,
Өмір сүрер ме екенсің?*

*Жетімдіктен өтерсің,
Шаң бермей әлі кетерсің,
Қажыма, Ақтан, қажыма,
Жетерсің, әлі жетерсің! —*

дейді ақын. Осы шағын ғана өлеңнің әрбір жолынан әкелік қамқорлық пен мейірбандылықтың жылы лебізі сезіліп тұрғандай.

«Бараққа», «Кеңесбайға» атты толғаулары ақынның уытты әлеуметтік портреттерінің бірі. Сол секілді, «Ешенге» [2; 75,76] және «Баласына айтқаны» [2; 7–79] сынды туындылары суреткердің шығармашылық мақсаттарын көркем жеткізген, қазақ әдебиетінің тарихында ұзақ жасайтын мұралар. Бұл өлеңдерде тарихтың табы, уақыттың ізі бар.

Ақынның дастандары мен мысал ретінде жазған шығармалары

Дулат жыраудың дастандарынан өзіне тән ой-өрігі, сөз кестесі анық көрініп тұр.

Ақынның бірегей бітімді туындыларының ішінен «Шаштараз» шығармасын [2; 141–146] ерекшелеп айтуға болады. «Шаштараз» — мысал стилінде жазылған поэма. Мысалдың мазмұнына халық арасына кең тараған Ескендір патша туралы бір аңыз негіз болған.

Аңыз бойынша Ескендірдің басында қос мүйізі болыпты-мыс. Патша оны жасырып жүріпті. Шашын қиып, тарап, күтіп тұру үшін сыр шашпайтын, аузына берік шаштараз таптырып, одан ант алып, сұрағанын беріп, шашын алдырып жүреді. Шаштараз уәдесін біраз күн ұстап жүргенмен күндердің күнінде уәдені бұзып алады. Қанша айтпайын деп жүрсе де, ол ішін кернеген сырды жасыра алмай, ақыры далаға оңаша шығып, жерге етпеттеп жатып: «Патшаның басында мүйізі бар» — деп қалады. Аузынан құпияның шығуы мұң екен, жел естіп, желден ел естіп тарап кетеді. Бейшара шаштараз аузына ие бола алмай басынан айрылады [3; 458–459].

Поэманың түйініндегі ой — ұстамдылық, сырға беріктілік үлкен қасиет:

*Елін баққан ер болмақ,
Жауын болжап, жер шолмақ,
Аузын баққан би болмақ,
Алыстан шолып, кең толғап.
Зейнеті көп пайдасы аз,
Айта берсең — бәрі сөз.
Құлақта қақас қоспа көп,
Дәл сөйленбес көрмей көз.
Сөз қоспай дәл айтпасаң,
Естіме, көрме, сөзден без.
Аузыңа ие болмасаң,
Бәле үйір, жала тез.
Аузыңнан шықса, жел есіп,
Жер түбіне жетер тез.*

Осылайша, Дулат мысал жанрының алғашқы үлгісін жазып, қазақ әдебиетінде бұл жанрдың қалыптасуына септігін тигізді.

Дулат Бабатайұлынан қалған бай мұраның ішінде көлем жағынан ең зоры, көркемдік жағынан ең таңдаулысы «Еспембет» деп аталатын ұзақ жыр [2; 122–140]. Жыраудың бұл дастанды шығарудағы мақсаты: қазақ жастарын ерлікке, батырлыққа қайрау; халық бойында патриоттық сезімді күшейту.

Дастанның негізгі қаһарманы — жетім бала, Еспембет. Ол өз елінен жырақта, нағашы жұрты Қарасайдың қолында жылқы бағып жүреді. Ержете келе Қарасай елінде, тамағы тойған жерінде жата беруді ар санап, жас жігіт өзі туған Арқаға кері оралмақ болады. Қарасай оның басына үй, алдына

мал салып, қалыңдық әперіп, ырғап-жырғап аттандыруды ойлайды. Бірақ Еспембет оны қостамайды. Қарасай ұсынған дүние-мүліктің бәрін де алмай, тек жалғыз Ақбөрте деген тайды қалайды. Ақыры сол таймен елге оралады. Ел-жұрты әуелі баланы елемей, жалғыз ғана тай мінгізіп қайтарғаны не қылғаны деп Қарасай байды да кінәлай өсекке таңады. Бірақ Еспембет оның бәріне де мән бермейді. Ақбөртеңі баптап бағумен болады. Ақбөрте жақсы ат боп өседі. Еліндегі Сәтімқұл бидің ас берген тойында Ақбөрте бәйгеден жалғыз келеді. Бас бәйгеге келген жүз тайлақты Еспембет түгелімен бес арыс Сыбанға бөліп береді.

Күндердің күндері қазақ батырлары қалмақтан елдің кегін алуға аттанады. Ақтамберді, Қабанбайлар бастаған қолға Еспембет те ереді. Бұлар сан күн ұрысып, қалмақ қамалын бұза алмай қатты сасады. Сол кезде Еспембет Ақбөртемен жауға жалғыз шабады. Көзсіз ерлік көрсетеді. Жау жағы дәстүр бойынша жекпе-жекке батыр шығарады. Еспембеттің көз алдында қалмақтың бір батыры қазақтың жеті батырын өлтіреді. Енді оған жекпе-жекке шығар кісі қалмайды. Ақтамберді бұл кезде қартайып қалады. Сонда жас батыр өзі тіленіп, қалмақ батырымен жекпе-жекке шығады. Оны жеңіп, қазақ қолын қамалға бастайды [3; 448–449].

*Жетіп келіп Еспембет
— Ақтамберді ер,— деді,—
Мен барамын сен үшін,
Кезегіңді бер,— деді.
Жас санама, бас сана,
Қайратымды көр,— деді.
Ақтамберді қарт батыр
Қол жайып бата бергені.*

*Топтан шығып жөнелді,
Найзаға таққан шоқтай боп;
Ақбөрте кетті құнтыып,
Садақтан тартқан оқтай боп;
Қанға сусап қалмақ тұр,
Обатұғын оптай боп.*

*Еспембет келе сөйледі,
Ерлікке сай қайраты,
Қаруға сай амалы:
— Сен — қалмақтың қабаны.*

*Қарсыңа қалай жіберді
Қазақ саған баланы?
Қазақ сені қорлады,
Баладан төмен санады.*

*Жігерің болса қайраттан,
Баланы саған балады,
Ағаштан жұлған алмадай
Басыңды бала алады. —*

*Ашуланып қалмақтың
Түгі шықты сыртына;
Тістегенде тісінің
Қаны толды ұртына;
Көз шыдап қарап тұрмастай
Қарағанда сұрқына.*

*Қамшы тиді тұлпарға,
Қылыштары жарқ етті;*

Қабағыңды қаққанша,
Жарқ етті де, сарт етті,

Бірінің жанды еңбегі,
Бірі күшін сарт етті;
Дене қанға боялды,
Қан құмар қылыш қарш етті.

Қас қаққанша майданда
Айқасқан екі ер де жоқ,
Қара жер жатыр қайыспас,
Жұтса тоймас қанға ол.
Дене жатыр майданда
Қылышпен басы кесілген.
Өлімге мойнын сұңғандай
Аяқ-қолы кесілген.
Тіршілік пен өлімнің
Ұзақ дауы шешілген.
Елеуреген екі топ
Майданға тіккен көздерін,
Жүз қайтара қайталап
Бір айтып кеткен сөздерін.
Қандары шапшып қайнады,
Өздері де білмейді.
Не билеп тұр өздерін.

Ел үшін туған ерім деп,
Бір топ келіп жыласты,
Еліме қатер жауым деп,
Өлгенін бір топ ұнасты;

Күні туып бір топтың,
Қуанышы шың асты;
Түні туып бір топтың,
Үстіне кейіс, мұң басты.

Қарақасқа қосарда,
Қалмақтың басы белінде,
Бақ құсы қонып басына,
Еспембет келді еліне.

Ер Қабанбай ту байлап,
Арқартаң атты борбайлап,
Ақтамберді айғайлап,
Қалмаққа кірді желіге.

Қарқ олжаға батысты
Қалмақты жеңіп қалың қол.
Ит ырғын да көл-көсір,
Бақыршы тоқ, олжа мол.

Еспембеттей ер ұлын
Елі сонда таныған,
Бет бұрып тізгін тартқан жоқ
Жаудың мың мен санынан.

*Өле-өлгенше ел болды
Еспембеттің арманы.
Өзімен бірге жасады
Астындағы тарланы.*

*Бәрін айт та, бірін айт,
Еспембеттей ер қайда?
Еспембеттей ер туса,
Ер күтетін ел қайда?*

Бұл ұзақ жырдың өзекті арқауы: Отанды сүю, оған қалтқысыз қызмет ету. Адам өмірінің мағынасы да, жеке бастың бақыты да осыған тіреледі.

Дулаттың мысал ретіндегі өлеңдері онша көп емес. Ғибрат пен нақыл ретінде ұсынған «Сары шымшық», «Қара қарға жем іздеп», «Бір патшаның бір кезде» деп аталатын шығармаларында кішіпейілділік, бірлік, әділеттік жақталып, мақтаншақтық, менмендік, орынсыз пысықтық сыналады.

Адамдағы абзал қасиеттерді ардақтаған, адамгершілікті жоғары тұтқан ақынның бұл мысал өлеңдерінің тәрбиелік мәні күні бүгінге дейін жойылған жоқ.

Түйін

Жеке тұлғаларды тану жөніндегі еңбектерді мансұқтағанда, сол тұлға жөнінде арнайы зерттеу жүргізген еңбектерді елемей — қиянат. Сондықтан да Дулаттың кесек таланты мен оның әдебиет тарихынан алатын орны хақында айтып кеткен және айтып келе жатқан В.Радлов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Р.Сыздықова, Ы.Дүйсенбаев, Н.Айтұлы, Ш.Елеуенов, Э.Пертаева, Қ.Жұмалиев, А.Егеубай, Қ.Өміралиев, З.Ахметов, М.Мырзахметов, М.Мағауин, Т.Кәкішев, Қ.Жұмаділов, С.Қасқабасов, М.Жармұхаммедұлы, С.Негимов, Т.Шапай, Т.Қожакеев, Қ.Жарықбаев, М.Қараев, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Раев, Б.Омарұлы, С.Қорабаев, тағы басқа ғалымдар мен жазушыларға халық та, ақынның аруағы да разы.

Жоғарыда аты аталған зерттеушілердің бәрі де Дулатты қазақ жырына жаңа тұрпат әкелген, көркемдік өрнегін түрлендірген, жазба поэзияның басы деген тоқтамға келеді. Бұл олардың Дулатқа деген жалаң ықыласынан ғана туып отырған жоқ. Мұндай тұжырымды тудырып отырған ақынның еш қоспасыз халықтың саф алтындай таза тілімен өзінің жаңашыл, тапқыр ойларын үндестіре білген шеберлігі. Өз заманына терең талдау жасап, дәуір сипатының образын жасай білген шыншылдығы. Сондай-ақ болашақты болжай білген көрегендігі [4].

Иә, данышпан ақын өзінің халқы алдында адал қызмет етіп өтті. Жыраулық пен ақындық өнерді ұштастыра білді. Кейде жыраулар үлгісінде төгілте термелеп, шешен нақылдар шығарса, кейде ағыла, ақтарыла арнаулар, суретті лирикалар жазды.

Дулат шығармалары қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына өз үлесін қосты. Ол поэзиямыздың мазмұнын байытты, оның көркемдік түрі жағынан да жетіле түсуіне көмектесті. Сын-сықақты жиі қолданып, өлеңдердің бұл саласының дамуына да септігін тигізді. Әдебиетіміздің реалистік бағытын нығайтты, көркемдік бояуын күшейтті.

Жоғарыда айтылғандарға тағы да қосарымыз: Дулат Бабатайұлының өмірі мен шығармагерлігіне қатысты бар проблема түпкілікті шешілген деуге әлі ертерек сияқты. Өйткені ғылымда тосылу болар, бірақ тоқтау болмайды. Әр заман үлесіне тиген мұраны қайта қарап тексеретіні — бұлжымас заңдылық.

Болашақта ұлы жыршы туралы іргелі ғылымның қалыптасуы үшін әлі де зор сенім, қажырлы еңбек керек. Әсіресе Дулаттың өзінен бұрынғы халықтық поэзиядан алған нәрін өзінен кейінгі ақындарға қалай жеткізгендігі, кейінгі ақындардың оны қалай дамытқандығы, оның қазақ өлеңінің поэтикалық дамуындағы алатын орны күрделі зерттеулерді күтіп тұрған тақырып екені даусыз.

Әдебиеттер тізімі

1 Сәрсембин Ү. Жыраулар философиясындағы ұлттық идея // Ақиқат. — 2010. — № 8. — 58-б.

2 Бабатайұлы Д. Замана сазы: Өлеңдер мен дастандар / Құраст., басп. әзірл. Қ.Өмірәлиев. — Алматы: Жазушы, 1991. — 160-б.

- 3 Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 928-б.
 4 Айтұлы Н. Ұлттың ұлы жыршысы // Егемен Қазақстан. — 2003. — 3 қырк. — 3-б.

Р.С.Каренов

Поэзия Дулата жырау Бабатайұлы как вершина словесного искусства кочевых казахов

Статья посвящается жизни и творческой деятельности выдающегося поэта первой половины XIX столетия Дулата Бабатайұлы. Показывается, как философ-поэт в своих произведениях затрагивал важные общественные проблемы своего времени. Освещается стремление поэта дать объяснение изменениям, происходящим в жизни и природе. Уделяется внимание его выступлениям по вопросам долга, чести, морали и нравственности. Подчеркивается особо, что Дулат Бабатайұлы — автор множества крылатых слов и метких изречений, афористичных, философских размышлений — толғау. Доказывается, что самобытность стихосложения, присущая творениям поэта, выделяет его наследие в истории отечественной поэзии. Утверждается, что Дулат жырау был большим мыслителем своего времени.

Dulat Babatajuly is devoted to life and creative activity of the outstanding poet of first half XIX century. It is shown, how the philosopher-poet in the products mentioned important public problems of time. The aspiration of the poet to offer an explanation to the changes occurring in life and the nature is shined. The attention to its performances on questions of a debt, honor, morals and morals is paid. It is underlined especially, what *by Dulat Babatajuly*. The author of set of catchwords and well-aimed sayings, aphoristic, philosophical reflections? *толғау*. It is proved that originality, inherent in creations of the poet, allocates its heritage in the history of domestic poetry. Affirms that *Dulat* was the big thinker of time.

ӘОЖ 82.0

М.Х.Хамзин, М.А.Тажина

Қарағанды «Болашақ» университеті

Орталық Қазақстан өңіріндегі кейбір ақындар шығармашылығындағы танымдық, идеялық ерекшеліктер

Мақалада өз шығармаларына қазақ елінің тәуелсіздік идеясын арқау еткен еліміздің Шортанбай Қанайұлы, Ахметбек Байсалбайұлы, Түскен Сартбасұлы, Мәди Бәпиұлы сынды ақындарымыздың шығармашылықтары қарастырылды. Авторлар аталған ақындардың өлеңдеріне талдау жасай отырып, оларға бүгінгі күннің тарапынан жоғары баға берді. Ел арасындағы ауызша айтылғаны болмаса, шығармалары енді-енді ғана жарияланып, зерттеле бастаған ақындар өлеңдерін тарихи тамырластықта қарастыруы сәтті шыққан.

Кілтті сөздер: өнер туындысы, теориялық қағидалар, әдеби-шығармашылық мазмұн, эстетикалық идеал, мазмұн мен пішін, өнер құндылығы, теориялық зерттеу, ұлт тағдыры, азаттық идеясы, даналық ойлар, заман шындығы.

Өнер туындысының теориялық қағидаларына сүйенсек, «Сана — шындықтың сәулесі болса, адам санасының мазмұны — сол адам таныған шындық екені мәлім. Сонда әдеби-шығармашылық мазмұн — өз эстетикалық идеалының тұрғысынан суреткер таныған ақиқат өмір де, пішін — осы шындық тұтастырыла жинақталған көркем образдар жүйесі, яки әдеби қаһармандар өмірі екенін түсіну қиын емес» деп жазған академик

З.Қабдолов пікірін назарда ұстаймыз [1, 356]. Басы ашық бір жайт бар: ол — жақсы мазмұнға лайықты пішін қажет екендігі. Осы тұрғыдан келгенде, әдебиеттің уақыттық екенін ескере отырып, белгілі бір өнер туындысының дүниеге келген сәті яғни кезеңі мен уақыт өте келе, бір зерттеуші еңбегіне арқау болған кезеңді, уақытты салыстыруға болмайды.

Уақыт өткен сайын поэзиядағы мазмұн мен пішін де жетіледі, дамиды. Көркемдік ізденістер түрленеді. Яғни өнер құндылығы өзі өмірге келген уақытпен өлшенеді. Алайда қанша уақыт өтсе де,

ғасырларды көктей өтіп, кейінгі дәуірлерге жететін, құндылықтар барын да жоққа шығаруға болмайды. Бұл жайтты сол өнер туындысының мазмұны мен пішінінен іздеген абзал.

Өлең өнері яғни поэзия туралы теориялық зерттеу еңбектерін жазған ғалымдар баршылық, олардың өлең құрылысына, танымдық, идеялық қырларына шолу жасаған еңбектеріне қарап-ақ поэзияның аса күрделі жанр екенін көруге болады.

Ұлт тағдыры, азаттық идеясы — мейлінше кеңдікті тілейтін тақырып. Әр тарихи бетбұрыста бұл тақырыптың шешімі әр түрлі сипат алып отырады. Әр заман поэзиясының өзіне лайық үні бар. Қоғамдық сананың бір түрі ретіндегі көркем әдебиетте қай ғасырда болса да, азаттық, еркіндік тақырыбы бірінші болып жырланады десек қате айтпаған болар едік. Ол заман күйі, адам күйі, тіршілік еткен адамның мұңы мен зары, ішкі ой-сезімі, арманы.

Қиыр-шиыр өмір кешіп, тәуелсіздікке қол жеткізу жолында ақындар бір ғана мақсатты көздесе керек. Ол — адам құқы, ұлт қамы, киелі, іргелі ел ретіндегі бостандықты, тәуелсіздікті аңсау, армандау.

Қазақ мәдениетінің сонау көне заманнан бері жасап келе жатқан халықтық сипаттағы туындылары аз емес. Сан-салалы өлең-жыр, асыл сөз үлгілері, асқақ ән, сәнді де сазды төгілген күй-көркемөнер саласындағы халық мұрасының куәсі. Дәуірлік мәні бар поэзия туындылары, әдеби шығармалар — халқымыздың рухани байлығы.

Орталық Қазақстан ақындары, негізінен, осынау ортаның мықты перзенті ғана емес, рухани шүйгіндік қырларын өзінен кейінгілерге жеткізушілер. Осынау ақындар тобы қазақ поэзиясына өзгеше серпін, тың ой, өткірлік әкеліп, әдеби ағымның пайда болуына жол ашты. Олардың бәрі дерлік коммунистік идеологияның талап, тілектеріне сай келмегендіктен, тоталитарлық жүйенің құрбаны болды.

Ахметбек Байсалбайұлы суырып салма, импровизатор болған. Оның бойындағы өнер жырауларға да, ақындарға да тән. Жыраулар сияқты ел басындағы жағдайды толғай отырып, ағыл-тегіл жырлар да төккен. Ақын болып, сол кездегі күнделікті өмір күйін де шерткен. Ақын шығармаларының негізгі арқауы — Ресейдің отарлық езгісіне қарсы күрес.

Бірақ Ахметбек ақын тұтас халықты, орыс біткенді жау санамаған. Орыс шаруаларының қала салып, отырықшы өмір кешетіндігін, жер жыртып, егін айдап, ел ырысын, молайтар еңбекқорлығын, қиын-қыстау күндерде қол ұшын берер бауырмалдығын ол жақсы түсіне білген. Ақын тек отарлау саясатын құрып, оны жүзеге асыраушыларды дұшпан тұтып, өткір тілмен соларды тілгілейді. Бұған келгенде сөзді қиыннан қиыстыра біледі. «Тарих тараулары» деген өлеңі осы пікірімізді айғақтайды. Өткен тарихымызға шолу жасаған ақынның Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылу саясатына қарсылығы аңғарылады.

*Қадірмен халық билеген ақсақалдар,
Бұл іске һәкім назар саласың ба?
Темірді қызуында соқпай қалып,
Нәсілінің көз жасына қаласың ба? [2, 24].*

Туған ел мен туған жердің орыстың отарына айналып, мұжықтардың қолына қарап, соларға бағынышты болып қалғанын ақын елдің басына түскен ауыр қорлық деп біледі.

*Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,
Мұжыққа қош аман боп барасың ба?
Қасиетті бабамыздың зираттары,
Қалдың ғой «Карлагтың» табанында.*

*Моншаға зираттардың тасын алып,
Ағашын отқа, «Карлаг» жағасың ба?
Таба алмай барғаныңда еш белгісін,
Көзден жас көлдей болып ағасың ба? — [2, 24].*

деген жолдардан орыс мұжықтарының зираттарды бұзып, ата-баба аруақтарын қорлап жатқандығын айтып, қасиетті туған жердің орыстың табанында тапталып жатқанына қатты қапаланады.

Ақынның «Тарих тараулары» өлеңі — тарихи шындыққа құралған зар-заман ағымының үлгісінде жазылған көркем туынды. Бұл толғауында Ахметбек ақын ел басына түскен ауыртпалықты ақ патша тұсындағы отарлау саясатын басқаша жолмен жалғастырып отырған мемлекеттен көреді. Соны ойлап ақылы алтау, ойы жетеу болады. Бақытты қолдан, малды жолдан алған кеңес үкіметіне қарғыс айтады. Ақын өз заманының зұлматын ашық суреттеп беріп отыр. Осындай тарихи шындыққа құрылған шығармалардан біз өзіміздің бастан кешкен ауыр күндерімізді, ел басына түскен қайғы-зарды көреміз.

Сонымен, Ахметбек Байсалбайұлы сол жылдары жүргізілген солақай саясатқа ашық қарсы шыққандардың бірі болды. «Аштық азабы» өлеңі жолдарынан күні кешегі «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген көрсоқыр замандағы «шолақ белсенділер» қылығын табамыз. Олардың масқара іс-әрекеттерін айнадан көргендей болмамыз. Ахметбек ақынның осы толғауы кешегі Қожаберген жырау жырлаған «Елім-ай» дастанының жалғасы іспетті. Бұл өлең-толғау — отызыншы жылдардағы ашаршылықты суреттеп берген тарихи шындықтың айна қатесіз көрінісі.

Ахметбек ақынның ақыл-нақылға, қанатты тіркестерге толы даналық сөздері тіл байлығымен, ой тереңдігімен бірге айқындылық, бейнелілік, қарапайымдылық, көркемдік қырларымен ерекшеленеді. Мұның өзі Бұқар жыраудың:

*Ел бастау қиын емес -
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес —
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан
Қиынды көргем жоқ [3, 94].*

немесе кемеңгер Абай айтқан:

*Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойыңа жұқпай сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар [4, 120] —*

деген ақиқат ойларымен үндесіп, терең тамырлы тұтастық тапқан. Ахметбек Байсалбайұлының әдеби мұрасына ден қойсақ, ақын өз өлеңдеріне қоғамдық, әлеуметтік мазмұн беріп, көбіне шешендік үлгімен, бір оқығанда ұғынып, есте қаларлық ауызекі тілмен жазған. Оны «Мысал өлең» деген шығармасынан анық көреміз.

*Дүниені қанша күресей,
Қолыңа сенің жүзге ма?
Төбеңмен көкті тіресей,
Басыңа мүйіз шыға ма?
Өлген жан қайтып келмейді,
Келіп ол мені көрмейді.
Құдайдан сараңды көрмедім,
Алғанын қайырып бермейді.
Жастықта гүл едім жайнаған,
Қаным да ыстық ед қайнаған,
Сілтеген жерінен таймаған,
Суынды бар денем, кәрілік жайлаған.
Кеттің бе келмеске,
Мың жылқым айдаған.
Көкірек гүрілдеп,
Отырмын білдірмей,
Құр тілмен сайраған [2, 27].*

Әрине, жүйелі сөйлеген сөз, орынды айтылған ой-пікірлер қалың көптің ойынан шығып-ақ отырады. Әрі танымдық сипаты ерекше байқалады.

Сонымен, Ахметбек ақынның даналық ойларында жан мен тәннің, сара сөздің қасиеті кең орын алғандығын көреміз.

Заман шындығы туралы ашына өлең жазған тағы бір ақын — Қасым Сырымбетұлы. Ол өлеңдерінде өз кезеңіндегі қоғамдық қайшылықтарды әшкереледі, зияннан өзге жақсылығы жоқ Кеңес үкіметінің совхоз, колхоз құруының өзі қарапайым халыққа ауыр соққы болғандығын ашына жазды. Ақынның басына «Келдің, Кеңес, малмен егес» атты өлеңі үшін қара бұлт үйірілді. Бұл өлеңінен ақынның заман шындығын көркем бейнелегендігін көреміз. Әсіресе, сол кездегі Кеңес үкіметінің солақай саясаты салдарынан қазақ даласына жүргізілген социализм саясатын қатты сынға алады.

*Келдің, Кеңес, малмен егес,
Көрсен, жинап алыңдар.
Бір қаралы, тек жаралы,
Енді қалған әлім бар
Совхоз құрдың, кедейді «ұрдың»,
Ішкіздің жалғыз қазаннан.
Аштан өлдім, сенен көрдім
Өлгенім жоқ ажалдан [5, 42].*

Бұл өлеңінде сол кездегі бүкіл халықтың басына төнген қасіреттің қара бұлты айқын бейнеленген. Автор осы өлеңінде барынша шыншыл, мейлінше батыл түрде Кеңес үкіметінің тұрпайы саясатының тұрпайы табиғатын ашуда алдына жан салмайды.

*Нені білдің, елді қырдың,
Жеткізем деп мұратқа.
Жеткізбедің, жерге тықтың,
Апардың айда сыратқа [5, 42].*

Қазақ елінің тарихындағы қасіретті жылдардың ащы шындығын, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дегендей, ары қарай былайша сипаттайды.

*Колхоз ұйым, құрдың жиын,
Мал құртуға әдейі.
Бірік дедің, іріктедің
Ылғи ғана кедейді.
Өлді кедей, тамақ жемей,
Социализм осы ма?
«Досым» дедің, «қосыл» дедің
Бердің өлім досыңа [5, 42].*

Елдің басындағы ауыр халді суреттеуде Қасым ақын осылайша айқын жырлап, жасырмай, жасқанбай өз көзқарасын ашық білдірді. Өлеңдегі ащы шындық, өткір мысқыл көкірегі ояу кез-келген қазақтың жанын тырнап өтері даусыз. Осы өлеңі үшін түрмеге камалған уақытында жазған «Қарқаралы түрмесінде» атты өлеңі сүйген жары мен балаларына арналған. Ақын анасымен, отбасымен поэзия арқылы тілдеседі, мұндасады. Өзінің күйінішін, жүрек түбіндегі терең ойын өлең арқылы төгеді.

*Дарига, көздің жасын кім көреді,
Елжіреп, бойым балқып, кетті халім.
Жасымда, он төртімде қосылып ем,
Мен күйдім, сен қандайсың, ғашық жарым.*

*Болмаса, әлде сабыр қылайын ба?
Мен-дағы қанды жаспен жуайын ба?
Өмірдің берген уын ішке жиып,
Келгенше тағы біраз шыдайын ба?... [5, 42].*

Ал «Таптың, тілім, таптың, тілім, Сөйлеймін деп екі сөз» деген өлең жолдары басқа пәле тілден келетінінің айғағы болып тұр.

*Қатып басым, ағып жасым,
Жаудырады екі көз.
Таптың, тілім, таптың, тілім,
Сөйлеймін деп екі сөз [5, 45–46].*

Кез келген өнерді жасаушы өнерпазда туған жер тақырыбы басты орын алады. Бірде-бір қазақ ақыны атамекенін жырламай, оған өлең арнамай ғұмыр кешкен жоқ. Аталмыш ақынның келесі өлең жолдарында өзі сүйген туған жерін аңсау, сағыну былайша көрініс тапқан.

*Қайран елім, туған жерім,
Сені көрер күн бар ма?
Есік берік, басыңда ерік,
Болмаған соң күй бар ма? [5, 45–46].*

Ақын «Қайран елім, туған жерім, Сені көрер күн бар ма?» — деп өзі қойған сұрақтың өзі жауабын іздейді. Бірақ сол жүрек жарған сауалдары жауапсыз қалады.

Ал, Түскен Сартбасұлы өз қаһармандарын абақтыға жапқан халықтың атқа мінерлеріне қайран қалып, бейшара халқын аяп, «Не болды заманың?» деп толғанады.

Әділдікке жақын, ақиқатқа араша, аққа жақ болған Түскен Сартбасұлы ақынға да сол кездегі ауылдың шолақ белсенділері ауызға қаппақ, тілге түрткі бола алмаса керек. Сондықтан да шолақ белсенділер ақынның соңына шам алып түсті. Орынды жерде тауып айтып, керекті кезде қауып айтып жырлаған ақын жер-судан айрылған халықтың ауыр тұрмысын суреттеп, тоталитарлық режимнің қатаң қағидалы жүйесімен ұсынылған отаршылдық саясатына қарсы шығады. Өжет те өткірлікпен:

*Сұм өмір, сұлу жалған, алдадың ба?
Тән арып, бойда тамыр қалмадың ба?
Жалғаның жақсы көрген жау боп шығып,
Еңбегім екі болып жанбады ба?
Жан қиған жайшылықта жақын досым,
Назарын налып жатсам салмады ма? [5, 37].*

Осы өлеңі сол заманғы ақындарды толғандыратын дүниелердің ортақ екендігін дәлелдеп тұрғандай. Түскен ақынның өлеңінің Қасым Сырымбетұлының өлеңдерімен тек тақырыптық жағынан ғана емес, сондай-ақ идеялық үндестігін байқаймыз, яғни өзін толғандырған сауалдарға жауап іздейді. Әрине, ол сауалдарға дер кезінде жауап табу оңай емес еді. Замана келбетінен туындаған ауыр сауалдар танымдық сипаттарды алдыға тартады:

*Қисаймас қызарғанға қалам бар ма,
Қайғысыз өтіп тұрған заман бар ма?
Қыдырдың көлеңкесі көпке шықты,
Табынан таймай тұрған табан бар ма?
Жақсы сөз жаман болып көрінеді,
Елдегі шауып жүрген надандарға.
Әрекет аралады елдің малы,
Таусылып, тәмам болды көптің бәрі.
Құраның не қылса да еркі өзінде,
Әркімнің қаңғып қалды алған жары.
Той қылып, ат шаптырар өлік бар ма?
Жинайтын өрлей шауып, көлік бар ма?....[6, 28].*

Осылайша Түскен ақын түрлі сауалдарға жауап беруге талпынады. Сол арқылы оның поэзиясының философиялық терең сипаттарын, қорғасындай салмақты ойдың ауырлығын байқау қиын емес.

Халқымыздың өзіндік әдет-ғұрпы, дәстүр-салты, ұлттық мінез-бітістері, әлеуметтік сезімдері мен көңіл-күйлері, ерік-жігер қасиеттері, алуан ойлары мен талап-тілектері, бір сөзбен айтқанда, әр түрлі топтардың әлеуметтік психологиясы, қоғамдық сана мен тіршілік жағдайы, ондағы тәлім-тәрбие таным-наным, қоғамдық өмірдің сан қилы жақтары мен қым-қиғаш қайшылықтары, жеке адам мен қоғам арасындағы қатынастар да ақын-жазушы шығармаларында жеке-жеке тақырып болмаса да, кездеседі.

Сұрқия саясаттың қуғынын көрген Арқаның ақиығы Мәди ақын Қарқаралыны жырға қосып, одан «бұлт», өзінен «қайғы тарқамағандығын» тілге тиек етіп, халқына үлкен ой тастайды:

*Атыңнан айналайын, Қарқаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.
Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай,
Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы [6, 446].*

Танымдық сипаты күшті шығарма. Мәди өз басының жалғыз екендігін ғана емес, беймезгіл заманға тап болғанын таным күші арқылы сипаттай алған.

Ұлы бабасы Қаз дауысты Қазыбектен өнер дарып, бойына ақындық қонған Мәди кіндік кескен киелі мекенін, туған жерін қимай «артыма бір қарамай қалды-ау», — деп ащы өксікпен күңіреніп, іштей қынжылады.

*Қонғалы ауылымның Талды-ау деймін,
Жағалай ел жайлауға барды-ау деймін.
Кір жуып, кіндік кескен туған жерлер
Артыма бір қарамай қалды-ау деймін [6, 446].*

Сазгердің сезім тебіренер «Шіркін-ай» әні атының өзінде айтылғандай қандай ғажап! Тыңдап отырсаң, бұл әннен Мәдидің мұңы мен сағынышына қасіреті қоса қосылып, көз алдымыздағы қанаты сынған қыранның қайғылы кейпі елестері сөзсіз. Мұнан Мәдидің мұңымен бірге мезгілдің де мұңы анық байқалады. Ал атақты «Қаракесекті» қалықтатқан кезде аспан аясында Мәди ақынның асау рухы тұлпардай тыпыршып тұрары сөзсіз. «Қарқаралы» мен «Үшқара» туындылары өзінің асқақтығымен әрі тереңдігімен қымбат. Қитұрқы қоғамға қарсы аталған жыр, айбынды ән. Ашынған ақын, сазгердің ғаламат даусынан оның портреті, азаматтық болмысы, тағдыры түгел көрініп тұрғандай. «Үшқара» әнінің сөздерінде де үлкен салмақ бар.

*Сүйендім абақтының шарбағына,
Сыйындым атам Қазбек аруағына.
Бір күнде қаршығадай қалықтадым,
Бұл күнде мен аңшының қармағына [6, 447].*

Түз тағысы қаршығаның торға түскен қиын халін, қармаққа ілінген шортанның шерлі күйін аз сөзбен алдымызға жаяды.

Кеңес дәуірі кезінде халықтық мұраларды дамытуға ерекше үлес қосқан халық ақындарының шығармашылықтары жан-жақты зерттеле қойған жоқ. Оның өзінің себебі болды. Ақын әр уақытта халықтың арман-тілегіне, мүддесіне назар аударып отырады. Осы тұрғыдан келгенде Орталық Қазақстандағы бір топ өнерпаздарымыздың туындылары коммунистік партияның идеясына өзара қарама-қайшы келгендіктен, жариялануға тыйым салынды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақы ұғыммен айтқанда, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілген уақытта ғұмыр кешіп жатқандықтан, күні кешегі тоталитарлық тәртіп тұсындағы назардан тыс қалған, қатаң да қасаң идеологияның негізгі принциптері бойынша есімдерін атауға тыйым салынған Орталық Қазақстандағы бір топ ақындар шығармашылығын — сол тәуелсіздіктің арқасында жаңаша пайымдап, олардың шығармаларының танымдық, идеялық ерекшеліктеріне талдау жасауға тырыстық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. — Алматы: Мектеп, 1970.
- 2 Каренов Рашид Әл-Карени. Көмейінен жыр төгілген Ахметбек акын. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008.
- 3 Бұқар жырау Қалқаманұлы. Ай, Абылай, Абылай — Алматы: Нұра-Астана, 2008.
- 4 Құнанбаев Абылай. Екі томдық шығармалар жинағы. — Алматы: Ел, 1993.
- 5 Атыңнан айналайын, Жаңаарқам. — Қарағанды.: Болашақ, 1998.
- 6 Бес ғасыр жырлайды. П-т. М.Мағауиннің редакциясымен. — Алматы: Ана тілі, 1991.

М.Х.Хамзин, М.А.Тажина

**Познавательные, идейные особенности творчества некоторых акынов
Центрального Казахстана**

В статье рассматривается творчество казахских акынов Шортанбая Канайұлы, Ахметбека Байсалбайұлы, Касыма Сырымбетұлы, Тускена Сартбасұлы, Мади Бапиұлы, которые воспевали в свое время идею независимости Казахстана. Автор глубоко анализирует их произведения, дает оценку их творчеству с высоты сегодняшнего времени; особенно удачно проведен анализ творений поэтов с точки зрения истории.

The given article is devoted to the works of Kazakh akyns such as Shortanbai Kanaiuly, Ahmetbek Baisalbaiuly, Kasym Syrymbetuly, Tusken Sartbasuly, Madi Bapiuly, etc. which used to compose the poems to the independent Kazakhstan. The author considers their works, evaluates their creation from the point of view of modern societ. The author considers the compositions of poets of Central Kazakhstan from the point of view of the history.

УДК 81–115

Ж.М.Омашева

Карагандинский государственный медицинский университет

Сопоставительная мотивология: теория и методы

Статья посвящена теоретическим вопросам сопоставительной мотивологии. В ходе исследования данной проблемы были проанализированы работы российских и казахстанских ученых, затрагивающие теоретические вопросы номинации, мотивации и мотивированности. Так, с целью определения теоретических основ мотивологического анализа лексических единиц рассмотрены семасиологические и ономасиологические подходы; отдельно рассмотрены принципы и приемы мотивационно-сопоставительного анализа лексики а также задачи сопоставительной мотивологии; представлен терминологический аппарат теории сопоставительной мотивологии.

Ключевые слова: сопоставительные исследования, мотивационно-сопоставительная концепция, мотивология как наука, освещение в работах казахстанских ученых вопросов номинации, мотивации и мотивированности, принципы мотивационно-сопоставительного анализа лексики, задачи сопоставительной мотивологии.

Становление современных сопоставительных исследований в области лексической мотивации происходило как с зарождением теории явления мотивации слов, так и с интенсивным развитием сопоставительных исследований в мировой и казахстанской лингвистике на всех уровнях языка.

О сложности исследуемого явления свидетельствует факт расхождения в понимании лексической мотивированности между ономасиологами, представляющими мотивированность как связь между словами в момент их наименования (Н.Д.Арутюнова, И.С.Торопцев, А.А.Уфимцева и др.), семасиологами, для которых мотивированность — причинная связь между звуком и смыслом, звучанием и значением слова (Ю.Д.Апресян, В.Г.Гак, Ю.Н.Караулов и др.), и мотивологами, рассматривающими мотивированность как взаимообусловленность связи значения и звучания слова на основе соотносительности его с языковой и неязыковой действительностью (О.И.Блинова, Н.Д.Голев, В.Т.Наумов, Н.Г.Нестерова и др.). Новые перспективы в изучении явления мотивации слов открываются при сопоставительном исследовании, поскольку сопоставление, в отличие от одностороннего описания, позволяет выявить его общие, универсальные черты и обнаружить индивидуальные для каждого языка характеристики.

Появление сопоставительного аспекта мотивологии было подготовлено научными трудами по сопоставительной лексикологии И.В.Арнольд, В.Г.Гак, М.Д.Степановой, А.Е.Супруна и других, а также рядом сопоставительных работ семасиологического и ономасиологического характера. Так, законченная концепция сопоставительной семасиологии на материале русского и литовского языков изложена А.М.Гудавичюсом (1985, 1989), считающим, что сопоставительное изучение семантики лексических единиц вскрывает особенности отражения действительности в языке и способствует решению таких проблем, как соотношение мышления и языка, культуры и языка. Развитию мотивационно-сопоставительной концепции способствовало появление научных работ по сопоставительной ономасиологии, представленной работами М.М.Гинатуллина (1973), рассматривающего принципы, способы и средства номинации в русском и английском языках на материале названий птиц, В.К.Павела (1983), сопоставившего наименования птиц, грибов, растений и

цветообозначений в диалектах молдавского языка, С.Г.Шафикова (1993, 1996), проанализировавшего структурно-семантические параметры русской и английской номинации, и др.

О.Е.Блинова называет сопоставительную мотивологию (СМ) дочерним научным направлением, которое «наследует всю систему исходных научных понятий описательной мотивологии: «мотивационное значение», «мотивирующая часть», «формантная часть», «мотиват», «мотиватор», «мотивема» и многие другие» [1; 65].

Методологической и онтологической базой СМ является мотивология описательная, основанная в начале 70-х годов прошлого века. В начале 90-х годов были определены основные научные понятия, методы и принципы мотивационно-сопоставительного анализа, аспекты и единицы сопоставления к разным формам и разным языкам.

Первое систематизированное представление мотивологии как науки о явлении мотивации слов дано в докторской диссертации О.И.Блиновой «Проблемы диалектной лексикологии» (Томск, 1974), где оно рассмотрено наряду с другими лексическими явлениями — явлением формального варьирования слова и явлением синонимии. Основы теории мотивологии заложены в ее монографии «Явление мотивации слов: лексикологический аспект» (Томск, 1984) как результат разработки важнейших аспектов: онтолого-методологического, функционального, динамического, сопоставительного, лексикографического, источниковедческого. Названные аспекты получили дальнейшее развитие в трудах представителей Томской лингвистической школы: в докторских и кандидатских диссертациях. В их числе работы по сопоставительной мотивологии А.С.Филатовой, И.Е.Козловой, Н.А.Чижик, Л.В.Дубиной и других. В орбиту межъязыкового сопоставления были вовлечены различные языки: английский, французский, немецкий и др. В итоге исследования были определены общность и специфика явления мотивации слов в русском и сопоставляемых с ним языках в онтологическом, динамическом, лингвокультурологическом аспектах.

Изучение различных аспектов мотивологического анализа было связано с поставленными целями и материалом исследования. Так, «сопоставительный аспект, представленный двумя разновидностями, направлен как на выявление особенностей в каждом из рассматриваемых языков, так и на выявление общих и специфических черт в одном языке; функциональный определяет роль функциональных разновидностей языка на материале устной и письменной речи; этнолингвистический аспект изучает способы отражения в них реальной жизни этноса, его материальной и духовной культуры, тематической группы или на рассмотрение «идиоэтнической» специфики явления мотивации слов; социоллингвистический аспект проливает свет на особенности отражения явления мотивированности слов в зависимости от социального статуса; психоллингвистический выступает как средство экспликации языкового сознания, языковой компетенции; лексикографический аспект направлен на создание мотивационных словарей» [2; 48].

Возникновение мотивологии как нового научного направления в Казахстане связано с научной деятельностью М.Копыленко. В работе «Мотивация как фактор развития языка» им обосновывается положение о разграничении сферы этимологии и мотивологии, так как «этимология вскрывает побудительный фактор, признак, который лег в основу наименования, т.е. мотив, закономерности мотивации, наличие или отсутствие мотивированности, группировка мотивов» [2; 21].

Теоретические вопросы номинации, мотивации и мотивированности, уточнение процедур мотивационно-сопоставительного анализа получили освещение в ряде работ казахстанских ученых (Г.Уюкбаевой, О.Токхожаевой, А.Адиловой, Л.К.Жаналиной, Ж.С.Бейсеновой, Ұ.Б.Әділбаевой, Г.А.Омарбековой, Ф.Исеновой и др.).

В диссертационном исследовании Г.И.Уюкбаевой «Народные наименования растений (на материале английского, русского и казахского языков)» (1982) «ботаническая лексика рассматривается с точки зрения словообразовательной структуры (способы универбации), семантической мотивированности, закономерностей смысловых и формальных связей, применение ономастического подхода позволило выявить своеобразие мотивации в каждом из рассматриваемых языков» [3; 23]. О.Токхожаева в кандидатской диссертации «Лексика фауны в казахском языке» (1991) затрагивает вопросы мотивированности зоонимической лексики. Путем мотивационного анализа исследователь выделила ряд мотивов, «дифференцируемых на релятивные, объединяющие признаки определенных отношений между различными вещами, и акцидентные, непосредственно отражающие изначальные качества, свойства объекта номинации» [4; 6]. Методологические основы мотивологического анализа в сопоставительном аспекте представлены в работе А.Д.Адиловой «Принципы мотивологического исследования и его аспекты (на материале

наименований птиц)» (1996). Словообразовательная мотивация (СМ), как наиболее распространенный тип мотивированности языкового знака, рассматривается Л.К.Жаналиной (1998) в синхронии и диахронии словообразования. При этом отмечается, что СМ может как совпадать с производностью (онтологическая СМ), так и не совпадать (антропометрическая СМ), демонстрируя связь синхронии с диахронией. Выявлению сходств и различий экспликации мотивации зоонимов в национально-культурном контексте коммуникации и универсуме человеческой когниции посвящена работа Ж.С.Бейсеновой «Мотивация эпизоотологических терминов в русском и казахском языках» (1999). Б.Адилбаева в работе «Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының уәжділігі» (2002), не разграничивая понятий «уәж» (мотив) и уәжділік (мотивированность) в названиях растений казахского языка, определила фонетические, морфологические, лексико-семантические виды мотивированности. Роль фитонимов, обладающих мотивационными признаками в отражении языковой картины мира показано Г.А.Омарбековой в работе «Неміс және қазақ тілдеріндегі фитонимдердің құрылымдық ономазиологиялық зерттеу» (2004). Ф.К.Исеновой в диссертационном исследовании «Зоонимы русского и казахского языков: мотивационная параметризация» (2005) обоснована методика комплексного анализа мотивационных отношений в виде мотивационной параметризации, в качестве фрагмента национальной русской и казахской языковой картины мира. А.Д.Жакуповой в диссертационном исследовании «Сопоставительная мотивология: сущность и направления (на материале славянских языков)» (2009) изложены теоретические основы сопоставления мотивированных (полумотивированных, немотивированных) языковых единиц, осуществлена лексикографическая параметризация мотивированной лексики пяти языков, предпринята попытка онтологии и методологии сопоставительной мотивологии. Иными словами, обозначенные исследования вносят определенный вклад в разработку многих вопросов сопоставительной мотивологии, отражая национальную языковую картину мира.

Методологическую основу сопоставительной мотивологии составляют принципы мотивационно-сопоставительного анализа лексики, основными из которых являются общенаучные принципы (экспланаторность, функционализм, этноцентризм) и мотивологические (системность, синхронность, антропоцентризм). К перечисленным принципам можно добавить и другие принципы, соблюдение которых рекомендует У.Ю.Юсупов:

- принцип сравнимости, предполагает сбалансированность степеней изученности сопоставляемых языков, применением одних и тех же методов при исследовании языковых явлений в отдельности. При сравнении языков может оказаться, что в одном из сопоставляемых языков не существует аналогического элемента. В таких случаях сравниваются разноуровневые эквиваленты единицы, определяемые с помощью перевода;
- принцип терминологической адекватности. Прежде чем приступить к сравнению языков, необходимо определить термины таким образом, чтобы они адекватно обозначали сравниваемые явления в обоих языках, т.е. следует создать общие для сравниваемых языков дефиниции;
- принцип достаточной глубины сравнения предполагает выявление всех существенных сходств и различий сравниваемых языковых явлений;
- принцип учета степени родства и типологической близости сопоставляемых языков налагает ограничение на выбор методов и приемов сравнения. Так, при сравнении близкородственных, а также типологически сходных неродственных языков возможность применения малосистемного подхода расширяется, а при несходных — сужается;
- принцип учета положительного и отрицательного переноса лингвистических знаний предполагает умелое пользование лингвистическими знаниями о структуре одного языка при исследовании структуры другого;
- принцип учета функциональных стилей. Привлекаемые к анализу тексты в двух языках должны относиться к одному и тому же жанру;
- принцип территориальной неограниченности означает, что соседство и отдаленность территорий не имеют значения [5; 28–30].

В мотивологических исследованиях в качестве ведущих приемов описательного метода признаны следующие: наблюдение, лингвистический и психолингвистический эксперимент, классификация, интерпретация. Прием лингвистического эксперимента подразумевает беседу с носителем языка, инициирует сбор речевых данных, содержащих лексический материал. Прием психолингвистического эксперимента ориентирован на сбор сведений о том, как воспринимает слова носитель языка, что он о них думает, дает в руки исследователя не только тексты, но и метатексты,

содержащие знания языка. В качестве основного метода в сопоставительной мотивологии признан мотивационно-сопоставительный анализ, предполагающий определение не только сходств и различий между ними, но и выявление специфики каждого из рассматриваемых языков.

Сопоставлению могут подвергаться отдельные лексические единицы в аспекте их мотивированности, внутренняя форма слова, тип мотивированности лексических единиц, тип внутренней формы (прозрачная-непрозрачная, метафорическая-неметафорическая, вариантная-невариантная, полная-неполная).

Задачи сопоставительной мотивологии формулируются в зависимости от целей направлений:

- 1) проведение психолингвистического эксперимента с целью сбора показаний носителями языка;
- 2) проведение структурно-семантического анализа мотивированных лексических единиц для выявления общности и специфики явления мотивации слов в сопоставляемых языках;
- 3) лингвокультурологическое описание языковых единиц с целью выявления особенностей мировосприятия и мировидения носителей разных культур;
- 4) проведение лексикографической параметризации мотивированной лексики сопоставляемых языков с учетом их словарной систематизации.

Сопоставительное изучение языков ставит вопрос об эталоне сравнения *tertium comparationis* (исходная база сравнения). В зависимости от характера сравниваемых языковых явлений эталоном может выступить один из сопоставляемых языков; третий язык, под углом зрения которого анализируются лексико-семантические системы сопоставляемых языков; объективная действительность, когда выявляются общие и специфические черты языков, отражающие определенные фрагменты объективной действительности; понятийная (когнитивная) система, выработанная в процессе познания объективной действительности. «Родной язык выступает в качестве языка-эталона тогда, когда признаки явления родного языка покрывают признаки соответствующего явления изучаемого языка, в обратном случае в качестве эталона выступает изучаемый язык. Третий язык берется тогда, когда признаки сопоставляемых явлений частично перекрывают друг друга» [5; 16]. При двухстороннем анализе отсутствует разделение на исходный и сопоставляемый язык, и языковые факты признаются равноправными. При контрастивном анализе происходит разделение на исходный, базовый язык (Я1) и сопоставляемый, язык-цель, или референтный язык (Я2). Э.Д.Сулейменова отмечает, что такой анализ осуществляется в направлении от исходного (родного, первого) языка к языку-цели (иностранному, второму, изучаемому). Основанием для сравнения служит исходный язык, его категории, признаки, свойства. Определение же исходного языка и языка-цели зависит от контингента обучаемых и целей обучения. «Язык-цель при одностороннем подходе описывает средствами исходного языка, который одновременно выступает в двух функциях — как элемент сравнения с описываемым языком и как средство, форма, план выражения результатов (содержания) этого сравнения» [6; 57]. У.Юсупов считает, что язык-эталон может меняться при сравнении одних и тех же элементов в зависимости от признака, выбираемого для сравнения: «Непостоянность языка-эталона при сопоставительном изучении языков объясняется тем, что, во-первых, никакой естественный язык не обладает всеми признаками других языков, во-вторых, языковые явления многоаспектны и для сравнения каждого аспекта нужен специальный эталон» [5; 16].

Определение теоретических основ мотивологического анализа лексических единиц требует пояснения в отношении разграничения семасиологического и ономасиологического подходов, уточнения терминологического аппарата. Семасиологический подход определяется характером выражаемых языковыми элементами значений (функций), т.е. направлен от «формы к значению». Ономасиологический подход к анализу языковых единиц способствует выявлению таких слов в двух языках, которые используются при обозначении одного и того же объекта, определению специфики каждого из сопоставляемых языков. К.Ж.Айдарбек объясняет это различием круга решаемых вопросов: «Семасиология бағыты уәжділік мәселесін дайын бір тілдік бірліктің басқа сөздермен ерекше қарым-қатынас типтері ретінде қарастырады. Семасиология сөздер арасындағы уәждемелі қатынас типтерінің мәселелерімен айналысады. Ал уәжділік пен ономасиологияны басқа мәселелер байланыстырады. Ономасиология үшін бұл құбылыс ең басты уәжденім ретінде саналады. Уәжденім — тілдік емес бір мазмұнға уәжді тілдік форма жасау процесі. Уәжденім уәждеуіштілікке қарағанда қарама-қарсы бағытта жүзеге асырылады: алдымен, тілдік емес мазмұнның бір белгісі басқа белгілер арасынан бөлініп шығады да болашақ атаудың уәждеуіш белгісі ретінде тілдік лексика-

семантикалық кабатында құралдар арқылы қалыптасады» [7; 34]. В теории контрастивных исследований обсуждается вопрос, какое из этих двух направлений — семасиологическое или ономасиологическое — является наиболее «ценным», «истинно сопоставительным». Подобный вопрос лишен научного смысла, так как язык строится на соотношении форм и содержания значений. И сопоставительные исследования одинаково важно проводить и в том и в другом направлении. Л.К.Жаналина считает, что «контрастивный анализ представляет собой двухэтапную семасиолого-ономасиологическую процедуру сравнения двух языков, где ономасиологический анализ переходит в область чисто научного описания и прослеживает не движение от объективного мира к языку, а определение того, какие формы предоставляет второй язык для значений, выявленных путем изучения знаков первого языка» [8; 105].

Следует отметить, что большинство исследователей указывают на то, что невозможно разграничение подходов, которые находятся в отношениях дополнительности. В своем исследовании мы опираемся на семасиолого-ономасиологический подход, предполагающий системный анализ лексики, направленный на выявление специфики концептуализации и вербализации названий лекарственных травянистых растений (НЛТР).

Терминологический аппарат теории сопоставительной мотивологии представлен следующей понятийной системой.

Мотивация есть относящийся к прошлому акт отражения признака предмета в его названии средствами языка. Содержание понятия *мотивация* включает в себя: 1) мотивацию наименования и изучение закономерностей объективного мира (онтологическое свойство мотивации); 2) мотивацию наименования и внутренней формы слова (семантический аспект); 3) мотивацию и ее системные отношения в лексике; 4) мотивацию и процесс коммуникации (функциональный аспект).

Мотивема — термин для обозначения класса гомогенных мотивов. *Мотив* названия — конкретное воплощение мотивемы. Например, в НЛТР обоих языков общими мотивемами выступают: «место произрастания», «особенности произрастания», «сходство растения или его частей с различными предметами, животными, птицами и др. растениями. Однако мотив в конкретном НЛТР не всегда может совпадать в сопоставляемых языках: «сасықшөп» (вонючая трава) — пустырник и «пустырник» (растущий на пустыре).

В определении *мотивированности* в современном языкознании существуют различные толкования. Д.Н.Шмелев считает, что «деривационная связанность может быть интерпретирована как мотивированность» [9; 130]. О.И.Блинова под термином *мотивированность* понимает «структурно-семантическое свойство слова, позволяющее осознать рациональность связи значения и звуковой оболочки слова на основе его лексической и структурной соотнесенности» [10; 15]. Вслед за М.М.Гинатуллиным считаем, что «мотивация есть обязательная ступень предоминативного процесса. *Мотивация* раскрывается в диахронии, а *мотивированность* как состояние рассматривается в синхронии» [11; 10]. Таким образом, термин «*мотивированность*» означает, с одной стороны, отношения между означаемым и означающим в языковом знаке (внутренняя мотивированность), с другой — отношения между знаками (деривационная мотивированность), что объясняет использование знака в качестве наименования чего-либо.

В зависимости от средства мотивировки выделяются следующие типы мотивированности: фонетический, морфологический и семантический. К.Ж.Айдарбек под фонетическим типом мотивированности понимает наличие связи между звучанием слова и его лексическим значением, причем в звуках содержат элементы символизма. О.И.Блинова в словах с морфологическим типом мотивированности различает *лексическую мотивированность* — «результат мотивации данного слова однокорневой лексической единицей и *структурную мотивированность* — результат мотивации данного слова одноструктурной лексической единицей» [10; 32,33]. Лексическая мотивированность проявляет себя в отношении с лексическими мотиваторами и реализует в слове признак обозначаемого. В образовании слов с семантическим типом мотивированности участвуют два вида языковой номинации: метафора и метонимия, например: *өгейшешек* (мать-и-мачеха) — қар кетісімен шығатын көп жылдық өсімдік и *өгейшешек* — «бір мекемеден, жұмыс орнынан заңсыз жалақы алушы адам». *Лопух* — лекарственное травянистое растение и *лопух* — «простофиля».

В содержание нашего исследования включено понятие *внутренняя форма слова*. «*Внутренняя форма* слова (ФВС) — морфо-семантическая структура слова, позволяющая объяснить связь его звучания и значения» [10; 26]. Внутренняя форма характеризуется единством мотивационной формы (звуковая оболочка) и мотивационным значением (содержание).

Таким образом, сопоставительная мотивология оформилась в новое направление в современной лингвистике, целью которой является выявление общности и специфики явления мотивации слов одного языка или в разных языках. Объект СМ — мотивация слов в сопоставляемых языках, предмет — общность и специфика явления мотивации слов в сопоставляемых языках в разных аспектах: онтолого-методологическом, описательно-сопоставительном, лексикографическом, функциональном, лингвокультурологическом.

Список литературы

- 1 Блинова О.И. Сопоставительная мотивология: Итоги и перспективы // Вестн. ТГПУ. Сер. Гуманит. науки (филология). — 2006. — Вып. 5 (56). — С. 65–68.
- 2 Исенова Ф.К. Зоонимы русского и казахского языков: мотивационная параметризация: Дис. ... канд. филол. наук. — Караганда, 2005. — 157 с.
- 3 Уюкбаева Г.И. Народные наименования растений (на материале английского, русского и казахского языков): Дис. ... канд. филол. наук. — Алматы, 1983. — 140 с.
- 4 Токхожаева О. Лексика фауны в казахском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. — Алматы, 1991. — 17 с.
- 5 Юсупов У.Н. Проблемы сопоставительной лингвистики: Автореф. дис. ... д-ра филол. наук. — М., 1983. — 37 с.
- 6 Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: Основы контрольной лингвистики. — Алматы, 1996. — 208 с.
- 7 Айдарбек К.Ж. Уәждену терминдерін жүйелеу жайында // ҰҒА-ның хабарлары. Тіл, әдебиет сер. — Алматы, 2002. — № 3. — 34 б.
- 8 Жаналина Л.Н. Сопоставительное словообразование русского и казахского языков: Учеб. пособие. — Алматы, 1998. — 154 с.
- 9 Шмелев Д.Н. Способы номинации в современном языке. — М.: Наука, 1982. — 296 с.
- 10 Блинова О.И. Явление мотивации слов: Лексикологический аспект: Учеб. пособие. — Томск: Изд-во Томского ун-та, 1984. — 191 с.
- 11 Гинатуллин М.М. К исследованию мотивации лексических единиц (на материале наименований птиц): Автореф. дис. ... канд. филол. наук. — Алма-Ата, 1973. — С. 9–11.

Ж.М.Омашева

Салыстырмалы мотивология: теория және әдістер

Мақала салғастырмалы уәжтанудың теориялық мәселелеріне арналған. Қазақстан мен ресейлік ғалымдардың атау, уәж және уәжденудің теориялық мәселелері қарастырылған зерттеулері талданады. Сондай-ақ лексикалық бірліктерді уәждік тұрғыдан талдаудың теориялық негіздерін анықтау мақсатында семасиологиялық және ономасиологиялық тәсілдер сөз болады. Лексиканы уәждемелі-салғастырмалы талдаудың қағидаттары мен амалдары, салғастырмалы уәждеменің міндеттері жеке қарастырылады; салғастырмалы уәжтану теориясының терминологиялық ұғымдары ұсынылады.

The article is devoted to the theoretical questions of comparative motivology. In this investigation of this problem the works of Russian and Kazakhs scientists had been analyzed, consisting the theoretical questions of nomination, motivation and motivational. So, semasiological and onomasiological approaches were considered, with the aim of defining of theoretical foundations of motivological analysis of lexical units: also, the principles and methods of motivological- comparative analysis of lexis were considered, and the tasks of comparative motivology were considered too. The terminological apparatus of the theory of comparative motivology was introduced.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 811.512.122:378.096

Г.Х.Әбдірахманова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Көптілді топтардағы «Арнайы қазақ тілі» пәні бойынша оқыту тәжірибесінен

Мақалада қазақ тілін оқытудың көптілді топтардағы мәселелері қарастырылды. Оқытушының химия факультетінің студенттерін қазақ тіліне оқыту бағдарламасына арналған әдістік, кәсіби бағытталған тәжірибесі ұсынылды. Сондай-ақ лексиканы терминдік және кәсіби тұрғыдан зерделеудің, синтаксистік құрылымды, мамандыққа сай мәтіндермен жұмыс істеуді, студенттердің ауызша сөйлеу тілін дамытуды ашып қарастыратын әдістемелік нұсқаулары берілген. Кәсіби тілді дамытуды, мәтіндермен әр түрлі жұмыстар істеуді нақтыланған мысалдар арқылы қарастыру практикалық жұмыстармен негізделді.

Кілтті сөздер: білім беру жүйесі, өзге тілді аудитория, оқыту әдістемесі, сөйлеу қабілеті, мәтіндер, қарым-қатынас түрлері, сұхбат, күрделі синтаксистік құрылымы.

Білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес мемлекеттік тілді өзге тілді аудиторияларда оқыту деңгейлік, коммуникативтік-бағдарлы оқыту әдістемесіне негізделуде.

Соңғы жылдары біздің университетте көптілді оқыту топтарында қазақ тілін үйрету жақсы жолға қойылды десе де болады. Бұл топтардағы қазақ тілі биыл үшінші жыл оқытылуда. Соңғы үшінші жылы әр факультетте көптілді топтар үшін «Арнайы қазақ тілі» пәні енгізіліп, 135 сағат берілген.

Мысалы, химия факультетінде 3-курс үшін «Арнайы қазақ тілі» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен дайындалып, мамандықтарына байланысты мақсатты түрде қазақ тілі оқытылды. Студенттердің сөйлеу қабілетін одан әрі жақсарту үшін бағдарламаға көркем әдеби стиль, ғылыми стиль, публицистикалық стиль туралы, шағын мақала жазып үйрену, ресми іс қағаздары және химиялық тақырыптарға арналған мәтіндер, оларға байланысты практикалық тапсырмалар берілген.

Сабақ барысында студенттер берілген материалдармен жұмысты қызығушылықпен орындайтыны байқалды. Әрине, әр сабақта белгілі бір мақсат қоя білу — ең маңыздысы, яғни:

Студенттерді күнделікті қарым-қатынас түрлеріне еркін араласып, өз мамандығы бойынша сұхбаттар жүргізе алуға үйрету. Мамандық саласына қарай жиі кездесетін лексиканы, ғылыми терминдерді, күрделі синтаксистік құрылымдарды қолдануға үйрету. Өз мамандығы бойынша хаттар, баяндамалар, пікірлер, эссе жазуға үйрету, радио, теледидардан ақпараттар тыңдап, түсінуге машықтандыру.

– Күнделікті тұрмыстық және кәсіби сөйлеу жағдаяттарында сұхбат түрлеріне еркін араласып, сөйлесу, әңгімені қолдау дағдыларын қалыптастыру.

– Әр түрлі стильде жазылған мәтін, өз мамандықтарына сәйкес еңбектер мен ғылыми зерттеулерді оқып, негізгі ақпараттарды ала білу дағдысын қалыптастыру.

– Өзі туралы ақпаратты, түйіндеме, рецензияларды, құттықтау хаттарын жаза білуге дағдыландыру.

– Теледидар, радио арқылы берілген ақпараттарды, тіл иесінің табиғи айтылған сөзін, өз мамандығы бойынша сұхбаттарды түсіне білуін қалыптастыру.

– Монолог түрінде берілген мәтіннің жеке мағыналық бөліктері бойынша негізгі ойды, ақпаратты есту, тыңдау арқылы түсіне-білу дағдысын дамыту.

– Қазақ тіліндегі кәсіби бағдарлы жарнамаларды, іс-қағаздарды, нұсқауларды оқып, түсіну, қалыптастыру.

– Аударма, кәсіби бағыттағы сөздіктерді пайдалана білуге үйрету.

– Қазақша дұрыс, мәнерлеп сөйлеу машығын қалыптастыру.

– Ауызекі сөйлеу, көркем әдеби, публицистикалық, ғылыми стильдердің, сондай-ақ кәсіби тілдің қолдану жағдайларын айыра білуге үйрету.

– Белгілі бір кәсіби қатынас саласындағы танымдық-қатысымдық міндетті шешуге керекті ақпарат тыңдау арқылы түсіне білуге дағдыландыру.

– Өз мамандығы бойынша ғылыми мәтіндерге пікір беруге, ғылыми мақала, баяндама жазуға машықтандыру.

Бұл тұрғыда оқытуға коммуникативті іс-қимылдық тұрғыдан келу және жеке студенттердің, ұжымның белсенділігін арттыру үшін түрлі жұмыс түрлерін жүргізу қажет.

Әдіскер-ғалымдар бұл жөнінде мына ерекшеліктерді көрсетіп бергені белгілі:

– барлық оқу материалдары және әрбір сабақта алған білімді күнделікті коммуникативтік қызметте, табиғи тілдік қарым-қатынаста пайдалануға бағытталған; яғни, үйренушінің күнделікті қарым-қатынаста, сөйлеу жағдаятында қолданатын лексикалық-грамматикалық минимумына баса назар аударылады. Сабақтың мәтін материалдары, лексикасы мен грамматикалық ережелері, елтану материалдары осы мақсатқа бағытталады;

– барлық мәтін материалдары, лексикалық-грамматикалық минимум кәсіби бағдарлық жағынан маңызды болуға тиісті;

– оқыту жүйесі үйренушінің дербес психологиялық жас және ұлттық ерекшеліктерін ескереді. Яғни оқытудың негізінде үйренуші оқу үдерісінің субъектісі болып табылады;

– оқыту процесінде үйренушіге сөйлеу жағдаяты жасалады;

– сөйлеу жағдаяты үшін жаттығулар топтастырылады;

– оқыту процесінде жұмыстың ұжымдық нысаны қолданылады.

Сөйтіп, коммуникативті уәждеме жасалады. Ал коммуникативті уәждеме дегеніміз — сабақты өту барысында кәсіби бағдарлы сипатта үйренушілердің бір-бірімен және оқытушымен тілдік қарым-қатынас жасауы [1].

Жеке адамның, ұжымның мүмкіндіктерінің белсендіктерін арттыру әдісі бұдан бұрын айтылып жүрген жеделдетіп оқыту әдісімен байланысы бар. Мысалы, үйренушінің жадын белсенді ету, яғни, жаттау арқылы үйрету қолданылады. Ал бұл әдістің негізі — белсенділікті арттыру. Бұнда оқытушының да, үйренушінің де белсенділігі болу керек. Бұл үшін:

– ұжымдық өзара жұмыс істеу;

– жеке үйренушімен тікелей байланыс;

– рольдік ойындар;

– жаттығулардың көп түрі пайдаланылады.

Жалпы қазақ тілі әдістемесі ғылымында осы мәселеге әдіскер-ғалым Ф.Оразбаева жеке тоқталады [2]. Ғалым бұл әдістемеге байланысты қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқытуда мынадай ұстанымдарды атап өтеді:

1. Тіке байланыс.

2. Адамның жеке қабілетін басқару.

3. Сөйлеуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін анықтау.

4. Сатылап даму.

5. Динамикалық өзгеру.

6. Өзектілік.

Ал әдіскер-ғалым Қ.Қадашева тіл үйретуде кез келген тәсілді қолдануда оқытушының рөлі басым екенін айтады [1].

Оқыту үйренушінің оған деген қызығушылығы артқанда ғана өз нәтижесіне жетеді. Оқытушы өзінің оқыту үдерісіндегі қызметінде әр түрлі тапсырмалар, жұмыстар атқарады. Ол негізінен: ұйымдастыру, әдістеме және психологиялық ерекшелік.

Оқыту үдерісі табысты болу үшін сабақта психологиялық климат тудыру қажет. Оқытушы формалды түрде ұжымдық қатынас тудырмай, әрбір үйренушімен жеке жұмыс істеуге әрекеттенуі қажет. Ол қатал сарапшы немесе төреші емес, керісінше, жақсы қарым-қатынас құратын қайырымды кеңесші болу керек, себебі үйренушінің тілдік қарым-қатынасқа түсуін бақылауға және дұрыс сөйлеуге үйретуде оның мәні зор.

Уәждеме тудыруда оқытудың мазмұны үлкен рөл атқарады. Оқытушы сөйлеу жағдаяты тақырыбына қатысты коммуникативтік жеңіске жетуді ойластыру керек, сонымен бірге жаңа, өзекті, қызығушылығын арттыратын мәтін материалын дұрыс таңдап ұсынуды ұйымдастыру қажет.

Сонымен қатар мамандыққа байланысты оқытуда төмендегі талаптар қойылады:

- мамандық бойынша лексикалық және грамматикалық минимумдарды баяндау;
- осы арқылы дағды мен ептілікті қалыптастыру;
- тілдік өрнектерді сараптау;
- үйренушінің өз мамандығына сәйкес, тілді коммуникативтік қарым- қатынаста қолдана алатындай дәрежеде біліп шығуын қамтамасыз ету;
- сөйлеу іс-әрекетінің төрт түрінің негізі қамтылатын мәтіндерді беру;
- елтануға қатысты материалдарды үйренушінің өз қажетіне қарай пайдалану;
- сөйлеу жағдаятын үйренушінің мамандығына қарай бейімдеу, арнаулы терминологияның берілуін қарастыру;
- кәсіби тілдік құзыретін қалыптастыру.

Мысалы, төмендегі бір сабақты алып, қарастырайық.

Жалпы мәтін — коммуникативтік бірлік, тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйе болып табылады. Ол тіл үйренушілердің қарым-қатынасын іс жүзіне асырудың өзегі ретінде және өзара түсінісу, ойды жеткізуде де маңызды рөл атқаратын тұтас жүйе [3].

Қарым-қатынас жасау үнемі екі жақты үдеріс, осыған байланысты студенттердің мамандығына сай қарым-қатынас жасауының өзіндік тәсілдері бар.

Тақырып: ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан үзінді.

1-мәтін:

...Қазір Қазақстан үшін үлкен мүмкіндіктер бар. Тұтастай алғанда алдағы кезеңде мына төрт бағыт әлем картасының ғылыми технологиясына үлкен ықпал ететін болады.

Бірінші — биотехнология және биохимия. Бұл — **азық-түлік қауіпсіздігін сақтау**, адамның **иммундық жүйесін нығайту**, интеллектуалды жүйе құрудағы маңызды бағыт. Сондықтан қазір біз Астанада Ұлттық биотехнологиялық орталық құрдық.

Екінші — экоэнергетика. Бұл — энергияның қайталама көздері, **«жасыл энергетика»**, **отын элементтері, жоғары өткізгіштер, көміртегі қосындысын ұстау мен сақтау**, энергияны аз тұтынатын жарық көздері.

Үшінші — экология. Парникты газдар шығарындыларын азайту, су тазарту, түрлі биосубстанцияларды тез анықтау, биологиялық тұрғыдан ыдырайтын **пластиктер енгізу**, бактериялар құру, қоршаған ортаны **ластандырғыштарды жою** технологиялары белсенді дамитын болады. Төртінші — антиэйджинг (антикәрілік). Бұл — өмірді ұзарту мен жасаруды зерттеу [3].

Бұл зерттеулер қаншалықты күрделі көрінгенімен, адамзат ерте ме, кеш пе бұл мәселелердің бәрін шешеді.

2-мәтін:

...«**Алыстан ойламаған жақыннан уайым табады**» деген сөз бар. Біз — болашағымызды болжап отырған елміз. Енді тек ұмтылыс керек, **еңбек пен қабілет керек**, ең бастысы, **Отанға деген шекіз сүйіспеншілігіміз керек**.

Жастарға айтатыным: **бақытты өмірді басқа жақтан іздемендер. Ата-бабаларымыздың айтып кеткен асыл сөздері есте болу керек. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол»** деген өсиет қалдырған. **Өз Отаның — бұл дүниедегі жәннатың мен шуағың**. Сондықтан білімдерің мен қайрат-жігерлеріңді өз елдеріңнің мүддесіне жұмсаңдар. **Туған елің дәулетті, туған жерің сәулетті болса, сендер де әулетті, әлеуетті боласыздар**. Сол үшін менің қатарластырым еңбек етіп келеді. Бұнда міндет сендердің де мойындарыңа түседі. Сонда өз ұрпақтарыңда ойлайтын боласыздар. Сондықтан осы бастан қам жасау керек.

Еліңді сүйе білсең, жан аямай қызмет ете білсең, елің де сені алақанға салып, аялай біледі. Осыны ұмытпаңдар. Туған елдеріңнің игілігі үшін жанкешті қайрат қылып, Қазақстанның

мактанышы болуларыңа тілектеспін, жас достар! Намысты ұл-қызын ұлықтайтын Отанымыз аман болсын! [3].

Тапсырмалар:

1. Мәтінді ұнтаспадан (немесе теледидардан) тыңдаңыз.
2. Бөлімге бөліп оқыңыз.
3. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздер мен сөз тіркестерін түсініп, талдау жасаңыз.
4. Екінші мәтіндегі нақыл сөздерді сөйлесімде пайдаланыңыз.
5. Әр бөлімді талқылаңыздар. Пікіріңізді айтыңыз. Дәптерге жазыңыз.
6. Осы тақырыпқа сіздің ойыңыз. Дәптерге жазыңыз.
7. Әңгіме-сұхбат құрастырыңыздар.
8. Сіз өз болашағыңызды қалай елестетесіз?
9. Жақсы өмір сүру үшін не істеу керек деп ойлайсыз? Айтыңыз.
10. Мәтіндегі сөйлем түрлерін анықтаңыз.

Мәтіннің тәрбиелік мәні зор. Сабақта студенттер болашақ өмірді химия ғылымымен байланыстыра отырып, пікірлерін толық айтып бергеніне көзіміз жетті. Еліміздің болашағы, халықтың жақсы өмірі үшін химия ғылымының маңызы зор екенін, ол үшін елін, жерін қастерлей, құрметтей, сүйе білу керек екенін айтты. Ұсынылған тапсырмалар үш сабақ бойы толық орындалып, СОӨЖ-де өздік жұмыстар жасалды. Сөйтіп студенттердің осы тақырыпта сөйлеу деңгейлері біршама артты [4].

Ал мына төменде берілген сабақтың да өзіндік ерекшелігі болды.

Тақырып: Қымыздың емдік қасиеті. Химиялық құрамы.

Ғылыми стиль.

Ғылыми әдебиет тілі стилінің ерекшелігі мынада:

1. Ғылым әдетте зерттеу объектілерінің, табиғаттың, қоғам дамуының т.б. заңдылықтарын айқындау үшін керекті талдау, топтастыру, салғастыру материалдарына негізделетін қорытындылар жасауды керек қылады. Олар ғылым түрінің ерекшеліктеріне қарай кейбіреуі сол ғылым (мысалы, химия, физика, математика) мамандарына арналса, бірқатары, әсіресе қоғамдық ғылымдар жайындағы әдебиеттер, оқулық, оқу құралдары көпшілікке арналады. Сонымен қатар олардың тілінде елеулі айырмашылық болады.

Мәтін: Қымыздың емдік қасиеттері. Химиялық құрамы.

Сүттің химиялық құрамы өте күрделі. Бие құлындағаннан кейін алғашқы 2–3 күндей сүт бездері уыз бөліп шығарады, оның құрамының жай сүттен едәуір айырмашылығы бар. Уыздың құрамында ақуыз бен дәрумендер 2–3 еседей көп, ал май мен сүт қанты 1,5 еседей кем.

Әр түрлі мал сүтінің химиялық құрамы үнемі тұрақты бола бермейді. Ол малдың физиологиялық күйіне, азықтандырылуына, күтіп-бағылуына және тұқымына қарай өзгеріп отырады.

Қымыздың минералдық құрамы: Na-34мг; K-77мг; Ca-94мг; Mg-25мг; P-60мг; Fe-0,1 мг тұратындығын, сонымен қатар онда адам ағзасына аса қажетті дәрумендер де мол екендігін көрсетеді. Соның ішінде С дәрумені өте көп.

Қымыздың әрбір 100 грамындағы дәрумендер: С (аскорбин қышқылы) 9 мг; А (ретинол) 0,03 мг; В-В1 (тиамин) 0,02 мг; В2 (рибофлавин) 0,04 мг; В12 (кобаламин) 0,06 мг; РР (никотин қышқылы) 0,08 мг.

Сүттегі ең бағалы зат — ақуыз. Бие сүтінде ол 1,8–2,2 % құрайды. Сүтте ақуыздың үш түрі — казеин, альбумин және глобулин болады, олардың әрқайсы бірнеше фракцияға бөлінеді. Бие сүтінде 40 % еритін ақуыздар (альбуминдер, глобулиндер, пептондар және бос амин қышқылдары) бар. Ақуыздың мөлшері мен өзара қатысы сүттің ұюына әсер етеді. Бие сүті ашығанда құрылымы майда борпылдақ масса түзеді. Сонымен қатар бие сүтінің ақуызы едәуір қоректі келеді.

Бие сүтінде шамамен 1,3–2,0 % май бар, бұл сиыр сүтінен екі еседен астам кем. Әдетте сүт майы май түйіршіктерінен құралады. Бие сүтіндегі май түйіршіктері кіші келетіндіктен, организмге тез гидролизденеді және жақсы сіңеді. Май глицериннен және май қышқылдарынан тұрады. Қазіргі кезде 20-дан астам қаныққан және қанықпаған май қышқылдары бар екендігі анықталды. Сүт майындағы бұл қышқылдардың мөлшері әр түрлі малда түрліше келеді.

Қымыздың емдік қасиеті оның құрамындағы химиялық заттарға байланысты. Ашу процесінде пайда болған сүт қышқылының және әр түрлі ас қорыту ферменттерінің, т.б. пәрменді катализаторлардың әсерінен құрамдық заттардың сіңімді түрлері пайда болады. Сөйтіп, олардың зат алмасу процестеріне қатысу реакциясы артады. Сонымен қатар бұл процестердің нәтижесінде

қымыздың дәмін, иісін, т.б. тағамдық қасиеттерін жақсартатын және тағамға тәбет тарттыратын заттар пайда болады. Құрамы осыншама бай және жоғары дәрежеде болғанымен, қымыздың энергетикалық қуаттылығы 100 г-да 40 ккал. Қымыз ежелден ас қорыту жүйесінің ауруларын, анемия, құрқұлақ, мешел, неврастения және туберкулезді (құрт ауруларын) емдеуге қолданылып келеді. Сондай-ақ қымыз ішектегі іріп-шіру процестерін тежеуге әсер етеді. Ондағы шіріткіш микробтарға, ішек таяқшаларына, стафилококк микробына антибиотиктердің әсері бары дәлелденді. Сол сияқты, туберкулез таяқшаларының өсіп-өнуіне кедергі жасайтыны анықталды.

Қымыздың емделу ережесі: алғашқы 3–4 күн бойы аз-аздап, күніне 0,5 литрдей ғана ішіп, кейін 1 литр, одан да көбірек ішуге болады. Сөйтіп, 7–8 күнде аурудың асқа тәбеті артып, ас қорытуы түзеле бастайды. Қымызды тамаққа дейін 1–1,5 сағат бұрын ішу керек. Жалпы, туберкулездің қандай түрін болмасын қымызбен емдеуге болады. Бірақ, ауру өршіп, қозып тұрған кезде, қан түкіріп, дене ыстығы көтеріліп кеткен жағдайда, қымызбен емдеуді уақытша тоқтата тұру керек.

Қымыздың құрамдас бөліктерінің әрқайсының тәнге әсері, пайдасы бар. Мысалы: сүт қышқылы асқазанға, ұйқы безіне, зат алмасуына, әсіресе, тәндегі қышқыл — сілті алмасуына, көмір қышқылы ас қорыту жолдарындағы сөл бөліну, қозғалыс және таралу үрдістеріне жақсы әсер етеді. Көмірқышқылы тыныс алу орталығын тітіркендіреді, сол арқылы зат алмасуды, дем алуды жақсартады. Қымыз құрамындағы спирт тыныс алу орталығының жүрек-қан тамырлары мен орталық жүйке жүйесінің қызметін жақсартады. Қымыздың нәруыздары тәнге өте сіңімді, ана сүтіне тән қасиеттерге ие. Қымыздағы сүт қышқылды бактериялар ішектегі ашу, шіру үрдістерін азайтады. Қымыз — С дәруменінің негізгі көзі. 1 литр қымызда 91–157 мг мөлшерінде С дәрумені болады [5].

Тапсырмалар:

1. Ғылыми әдебиет тілі дегенді қалай түсінесіз?
2. Сөздік жұмыс. Оқытушының көмегімен таныс емес және химиялық термин сөздерге талдау жасаңыз. Сөздердің дұрыс айтылымын ұнтаспадан тыңдаңыз.

3. Мәтінді абзацқа бөліп оқыңыздар.
4. Химиялық элементтердің қандай түрі кездеседі? Дәптерге жазыңыз.
5. Бие сүтінің химиялы құрамы қандай? Жазып, түсіндіріңіз.
6. Қымыздың минералдық құрамы туралы айтыңыз.
7. Қымыздың құрамының формуласын жазыңыз.
8. Қымыздың емдік қасиеті туралы әңгімелеңіз.
9. Қымызбен емделу ережесін біліп алыңыз, айтып беріңіз.
10. Сөйлем байланысын қараңыз.

Өздеріңіз оқып көргендей, мәтін өте мазмұнды әрі химиялық тұрғыдан алынған.

Маңыздылығымен қоса кәсіптік сөйлеу деңгейін қалыптастыру үшін студент әр сөйлемінде химиялық терминдерді, ақпараттарды, мысалдарды қолдануына тура келеді.

Сонымен бірге мәтінмен жұмыс барысында қосымша ұлттық тәрбие берілетіні сөзсіз. Студент ұлттық тағам түрлерін, олардың ерекшеліктерін, оның ғажайып жұмбақтарын шеше отырып, мәтінді зор қызығушылықпен оқып, түсінуге тырысты. Қосымша материалдар жинақтап, СОӨЖ-де тұсаукесер жасады.

Осы сияқты кәсіптік тақырыптағы мәтіндер тіл дамыту үшін өте маңызды әрі қажетті. Осы тақырып бойынша сөйлеу үшін оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым әрекеттерін қолдана отырып, жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдер оқытушының шеберлігіне қарай таңдалып алынатыны белгілі. Сөйтіп әр сала мамандықтары бойынша тіл үйренуде терминдерді үнемі қолдану сөздік қорды көбейтіп, сөйлеу әрекетіне алып келеді.

Осы сияқты химия мамандығындағы «Аранайы қазақ тілі пәні» бойынша мынандай тақырыптарда тіл дамыту жұмыстарын жүргіздік.

«Химиялық байланыс түрлері», «Реакция және реагенттердің түрлері», «Реакция механизмі», «Органикалық қосылыстардың қышқылдық және негіздік қасиеттері», «Бос радикалдардың түзілу жолдары». Бұл тақырыптарда студенттер қазақ тілінде мәтіндермен түрлі жұмыс жасай отырып, өзара сұхбаттасып, пікірлерін айтты. Түрлі формулаларды тақтада және дәптерде жазып, оларды қазақша оқып жаттықты. Қосымша әдебиеттерден қарастырып, қысқаша тезистер, рефераттар, пікірлер және аннотация жазып үйренді.

Мамандыққа сай берілетін мәтіндермен жұмыс қатысымдық жаттығулармен сабақтаса келіп, ақпараттық, қатысымдық, дамытушылық қызмет атқарады.

Сабақ үстіндегі күнделікті қарым-қатынаста қазақ тілінің грамматикалық және лексикалық материалдарын мәтіндер арқылы игертіп, студенттердің қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған жұмыс түрлерін орындатуға үлкен мән беріледі [3].

Мәтіндегі таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін түсіндірудің де маңызы зор. Бұл жұмыс түрі сөздік қорын молайтып, сөздердің бір-бірімен байланысын меңгеруіне септігін тигізеді.

Мәтін арқылы тіл үйренушінің дүниетанымы кеңейеді, түрлі ақпараттармен танысады, мамандыққа байланысты ой-өрісі кеңиді, ойын жүйелеп айтуға дағдыланады, сөйлеу тілі дамиды.

Мәтін бойынша сұрақ-жауап әдісімен сұхбат құра отырып, сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Сол сияқты адамгершілік тәрбие беріледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қадашиева Қ.Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. — Алматы: ҚазМЗА, 2000. — 167-б.
- 2 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. — Алматы, 1996. — 415-б.
- 3 Билял Б.Қ. Студенттердің коммуникативтік дағдысын қалыптастыруда мәтіннің рөлі // «Қазақстандағы орыс тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері» атты респ. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Қарағанды: Санат-Полиграфия, 2008. — 382-б.
- 4 Абдрахманова Г.Х. «Арнайы қазақ тілі» пәні бойынша оқу-әдіст. кешен. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2010. — 118-б.
- 5 Мырзабаев А.Б. Оқушылар шығармашылығын дамыту. — Қарағанды: Санат, 2002. — 192-б.

Г.Х.Абдрахманова

Из опыта обучения казахскому языку в полиязычных группах по дисциплине «Профессиональный казахский язык»

В статье рассматриваются методические проблемы обучения казахскому языку в полиязычных группах. Представлен методический опыт преподавателя по профессионально ориентированному обучению казахскому языку студентов химического факультета в курсе дисциплины. «Профессиональный казахский язык». Автором раскрываются методические приемы и способы изучения профессиональной и терминологической лексики, синтаксических конструкций, представлена система работы с текстом по специальности, направленная на развитие устной речи студентов. Рассматриваются различные виды работ с текстом по развитию навыков профессиональной речи, подтвержденные анализом конкретных примеров, а также обосновывается практическая значимость такой работы.

The article is devoted to the methodical problems of teaching of the Kazakh language in multilingual groups. There is in the article the teacher's experience on professional oriented teaching of Kazakh on chemical department's students during studying the discipline «Professional Kazakh Language». There is discovered methodical principles and ways of studying of terminological and professional lexical system, syntax constructions, also there is given a system of work with special texts on chemistry directed to development of oral speech of students. In article are considered various kinds of works with the text on development of skills of the professional speech, confirmed by the analysis of concrete examples, and also the practical importance of such work is based.

Б.Қ.Сәдуақас¹, М.Р.Ысқақов²¹ Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;² № 101 мектеп-лицей, Қарағанды**Орыс сыныптарында қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін оқыту**

Мақала авторлары қазіргі таңдағы шешуі күрделі мәселелерді алға тартып, өзіндік ұсыныстарымен қоса, іс-тәжірибелік, әдістемелік кеңес құруды жөн көрген. Қазақтың халық ауыз әдебиетін арнайы оқулық ретінде оқытып, оның оқушыларға тіл үйретуде зор көмегі тиетініне сеніммен қарайды. Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүріне байланысты ашық семинар сабақ жүргізуді үлгі ретінде көпшілікке тарту еткен. Тіл үйретуге басқа пәндердің көмегі тиіп, мәселен, Қазақстан тарихы, географиясы қазақ тілінде жүргізілуін қалайды. Қазақтың бай салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын әрбір ұлт өкілі білуге тиіс екендігін және олардың білуге міндетті екендігін басып айтқан. Тіл үйрету мәселесі жалпы халықтық деңгейде жүргізілуі керектігіне тоқталған.

Кілтті сөздер: қазақ халқы, ауыз әдебиеті, орыс мектептері, қазақ тілі оқулықтары, модуль көлемі, қазақ тілін меңгерту, қазақтың әдет-ғұрпы, қазақша нұсқалар, сабақ үлгілері, пән мұғалімі, ежелгі дәстүр.

Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің де, тарихының да, тілінің де мол қазынасы әдет-ғұрып, салт-дәстүрінде жатыр [1]. Жер бетіндегі қай халық болса да өз салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын ұстану жағынан алдыңғы орында сияқты. Көптеген жақсы дәстүрлеріміз жарқырап көрінбей, жай тілде бар, жүректе жоқ, қағазда бар халықта жоқ боп, уақытты оздырып жатыр. Тамаша дәстүрлерге өте бай екенімізді жас ұрпақтардың құлағына күн сайын құя бергеннен еш ұтылмаймыз. Біздің қоғамда тек қазақ ауылдары мен қаладағы қазақ тойларында шынайы болса, театрларда, оқу орындарында, қазақ мектептерінде, аралас мектептердің қазақ сыныптарында ғана дәстүрлердің шынайы емес сахналық көріністе, қойылымдарда ғана көрінуінен басқа жаппай жалпыхалықтық болып таралуына қыруар еңбек керек. Ал қазақ дәстүрлерін көрсетіп, насихаттау тек Наурызда ғана өтіп келе жатқанына біраз жылдар болып қалды. Тіпті, орыс мектептеріне арналған қазақ тілі оқулықтарының бәрінде де бір модульдің көлемінде оншақты сағатқа құрылған бағдарламамен шектеліп келеді. Оған да тәуба деп отырмыз [2].

Қазіргі кезде кез келген орыс мектебіндегі сыныптардың жартысына жуығы жергілікті қазақ ұлт өкілдері. Оларға «Шығысым Батыс боп кетті» дегізбей, дер кезінде санасын жаулаудың, әрине, қазақтың озық үлгідегі дәстүрлері мен ғұрыптары арқылы «беттерін бері қаратып» он бір жыл бойы ойландырып отыратын болсақ, өз халқымызға да, асыл қазынамызға да ие боларымыз анық. Сонымен қоса, біздің елімізде өмір сүріп жатқан қай ұлт өкілі болса да қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін «бес саусағындай білуге» тиіс және де міндетті дер едік. Бір шаңырақ астында тұрып жатқаннан соң, олардың дәстүрлерінің насихатталуына да көп көмегімізді аямай отырғанымызды ұмытпағаны жөн секілді. Салт-дәстүрге баса назар аудару арқылы ерте заманнан бергі өткен өмірізді тереңдете оқыта аламыз. Сол себептен де қазақ тілін меңгертуге бірден-бір көмек жасай алатын дерек көздері осы әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізде жатыр. Оқушыларды патриотизмге тәрбиелейтін, адамдарды бір-біріне түсіністікпен, сыйластықпен қарататын, әдеп сақтау, ибалық, инабаттылық жағына бой бұрғызатын, жамандықтан аулақ қылатын, қажетті ақыл-кеңеске толы салт-дәстүрдің кешегісі мен бүгінгісін салыстырмалы түрде арнайы оқулық ретінде қарастырып, жалғыз мектеп қана емес, барлық оқу орындарына халық ауыз әдебиетін кіргізетін уақыт жетті. Кешігіп те жатырмыз.

Қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне байланысты материалдар көптеп баспа беттерін көруде. Тіпті, екі-үш тілде қатар аударылып шыққандары бар. Деректі фильм етіп түсірілген орысша әрі қазақша нұсқалары кейінгі жылдары көптеп шығуда. Бүкіл Қазақстан Республикасында әр мектепте сабақ беріп жүрген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің жеке қоржынындағы жазулы тұрған дайын салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарға байланысты жазылған сабақ үлгілерін жиыстырып, белгілі уақытқа құрылған осы сабақ үлгілерін сұрыптап, оқулық құрастыру — қиын да емес. Тек Білім және ғылым министрлігі рұқсат етсе болды.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтары арқылы жас ұрпақтың танымын, сана-сезімін ұстанымын, болашаққа аттаған қадамын реттеуге, саралауға болады. Қазақ елі — көп ұлтты мемлекет деген атқа ғана ие болмауы үшін, көп тілді ел деген сөзге қалмау үшін, біртүлді мемлекет, оның

қожайыны көп ұлт емес, бір ғана қазақ халқы екендігін мойындату керек. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді оқыту арқылы да, оны күнделікті өмірде қолдана білгізу арқылы да елдігімізді сақтап, асыл мұраларымызды, қасиетті қазынамызды қадірлете алуымыз керек. Сол себептен де қазақ еліндегі қай тілдегі мектеп болса да, әдет-ғұрып, салт-дәстүр арқылы тәрбие жұмысы жүргізілуі тиіс.

Бауыржан Момышұлы 1943 жылы, наурыз айында Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы Н.Оңдасыновқа асық, жасырынбақ, айтыс, бәйге, аударыспақ ойындарының жастарды шеберлікке, мергендікке, ширақтыққа, табандылыққа, ептілікке, тапқырлыққа, өлеңді суырып салып айтуға, ауыз әдебиеті мен музыкаға сүйіспеншілігін арттыруға, есеппен тәуекелге бел байлауға, тіпті, өзінің атағы мен ары үшін өлімге бас тигуге дейін баратынын рыцарлық қасиетке тәрбиелейтінін айта отырып: «Қазақ халқының өткен тарихындағы барлық жақсы дәстүрлер бүгінгі таңда қайта салтанат құруы тиіс», — деп, арнайы хат жазып жолдауы тегіннен-тегін еместігін аңғартса керек.

Белгілі қоғам қайраткері, заңгер ағамыз Н.Шайкенов: «Ұлт дәстүрі — заңнан биік», — деген екен. Өте орынды, қисынды айтылған тұжырымдар. Олай болса, осы пікірлер әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің тигізер пайдасының мол екендігін дәлелдеуде [3].

«Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл...» атты ашық сабақтың жоспары мен өтілу барысында қолданылатын материалдарды мысалға келтірелік. Бұл тақырып жоғары сынып оқушыларына 9-сыныптан бастап қана өтілуге тиіс. Әрбір өтілген ашық сабақтың материалдары кітапша етіліп, электрондық нұсқасымен бірге мектептің мұрағатына енуі керек деп ойлаймыз. Басқа мұғалімге, әсіресе, жас мамандарға үлгі боларлық көмекші құрал ретінде сақталынғаны тіптен жақсы. Сонымен, ашық сабақтың толық жазбасының бірінші мұқабасынан бастасақ. Жоғары жақта Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі, астына облыстық білім беру департаменті, сосын өз мектебінің аты. Одан төменгісі мектеп әкімшілігінің рұқсаты, мектеп мөрі мен басшы қолы, айы, күні, жылы. Мұқабаның ортасына таман ашық сабақ деп бір жолға жазылып, тақырыптың атын тырнақшаға алып, айырықша көз тартарлық әріптердің жазылуымен көркемдеп көрсету керек. Тақырыптың астына пән мұғалімі деп, мұғалімнің аты-жөні жазылып, ең аяғына таман елді мекеннің аты мен жыл жазылады. Келесі бірінші бетке бірінің астынан бірі санамалап: пән, сынып, тақырып, өтілетін күні, уақыты, аудиториясы және сабақ туралы аннотация жазылуы керек. Екінші беттен бастап сабақтың жоспары жазылады. Бас жағына ашық сабақ жоспары:

1. **Сабақтың тақырыбы:** «Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл...».

2. **Сабақ түрі:** семинар сабақ.

3. **Сабақ типі:** білім, дағды, машықтарын жетілдіру.

4. **Сабақ әдісі:** әңгіме, сұхбат, сұрақ-жауап.

5. **Сабақ формасы:** жеке.

6. **Көрнекілігі:** оқулық, ғылыми-көпшілік шығармалар, әдеби көркем шығармалар, түрлі-түсті көркем суреттер, картиналар, қазақтың ұлттық киімі, тамақ, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, әшекейлер, ойындарға арналған энциклопедиялар көрмесі, үйлену тойы туралы көркем және деректі фильмдер, құдаласу түрлері, жөн-жоралғылар түрлері, қыз ұзатудың рәсімдері, той басқарудың жол-жобасы, тойдағы ойынның түрлері, мақал-мәтелдер жазылған плакаттар.

7. **Сабақтың мақсаты:**

1) **білімділік.** Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің озық үлгілерінен мол ақпараттар алу. Тарихи деректерге жүгініп, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді ажырата білу;

2) **дамытушылық.** Оқушылар осы тақырыпқа байланысты бұрыннан естіп, біліп жүрген білімдерін ортаға салып, әңгімелейді. Мақал-мәтелдер, жар-жар, беташар, қоштасу, сынсу, сүйінші сұрау, бата түрлерін жатқа оқиды, ойларын айтады, пікірлеседі;

3) **тәрбиелік.** Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін сақтай білуге талпындыру. Отбасын құрудың қандай қиын екеніне дәлелдер келтіру. Достық, бірлік, татулық, махаббат туралы сөз қозғап, қыздың қылығы мен ұлдың жүріс-тұрысы, ұстанымы жөнінде әңгімелесу, пікір алысу.

8. **Сабақтың өтілу барысы:**

1. **Ұйымдастыру кезеңі.**

2. **Үйге берілген тапсырмаға шолу жасап, қысқаша қорытындылау.**

3. **Тексеру, барлау жасау. Алғашқы қадам.** Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері жайлы қаншалықты мағлұматтары бар екендіктерін анықтау.

Семинар сұрақтары:

– Әдет-ғұрып дегеніміз не?

– Қандай әдет-ғұрыптарды білесіңдер?

- Салт-дәстүр дегеніміз не?
- Қазақтың қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?
- Екеуінің қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар?

4. Оқушыларды бағалау. Сабаққа белсенді қатысып отырғандарға ынталандырып, тек өте жақсы ұтымды жауап бергендерге ғана «үздік бағасын» өз журналына қойып қою / жаңа сабақ түсіндірілген соң, алған білімдеріне де сондай баға болатынына жарнама жасау/.

5. Жаңа сабақ. Қарқынды қадам. Тақырыпқа байланысты әңгіме, сұхбат жүргізу. Сөздікпен жұмыс жасау. Құда, құдағи, құдаша, қайын ата, қайын ене, қайын іні, қайын сіңілі, қайын жұрты, өз жұрты, нағашы жұрты, келін /келін бала/, күйеу жігіт /бала/, жігіт жолдас, қыз жолдас, неке қию, неке суы, атастыру, айттыру, сүйек жаңғырту, қалыңдық, қыз ойнақ, ұрын келу, құда түсу, енші, жасау, жұбайы /зайыбы/, жеңге, жезде, балдыз деген сөздерге түсінік беру.

1. Құда түсудің түрлері мен жөн-жоралғылары:

Құда түсудің түрлері:

Бел құда,

Бесік құда,

Қарсы құда,

Жанама құда.

- Қазіргі заманда қай құда түсудің түрі қолданып келеді?
- Алып қашу деген бар ма? Кітаптан оқыған, елден естіген, көзіңмен көргендерің бар ма?
- Тағы да қандай құдаласудың түрін білесіңдер?
- Ендеше құда түсудің жөн-жоралғылары естеріңде болсын. Дәптерлеріңе жазып алыңыздар. Осы кезде /«Той жыры» әні ақырындап қойылған соң, «Тойбастар» күйі ойналып тұрады/.

Құда түсудің жөн-жоралғылары:

1. Жаушы жіберу. 2. Құдаларды қарсы алу. 3. Сырға салу. 4. Қалың мал келісімі. 5. Бес жақсы /бас жақсы/ сый-сияпаты. 6. Ілу. 7. Өлі-тірі рәсімдері. 8. Той малы /қара мал/. 9. Сүт ақы. 10. Жігіт түйе. 11. Ұрын той жасау. 12. Қыз ұзату тойы. 13. Жасау беру. 14. Келін түсіру. 15. Отау тігу. 16. Қоржын той. 17. Төркіндеу.

Құда түсудің жөн-жоралғыларының әрбіріне арналып жазылған қысқаша түсініктеме мәтіндерді әр оқушыға таратып беріп, оқытып, түсініктерін айтқызу. Немесе осы жерде ілеспе аударма жасатуға болады. Сұрағанда тақырыпшалардың бәрі толық қамтылуы тиіс. Құрылған мәтін үш-төрт сөйлемнен көп аспағаны дұрыс.

Мысалы:

Қалың мал

Құда түскеннен соң, жігіт жағы қалың мал төлеуге тиіс. Бұл — қазақ қазақ болғалы бұлжымайтын ежелгі дәстүр. Оның мөлшері құдалардың дәрежесі мен әулетіне байланысты екі жақ келісе отырып шешіледі. Ерте кезде қалың малдың «қырық жеті», «отыз жеті», «жиырма жеті», «он жеті», «домалақ қалың мал», «домалақ бата» деген түрлері болған.

Осы түсініктерін ары қарай жетілдіріп, бекіте түсу үшін, ой-толғауға арналған сұрақ қойылмақ:

– Қазақта: «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа», — деген нақыл бар, осы құда түсу жөн-жоралғыларының қайсысы өзіміз тұрған аймақта көп қолданылып келеді?

2. Қыз ұзатудың рәсімдері:

1. Көпшік қыстырар. 2. Шашу. 3. Киім ілу. 4. Табалдырық кәдесі. 5. Сыбаға асу. 6. Малға бата жасау. 7. Құйрық-бауыр асату. 8. Киім тігу. 9. Босаға аттар. 10. Асық жілік. 11. Ал төс. 12. Неке оқу. 13. Қыз қашар, түндік жабар. 14. Шатыр байғазы. 15. Мойын тастау. 16. Шаңырақ көтеру. 17. Ат байлар. 18. Сәукеле кигізу. 19. Босағаға ілу. 20. Сарын /аужар/ [4].

Мұғалім осы рәсімдердің барлығын өзі айтып, түсіндіріп, энциклопедияларды көрсету арқылы қысқаша шолу жасап өтеді. Мұны үй тапсырмасы ретінде әркімге жеке-жеке тақырыпты бөліп береді.

Картиналарды пайдаланып, ұзатылатын қыздың киім киісі мен киім үлгілеріне баса назар аудару қажет. «Қыз Жібек» киносынан үзінді көрсетіп, бұрынғы мен қазіргі киім үлгісіндегі айырмашылықты айтқызу.

3. Той басқарудың жол-жобасы:

1. Той бастар өлеңі. 2. Ұзатқан қыздың қоштасуы. 3. Шешесінің қоштасуы. 4. Жеңгесінің қоштасуы. 5. Қайым айту. 6. Жар-жар. 7. Сыңсу. 8. Беташар. 9. Бата беру.

Магнитофоннан Той бастар, Жар-жар, Беташар секілді қазіргі кезде жиі айтылып жүрген өлең-жырларды естірту. Және Жар-жарды барлығы қосылып айтып, келесі сынақ-сабаққа өз күштерімен тойдың өтілуін бейнелейтін қойылым ұйымдастыруына көмек жасау, бағыт беру қажет.

4. Мақал-мәтелдер айтқызу. Бір жолды, екі жолды, төрт жолды мақал мәтелдерді плакаттардан тауып, мағынасын ашқызу; /жазылған мақал-мәтелдер саны әр оқушыға төрт-бестен келсе, біреуі болмаса, біреуі қолма-қол естерінде жатталып қалады/.

– Қанеки, кім көп еске сақтап қалады?! Жан-жақтарыңызға қараңыздар, бірер минуттан соң плакаттарды жинап алғанда, жарыс ұйымдастырамыз, — деп ескерту жасау.

Мысалы, алдын ала ілінген, тіпті, үйге де берілген мақал-мәтелдер.

Тойдың болғанынан, боладысы — қызық.

*Аты, тоны сай кісі,
Жиын-тойға барысар.
Ұлы, қызы бар кісі,
Құдалыққа барысар.*

*Асқа барсаң, аш бар,
Тойға барсаң, тоқ бар,
Той қызығы — көкпар.*

Той тамағы — тәтті.

*Құданы Құдай қосады,
Досты періште қосады.*

*Әке сөзі — парыз,
ана сүті — қарыз.*

*Әйел жерден шыққан жоқ,
Ол да еркектің баласы.
Ерлер көктен түскен жоқ,
Әйел оның анасы.*

*Ұл өссе — ұрпақ,
қыз өссе — ырыс.*

*Шешеге қарап қыз өсер,
Әкеге қарап ұл өсер.*

Анаңның алдында асқар тау да аласа.

*Көріп алған көріктіден,
Көрмей алған текті артық.*

Ырыс алды — қыз.

Тегіне қарап, қызын ал.

*Бірінші байлық — денсаулық,
Екінші байлық — ақ жаулық,
Үшінші байлық — он саулық.*

*Үйлену — оңай,
Үй болу — қиын.*

*Жақсы әйел — ырыс,
Жаман әйел — ұрыс.*

*Күйеу — жүз жылдық,
Құда — мың жылдық;*

*Білімді әйел басыңа қарайды,
Білімсіз әйел жасыңа қарайды.*

*Адам ақылымен сымбатты,
Ұрпағымен қымбатты.*

Көргені жақсы көш бастайды.

*Бала — бақшадағы гүлің,
Оны тәрбиелеу — үлкен ғылым.*

*Ердің жақсысы елімен ойласады,
Әйелдің жақсысы ерімен ойласады.*

*Шақырусыз тойға барғаниша,
Шапаныңды ки де тойға бар.*

Тойда тоныңды сұрама.

Таз таранғаниша, той тарқайды.

*Әйел — үйдің көркі,
Еркек — түздің көркі.*

*Әшейінде ауыз жаппас,
Той дегенде, өлең таппас.*

*Біреу болса — құда,
Екеу болса — ұя.*

*Жақсы болсын, тегі, заты, тұқымы,
Пәк, ұятты болсын жанның тұнығы... /Жүсіп Баласағұн/*

*Елден елді аралап,
Тектіден текті саралап,
Нұсқасын байқап саралап... /Ақтамберді/*

*Көріп алсаң көріктіні,
Таңдап алсаң тектіні,
Сонда көңіл толмай ма!?! / Абай/*

– Есте қалған мақал-мәтелдеріңмен қоса тағы да қандай мақал-мәтел білесіңдер? Ендеше тойда ойналатын ойындарға қарай бет бұрайық.

5. Тойға байланысты ойындар. Қосымша баға алу кезеңі. Түсініктерін сұрау, кейбірін ойнатып көрсету.

Әңгімелесу сұрақтары:

- Той ойындарын білесіздер ме?
- Қазіргі тойларда қандай ойындар ойналып жүр?
- Осы ойындарды қазіргі кезде ойнауға бола ма?
- Бір ойын түрін көрсетші!

Ойын түрлері:

1. Сакина салмақ. 2. Нөмір. 3. Қассың ба, доссың ба? 4. Хан қалай? 5. Монданақ. 6. Орамал тастау. 7. Ұшты-ұшты. 8. Асау көк. 9. Соқыртеке. 10. Белбеу соқ. 11. Ымпи да тымпи. 12. Алтыбақан. 13. Аксерек-көксерек. 14. Қыз қуу. 15. Күміс алу. 16. Ағаш аяқ. 17. Ақсүйек. 18. Қимақ. 19. Санамақ. 20. Тасымақ. 21. Отырмақ. 22. Сыңарын табу. 23. Почта. 24. Сымсыз телефон. 25. Орын тап. 26. Аттамақ. 27. Епті жігіт. 28. Тасымалдау. 29. Асық ойыны.

Тағы да әр оқушыға жеке тапсырма ретінде ойын шарты жазылған мәтінді ұсынып, ілеспе аударма жасату қажет. Әркім өзіне берілген тапсырманы түсінгенін немесе түсінбегенін айтады. Ойын шартын жақсы ұққан оқушы келесі жолы барлығына ойын ойнатуға жолдама алып, екі бағаға қатар ие бола алады.

6. Бата бергізу, тілектер айтқызу /өздік шағын шығармашылық жұмысын істету/; батаның түрлеріне тоқталып, оңай жатталатын жаттамақ, тақпақ секілді бата мен тілектердің бірнеше мәтінін таңдатып, жаттап ұғып келуге беру. Өз жандарынан қосқызу, мәтінге жалғастырып ой қосқызу.

7. Алған білімдерін бекіту, жалпы шолу жасау:

Блиц-турнир ұйымдастыру /сұрақ тез қойылады, оған тез жауап қайтарылады. Сұрақтары:

- Құдаласқаннан соң қандай тағам түрін жеп, уәде беріседі? /құйрық-бауыр/
- Қызды ұзатқанда берілетін дүние-мүлік аттарын қалай атайды? /жасау/
- Құдаларға кигізетін киімдерді қалай атайды? /киіт/
- Екі жас үйленгенде тігілетін үйдің атауы? /отау/
- Күйеу жігіт қыздың шешесіне қандай кәде, сый жасайды? /сүт ақы/
- Балалар дүниеге келмей тұрғанда құдаласса, қалай аталады? /бел құда/
- Неше атаға дейін дейін қыз алысуға болмайды? /жеті атаға дейін/
- Бұрын құда болғандар тағы да құда болып, қыз алысса қалай делінеді? /сүйек жаңғырту/
- Жас жұбайлар әке-шешелерінен бөлек шыққанда не беріледі? /енші/
- Тұрмысқа шығатын қызға қандай бас киім кигізеді? /сәукеле/

Қай оқушы көп сұраққа жауап береді, сол жеңімпаз атанып, тиісті бағасын қолма-қол алады. Болмаса, екі оқушыны шығарып, кім бұрын жауап береді, қайсы көп балл жинайды, сол жеңімпаз болады.

8. Үйге тапсырма беру. Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін тереңдете оқу, тойға байланысты жыр, мақал-мәтелдер жаттау, бір ойын түрін басқаларға ойнату, үйрету және де сөзжұмбақ құрастыру.

9. Оқушыларды бағалау.

10. Сабақты қорытындылап, жалпы түсінік тудырып, сабақты аяқтау.

- Құрметті оқушылар, «Білетініміз — бір тоғыз, білмейтініміз — тоқсан тоғыз», — деп дана халқымыз айтқандай, біздер бүгін көптеген мағлұматтарға кез болдық. Бұлардың өзі — ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Сол халықтың қазынасын сақтай білейік. Басқа халықтардың салт-дәстүрлерімен салыстырып көрелік. Еліміздің ертеңгі болашағы сендердің қолдарыңда. Дәстүр жалғастығы арта берсін! [5].

Этномәдениеттің көбірек оқытылуынан кейінгі күтілетін нәтижесі мол десек, артық айтқандық болмас.

Оқушы:

1. Қазақтың тарихын, өмірін ой елегінде зерделейді, салыстырады, қабілетін дамытады.
2. Қазақтың ән мен жырына қанық боп, бойы үйренеді.
3. Сөздік қорын көбейтеді. Дайын фразаларды, тұтас сөйлемдерді, шешендік толғауларды сөйлеу тіліне пайдалана алады.

4. Көркем әдеби тілді меңгеріп, оны дамыта алады.
5. Сөздік жұмысын жүргізіп, сөз мағынасы мен сөз төркініне терең бойлауға, контекстегі сөз мағынасына көңіл бөлуіне мүмкіндігі болады.
6. Халық ауыз әдебиетіне, тарихына, өткен өміріне тіліне, этномәдениетіне, педагогикасына деген қызығушылық артады. Өздігінен ізденіс жасайды.

Ал мұғалімнің алдына қоятын мақсат пен міндеттері мынадай болмақ:

1. Орыс тілді мектептерде тіл игерудегі бес әрекетті қолдану. Олар: айтылым, тыңдалым, жазылым, сөйленім, тілдесім.

2. Қай сыныпта өтілуіне қарай, бастауыш сыныпқа бөлек-бөлек бағдарлама жасап, көбінесе шағын мәтін мен жаттамақ. Санамақ пен көркем суретті картиналар, қазақтың киім үлгілері, ұлттық ойын түрлері, атауы. Және ұлттық ойынмен ойнату арқылы таным-түсініктерін туғызу. Салт-дәстүрлерге байланысты фильмдерді көрсету. Әсіресе бала тәрбиесіне байланысты тұстарына көп мән беру керек.

Ал орта сыныптағыларға қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін өтерде тарих пәнімен тұспа-тұс қатар келіп, қазақтың байырғы еңбек құралдары, қару-жарақтар, киім-кешектер үлгісі және қазіргі кездегі үлгісін көркем суреттерден көрсету. Фильмдерден үзінді көрсету арқылы және оқушылардың өзіне сахналық көріністер мен қойылымдар жасату. Топтар арасында ән мен күйден, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып бойынша жарыс ұйымдастырып, ынталандыру бағаларын қою арқылы әр тоқсан сайын сынақ алуды жоспарға енгізу. Ұлттық ойындарды ойнатып, оның түрлерін, қалай ойналатынын ауызша айтқызып дағдыландыру.

Әдеп-ғұрыпқа байланысты тыйым, алғыс, тілек-бата, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш айтқызып жарыстыру әр апта сайын болып тұруы керек.

Жоғарғы сынып оқушыларына жас ерекшеліктеріне қарай көбінесе құдаласу, үйлену, келісу, татуласу, жөн-жоралғылар, қонақ күту, сый-сияпат жасау, дау-дамай шешу, ырым, ым-ишара, киім үлгісі, сән-салтанат үрдісі, көркем әрі әдепті сөйлеу үлгілерін, сөз әдебін көбірек үйрету.

3. Керекті материалдардың барлығы да оқушының танымдық қабілеттерін қалыптастыруға құрылған болуы керек [6].

4. Оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға, оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын шебер ұйымдастыру керек.

5. Сабақта нәтижеге бағытталған жұмыстың интерактивті түрлерін көп пайдалану қажет. Пәнаралық байланыс сабағын молайту үлкен нәтижеге қол жеткізері анық. Мысалы: биология, зоология пәнінде жан-жануарлар мен аң-құстарға байланысты өлең-жырларды және тұрмыста пайдалану жағы басты мақсатта айтылса. Ал тарих, география пәндері де, тіптен, олар қазақ тілі мен әдебиетінің жанашыры болуы керек, оларға әдет-ғұрып, салт-дәстүр тікелей қатысы бар.

6. Оқушының танымын, көзқарасын ұлттық құндылықты қастерлеуге бағыттау.

7. Халық ауыз әдебиетін, салт-дәстүр, әдеп-ғұрыпты оқыту арқылы жаңаша технологияның негізгі идеясы — оқу процесін өмірдегі болып жатқан қарым-қатынасқа ұқсастыру, жымдастыру. Оның әдістемелік маңыздылығы екі негізгі фактормен түсіндіріледі:

1. Тасылмалдау жағдайы. (Бұрыннан бар, дайын материалдарды пайдалана отырып, өмірдегі жағдайларға ұқсастыру).

2. Оқуға ынталандыру жағдайы: а) тіл үйренуге деген талпыныс пен қажеттіліктің туындауы; ә) заман талабына сай білім алу.

Салт-дәстүрлерді, әдеп-ғұрыпты оқыту арқылы рөлдік ойындар, айту, есту, сұхбаттасу барысында коммуникативті технологияны үнемі, жиі қолдану тиімді. Себебі қазақ халқының барлық салт-дәстүрі, ұлттық ойындары міндетті түрде төрт түрлі жолмен оқытылады. Олар: 1) даралық; 2) жұптық; 3) топтық; 4) ұжымдық. Бұлар қатысымдылық әдісті жүзеге асырып, оқушылардың таным-түсінігін, наным-сенімін, өзіндік ой-пікір, көзқарасын, ұстанымын, адамгершілігін, мінез-құлық нормаларын, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Қалиев С., Оразов М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. — Алматы: Рауан, 2005. — 18-б.
2. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. — Алматы: Добр. общества, 2001. — 38-б.

- 3 Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. — № 8. — Алматы: Према, 2008. — 32-б.
- 4 Кенжеахметұлы С. Казахские народные традиции и обряды. — Алматы: Алматыкітап, 2004. — С. 29.
- 5 Мемлекеттік тілді оқытудың әдістемесі: өзекті мәселелері мен озық технологиялар. — Қарағанды: Санат, 2008. — 47-б.
- 6 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. — Алматы: Мұрагер, 2005. — 55-б.

Б.К.Садуакас, М.Р. Искаков

Изучение казахских традиций, обрядов в русских классах

Автор затрагивает сложные и актуальные проблемы современности — обучение казахскому языку, при этом вносит свои предложения, дает практические рекомендации по методике обучения. По его мнению, изучение устного народного творчества как специальной учебной дисциплины поможет учащимся при изучении языка. В статье предлагается образец урока-семинара на тему: «Традиции и обычаи казахского народа». Автор уверяет, что обучение языку должно сопровождаться изучением истории и географии Казахстана.

The article deal with complicated and actual problems of the present — learning Kazakh language, offering his own suggestions, practice and systematical advices. Learning people's creative work as special educational discipline helps students in learning language, offers the model of the lesson on topic: «Traditions and customs of Kazakh people». The author proves that learning language must be accompanied by learning history and geography of Kazakhstan and must be in general state level.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ К 20 ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘОЖ 894.342.574

М.І.Әбдуов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Діни дастандарды зерттеудің маңызы

Қазақ фольклорының бай мұрасының жарқын үлгілерінің бірі — діни дастандар болып табылады. Бұл бағыт шығармаларын еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін барып ғана терең және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туды, сондықтан соңғы жиырма жыл ішінде бұл салада жаңа ғылыми идеялар пайда болды. Діни дастанның жеке зерттелуі қажеттілігі туғандығы анық еді. Аталған ғылыми мақалада діни дастанның қазақ фольклорындағы орнын анықтаумен байланысты бірқатар сұрақтар қарастырылды.

Кілтті сөздер: ақындық өнер, суырыпсалмалық дәстүр, көне дәуір, ХІХ ғасырдың соңы, халық ақындарының шығармалары, ақындар айтысы, діни қағидалар, қазақ баспасөзі, Қасиетті Құран сүрелері, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистері, діни дастандар, діни толғау-жырлар, діни ой-пікірлер.

Ақындық өнердің тарихына назар аударсақ, айрықша аңғарылатын бір ерекшелік — суырыпсалмалық дәстүр. Нақтырақ айтқанда, көне дәуірден бастап ХІХ ғасырдың соңына дейінгі туындылардың дені осы дәстүрдің негізінде шығарылған. Сондай мұралардың бір парасын халық ақындарының шығармалары құрайды. Оларға тән ортақ сипаттардың бірі үндес, ұқсас өлең жолдарының көпшілік тұстарда қолданыла беруі. Мәселен, халық ақындарында (Шөжеде, Шашубайда, Қақпанда):

*Ошақтың үш бұтына бермеген соң,
Жел сөздік кетеді, желден алған, —*

деген жолдардың кездесетіндігін атап айтуға болады. Осы жерде сұрақ туындайды. Неге ошақты төртеу немесе бесеу емес үш тұғыры болған? Үй ішіне жылулық тарататын, адамның өміріндегі аса маңызды қажеттілік — асты дайындайтын, жалпы шаңырақтың шаңырақ екендігін көрсететін осы ошақты қазақ халқы ерекше құрмет тұтқан. Ошақты өшірмеу — шаңырақты сақтау деген ұғымды білдірген. «От басы, ошақ қасы», «отағасы» деген түсініктер осы ошақтаға оттың негізінде шыққан. Әрине, кейбір пайымдауларда қазақтың ата-тегі көне замандарда отқа табынған, соның салдарынан осы жағдай қалыптасқан деген пікірлер де кезігеді. Оны да жоққа шығаруға болмас. Дегенмен, далада өрт болса, оны әдейілеп сөндірген, ал ошықтың отын қалдырған. Осы негізден келіп туындайтын пікір шаңырақтың ошағы тәрізді, ұлттың да үш тағанды қажетті өзегі бар. Олар: тіл, дін, дәстүр.

Кеңес дәуірі кезінде осының үшеуіне де дамытуға, жандандыруға, зерттеуге белгілі бір деңгейде тыйым салған еді. Қаншама қиындықтарды өткізіп барып, қол жеткізген Тәуелсіздіктің арқасында құрсауға түскен құндылықтарымыздың тиегін ағытып, жиырма жылдың ішінде, екі ғасырлық еңбекті атқарып, шырқау биікке көтерілдік. Атап айтқанда, талай тамаша тарихи ескерткішіміз қалпына келтіріліп, халыққа танылды, қаншама мешіттер салынып, дініміз үстем болды, рухани дүниелеріміздің бірі де бірегейі — ақындар айтысы асқақтады, затын былай қойғанда аты да ұмыт болуға айналған Наурыз мейрамы қайтып оралды, бір замандарда өз жерімізде қазақша сөйлеуге жасқанатын біз, бүгінде шет елдерде төл тілімізде баяндамалар жасап, дәрістер оқитын деңгейге жеттік. Әрине, айта берсек толып жатыр.

Еліміз егемендік алып, еркіндікке қол жеткеннен кейін, кезінде рұқсат етілмеген дүниелерді жарыққа шығару үшін жұмыла кірістік. Өйткені көптің аңсағаны, іздегені, сағынғаны осы еді. Солардың бір саласы — діни қағидалар, заңдылықтар, шығармалар іскер азаматтардың қажымай-талмай еңбектенуі арқасында жариялана бастады. Осындай игі бастамаға алғашқы кірісушілердің бірі — қазақ баспасөзі болды. «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Парасат», «Жас алаш», тағы да басқа газет-журналдар облыстық, аудандық көлемдегі басылымдарға ұйытқы болып, үлгі көрсетті. Жарияланған мұраларды былайша жүйелеуге болады:

- Қасиетті Құран сүрелері;
- Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистері;
- діни дастандар;
- діни толғау-жырлар;
- діни ой-пікірлер;

Қазақ баспасөзі қазірде халықтың талабына, сұранысына айрықша көңіл бөлуде. Соның көрінісінің бірі — жаңа басылымдардың өмірге келуі. Бұған мысал ретінде «Иман», «Имандық әлемі», «Шапағат нұр», «Ислам әлемі» газет-журналдарын атап айтуға болады. Аталған ақпарат құралдары негізінен ислам дініне қатысты материалдарды жариялап, жастарды адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне көбірек көңіл бөлуде. Бірінші мәрте «Құранның» қазақ тілінде басылып шығуы, Ы.Алтынсаринның «Мұсылманшылық тұтқасының», Шәкәрімнің «Үш анығының», «Мұқтасардың», «Иманның шарттарының», Халифа Алтайдың «Ғибадатул Исламының», дұғалық кітаптардың дүркін-дүркін жариялануы көңілге ризашылық ұялатады. Діни мұраларды зерттеу, оларға талдау жасау әлемдік фольклортану саласында айрықша орын алған. Олай болса, ислам әлемін танытатын төл тіліміздегі туындыларға пікір айту, ой қорытып, тұжырым жасау қазіргі кездегі келелі мәселелердің бірі болмақ.

«Газет — өмір айнасы» деп санаған кеңестік кезеңде діни шығармалардың жариялануына неге тыйым салынды? Біздің ойымызша, мұның бір ұшы төмендегі мәселелерде жатқан сияқты. Сол қоғамды басқарған коммунистік партияның негізгі ұраны: «Адам адамға — дос, бауыр, жолдас», «Адам адаммен тең праволы» болды. Және осы жолды ұсынушы да, өмірге әкелуші де, жүзеге асырушы да коммунистік партия деп жар салды. Яғни, оған дейін жалпы азаматты теңсіздік жайлап келген деген түсінік берді. Бірақ сол теңдікті, достықты діннің қағидаларынан алып отырғандығын жасырды. Сол сырдың астары ашылып қалмасын деген мақсатпен діни ұраларды аластауға бар күш-жігерін жұмылдырған еді. Яғни өсіп келе жатқан жас ұрпақ, исламның өзегі мен өмірін танып-білуден құралақан қалды.

Қазіргі қазақ баспасөзінде жарияланып жүрген діни мұралардың ішінде айрықша назарға түсетіні аңыздар мен дастандар. Тіпті, діни аңыздардың «Құран хикаялары» деген атпен жеке кітап болып басылып шыққандығын да атап айтуға болады. Мұндай діни еңбектердің жалпы адамзатты адамгершілікке, оқу білім алуға, еңбек етуге тәрбиелеудегі маңызы өте зор болмақ. Халифа Алтай былай дейді: «Біздің дініміздің аты — Ислам діні. Сол үшін де ислам діні оқудың, білімнің, тазалықтың, сондай-ақ бейбітшілік пен тәртіптің діні. Онда өмір сүрудің ең жақсы жолдары мен қағидалары көрсетілген. Ислам діні адамдарды жағымды, көркем мінезділікке, абзал әдептілікке тәрбиелейді» [1]. Діни мұраларды көпшілікке ұсыну барысында облыстық, аудандық газеттер де атсалысты. Мәселен, «Орталық Қазақстан» газеті 1990 жылдардың басында-ақ осы мәселені қолға алып, бүгінге дейін жалғастырып келеді. Шәді ақынның «Сияр Шариф», Рабғузидің «Қисса-ул-әнбиә», халықтың мұра «Жүсіп-Зылиха» шығармалары оқырмандармен сағынысып қауышты.

Сонымен қатар жекелеген жинақтардың да кітап болып шығуы жолға қойылды. Нәтижесінде Рабғузидің «Қисса-ул-әнбиясы», Ахмет Иассауидің «Хикметі» кітап болып шықты.

Қай халықтың болмасын рухани мұрасының алтын дінгеі ауыз әдебиеті болып табылады. Бірақ осындай сарқылмас қазынаның зерттелу деңгейі әр елде, әр түрлі. Әрине, оның да көптеген себептері бар. Соның бірі қоғамдық ортаның ықпалы. Біздің фольклорлық мұралар да түрлі кезеңі басынан өткерді. Ел байлығы ескірмейді, тозбайды, қайта уақыт озған сайын құндылығы мен қажеттілігінің арта түсері хақ. Халық айтады: «Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама» деп. Бізше, бұл азықтан ашығу емес, рухани ашығу тәрізді. Өйткені ұлттық болмыс, дүниетаным, салт, дәстүр, тағысын-тағылар — барлығы фольклордың бойында болатындығы ақиқат. Ал, онан сусындап нәр алмаған адамның ішкі жан дүниесі құнары жоқ құлазыған шөл дала тәрізді болса керек. Сондықтан бүгінгі жарыққа шыға бастаған «Бабалар сөзі» атты көптомдық жинақты болашақ ұрпаққа ұсынылған рухани байлық деп айта аламыз. Осы еңбектің алғашқы басылымының үш томы таза діни

дастандардан тұрады. Халықтың қазынасы болып табылатын рухани байлықты жинау, жариялау айтуға жеңіл болғанымен қыруар еңбекті қажет етеді. Өйткені оның кез келген адам байқай бермейтін сыры мен сыйпаты бар. Біріншіден, мұндай іспен шұғылданған адам ұлттық құндылықтарды бойына толық сіңірген, жаратылысынан фольклорға бейім, сан-саналы ғылымдарды електен өткізіп ойына орнықтырған данагөй ғалым болуы керек. Екіншіден, халықтың сарқылмас қазынасын асыл мұра ретінде ғана қабылдап қоймай, ондағы әрбір оқиға иірімін жан дүниесімен түсінетін, тереңіне бойлап, астарын аңғаратын жаншыр жан болғаны жөн. Үшіншіден, көреген көз, ұшқыр ой, мол тәжірибе қажет. Міне, жинақты құрастырушылар осындай өте жоғары деңгейдегі ғалымдар екендігін атап айтуды өзімізге парыз деп білдік. Жауапты редакторы — көрнекті ғалым Б.Әзібаева. Ғалымның «Шеризат-Гүлшат», «Казахский дастаныный эпос» және тағы басқа да әрі күрделі, әрі құнды еңбектерімен барша халыққа танымалы екендігін білеміз. Тағы бір айта кететін мәселе, асыл мұраны жинақтап, жариялатуда арнайы басшылық жасап отырған белгілі ғалым С.Қасқабасов екендігі.

Ауыздан ауызға көшіп келе жатқан ел байлығы заманның да заңның да құрсауын бұзып-жарып, әдебиетсүйгіш, ұлтжанды қайраткерлердің арқасында жеке шығарма түрінде болсын, жинақтық тұрғыда болсын талай мәрте жарық көрген екен. Оқырман қауыммен қауышқан солардың барлығы кезінде өз деңгейлеріне сәйкес көптің көңілін көтеріп, әдеби ортаны өркендетуге үлесін қосқан еді. Әрине, оны жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, жүйеленген, тұтастандырылған, ертеңгі ұрпаққа ұялмай ұсынатын еңселі дүние жариялана қоймаған болатын. Міне, бүгіннен басталған «Бабалар сөзі» көптен бері көкейде жүрген осы мәселенің түйінін шешкен туынды болады.

«Бабалар сөзі», ең алдымен, жалпы қазақ фольклортану ғылымының тарихындағы елеулі еңбек. Неге? Біріншіден, алғашқы томның алғы сөзінде мынадай нақты мәлімет берген: ««Бабалар сөзі» атты бұл томдық серия қазақ халқының аса бай әрі көп жанрлы рухани мұрасының барлық үлгілерін түгелге жуық қамтыды. Осыншама мол материал әрқайсысының көлемі — 25 баспа табақ мөлшерінен тұратын 100 шамалы томға енеді». Ауыз әдебиетінің мұралары толық жинақталған, осыншама томнан тұратын мұндай еңбек бұрын-соңды қазақ тарихында болған емес. Екіншіден, осыған дейінгі жарияланған шығармалардың көпшілігінің мәтіндері өңдеуден өткен еді. Әсіресе, кеңес өткізіліп, қажет деп тапса, алынып тасталды. Мұндай өзгерістер мазмұнға нұсқан келтіретін, мәтіннің маңызын ақсатып, көркемдік көрінісін солғындататын. Біз айтып отырған еңбек осындай олқылықтардан ада-күде аласталған, яғни, мәтін де, мазмұн да өзінің қолжазбадағы қалпын сақтаған. Үшіншіден, бірнеше нұсқалары бар шығармалар толығымен жарияланып отырмақшы. Бұл әрі жаңашыл сипат болса, әрі зерттеуші фольклористерге де үлкен көмек көрсететіндігі сөзсіз. Міне, еңбектің бір қыры осындай.

Қазақ баспасөзінде діни дастандарды жариялау барысында алдыңғы қатардан орын алатын журнал «Ислам әлемі». Бұл орайда жалықпай еңбек етіп, құды дүниені жинақтап бастырушы Масқұт Шафиғидың есімін де айта кеткеніміз жөн. Аталмыш журналдағы «Дариға қыз», «Мәлике қыз», «Ұры мен қызы», «Әбу Шахма», тағы басқа көптеген қиссалар осы журналдың арқасында халыққа ұсынылды.

Діни дастандар жарияланып, басылғанымен оларды зерттеу мәселесі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жүзеге аса қойған жоқ. Жинаушылардың дерекнамалық пікірлері болмаса, ғылыми тұрғыда талдаулар жасалған жоқ. Бұл орынды да. Өйткені қандай шығарма болмасын көпшілікке ұсынылғаннан кейін, оған байланысты құнды тұжырымдар жасау үшін белгілі бір уақыт қажет. Қазақ халқының діни эпосы әуелбастан ислам әлеміне негізделген. Діннің өзге нұсқасына арналған туынды жоқ. Мұның өзіндік себебі де бар. Оны белгілі ғалым В.В.Радловтың еңбегінен табуға болады: «Что касается религии казахов, то все они без исключения, как я уже заметил выше, несколько столетий средо исповедуют ислам» [2; 29]. Сол кезеңдегі алғашқы айтылған ғылыми тұжырым осы болды.

Кеңес дәуірі тұсында діни дастандар тұрмақ дінге қатысты бар дүниелер туралы арнайы пікір айту мүмкін емес еді. Жалпылама ойлар А.Байтұрсыновтың, Х.Досмұхамбетұлының, М.Әуезовтың еңбектерінде кездескенімен, діни дастандарға орай арнайы зерттеу жұмысы жүргізілген жоқ. Дегенмен, ғалым Н.Келімбетов исламға байланысты мұралардың қазақ даласындағы жандануына мән беріп, нәзира дәстүрін дамытушылардың бірі Шәді Жәңгіровтың әдеби мұрасы жайында көлемді еңбек жазды. Мұнда авторлық діни қиссаларға кеңінен тоқталып, тереңнен талдап, жан-жақты зерттеулер жүргізді. Бұл сол кезеңдегі діни шығармаларды көркем туынды ретінде құрастыруға арналған алғашқы қадамдардың бірі еді. Ү.Сұбханбердинаның топтастыруымен 1974 жылы жарық көрген

«Ғашық-наме» жинағы жоғарыдағы жолды жалғастыра түсті. Мұнда халық мұрасы «Жүсіп-Зылиханың» жыры енгізіліп, алғы сөзінде шығыстық қисса-дастандар тұрғысынан қарастыра отырып, нәзира үлгісімен жырлаған ақындар жайында, жырдың қазақ даласына келуі хақында, оның жариялануы турасында мәліметтер келтірді.

Зерттеуші-ғалым А.Қыраубаева өзінің ғылыми еңбегінде нәзира дәстүрінің жалпы әдебиетті дамытуға, өркендетуге айрықша үлес қосқандығын атап айтады. Әрине, ақынның белгілі бір сюжетті басшылыққа ала отырып, өз тарапынан жаңаша шығарма туғызуы, бір жағынан, әдеби мұраны байытса, екінші жағынан — шығарманың таралу ауқымын толықтыра түседі. Нәзира дәстүрінің өзі алғашқыда өнерпаздар арасында туған бәсеке тәрізді көрінеді. Мәселен, белгілі бір оқиға желісін кім көркем тілмен, шегіне жеткізе, төгілдіре жырлайды екен? Бірінен-бірі асып түскісі келген шығарушылар сол оқиғаның мазмұнын байытып, көркемдігін келістіріп, тартымдылығын тамаша етіп бірте-бірте асқақтата берген. Соның нәтижесінде сұрыпталған, өңделген, дүниелер өмірге келген. Сөйтіп, ғалым И.С.Брагинский нәзираның араб халифаты аумағынан асып Саманид патшалығындағы парсы әдебиетіне жеткендігін айтса, А.Қыраубаева: «XIII–XIX ғасыр әдебиетінде жанданған нәзира дәстүрі оянушылық дәуіріндегі антикалық мәдениеті жаңғырту идеяларымен үндесе келеді. Нәзираның негізгі тақырыптары ежелгі шығыс сюжеттері жанры қисса-дастандар болды» [3; 25], — деп тұжырым жасайды. Діни дастандарға да нәзира үлгісінің айрықша өзек болғандығы ақиқат. Қазақ даласына да еркін енген дәстүрдің көрінісінің бірі ретінде Шәді Жәңгіровтың «Назым Сияр Шариф» туындысын айтуға болады. Нәзирә үлгісінің бір көрінісін М.Ж.Көпеев шығармашылығынан көреміз. «Уағыз» деген көлемді мұрасының үшінші тарауы «Пайғамбардың мұғыражға барғаны» деп аталады. Оқиға сол күйінде сақталғанымен мәтін таза автордікі. Халықтық нұсқада:

*Бисмиллә — тамам сөздің басы дейді,
Бұл сөзім шарияттың қасы дейді.
Тыңдасаң құлақ салып мұсылмандар.
Мигражы Хазіреттің осы дейді [4].*

Шәді ақынның нұсқасында:

*Бісмиллә — адал сөздің басы дейді,
Хақ Расул Жаратқанның досы дейді,
Қисса етіп баяндайтын сол Расулдың
Ғарышқа барған жайын тыңда енді [5].*

Мәшһүр Жүсіп нұсқасында:

*Құдайым жарылқай ма көптен-аздан
Көңілім бар күшім келсе Қағба Хаждан
Қанша сөз сөйлегенмен бітіре алман
Аз ғана сөз сойлейін мұғыраждан [6].*

Сондай-ақ осы дәстүрде туған дүниелердің көшірме емес, аударма емес, жаңа шығарма екендігін кезінде М.Әуезов те, Е.Э.Бертельс те айтқан болатын. Сонымен қатар Н.Н.Конрадтың әлем әдебиетінде өзара байланыстың болатындығын, әлемдік оқиғаның негізінде қандай халықтың ақын-жазушылары болмасын, көркем дүниені өмірге әкеліп отырады, және ол сол өнерпаздың мұрасы болып табылады деген пікіріне сүйене отырып, ұлттық фольклортанушы-ғалымдардың ой-тұжырымдамаларына назар аудара келіп, ислам дінінің әлемдік дін қатарынан орын алатындығын және қазақ елінің қабылдағаны осы дін екендігін ескере отырып, нәзира үлгісінің бізде де жанданғандығына көз жеткізгеннен кейін діни эпикалық жырларды халқымыздың төл туындысы ретінде зерттеуге болады деген қорытынды жасадық.

Діни эпосқа байланысты зерттеу жұмыстары соңғы он жылдың ішінде қолға алына бастады. Р.Бердібаевтың, Ө.Күмісбаевтың, Б.Әзібаеваның еңбектерінде діни дастандарды эпикалық жыр тұрғысынан қарау мәселесі, араб-парсы және қазақ көркем шығармалары арасындағы әдеби байланыс айтылды.

Діни қағида-заңдылықтарды жырлайтын туындылар сындарлы ой қозғап, ғылыми пікір білдірген А.Қыраубаева. Кезінде ғалым Б.Кенжебаевтың шығыстан келген оқиғалардың негізінде жыр шығарған ақындарды ағартушылар санатына жатқызу арқылы «керітарапта» ұғымынан арашалап алғаны белгілі. Осы пікірді басшылыққа ала отырып, А.Қыраубаева «Жұмжұма» тәрізді мұраларды діни-ағартушылық тұрғыдан зерттеуге болады деген батыл байлам айтады [3; 27]. Келесі

бір күрделі еңбек У.Қалижанұлының «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым» деген шығармасы. Халық ақындарының мұрасы мен ислам діні арасындағы байланысты жан-жақты қарастыра келіп былайша тұжырым жасайды: «діни-ағартушылық поэзия өкілдері діни схоластиканы уағыздаған жоқ, олар діннің ақ жолын қоғамның даму көзіне айналдырып, мұрат тұтқан, бүгінгінің тілімен айтсақ, ағартушылық қозғалыстың басында тұрады. Олар жалпыұлттық идеяға айналды. Егер қазақ халқының соңғы 80 жылдың ішінде оқу-білімге деген құмарлығы неге сөнбей отыр десек, сол идеяның жаңғыруының санаға сіңгенінің жемісі деп білген жөн. Ол процесс әлі біткен жоқ [7]. Әдебиеттану саласында тағы бір тамаша ғылыми еңбекті өмірге әкелген ғалым А.Жақсылықов. Ол өзінің «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» деген диссертациялық еңбегінде діни қиссалардың жанрлық сипатына назар аударды. Олардағы мифологиялық қолданыстардың қалай, қандай деңгейде қолданғандығына барлау жасайды. Кейіпкерлердің сомдалуына әсер еткен мифтің өзегіне ой жүгіртеді. Бір эпизодты қиссалардың кездесетіндігін айта келіп, бірнеше оқиғаның басын біріктірген көлемді эпикалық жырдың бар екендігіне жөн сілтейді. Сөйтіп: «Книжная литература восточных кисса и дастанов, достаточно широко представленная в национальном искусстве слова XIX века, оказывала существенное влияние на развитие общественного сознания в Казахстане» деген салиқалы пікір айтады [8].

Қазақ фольклортану ғылымын тағы бір саты жоғарлатып, жаңа ғылыми кеңістікке жол ашқан зерттеуші-ғалым Б.Әзібаева болды. Ол ауыз әдебиетіндегі дастандық эпосты айқындап, ғылыми тұрғыда жүйелеп шығумен қатар, шығармалардың ішкі мазмұнына тереңдей еніп, композициялық құрлымын, көркемдік көріністерін, кейіпкерлердің кескінделу тәсілін аша білді. Ғалымның «Казахский дастанный эпос» еңбегінің көлемді бір тарауы діни дастандарға арналған. Тың дүниенің тылсым қасиетіне түсінік бере келіп, мұраларды төрт түрге бөліп қарастыруды ұсынды. Олар:

- а) ислам тыйым салаған іс-әрекеттер туралы дастандар;
- ә) мұсылман батырлар туралы тастандар;
- б) исламды тарату жолындағы дінсіздермен соғыс туралы дастандар;
- в) мұсылманшылықтың жолы, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар, төрт шаһарияр туралы дастандар [2; 32].

Мазмұндық тұрғыдан бұлайша жүйелеудің жөн екендігіне зерттеу барысында көз жеткізуге болады. Алты дастанға әдеби талдау жасаған. Олар: «Әбу-Шахма», «Мұхаммед-Қанапия», «Зарқұм», «Дариға қыз», «Киік», «Бозторғай». Мұсылман батыры Әлидің бейнесінің сомдалу сипаттарына жан-жақты тоқталып, келбетін ашады, Мұхаммед — Қанапияны Әлидің баласы екендігін дәлелдейді, ислам қайраткерлерінің діни қағиданы қатаң ұстанғандығын көрсетеді және тағы да басқа қырларын айқындайды. Ғалымның негізгі түйіні мына пікірде жатыр: «Главный метод создания дастанов — использование общефольклорной поэтики, как-то: эпизация описываемых событий, героическая идеализация, сочетания конкретно-бытовой достоверности со сказочно-фантастическим и вымышленным; налицо также специфические дастанские параметры; индивидуализм и конкретизация; психологическая насыщенность, детализация и орнаментализация как при создании образов, так и при описании» [2; 69]. Еңбектің құндылығы сонда, қазақ фольклорында ұлттық дәстүр мен ою-өрнекті бойына сіңірген, ұзақ уақыттар мерзімінде аңыз желісін өзек ете отырып қалыптасқан діни дастандардың бар екендігін көрсетеді.

Дін — жалпы адамзатқа ортақ, мынау менікі, анау сенікі деп бөліп алуға келмейді. Қабылданған дінге байланысты әдеби-фольклорлық шығармалар, мәдени өзгерістер пайда болып, ұлттық руханият әлемімен араласса, оларды төл туындысы ретінде қабылдап, зерттеу жүргізуге ол елдің толық хақысы бар демекпіз. Ислам діні тек қана араб халықтарының діні емес. Жер бетіндегі адамзаттың төрттен бірі мұсылман дерекке сүйенер болсақ, ислам солардың барлығына ортақ. Дін ортақ болғаннан кейін, әуелі қасиетті Құраннан бастап, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистері, ислам тарихына қатысты пайда болған аңыз-әңгімелер мен өзгедей рухани дүниелерді де ортақ деп қабылдағанымыз жөн. Біздің діни эпосты зерттеу себебіміздің бір қыры осында жатыр. Екіншіден, қазақ жеріне ислам діні енгеннен кейін, аңыз түрінде айтылып, тараған діни әңгімелер ұлттық эпикалық дәстүрді бірте-бірте бойына жинақтап, сіңіре бастады. Сөйтіп, уақыт өте келе, ұлттық сипат алған хикаяттар толғау тектес өлең-жырларды өмірге әкелді. Парсы тіліндегі қиссалардың тарала бастауы, халықтың талап-тілегіне орай іргелі оқиғалардың өлең-жыр түрінде айтылып кемелденуі діни аңыздардың да жырға айналуына әкеліп соқты. Біз зерттеп отырған мұраның, ел байлығын бойына сіңіріп, көптің елегінен өтіп, халық қазынасынан нәр алып, ұлттық ою-өрнектермен көмкерілген дүние екендігіне дау жоқ. Олай болса, өзегі тереңде жатқан шығармаларды зерттеу қазіргі кезеңдегі басты мәселелердің бірі

деп айтсақ, қателеспейміз. Ғалым Р.Бердібаев былай дейді: «Өзгелерін айтпағанда бізге діни-аңыздық оқиғаларға негізделген жырлардың ешбір топқа да, тақырыпқа да қосылмай келуі зерттеушілік тәжірибе мен мәдениеттің кенжелігіне байланысты. Орыс және ынтымақтас (грузин, армен т.б.) халықтар фольклоршылары діни-рухани шығармаларды зерттеп, олардың фольклор жүйсіндегі орыны мен ерекшелігін белгілеп жүргендіктері ғибрат аларлық нәрсе. Фольклордың белгілі, санаулы жанрларын ғана есепке алып, оның басқа бірталай салаларын ұмыт қалдыру ғылыми принциптерге қайшы болмақ» [9]. Сонымен, түйіндей келгенде төмендегідей жәйіттерді атап айтуға болады:

- біз діни эпостың мазмұнына үңілу арқылы сюжеттік негізін, тарихи оқиғалармен байланысын, мәтінін зерттеу нәтижесінде, көркемдігі мен тілін ашуға қол жеткіземіз;
- ислам тарихынан түрлі мәліметтерді білу арқылы діннің болмыс-бітімін түсінуге мүмкіндік аламыз;
- діни эпостың ауыз әдебиетіндегі орнын айқындап, байланысын, өзге мұраларға тигізген әсерін бағдарлаймыз, түйіндеп айтқанда, ел қазынасының елеулі бір саласының бетін ашамыз;
- ислам дінінің қазақ жеріне енуіне байланысты, діни аңыз-әңгімелер де ел ішіне еркін тарады, олардың қызықты да, тартымды оқиғалары көпшіліктің көңілінен шықты;
- акын-жыраулар шығармашылығында сопылық үрдіс бел алып, дінді дәріптеу, насихаттау дәстүрге айнала бастады;
- парсы тіліндегі шығыстық қиссалар көрініс берді;
- халық діни сауат ашудың арқасында Қасиетті Құранмен қауышты, «Қисса-ул-Әнбие» тәрізді көркем дүниелер пайда болды;
- осындай өзекті жағдайлар жинақтала келе қазақтың діни эпосының сюжетіне арқау болды.

Қазақ фольклорындағы мол мұралардың бірі — діни дастандар. Осы саланың шығармаларын еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жариялауға, зерттеуге мүмкіндік алдық. Жиырма жылдың ішінде айтарлықтай ғылыми тұжырымдар, пікірлер жарық көрді. Нәтижесінде діни эпосты жеке алып зерттеудің маңыздылығы айқындалды. Бұл ғылыми мақалада осы айтылған мәселелер кеңінен талданып, діни эпостың қазақ фольклорындағы алатын орыны айқындалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Халифа Алтай*. Құран әліпбесі және иманның шарттары. — Алматы: Қазақстан, 2001. — 4-б.
- 2 *Азиебаева Б.У.* Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998. — 250 с.
- 3 *Қыраубаева А.* Ғасырлар мұрасы. — Алматы: Мектеп, 1988. — 163-б.
- 4 *Бабалар сөзі: Діни дастандар: Көп томдық.* — I-т. — Астана: Фолиант, 2002. — 20-б.
- 5 *Жәңгірұлы Ш.* Назым Сияр Шариф. — Алматы: Санат, 1995. — 62-б.
- 6 *Мәшһүр Жүсіп.* Уағыз // Орталық Қазақстан. — 1991. — 25 шілде. — 31-б.
- 7 *Қашжанұлы У.* Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. — Алматы: Білім, 1998. — 256 б.
- 8 *Жаксылыков А.Ж.* Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы: Автореф. дис. ... д-ра филол. наук. — Алматы, 1999. — С. 31.
- 9 *Бердібай Р.* Эпос мұраты. — Алматы: Білім, 1997. — 9-б.

М.И. Абдуов

Важность исследования религиозных эпосов

Яркими образцами богатейшего наследия казахского фольклора выступают религиозные дастаны. Более глубоко и всесторонне изучать произведения этого направления стало возможным после обретения нашей страной независимости, поэтому в последние двадцать лет в этой области исследований возникли новые научные идеи. Стало очевидным, что религиозный эпос требует отдельного изучения. В данной научной статье рассматривается ряд вопросов, связанных с определением места религиозного эпоса в казахском фольклоре.

One of the samples of rich heritage of Kazakh folklore are religious epics. After gaining our independence it become possible to more deeply and comprehensively study works in this direction, so there are new scientific ideas in the past twenty years in this field of research.. It became apparent that the religious epic requires a separate study. This article considers a number of issues related to determining the place of the religious epic in the Kazakh folklore.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Абдикарим Н.** — қазақ, орыс, шетел тілдері кафедрасының оқытушысы, Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Теміртау.
- Ажарбекова Э.Н.** — қазақ тіл білімі кафедрасының оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Ақжүнісова Н.Б.** — қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Әбдуов М.І.** — қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Әбдірахманова Г.Х.** — қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Әділова А.С.** — қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Бралина С.Ж.** — профессор кафедрасы классической и русской филологии кандидат филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Дәулетбаева Ш.С.** — магистрант, Қарағанды «Болашақ» университеті.
- Демьянова Ю.В.** — магистрант кафедрасы классической и русской филологии, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Ермакова В.А.** — преподаватель кафедры теории английского языка факультета иностранных языков, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Жуынтаева З.Н.** — қазақ тіл білімі кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Заикина Н.В.** — кандидат педагогических наук, Международный казахско-курецкий университет им. Х.А.Яссауи, Туркестан.
- Каренов Р.С.** — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Қазанбаева А.З.** — қазақ тіл білімі кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Қожахметова Ә.Т.** — магистрант, Қарағанды «Болашақ» университеті.
- Құсайынова Ж.А.** — С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана.
- Мажитаева Ш.** — қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Насыритдинова Ә.Н.** — С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана.
- Омашева Ж.М.** — старший преподаватель кафедры русского и латинского языков, Карагандинский государственный медицинский университет.
- Рақымов Б.С.** — филология ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды «Болашақ» университеті.
- Рахымберлина С.Ә.** — қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының аға оқытушысы филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

- Саметова Ф.Т.** — старший преподаватель кафедры развития языков и культурологии, Республиканский институт повышения квалификации руководящих и научно-педагогических кадров системы образования, Алматы.
- Сәдуақас Б.Қ.** — қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Сейдалиева А.Ш.** — магистрантка, Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Яссауи, Туркестан.
- Тажикеева А.** — қазақ тіл білімі кафедрасының 3-курс PhD докторанты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Тажина М.А.** — магистрант, Қарағанды «Болашақ» университеті.
- Түйте Е.Е.** — қазақ тіл білімі кафедрасының оқытушысы филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Хамзин М.Х.** — филология ғылымдарының докторы, Қарағанды «Болашақ» университеті профессор.
- Ысақов М.Р.** — қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, № 101 мектеп-лицей, Қарағанды.